

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Тарих сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЪ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия историческая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

History series

№3 (66)

Алматы
"Қазақ университеті"
2012

1992 жылдың 22 сәуірінен бастап шыға бастады

*Тіркелу куәлігі № 766
Жылына 4 рет шығады*

Редакциялық алқа:

*Таймағамбетов Ж.Қ. (ғылыми редактор), тел: 377 33 38 (12-80),
Кәрібаев Б.Б. (жауапты хатшы), тел: 377 33 38 (12-86),
Омарбеков Т.О. (ғылыми редактордың орынбасары),
Жұмағұлов Қ.Т., Қаражан Қ.С., Атабаев Қ.М., Миша Майер (Германия),
Әбдуақап Қара (Түркия), Мұхатова О.Х., Қалишабаева Б.К., Ахмет Ташагыл (Түркия),
Юлай Шамиль Оғлы (АҚШ), УЯМА Томохико (Жапония)*

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

№ 3 (66)

ИБ № 6122

Басуға 25.11.2012 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,25 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 1515.
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

ӘОЖ 94 (574). 02|.08+ 930 (574)

Б.Е. Көмеков¹, Қ.С. Анарбаев²

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы

²Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Құмандар тарихына қатысты кейбір қосымша деректер

Аңдатпа. Мақалада авторлар құмандар тарихына қатысты жаңа деректерге талдаулар жасай келе, «құман» атауының дербес тайпаның өзіндік атауы болғандығын ғылыми тұрғыдан дәйектейді.

Түйін сөздер: қыпшақ, половец, құман, Қотан би, Ақарыс.

Ортағасырлық Құман халқының этникалық тарихына қатысты ғылымда әлі күнге дейін пікірлер қайшылығы орын алып келеді. Бір-қатар зерттеушілер күні бүгінге дейін өз еңбектерінде қыпшақ – половец – құман атауларын ортағасырлық қыпшақтардың әртүрлі тілдердегі көрінісі ретінде санап келеді [1].

Дегенмен, түркітану саласында құман атауын қыпшақтар құрамындағы дербес тайпаның төл атауы ретінде алып қарастыру мүмкіндігінің бар екенін көрсеткен алғашқы пікірлерден соң (К. Цегледи, А.Н.Кононов, Л. Потапов) құмандардың этникалық тарихына деген қызығушылық арта түсіп, жан-жақты болмаса да, бірқатар зерттеулер жүргізіле бастағаны белгілі. Нәтижесінде, құмандардың тарихына қатысты зерттеулер арқылы дереккөздер саны да арта түсті. Бұл мәселеге орай зерттеушілер пікірі де алуан түрлі тұжырымдарға негізделді. Ақыры, өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңына қарай, құман атауының дербес тайпаның төл атауы ретінде санаған ғалымдар пікірі шығыс (араб) деректері арқылы одан әрі ғылыми тұрғыдан дәйектелді (Б.Е. Көмеков) [2].

Осы орайда, біз де құман этнониміне қатысты соңғы зерттеушілер пікірлерін одан әрі толықтыра түсетін кейбір деректерге назар бөледі жөн санаймыз.

Сондай дереккөздер арасында ортағасырлық түркі тілінде жазылған Махмұд Қашқаридің еңбектерін де алып қарастыруға болады. Дегенмен «Диуани лұғат ат-түрікте» қыпшақтар құрамына кірген құман тайпасы туралы дәл айтылған ешқандай мәлімет жоқ. Дегенмен,

бұл жағдай еңбекте автордың өзі айтқандай, «тек маңызы», яғни ірі тайпалардың атауларын ғана көрсетумен байланысты болуы да мүмкін. Өйткені, ортағасырлық деректерде тайпаларды осылай жіктеп көрсетудің үлгілерінің болғандығын қыпшақ құрамындағы тайпаларды үлкен-кіші деп бөліп көрсеткен ад-Димашки жазбаларынан да байқалады. Кейінгі түзетіліп, толықтырылған нұсқа бойынша ол үлкен тайпалар қатарына *баргу, токсоба, итоба, барат, альарас, бурджоглы, манкуроглы, иемекті* ендірсе, кішілері қатарына *таг, башкурт, құманлу, бузанку, баджна, караборкли, уз, шортан* ру-тайпаларын кіргізеді [3, 23-б.].

Алайда, сол еңбегінде орын алып, зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан бір дерек біздің назарымызды ерекше аударды. Махмұт Қашқари өз картасында Еділден батысқа қарай орналасқан қыпшақтардың батыс бөлігінде бөлек аумақты алып жатқан халықты ерекше бөле көрсеткенін және оны «солардың бір бөлігі» (яғни, қыпшақтардың) деп атап көрсеткен [4, 68-б.]. Олардың өзіндік ерекшелігі болмаса ғұлама оларды біртұтас қыпшақтар ретінде атауы керек еді. Автор осы еңбегінде Еділді қыпшақтардың жеріндегі өзен ретінде көрсеткен [4, 106-б.].

Дәл осындай мазмұндағы бір деректі ортағасырлық «Худуд ал-аламнан» байқалғаны белгілі. Ол «аңдар аз- қыфшақ» атауына қатысты болатын. Аталған деректі зерттеушілер әртүрлі мазмұнда түсіндірді. Солардың ішінде жазба жәжігердің парсы тілінде жазылғанына назар аудару керектігін ескере келе, Б.Е. Көмеков

тарапынан парсы тілінің заңдылықтарын ескере отырып, көрсетілген «андар аз-қыфшақтың» оқытылуын «қыпшақтардың кейбір бөліктері» деп оқуға болатыны туралы пікірі айтылды [5].

Біздіңше, соңғы уақыттарда зерттеушілер тарапынан кең қолдау тауып келе жатқан құмандар үнемі қыпшақтар мен кимектердің батысын ала жылжыған деген тұжырымды ескере отырып, «Худуд ал-аламда» келтірілген «андар аз-қыфшақ» пен Махмұд Қашқари картасында Еділден батысқа қарай орналасқан қыпшақтардың батыс жағын ала қоныс тепкен «қыпшақтардың бір бөлігі» деп көрсетілген тайпаның өзара байланысы бар, яғни Махмұд Қашқари картасында көрсетілген «қыпшақтардың кейбір бөліктерін» құмандар деп есептеуге болады.

Құмандар тарихына қатысты дереккөздер арасынан Шығыс жазба деректерін ерекше бөліп алып қарастырған ғалымдардың бірі – В.В. Бартольд. Ғалымның сондай зерттеулерінің қатарында Абу Саид Гардизидің «Зайн ал-ахбар» (XI ғ.) атты еңбегі де бар. Сондағы кейбір атаулардың, атап айтқанда, «Уюкман» атауының «құман» атауына қатысты тұстары байқалады.

Кезінде академик В.В. Бартольд бұл атаудың түпнұсқадан оқылуына байланысты белгілі бір күдігі бар екенін байқатқан. Ол атауды «уюкман» деп оқи отырып, қосымша сұрау (?) белгісімен көрсеткен [6, 27, 44-б.].

Бұл орайда, Абу Саид Гардизиде келтірілген Сырдан Фараб, Янгикент (Жанкент) арқылы Ертістегі кимектерге барар жолдағы «Уюкман» деген топонимді парсы тілінің ерекшеліктеріне сай «Улықұман» деп те оқуға болады (Б.Е. Көмеков оқуы бойынша). Олай болғанда, Орталық Қазақстандағы құмандардың төл атауымен белгілі тарихи жер анықталады. Яғни, Ұлы (Үлкен) Құман деген ұғымға сай келетін аумақты білдіреді. Олай болса, екінші, яғни кішісі де бар есептеуге болады. Көне түркілердің осылай екі бөлікке бөліну жүйесін және құмандардың Шығыстан Батысқа қарай жылжып отырғанын ескере отырып, ол батыс жақта болған деп тұжырым жасауға болады. Жер немесе су атаулары олардың ұзақ тұрақтаған орындарын көрсетеді. Бұл деректі де құман тархын анықтаудағы маңызды ақпарат деп есептейміз. Өйткені, құмандар тарихи деректерде үлкен және кіші бөліктерге бөлінгенінің іздері анық байқалады. Еділден батысқа қарай ақ және қара болып (әл-Идириси), одан әрі Мажарстан аумағында Надькуншак және

Кишкуншак аталуы осы заңдылықты байқатады. Мажар жерінде Кишкуншак батыста, ал Надькуншак Шығыста орналасқаны көне түркілік жүйе бойынша тарихи сабақтастықты анық көрсетеді [7, 15 б.].

Осы орайда, ортағасырлық деректер арқылы белгілі бүгінгі Каспийдің солтүстігіндегі Баскүншак тұзды көлінің де атауына қатысты қосымша деректерді зерделеу қажеттігі туындайды. Өйткені, Мажарстан аумағындағы Надькуншактың Қазақстан аумағында Баскүншак атауымен байланысты болған деп санауға мүмкіндік беретін жайттар баршылық. Біріншіден, түркі тайпалары Шығыстан Батысқа қарай екі бөлікке бөлініп, жылжып отырған. Бұл орайда жолы үлкен бөлік «Үлкен орда» шығыс жағы болса, батыс жағы «Кіші бөлік» деп саналған. Екіншіден, олар өздері қоныс еткен жерлерге төл этнонимдерін, топонимдерін және антропонимдерін ілестіре алып барған. Үшіншіден, түркі тілдерінде, оның ішінде қазақтарда да «бас» деген сөз «ұлы» немесе «үлкен» мағынасына синоним ретінде айтылса, Мажар жерінде көрініс беретін «над» - тың да мағынасы осыған жақын екені анық [8].

Ортағасырлық шежірелерде де бір халықтың өз ішіндегі тайпалардың өзара қарым қатынастарында белгілі бір иерархиялық жолдары болғаны және ол жайттар шежірелерде көп жағдайда, ағайынды адамдардың жасы мен жолына қарап ажыратылатыны айтылған. Әлемдік деңгейде айтылатын аңыз-шежірелерден де осындай жайттар ізі байқалады. Мысалы, Ибрахим пайғамбардың ұлдары Ысқақ пен Исмаил пайғамбарларға да қатысты осылай айтуға болады. Ал қазақ шежірелерінде кездесетін Қотан бидің Ақарыс Бекарыс және Жанарыс деген ұлдарынан бастау алатын шежірелерден де осындай заңдылық іздерін аңғарамыз. Бұл тақырып арнайы зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, біз назарымызды ортағасырлық орыс жылнамаларындағы кейбір деректерге аударамыз. Өйткені, орыс жылнамалары да түркі тектес ру-тайпалардың құрамының күрделі болғанын білген сияқты. Мысалы, Лаврентьев жылнамасында құмандардың шыққан тегі туралы жолдарда: «... а сынове Аммонови Болгаре, а сарацины отъ Измаила творяться Сарини....., а Измаиль роди 12 сына, отъ нихъ же исходятъ отъ пустынъ...» - деп жазылған [9, 799-б.]. Орыс деректері әлемдік көлемде тарала түскен діни шежірелердің негізінде түркі халықтары арасындағы осындай туыстықтарға назар аударғаны, оның ішінде

жылнамада келтірілгендей он екі атадан тұратын түркі тайпаларының туыстығы туралы деректің айтылуы ерекше жағдай. Түркі халықтарында, оның ішінде қазақ халқының ру тайпалар шежірелері алты, он екі, жиырма төрт аталық сандардан, яғни жүп сандардан тұрғандығын этнографтар айтып кедеді [10]. Бұдан орыс жылнамасын жазған адамның түркілік генеологиялық құрылымдардан біршама хабары бар екені көрінеді. Сонымен бірге ол дереккөздер половецтің - құман атауы екенінде анық көрсеткен.

Құман атауына қатысты деректерді түркі тілді фольклор материалдарынан да кездестіреміз. Жазба мұрасы сақталмаған тарихын анықтауда халықтың тарихи санасынан хабар беретін ауыз әдебиеті үлгілерінің маңызы ерекше. Бұл орайда, құман атауының қыпшақ тілдес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесуі және қыпшақпен қатар аталуы назар аударатын мәселе. Мысалы, «Ноғайдың қырық батыры» жырында:

«Куьман уьлке, Кыпшагым
Эр Уланлар атлансын!,
Қарсы шықсын ясанып,
Болат куьп пен курсасын,

Он душпаннынъ ян-ягын» - деген жолдарда құман атауы ел атауы ретінде қыпшақпен қатар аталған. Ал Қырғыздың атакты «Манас» жырына арналған зерттеуінде (Эпоха возникновения киргизского эпоса «Манаса») А.Н. Бернштам Манастың әкесі жағынан туыстары саналған көзқамандарды (өзге дінді ұстағандарды) құмандармен байланысты деп қарастырған пікірі бар. Қырғыз шежіресінде сол қанат рулары ішіне кіретін мундуз ішінде «каман» руының атауы кездеседі [11, 39-41-б.].

Ә.Х.Марғұлан қазақтың ерлік жырындағы әлеуметтік сарындарға арналған зерттеуінде: «..Қазақ халқының ертегі-жырының, миф, аңызының жалпы сарынына қарағанда, олардың тіршілігіне зор әсер қалдырған әсіресе оғыз бен қыпшақ жұрттары екендігі көрінеді. Қазақ эпосында оларды «Көндігер Құбаң жұрты», деген – ортағасырдағы күншығыс әдебиетіне белгілі «оғыз» бен «қыпшақ» елдері. «Кубан» европа әдебиетінде жиі кездесетін «куман» елінің осы күнге дейін сақталып келген бір есімі болуға тиісті, екінші сөзбен айтқанда қыпшақтың бір руының аты...» - деген пікірді білдіреді [12, 352 б.]. Яғни, ғалым құмандарды дербес тайпа, ру ретінде көрсеткен.

Құмандардың батысқа қарай жылжыған сайын қыпшақтармен қатар этникалық құрамы

өзгерістерге ұшыраған. Олардағы ортақ немесе диалектілік тіл мәселесі туралы әлі күнге лингвистер арасында белгілі бір ортақ тұжырым жоқ. Оған жазба деректің жетімсіздігі де әсер етіп отыр.

Құмандар кимектер мен қыпшақтардың батыс бөлігі ретінде дербес этникалық топ болғанын қосымша топонимдер де көрсете түседі.

Құмандар өздері жүріп өткен жолдарында тарихи іздерін қалдырып отырған. Ол іздерді біз олар қоныс еткен аумақтардан кездесетін топонимдер мен этнонимдер арқылы көре аламыз. «Құман», «күбан», «құма», «құба» атаулары тарихи деректерде құман-қыпшақтардың атының тұяғы жетіп, мекен-қоныс еткен жерлері аумағында көптеп сақталған.

Әсіресе, *құман* атауы – тарихи атауы ретінде топонимдерде жиі кездеседі. Шығыста куманды-кижилерге қатысты атауларды айтпағанда, жалпы «құба» атауымен байланысты жер-су атаулары Монғолиядан бастап, Қазақстанның далалық аймағы, Каспий маңы, Солтүстік Кавказ бен Ширванды қоса, Ресейдің орта белдеулеріне дейін кең таралған. Осы мәселеге орай жазылған арнайы еңбегінде А. Гусейнзаде *құба* атауын этноним ретінде қыпшақтармен байланыстыра қарап, бірқатар жер-су атауларына тоқталған. Ғалым тарапынан бұндай атаулардың мағыналарына бірқатар түсінік берілген [13, 119-125-б.]. Шындығында, «күба», «құман» атаулы топонимдер Қара теңіз, Азов теңізі, одан әрі Шығыс Европа елдерінде бүгінгі күнге дейін кездеседі. Олардың көбі басқаша атауларға ие болып кеткені арнайы зерттеуді қажет етеді. Сонда да тарихи атаулар әлі күнге сақталып қалған. Мысалы, Кунашак – Ресейдің Челябинск облысындағы елді мекен, *Куминский* – Ханты-Манты автономиялық округінде орналасқан елді мекен [14, 56-58-б.]. Ресей жерінде «куман», «куба», «кума», атауларынан өзгелеу *Сорочинск* – Орынбор, Куйбышев облыстарындағы елді мекендер атаулары сияқты топонимдер де белгілі. Бұл атаудың *сары* немесе *сарацин* атауларымен сабақтастығы бар деп қарауға болады, екі атаудың да ортағасырлық қыпшақтарға тікелей қатысы бар екені байқалады. Орыс жылнамаларында мұсылман түрік тайпалары, оның ішінде қыпшақтар солай аталғаны белгілі.

Ә.Х. Марғұлан Орталық Қазақстанда «Құмантау» деген жердің бар екенін айтып, ол тау атауын ескі құман (қыпшақ) руларының атымен байланыстырған болатын [12, 353 б.]. Ал бүгінгі Қазақстан аумағында тікелей «құман»

атауымен байланысты топонимдер, негізінен Орталық және Батыс Қазақстанда жиі кездеседі. Атап айтқанда, Павлодар облысындағы Ақтоғай ауданына қарасты көл Құманкөл, Баянауылдағы Саумалкөлдiң оңтүстік-батысындағы тау Құмантау деп аталады [15, 668,808 б.]. Мағынасы жағынан жақын келетін топонимдер Батыс қазақстанда көп кездеседі. Мысалы, Құбасай ауылы (Ойыл ауданы), Құмоба - өзен атауы туралы да осыны айтуға болады [15, 109,436 б.]. Бірақ Қазақстан аумағында құманға қатысты бар жер, су атаулары ғылыми тұрғыдан әлі толық сараланып болған жоқ. Оның үстіне тарихшы, археологтар назарынан тыс қалып келе жатқан қала, жер-су атаулары ішінара халық аузында айтылып, сақталып келе жатыр, мысалы, Сырдың құнбатысында ескі қала – Құмиян қорғанының орнының әлі толық ғылыми зерделеуден өтпей жатқаны белгілі [16, 119 б.]. Тек соңғы уақыттарда бұл бағытта археологтар тарапынан біршама жүйелі зерттеу жұмыстары жүре басталды.

Құман этнонимі тек жекелеген халық атауы ретінде ғана емес, бүгінгі түркі тілдес және басқа да халықтар арасында кездесетін ру-тайпалар атауы ретінде белгілі. Мысалы, құмандыкижилер арасында 1869 жылы жүргізілген санақта Бии, Қатун өзендерінің бойын мекен еткен *құбан* руы аталады [17].

Қорыта айтқанда, аталған деректер ортағасырлық дереккөздерде кездесетін құман атаулы қыпшақ тілді дербес тайпаның болғанын, олардың атауымен кейінгі қыпшақтардың бәрі аталғанын одан әрі сенімді ете түсетін тарихи мағлұматтарды толықтыра түседі.

Әдебиеттер

- 1 Голден П.Б. Құман-қыпшақтардың тайпалары мен рулары /ықшамдалған аудармасы – Б. Ирмұқанов, Қ. Ирмұқанова //Ана тілі. – 25.06. – 1998. – № 25. – 12-13 бб.; Коновалова И.Г. Восточная Европа в сочинении ал-Идириси. – Москва: РАН, Восточная литература, 1999. – С. 254.
- 2 Кумеков Б.Е. К открытию расселения куманов на территории Казахстана (по материалам средневековых арабских источников). – Алматы: Наука, 1987. – С.174-176.
- 3 Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории Кыпчаков VIII-XIV вв. (научно-аналитический обзор) АН КазССР. – Алма Ата: Наука, 1987. – 42 с.
- 4 Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк /перевод Л. Әуезовой/. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.+2 с.
- 5 Кумеков Б.Е. Персидские и арабские формы написания термина «кипчак» и вопросы хронологии // Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашти Кипчака а XIII-XVIII вв. /Материалы международного круглого стола/. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – С. 69-74.
- 6 Бартольд В.В. Соч.Т. VIII- Москва: Наука, 1973. – 723 с.
- 7 Иожеф Торма. Мажарстандағы Қотан батыр // Қазақ әдебиеті. – 31.01.1995. – №3-4.
- 8 М. Фасмер Этимологический словарь русского языка. В 4-х томах. Том 3. – М., 1980.
- 9 Соловьев С.М. ИСТОРИЯ РОССИИ съ древнѣйшихъ временъ. Том I. – СПб: Общественная Польза, 1879. – 1762 с.
- 10 Сейдімбек Ақселеу. Қазақ хандығының құрылуына байланысты қазақ ру-тайпаларының жаңадан жіктелу үрдісі // Қазақтану. 2007. - №1(02). – 74-82 бб.
- 11 Ярлыкапов А. Куманы и кыпчаки // Тезисы докладов: «Древний мир и средние века». – Ростов на-Дону: РГУ, 1993. – С. 39-41.
- 12 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 367 б.
- 13 Гусейнзаде А. Об этимологии топонима Куба // СТ. – 1971. – №2. – С.119-125.
- 14 Атлас мира. – Москва, 2003.
- 15 Жеріңнің аты еліңнің хаты / Энциклопедиялық анықтама. – Алматы: Аруна, 2006. – 808 б.
- 16 Байбота Серікбайұлы. Тіл ұшындағы тарих. – Алматы: Жазушы, 2003. – 496 б.
- 17 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народов // Труды по истории и этническому составу тюркских племен. – Бишкек, 2003. – С. 99-274.

Б.Е. Комеков, Қ.С. Анарбаев

Құмандар тарихына қатысты кейбір қосымша деректер

В статье автор на основе анализа новых источников по истории куманов, с научной точки зрения, доказывает существование самостоятельного определения «куманы» как наименования отдельного рода.

Б.Е. Көмеков, Қ.С. Анарбаев

Құмандар тарихына қатысты кейбір қосымша деректер

The article, based on an analysis of new sources on the history of Cumans, from a scientific point of view, proves the existence of self-determination "Cumans" as the name of a particular kind.

УДК 75. 071

Г.Т. Жакупова

к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

E-mail: Dortor__zhak777mail.ru

Некоторые аспекты понятийно-терминологического аппарата источниковедения

Аннотация. В данной статье дан анализ некоторых терминов источниковедения, определено, что формирование и развитие понятийно-терминологической системы традиционного источниковедения связано с тенденциями, которые проявляются в исторической науке, вспомогательных исторических дисциплинах и т.д. и характеризуются разнообразием понятий, вариативностью их содержания.

Ключевые слова: источниковедение, историческая критика, источник, семантический, функциональный, этимологический анализ, понятийно-терминологический аппарат.

Термины являются носителями особых структур знаний, инструментом, с помощью которого формируются научные теории, законы, принципы, положения, их системы представляют собой важную составную часть науки. Состояние терминологии отражает степень развития науки. Термины каждой отрасли науки формируют свои системы, определяемые, в первую очередь, понятийными связями профессионального знания при стремлении выразить эти связи языковыми средствами. Оформление терминов в систему понятий процесс длительный.

Согласно общей теории терминологии понятийно-терминологическая система аккумулирует и передает накопленные человечеством знания и очень важно знать процесс поиска универсальных черт, свойственных терминологии источниковедческого знания. Для анализа понятийного аппарата в науке терминологии ученые рекомендуются проводить несколько видов:

- *семантический анализ*, позволяющий выявить различные отклонения значений терминов от содержания;
- *этимологический анализ*, который позволяет выделить наиболее эффективные способы и модели образования терминов;
- *функциональный анализ* даёт возможность установить особенности функционирования, использования терминов [1].

Традиционное источниковедение помимо предмета исследования, соответствующего он-

тологического статуса имеет собственную понятийно-терминологическую систему. Логика развития источниковедческого знания предполагает рассмотрение понятийно-терминологического аппарата традиционного и инновационного источниковедения, связанное с научной деятельностью ученых, так и специфику развития понятий исторических источников с учетом специфики эпохи. Термины источниковедения, как и в любой другой науке, несут стилистическую нагрузку, т.е. являются важным элементом научного стиля. В тоже время являются источником кодификации, хранения и получения информации, термины выступают в качестве орудия мысли и инструмента исследования. Терминологическая система отражает научное осмысление действительности.

Развитие традиционного источниковедческого знания определяется выявлением сущности и тенденций изменений понятийно-терминологической системы источниковедения, которая зависит от динамики теоретического и прикладного ее уровня. Рассмотрение формирования традиционного источниковедения в таком аспекте расширяет научные представления о развитии данной сферы. Раскрытие концептуальной основы понятийно-терминологической системы будет способствовать выявлению противоречий и проблем ее формирования. Анализ терминологии расширяет их функций и углубляет источниковедческое знание, отражает научное сознание. Развитие понятийно-терминологической системы источ-

никоведения это целостный, многомерный, противоречивый процесс обновления источниковедческого знания.

Различные аспекты по понятийно-терминологической системе источниковедения сформировались и активно развиваются в исследованиях петербургской, московской научных школ: М.С. Куторги, В.Г. Васильевского, К.Н. Бестужев-Рюмина, С.Ф. Платонова, М.Д. Чечулина, Е.Ф. Шмурло, С.М. Середонина, В.Г. Дружинина, А.С. Лаппо-Данилевского, А.Е. Преснякова, С.Н. Валка, В.Н. Татищева, Г.П. Саар, А.И. Гуковского, Л.В. Черепнина, С.О. Шмида, Л.Н. Пушкирева, Г.И. Иванова, А.П. Пронштейна, О.М. Медушевской и др.

Анализ понятийного аппарата традиционного источниковедения провел В.В. Фарсоби́н в работе «Источниковедение и его метод. Опыт анализа понятий и терминологии». Логическое и содержательное уточнение источниковедческих понятий проведенных автором привело к определению критериев нормативности терминов. При этом автором использовались междисциплинарное обобщение, историографический подход, которые позволили раскрыть сущность понятий в сравнении и выяснить пути усовершенствования понятийного аппарата, т.е. представлена целостная научная концепция формирования понятийного аппарата источниковедения.

Изменения в понятийно-терминологической системе источниковедения обусловлено следующими факторами:

- становление и развитие источниковедческих взглядов;
- расслоение исторической науки и источниковедения на отрасли,
- способов переосмысления терминов;
- историко-культурный фон эпохи.

Эти изменения влияют на качественную сторону терминов, т.е. развитие содержания традиционных терминов и появление новых. Научная терминология традиционного источниковедения имеет специфику и в то же время общие закономерности. Процесс развития источниковедческой терминологии проходит не равномерно, связан с термосистемами других научных дисциплин. Кроме того, наблюдается тенденция различного их понимания. Как отмечает Фарсоби́н В.В.: «главным теоретическим положением в области терминологии является то, что образованию системы терминов должно предшествовать образование упорядоченной системы понятий», которые приводят к правильному пониманию и примене-

нию базовых научных терминов, используемых при работе с историческими источниками[2]. Содержание основных понятий - "источник" и "источниковедение" несколько вариантов и все они отражают уровень научного или теоретического анализа и знания данной эпохи или определенные научные или социальные связи, или ее культурный контекст.

Непрерывная линия развития понятийной стороны ключевой категории, "источниковедение", традиционно является одной из самых дискуссионных. Понятие «источниковедение» стало распространяться с середины XIX века и его содержание зависело от изучения памятников письма: по видам источников и по проблемам и задачам, которые ставит автор. В рамках различных концепций истории, теории науки оно предполагает неоднозначный смысл. Естественно объем понятий меняется в динамике знания и в культурном контексте. Имеется пять определений источниковедения, которые отметил Л.В. Черепнин и они приведены в работе В.В. Фарсоби́на:

- источниковедение – совокупность научно-вспомогательных дисциплин, относящихся к изучению и обработке исторических источников. (БСЭ. 1-е изд., 1937, т.30. с.96);
- одна из вспомогательных дисциплин, разрабатывающих методы изучения и использования исторических источников. (БСЭ. 2-е изд., 1953, т.19. с.44);
- главная из вспомогательных исторических дисциплин, разрабатывающих теорию и методику изучения и использования исторических источников. (Сов. Ист. Энцикл. 1965. т.6, с. 532);
- самостоятельная историческая дисциплина, изучающая, в частности, письменные исторические источники и проблематику теоретического источниковедения. (С.О.Шмид Современные проблемы источниковедения.- В кн.: Источниковедение, Теоретические и методические проблемы М. 1969. с. 25);
- сумма наук или самостоятельный комплекс научных дисциплин (В.В. Фарсоби́н «К определению предмета источниковедения». В кн.: Источниковедение истории советского общества. М.1968, вып. 2, с.452-453).

Термин «источниковедения» объединяет информационные и критические проблемы в одно понятие А.С.Лаппо-Данилевский как и ученые XIX века объединил в этом понятии критику и интерпретацию. Совмещение в источниковедении поисковых и критических задач сделал в 1930 году Г.П. Саар. В 30-х годах XX века

наметилось «объяснение источниковедения в форме комплекса научных дисциплин»[3]. Источниковедение — это оценка возможностей использования того или иного конкретного источника (или группы источников) в научной работе, практических целях, публицистике, художественной литературе, публикаторской работе, музейном деле и т. д. [4].

О.М. Медушевская считает, что «принцип понимания одного человека другим через посредство произведения составляет специфику гуманитарного познания: "Гуманитарные науки - науки о человеке в его специфике, а не о безгласной вещи и естественном явлении. Человек в его человеческой специфике всегда выражает себя (говорит), то есть создает текст... Там, где человек изучается вне текста и независимо от него, это уже не гуманитарные науки. Триаде "человек-произведение-человек" методология источниковедения [5].

Л.В. Черепнин развивал свои представления об источниковедении и, особенно, об историческом источнике в полемике с идеями Л.С. Лаппо-Данилевского. Л.В. Черепнин, также исходит из концепции источниковедения как целостного и систематического учения.

В.В. Фарсоби́н, выделяет следующие причины неустойчивости понятия «источниковедения»

- включение предметов различных отраслей друг в друга;
- причины субъективного характера (обоснование понятий, устойчивая традиция);
- не произошло ограничения понятий «источниковедения» проблемам эвристики, обзор источников, исторической критики, интерпретации.

Кроме того, автор отмечает следующие основополагающие моменты по понятийно-терминологической системе: «источниковедение продолжает быть конгломератом ряда отраслей наук, многозначность этого термина увеличивается и употребляется для обозначения изучения памятников материальной культуры»[6].

При рассмотрении понятия «историческая критика» мы видим, что оно в своем развитии претерпело длительный противоречивый путь развития. Данное понятие используется с XVIII века и означает - устанавливающая достоверность источника.

Первым критиком исторического материала был В.Н. Татищев, указывал, «что науку критики знать не без нужно» [7] и эта наука в его понимании состояла из правил, которые имели точные критерии:

- познание условий эпохи, чтобы определить вероятность факта;

- необходимо поставить ряд вопросов для установления достоверности — является ли автор источника участником событий или известие написано на основе документов;

- для установления авторства — обратить внимание на знание автора «не побежденный страстью самолюбия и самохвальства» и человек является ли представителем своего общества [8].

А.Л. Шлецер связывал историческую критику с понятием «критика текста», установление фактов достоверности свидетельств и предложил проводить три операции:

- малая критика — устанавливает подлинность текста;

- критика слов — исследование значений слов;

- высшая критика или критика дел — выявление является ли свидетельство историческим событием или сказкой.

Другой автор М.Т. Каченовский различал два вида критики свидетельств, а не фактов, содержащихся в них:

- словесную или мелкую — это изучение текста, исправление погрешностей переписчиков;

- высокую- историческую — это достоверность написанного источника;

Следующий автор Н.И. Недеждин предложил теоретические основы критики исторических источников, которая способствовала дифференциации наук, и предлагал искать истину везде, противопоставляя один источник другому.

Формальная критика, которая состояла из нескольких принципов — изучение общей природы человека вообще, познание отличительных черт данного народа и влияние на его жизнь внешних факторов. Реальная критика это установление внутренних условий достоверности фактов (историческую возможность фактов), т.е. их соответствие законом исторического развития жизни. На данном этапе критики предлагался основной принцип, который заключается в использовании достижения различных научных отраслей [9].

Далее в XIX веке понятие «приведение в известность источников» было соединено с их критическим изучением в предмете источниковедения. Критическое изучение источников требует и разнообразных сведений, чем обширнее круг сведений критика, чем менее он дает места личной фантазии, тем ценнее, тем прочнее его выводы — писал К.Н.Бестужев-Рюмин, соединивший обзор источников с критическим их

изучением». По мнению этого автора, историческая критика сливалась и с общеисторическим исследованием и является способом достижения внешней и внутренней достоверности. Способы бывают различные и зависят от многих факторов. Это в свою очередь явилось лишь критикой текста источника [10].

Представители Петербургской научной школы в содержание понятия «историческая критика» вкладывали следующее значение:

- М.М. Стасюлевич считал, что «историческая критика состоит в предварительном и всестороннем исследовании и разборе источников».

- Ф.Ф. Соколов подобно М.С.Куторге выступает, под знаменем исторической критики и считал «долгом указать на эту неправду, которая гнездится по местам в их сочинениях».

- В.Василевский считал, основной в деятельности ученого был, вопрос «о составе и приемах изучения источников».

- С.Ф. Платонов показал взаимное слияние изучения исторических источников с изучением исторической среды и тех исторических обстоятельств, где и когда возник данный исторический источник [11].

О том, что историческая критика это общая методика предварительной обработки исторических источников и является единой наукой, а также определяется, кругом вспомогательных наук определил, В.О.Ключевский и ввел новые варианты критики:

- филологическая направленная на установление подлинности текста памятника – критика текста;

- фактическая определяющая степень преломления авторской мысли от действительности – критика фактов.

Следующая мысль автора является многозначительной: «Торжество исторической критики – из того, что говорят люди известного времени, подслушать то, что они умалчивали»

Л.С. Лаппо-Данилевский открыл новый этап в формировании источниковедения как целостной науки об источниках. Основные положения исторической критики развивал как технологию познания и предполагал четырнадцать знаний истины и разделял историческую критику по установлению:

- научной ценности источника – подлинность;

- научную ценность показаний источников о факте - авторитет.

В начале XX века Платонов С.Ф. разделял историческую критику:

- на внешнюю это установление подлинности источника, производилась вспомогательными дисциплинами;

- на внутреннюю, имеющую два раздела – критика текста и критика факта, проводилась историей [12].

"Всякий, кто стремится к познанию исторической действительности, почерпает свое знание о ней из источников (в широком смысле); но для того, чтобы установить, знание о каком именно факте он может получить из данного источника, он должен понять его: в противном случае, он не будет иметь достаточного основания для того, чтобы придавать своему представлению о факте объективное значение; не будучи уверен в том, что именно он познает из данного источника, он не может быть уверенным в том, что он не приписывает источнику продукта своей собственной фантазии" [13].

При сравнении петербургской и московской научных школ можно определить их подход к изучению исторических источников. Пресняков А.Е. доминирующую ее черту петербургской школы охарактеризовал как "научный реализм, сказавшийся, прежде всего в конкретном непосредственном отношении к источнику и факту - вне зависимости от историографической традиции. Научный реализм требует, чтобы вопросы ставились в зависимости от свойства изученного материала, а не навязывали ему того, чего он ... дать не может, по основному своему характеру" [14].

Московская школа основывалась не на анализе источников и установленных в результате него фактов, а на заранее заданной схеме, доктрине, теоретических построениях. Большое распространение получило весьма широкое понимание методов исторической критики, которое включает в себя одновременно и метод интерпретации источника. Так, в учебнике Ш.В. Ланглуа и Ш. Сеньобоса рассматривались такие понятия, как критика происхождения источника, внутренняя критика и даже критика толкования (герменевтика), что исключало возможность четкого разделения и понятий и исследовательских процедур критики и интерпретации источников [15].

Н.Н. Авдеев предложил считать историческую критику как сумму методов, имеющих шесть задач - определение подлинности, оригинальности, место и происхождения, авторы источников, установить первоначальный его текст, внутреннее достоинство, доказательную силу,

сравнительную ценность и расположить их по теме, времени и месту

А.Ц. Мерзон определил историческую критику, как совокупность шести приемов:

- внешняя критика – прием изучений знаковых систем источников, печатей, характеристик печатных документов;

- внутренняя критика - приемы изучения языка, стиля и структуры, хронологических и метрологических данных, материалы по топонимике и экономике, о лицах, учреждений и организаций, сведений об исторических событиях и явлениях, проверки цифровых данных, текстологический анализ [16].

- А.П.Пронштейн историческую критику называет источниковедением [17].

- Совокупность приемов такого анализа называется критикой источника. Для периода феодализма, например, значение внешней критики гораздо большее, чем для документов советской эпохи, современности вообще [18].

За время своего существования термин «источник» претерпел значительные изменения. Слово «источник» многозначно, и в большинстве своем не есть какие-то особые, специально созданные для передачи исторических сведений предметы или документы. Они выступают в этом качестве, лишь, когда люди обращаются к ним с целью получить необходимую социальную информацию, т.е. служащем для удовлетворения потребности в знании, информации. Источник это более общее понятие, а памятник часть его и являются средством при изучении исторического процесса и установлении его фактов [19].

Понятия «источник» и «памятник» по утверждению Г.А. Антипова дает основания для отграничения внутри исторической науки по задачам - истории и источниковедения, но они не должны иметь существенных различий. В центре его учения - понятие об источнике. Лаппо-Данилевский исходит из того, что непосредственному, чувственному восприятию доступна лишь самая незначительная часть действительности. Остальная же известны лишь по ее остаткам или из чужих наблюдений, воспоминаний и оценок, в свою очередь доступных чувственному восприятию исследователя. Источник для Лаппо-Данилевского – продукт человеческого творчества и самом широком смысле слова. Ученый создал свою научную школу, идеи которой вдохновили произведение (источник) как явление культуры определенного времени. На общность понимания источ-

ника, прежде всего как произведения своей эпохи А.С. Лаппо-Данилевским и А.А. Шахматовым обратили внимание С.И. Валк, А.Е. Пресняков. С.Ф. Платонов [20].

В 1940 г. в монографии "Очерки по источниковедению Сибири" реализованы принципиальные положения методологии источниковедения петербургской школы: подход к историческим источникам как к явлениям культуры, рассмотрение вещественной и знаковой сторон источников, разработка видовых методов тончайшего критического исследования русских картографических, письменных, изобразительных и других источников в сравнительной перспективе.

Л.В. Черепнин определял источник как явление культуры. Но он существенно дополнил представление о природе источника, определяя его как историческое явление, как продукт общественной борьбы и социальных противоречий эпохи. Источник реализуется не таким, каким человеческая психика его замыслила, но несущим на себе отпечаток среды его возникновения.

Пересмотр понятия «достоверность источника» происходит в советской науке и включает в себя не только выяснение правильности фактов в источнике, но и выяснение достоверности интерпретации источником фактов и явлений исторической действительности [21].

Как отмечает В.В. Кабанов: «на передний план выдвигается проблема достоверности. Собственно, к этому в большинстве случаев сводится источниковедческий анализ. Ибо, допустим, установив, что источник недостоверен, исследователь списывает его из арсенала за непригодностью. Однако, строго говоря, как это ни парадоксально, недостоверных источников нет. Даже самый негодный несет явную или скрытую информацию [22].

Систематизация знания по понятийно-терминологической системы источниковедения является одной из сторон истории науки. Анализ в данной статье некоторых терминов данной отрасли знания не претендует на исчерпывающую полноту. Формирование и развитие понятийно-терминологической системы традиционного источниковедения связано с тенденциями, которые проявляются в исторической науке, вспомогательных исторических дисциплинах и т.д. и характеризуется разнообразием понятий, вариативностью. Имеют различные интерпретации, что не дает возмож-

ности зафиксировать их бесспорное, общепризнанное содержание.

В источниковедении доминирует тенденция актуализации в ее терминах методологических ориентиров, что подчеркивает универсализацию источниковедческого знания. Междисциплинарное и внутрисистемное заимствование терминов обусловлено гуманистической направленностью источниковедения и поэтому по своей структуре имеет многоуровневую организацию.

Литература

- 1 Татаринов В.А. Теория терминоведения. – Т. 1. – М., 1996. – С.37.
- 2 Фарсобин В.В. Источниковедение и его метод. Опыт анализа понятий и терминологии. – М., 1983. – С. 13.
- 3 Там же. – С. 45.
- 4 Кабанов В.В. Источниковедение истории советского общества. – М., 1997. – С. 27.
- 5 Источниковедение. Теория. История. Метод. Источники российской истории. Данилевский И.Н., Кабанов В.В., Медушевская О.М., Румянцева М.Ф. – М., 1998.
- 6 Фарсобин В.В. «Источниковедение и его метод. Опыт анализа понятий и терминологии». – М., 1983. – С. 48.
- 7 Татищев В.Н. История Российская. – М.: Л. – 1962. – Т.1. – С. 83.
- 8 Там же. – С. 83.
- 9 Фарсобин В.В. Источниковедение и его метод. Опыт анализа понятий и терминологии. – М., 1983. – С. 142-145.
- 10 Там же. – С. 148-149.
- 11 Валк С.Н. Избранные труды по историографии и источниковедению. СПб. – 2000. – С. 18,26,45,54.
- 12 Фарсобин В.В. Источниковедение и его метод. Опыт анализа понятий и терминологии. – М., 1983. – С.150-151. – С. 159.
- 13 Лаппо-Данилевский А.С. Методология истории / А.С.Лаппо-Данилевский. – СПб.: Изд-во студ. изд. комит. при историко-филологическом факультете СПб. ун-та, 1910 – 1913. – Вып. 1-2. – С. 407.
- 14 Пресняков А.Е. Речь перед защитой диссертации “Образование Великоорусского государства”. – СПб., 1920.
- 15 Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории: Учеб. Пособие / И.Н. Данилевский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева. – М.: РГГУ, 2008. – С. 25.
- 16 Фарсобин В.В. «Источниковедение и его метод. Опыт анализа понятий и терминологии». – М., 1983. – С. 153,158.
- 17 Пронштейн А.П. О предмете источниковедения как научной исторической дисциплины//История СССР. – 1977. – № 5. – С. 161.
- 18 Кабанов В.В. Источниковедение истории советского общества. – М., 1997. – С. 27.
- 19 Фарсобин В.В. Источниковедение и его метод. Опыт анализа понятий и терминологии. – М., 1983. – С. 160.
- 20 Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории: Учеб. Пособие/И.Н. Данилевский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева. М.: РГГУ, 2008. с. 35.
- 21 Фарсобин В.В. Источниковедение и его метод. Опыт анализа понятий и терминологии. – М., 1983. – С. 164-165.
- 22 Кабанов В.В. Источниковедение истории советского общества. – М., 1997. – С. 27.

G.T. Zhakupova

Some aspects of the conceptual and terminological apparatus of sources

In this paper analyzes some of the terms of sources, specifically, that the formation and development of concepts and terminology of the traditional source studies related to trends that appear in history, auxiliary historical disciplines, etc. and characterized by a variety of concepts, variability of their content. Revealed that the formation of concepts: «historical criticism», «source», «origin», «source credibility», is a holistic, multidimensional and contradictory process of updating the knowledge of source.

Г.Т. Жақыпова

Деректанудың түсініктік-терминологиялық аппаратының кейбір аспектілері

Мақалада деректанудың кейбір терминдеріне талдау жасалады, дәстүрлі деректанудың түсініктемелік-терминологиялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы тарих ғылымында, қосалқы тарихи пәндерде, т.б. көрініс табатын және түсініктердің әркелкілігімен, олардың мазмұнының көп нұсқалылығымен сипатталатын тенденциялармен байланысты екендігі анықталады.

ӘОЖ 950(574:571.1) «12/17»

Ф. Шамшиденова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: Fakiya_sh@mail.ru

Қазан сарайы Приказының грамоталары – қалмақ тайшаларының Ресей бодандығын қабылдағанын дәлелдейтін тарихи дерек

Аңдатпа. Бұл мақалада мұрағат құжаттары негізінде қалмақ тайшаларының Ресей бодандығын қабылдау жолдары қарастырылады. Автор Қазан Сарайы Приказы грамоталарын талдай отырып, бұл құжаттардың толығымен Ресейдің отарлық саясатын дәлелдейтіндігі туралы тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: грамота, бодандық, тайша, приказ, дяк.

1637 жылға дейін Қазан сарайы Приказы Сібірді басқару істерін жүргізген болатын, сондықтан оған жергілікті воеводалардың жазған қағаздары жинақталып отырды. Алайда Қазан сарайы Приказы және Елшілік приказында Ресейдің ойраттармен, халкастармен қарым-қатынасы туралы кейбір материалдары қайталанып берілгенін байқауға болады. Құжаттардың басым көпшілігі Қазан сарайы Приказында жинақталды. Ал Елшілік приказында көбінесе көшірмелері болған, түп нұсқадағы құжаттар аз. Кейде екі приказға да құжаттарды жіберіп отырған. 1637 ж. кейін Сібір приказы құрылып, Қазан сарайы Приказынан құжаттар алынып, Сібір приказының қорына түсті. Аталған приказдардың Сібір воеводаларына берген грамоталары, жазбалары, Елшілік приказында ойрат және халкас елшілерін қабылдау кезіндегі жазбалар, Алтын хандардың грамоталары, Сібір қалаларына қалмақ елшілерінің келуі туралы құжаттар жинағы 1959 жылы баспадан шықты [1]. Құжаттар тізбегін құрастырған Ресейдің Шығыстану институты қызметкерлері Л.М. Гатаулина, М.И. Гольман, Г.И. Слесарчук, жауапты редакторлары И.Я. Златкин, Н.В. Устюгов болды.

Осы құжаттардың біразы қалмақтардың Сібір жеріне қоныстанғанын, Ресей бодандығын қалай алғанын дәлелдейді. Соған қатысты грамоталарды талдап көрейік. Мысалы, 1607 ж. 30 наурызда Қазан сарайы Приказының қалмақ тайшаларына ант бергізу үшін қызметкерлерді қалмақ ұлыстарына жіберу туралы Тара воеводасы С.И. Гагаринге берген грамотада былай деп жазылған: «Бізге Сібірден, Тобылдан воевода князь Роман Федорович Троекуров және

дяк Филип Голенищев қалмақтар туралы хабарлап, олармен сөйлескен сөздерін жіберді. Біздің грамотаны алғаннан кейін, өз аттарынан 3 адамды Калмакияға жіберіңдер, олармен қақтығыспаңдар. Қалмақ князьдары мен мырзаларына және барлық ұлыс адамдарына патша қол астында болуын» жеткізу керектігі айтылған [2, 95 б.]. Осы грамотадан қалмақтарға қатысты Қырым, Кавказ, ноғайлық, астраханьдық, қазандық татарлардың титулдарын қалмақ тайшаларына қатысты қолданғанын байқаймыз, өйткені орыс өкіметі қалмақтармен әлі жақсы таныс емес еді. Қалмақтар жөніндегі алғашқы мәлімет Сібір жылнамаларында кездессе, Москва мемлекеті олармен тек XVII ғ. басында тікелей байланысқа шықты. 1604-1605 жж. торғауыттар, дербеттер ішкі бақталастық күрес нәтижесінде, қазақтармен, ноғайлармен арадағы қақтығыстарға байланысты Сібір жеріне қоныстануға мәжбүр болып, Орыс мемлекеті шекарасына жақындады.

Одан әрі грамотада салық мәселесі айтылған. Демек, қалмақтарды Орыс мемлекеті қанатының астына жай ғана алмай, салық төлетіп, үлкен пайда табуды да ойлаған. Грамотада «ясак» деп жазылған сөздер «салықты «білдіреді. Қалмақтар жасақ төлеп тұрса, оларда орыстардың жерінде таршылық көрсетпейді, өз тарапынан орыстар да оларды қорғайтынын айтқан («а мы их также велим беречи и от недругов оберегати») [1, 21 б.]. Егер қалмақтар патша қол астында болғысы келсе, «өз діні бойынша ант қабылдап», Тара қаласына жақын жерде көшіп жүруге, ал жасақты Тараға аң терісі, жылқылар түрінде төлеуге, ал келісімге келу үшін Тараға өздерінің жақсы деген мыр-

заларын жіберуді айтқан [1, 21 б.]. Бұл жерде әңгіме қалмақтар орыс бодандығын алу үшін қорғау грамотасы туралы болып тұр. Грамотаның соңы «қалмақ адамдарымен қандай іс болуы мүмкін, сол жөнінде Москваға нақты жазылсын, және жазбаны Қазан сарайы Приказындағы бояринге, біздің князь Дмитрий Иванович Шуйскийге беруді тапсырды. 7115 жылы наурыздың 30 күні Москвада жазылды», – деп аяқталған.

Келесі грамота 1607 ж. 18 қазанда Қазан сарайы Приказының ант бергізу үшін қызметкерлерді қалмақ ұлыстарындағы Изеней мен Далай Баатыр, сонымен бірге Хо Өрлік пен Құрсуған тайшаларына жіберу туралы Тара воеводасы С.И. Гагариннің атына берілген. Мұндағы Далай Баатыр дербеттердің билеушісі, оны чорос тайшасы Қарақұлдың ұлы Баатырмен шатастыруға болмайды. Осы грамотаның мазмұнында: «Мамырдың 16 күні Тараға қалмақ тайшалары Қуғонай Тубиев, онымен бірге 20 қалмақ адамдары келді. Сұраған кезде Қуғонайды, Баатыр және Иченейдің адамдарын ұлы мемлекет билеушісінен өтініш сұрап, патша қол астына кіруге, біздің жерімізде Ертістен жоғары тұзды көлдерге қарай көшіп-қонып жүруге, ал бізге не керек, қалмақ адамдарынан жылқы немесе түйе не сиыр алып», өтінішін орындау керектігі айтылған [1, 22 б.]. Грамотада басты тайшалардың аты аталған: Баатыр Янышев, Ичиней Уртуев, Қуғонай Түрбеев, Өжен Қонаев, Юрикти Қонаев. Барлығы 5 адам. Олармен бірге көшіп жүрген тайшалардың саны – 45 [1, 22 б.]. Қалмақ тайшаларының қарамағындағылар 12 санға бөлінген, әр санда он мың адам болған. Осы грамотада Сібір қалаларына жақын жерде көшіп жүруге рұқсат етегіні, Қазақ Ордасынан, ноғайлардан қорғайтыны да айтылған. Қалмақ тайшалары ант беріп, салық төлесе, оларға орыс мемлекетінде әділ болатыны айтылған. Жоғарыдан аталғандай мал басынан басқа шұға, қамқа түрінде де салық алатындары ескертілген. Сонымен бірге «өз адамдарынан қалмақ тілін білетін бір не екі адам» алып, Москваға жіберуін жазған [1, 23 б.].

Қалмақтардың қоныс аударуы туралы Тара воеводасы Тобылға хабарлап, одан әрі бұл мәлімет Мәскеуге жеткен болатын. Москва өкіметі қалмақтардың қонысына қобалжығаны белгілі, өйткені олар балық, аң аулайтын жерлерді тонап, шабуыл жасады. Бұған жауап ретінде Тара воеводасы князь С.И. Гагарин жорық ұйымдастырады. Қалмақтар жеңілген-

нен кейін Далай тайша Қуғонай Төбеев бастаған, одан кейін Арлай, Дәулет т.б. елшілікті жібереді.

1608 ж. 27 ақпанда Қазан сарайы Приказының қалмақ тайшаларының ант беру кезінде қойылатын шарттар, қалмақтармен жүргізілетін сауда және Тара басшысы А.Ф. Поленовты қала салу үшін жер таңдау туралы Тара воеводасы И.В. Мосальскийге берілген грамотада былай деп жазылған: «...Тараға сатылатын жылқыларымен қалмақтың 90 адамы келді, Тарада көйлекке не ақшаға, жазатын қағазға сатуға, ал сатылған жылқыларынан салық алған жоқпыз, өйткені оларда өшпенділік тудырмау керек және патша мейірімінен шығарып алмаған жөн» [1, 23-24 б.]. Ал Тараға жылқы сатуға келген қалмақтар өз діндері бойынша ант берген.

Осы грамотада «қалмақ тайшалары Иченей мен Баатыр жолдастарымен және ұлыс адамдарымен бірге олардың челобитьесін тыңдап, Ертіс пен Ом өзені бойларымен Сібір жерінде көшіп жүруге ұқсат беріледі және Ом өзені және Камышлов пен басқа жерлерде, қай жерде болғысы келсе, біздің патшалық ниетімізбен өмір бойы бірге болуға, дос емес Қазақ Ордасынан да, Ноғайлардан да, Алтын патшадан да шегінбеуді, оларды қорғап, сақтауды айтады». Өкімет Тара воеводасына Иченей, Далай Баатыр мен Өрлікке елші жіберуді, тағы да ант беруге алып келуді тапсырып, олардан кепілдікке адамдар және жасақ төлеуін талап етеді. Өз тарапынан өкімет тайшалардың, «ештеңеден қорықпай» емін-еркін көшіп жүруіне, Тараға ғана емес, Тобыл, Түмен, Пермь, Уфа, Қазан, тіпті Москва қалаларында сауда жасауға рұқсат берді. Бұл грамотада жергілікті өкімет қалмақтарды ұстамай, кедергісіз жіберуін, қажет болған жағдайда оларды «жылқы базарына» шығарып салуды тапсырған [1, 24-28 б.]. Өкімет қалмақ тайшаларын ант беруге әкелу тәртібін де Тара воеводаларына тапсырған. Осы мақсатпен бас тайшаларды Тараға шақырып, ант беру үшін кіші тайшалардан Ом немесе Камышловада бекініс салуды ұсынған [1, 26 б.].

Өрлік тайша Далайдың орыс өкіметімен келіссөздері жөнінде білгеннен кейін, 1608 ж. маусымда Тараға Шапкөл Татугуев деген өкілін жібереді. Тайша «патшаның қол астында болуға» тілек білдіріп, өз елшілерін Москваға жіберетінін айтты [1, 36 б.].

Патша өкіметі қалмақтармен болатын келісімге таң қалғаны сөзсіз. Сібірде айтарлықтай қарулы күштері болмаса да, орыс өкіметі орыс

Козаках Рязанских, особенном легком войске, славном в новейшие времена. Итак, Козаки были не в одной Украине; но вероятно, что оно в России древнее Батыева нашествия и принадлежало Торкам и Берендеям, которые обитали на берегах Днепра, ниже Киева. Торки и Берендеи назывались *Черкасами*: Козаки – также. Вспомним Касогов, обитавших, по нашим летописям, между Каспийским и Черным морем; вспомним и страну *Казахию*», – деп жазады [33, 182-, 183-б.]. XIX ғасырда да Ресей империясының әскери авангардын Кавказ казактары, алғашында терліктер, кейін кобандықтар құрағаны туралы В.Л. Величко 1904 жылы былай жазған-ды: «Оно несомненно представляет собою замечательное воинство, – и недаром конвой Государя Императора состоит из казаков» [34, 187-б.]. Н.М. Карамзиннің жоғарыда атап өткен еңбегінің 964-966 жылдардағы Святославтың қызметіне байланысты тарауында да былай дейді: «Святослав победил еще *Ясов* и *Касогов*: первые – вероятно, нынешние Оссы или Осетинцы – будучи Аланского племени, обитали среди гор Кавказских, в Дагестане, и близ устья Волги; вторые суть *Черкесы*, коих страна в X веке именовалась Касахией: Осетинцы и теперь называют их Касахами» [35, 105-б.]. Бұдан шығар қорытынды, XVIII ғасырдың ортасынан бері толастамаған «казак» сөзінің түп-төркіні зерттеушілер назарынан ешқашан тыс қалмақ емес. Оған байланысты қалыптасқан әртүрлі пікірлерді талдаудың өзі жеке арнайы зерттеуді қажет ететіні де күмәнсіз.

Әдебиеттер

- 1 Беджанов М.Б. Этнические образования и межнациональные отношения // [http:// elibrary.ru](http://elibrary.ru)
- 2 Гумилев Л.Н. Конец и вновь начало: популярные лекции по народоведению. – М.: Айрис-пресс, 2009.
- 3 Гумилев Л.Н. Струна истории. Лекции по этнологии. – М.: «Айрис-пресс», 2011.
- 4 Аскаров А. Арийская проблема: новые подходы и взгляды // «Алаш» тарихи-этнологиялық журналы. – 2007. – №3(12). – 57, 60-б.
- 5 Еремеев Д. К семантике тюркской этнонимии // Алаш, 2009. – №3(24). – 103 с.
- 6 Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т.2. – Л., 1926.
- 7 Груссе Р. Империя степей. История Центральной Азии (с древности до тринадцатого века) / Перевод К. Салгариной. – Алматы: Санат, 2003.
- 8 Мұқаметханұлы Н. Үйсін мемлекеті жөнінде // Қазақ тарихы. – 2004-2. – 12-б.
- 9 Генинг В.Ф., Халиков А.Х. Ранние болгары на Волге (Больше-Тарханский могильник). – М.: Наука, 1964.
- 10 Бронниковъ Н.А. Кангюй, канглы или кань и юечжы (къ исторической географии русского Туркестана).
- 11 Древности Поволжья: эпоха средневековья (исследования культурного наследия Волжской Булгарии и Золотой Орды). – Казань, 2005. – 157 с.
- 12 Тортаев С.Ә. Алашаның арғы тарихы // Алаш. 2006-3. – 69-70 с.
- 13 Акерев Т.А. (Табылды Акертегин). Древние кыргызы и Великая Степь (по следам древнекыргызских цивилизаций). – Бишкек, 2005. – 29-б.
- 14 Иностранцев К. Хунну были, скорее всего тюрки // Алаш, 2008. – №4(19). – С. 4,5.
- 15 «Алаш», 2008. – №4(19). – 30-б.
- 16 Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1994.
- 17 Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2000.
- 18 Құмарұлы Я. Баба түркі тілділер Сарыөзенге (Хуаңхыға) қашан келген. – «Алаш» тарихи-этнологиялық ғылыми журналы. – 2009, № 2(23). – 35, 38 б.
- 19 «Алаш», №4(7), 2006. – 9-б.
- 20 Сиунну «Хан» кітабынан. Аударып, құрастырған Қ. Салғараұлы. – А., 1998.
- 21 Артамонов М.И. История хазар. – Л., 1962.
- 22 Валиди Тоган А.-З. История башкир/ перевод с турецкого А.М. Юлдашбаева. – Уфа, 2010.
- 23 Живая старина. Отделения этнографии Императорского русского географического общества/под ред В.И. Ламанского. – Спб., 1896. – Вып. II. Год шестой.
- 24 Әміржанұлы А. Ақиық-арман. Кіші жүздегі Таз руының шежіресі Т. 2. – Ақтөбе, 2009.
- 25 Ынтыханұлы Қ. Ағырғы оғыздар. – «Алаш», 2007. – №5(14). – 51-б.
- 26 Толстов С.П. Древний Хорезм. – М., 1948.
- 27 Акишев А.К. Пентти Аальто. «Имя Ташкент»: перевод и комментарий // Труды Центрального Музея. II. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009.

28 Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – А.: Дайк Пресс, 2002.

29 Асылгужин Р., Юсупов Ю. Племя гирей (кирей): страницы политической и этнической истории Башкортостана. XVII–XVIII ғасырдың 1-жартысындағы Башқұрт руларының картасы. – Уфа, 2011.

30 Юсупов Ю.М. История Башкортостана XV–XVI веков (социально-политический аспект). – Уфа: Гилем, 2009.

31 Маргулан А. Труды по культуре казахского народа. – Павлодар, 2005.

32 Қондыбай С. Маңғыстау-нама. Т. 7. – Алматы, 2008.

33 Карамзин Н.М. История государства Российского. Книга вторая. Т. V–VIII. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2005.

34 Величко В.Л. Кавказ. Русское дело и между-племенные вопросы. – Баку: Элм, 1990.

35 Карамзин Н.М. История государства Российского. Книга первая. Т. I – IV. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2004.

К.А. Саркенова

Некоторые проблемы древней истории Западного Казахстана

В данной статье рассматриваются некоторые на сегодняшний день актуальные проблемы древней истории Западного Казахстана. Автор, основываясь на различные исследования, показывает единые корни некоторых казахских родов и племен.

K.A. Sarkenova

To some aspects of ancient history of Western Kazakhstan

Some to date issues of the day of ancient history of Western Kazakhstan are examined in this article. The author of the article proved the idea of common ancestry of Kazakh tribes, using different researches.

УДК 94 (=512.1),,05/06”

Ғ.З. Искакова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Батыс Түрік қағанаты тайпаларының орналасу мәселелері

Аннотация: Мақалада VI-VII ғасырлардағы Батыс түрік қағанатын құраған тайпалардың территориялары айқындалып, жалпы қағанат территориясының өзгеріске ұшырау ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар негізгі тарихи географиялық объектілерге сипаттама жасалады.

Түйін сөздер: этнос, тайпа, шекара, тарихи-география, мемлекет.

Әлемге белгілі Рим империясы күйрегеннен кейін 100 жыл өткеннен соң шамамен 551/552 жылдары Евразия материгінде көшпелі малшаруашылығы негізгі шаруашылық түрі болған Түркі қағанаты пайда болды. Бұл мемлекет қазіргі Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір жерінде орналасты. Қытай деректерінде сәйкес бұл мемлекет территориясы шығысында Корей бұғазынан (залив) батысында Батыс теңізіне (Каспий) дейін он мың ли, оңтүстікте Песчанная даласынан (Песчанная степь) (Алашань немесе Гоби шөлі) солтүстікте Солтүстік теңізіне дейін (Байкал теңізі) бестен алты мың лиға дейінгі жерді алып жатқан [1, 229 б.]. Бұл мемлекет Л. Гумилевтің көне түркі жазбаларына анализ жасай келе түркілердің географиялық танымы жаулап алушылығынан кем түскен жоқ деп қорытынды жасаған. Сондай-ақ, Қытай немесе басқа мемлекеттерден өзгеше деп тұжырымдады. Мысалы, олар оңтүстігінде екі ірі мемлекеттерді білді: біріншісі олар Табгач атаған Қытай мен Тибет [2, 381 б.]. Сібір территориясында даламен шекаралас жерлердегі тайпалар мен халықтарды білді. Олар шығыс Байкалда тұрған байыркулар, Саян Алтайды мекен еткен қырғыздар, Ертіс өзенінің жоғарғы ағысындағы қарлұқтар т.б. Түркілермен шектеспейтіндер қатарында батысында Пурум-Рум (Рим) деп атаған Византия, tazik – арабтар көрсетілген. Түрік қағанаты VI ғасырда Қытай, Парсы, Византия сияқты мемлекеттермен Алыс шығыс (Дальний восток) пен Жерорта теңізі арасындағы сауда жолдарына билік жасау үшін бәсекелесті. Оларды Осы уақытта Қытайдан батысқа бағытталған Ұлы Жібек жолы Түркі қағанаты территориясы арқылы өтіп отырған.

Бұл оларға саяси және экономикалық үстемдік әкелді. Carter Vaughn Findley [10, 34 p.] және Барфилд Т. Дж. [12] 552 жылы құрылған Түрік қағанаты мен басқа да қағанаттар «сауда-салық – империалары» болды деп тұжырым жасайды. Себебі олар Қытай мемлекеті сияқты отырықшы халықтан салық жинап қоймай, сауда жолдарынан және саудагерлерге қорғаныш болу арқылы пайда көрді.

Түркі қағанатында билік үшін тартыстар 20 жылдан астам уақытқа созылып, тоқтамады. Ақыры 603 жылы мемлекеттің екіге бөлінуімен аяқталды. Бұл Түркі қағанатында басқа да ортағасырлық қағанаттар да сияқты батыс және шығыс билеушілер болды [3, 153 б.] дегенді білдіретін болды. Түркі қағанатының осылайша әкімшілік-территориялық бөлінуін қытай деректері растайды: «Түркі қағанаты құрылған кезде батыс аймақтарды басқаруды Бумын қаған (Түркі қағанатының негізін қалаған қаған, шамамен 552-553 жылдары билік еткен) інісі қаған Истемиге (шамамен билік еткен жылдары 562-576) тапсырды және батыс пен шығыс ара-сындағы шекара Алтай тауларының шығысы болып анықталған болатын». Орта Азияда Жоңғария, Шығыс Түркістан жерін алып жатқан Батыс түрік қағанаты және Моңғолия жерінде орналасқан Шығыс түрік қағанаты [5, 94 б.]. Батыс түрік қағанатының әкімшілік орталығы «бұрынғы үйсін жерінде» Солтүстік Тянь-Шань маңында орналасты. Орталық Тянь-Шань, Ыстықкөл, Шу мен Талас аралығы Батыс түрік қағанатының орталық аймақтары болды. Қағанның астанасы Суяб Шу өзенінің бойында (қазіргі Қырғызстан) жерінде орналасты [4, 106 б.]. Бұл жайында қытай

деректерінде былай айтылады: «Батыс түрік Мұқан қағанның (шамамен 553-572 жылдары билік еткен) ұлы Төременнен (шамамен 579-587 жылдары билік еткен) басталады. Ышба-рамен (шамамен 579-587 жылдары билік еткен) араздасуына байланысты ел екіге айырылып, Төременге қараған бөлігі біртіндеп күшті мемлекетке айналды. Шығыста Түкенге, батыста Күсән, Телек, Үбірге дейінгі және жалпы Батыс өңірдегі Ғулар соған қарады» [8, 119 б.]. Сонымен қатар, қытай деректерінен Батыс түрік қағанатының алғашындағы шекаралары туралы мәлімет алуымызға болады: «Батыс түрік асылында Теріскей түрікпен аталас еді. Шығысы Түрік еліне, батысы Лейжу (Арал) теңізіне, оңтүстігі Шәлік еліне, солтүстігі Қаңғайға, Чаң-әңның солтүстігінен жеті мың ли жерде. Ағни елінен солтүстік-батысқа қарай жеті күн жүргенде, Батыс түріктің күнгей ордасына, онан солтүстікке қарай тағы сегіз күн жүргенде олардың теріс-кей ордасына (Бесбалыққа) жетуге болады» [6, 140 б.]. Tasagil Ahmet-тің пікірі бойынша Түріктердің батысқа жылжуы нәтижесінде оларға Солтүстік Кавказ, Кубань өзенінің бассейні, Азербайджан территориясы бағынышты болды. Истеми қағанның ұлы Турксанф (Тарду) (шамамен 577-603 жылдары билік етті) әкесінің дәстүрін жалғастырып Букан мен Керчті басып алды [11, 33 б.].

Ежелгі үйсіндердің жерлерін мекен еткен Батыс түрік қағандығының негізгі халқы «он оқ будун» (он оқ халқы) деп аталды. Сол қанаты – бес тайпалы дулу, оң қанаты – бес тайпалы нүшбе деп аталды. Аталған мәселе деректерде былай баяндалған: «12 жылы (638 жылы) желтоқсанда Батыс түрік қағанаты он ұлысқа бөлінді. Қаған әр ұлыстың ағамандарына бірден оқ сыйлады, сондықтан Он оқ атанды. Олар тағы да сол және оң қанатқа бөлінді, сол қанаттағылар «Бес түрік ұлысы» аталып, бес тай чор тағайындады, оң қанаттағылар Бес нүшбе ұлысы аталып, бес тай іркін тағайындады. Олар жалпы Он оқ ұлысы («Он оқ бұдын») делінеді». Бұл иеліктің шекарасы Шу өзені болды. Шу өзенінен шығысқа қарай созылған жерлер мен қазіргі Жоңғар алқабын бес тайпалы дулаттар мекендеді. Ал Шу өзенінен батысқа қарай созылған байтақ өңірді бес тайпалы нүшбелер мекендеді [7, 119 б.]. Бұл көзқарасты Л. Гумилев, А.Ю. Зуев, М. Досымбаева, т.б. ғалымдардың басым көпшілігі қолдайды. Мысалы М. Досымбаева Ю.А. Зуевтің Батыс түрік қағанатындағы тайпалардың орналасуын реконструкция жасағанын талдай келе мемлекеттің

шығыс шекарасынан ары өткенде бұл тайпа есімдері аталмайды деп қорытында жасайды [3, 153 б.]. Қытай деректерінде Батыс түріктердің ішінде Түрік және Нүшбе, Қарлық, Чоңұт, Чүмүл, Үбір сияқты әр түрлі тайпалар бірге қоныстанғандығы айтылған [6, 140 б.]. Жұңғоның ескі тарих кітаптарында дулаттардың бес тайпасы мына түрде берілген:

1. Түркеш - алаш- чор ұлысы; 2. Қойлау – күлүг-чор ұлысы; 3. Чимойын (шимугін) – лүичор ұлысы; 3. Ысты-тон – чор ұлысы; 4. Жаныс-шопан-чор ұлысы [7, 121 б.].

«Таң патшалығының тарихы Жағрафия тарауында» Таң патшалығы батыс өңірді бірлестіргеннен кейін, түркештер екі аймаққа бөлініп бағынған. Оның бірі түркеш сұғамұқы ұлысы деп аталып, Лүңшүн – аймағына, екіншісі: түркеш-алаш ұлысы деп аталып, Жесан аймағына бағынған. Қойлау тайпасы қазіргі Барлық тауы мен Ебнор көлі атырабын мекен еткен. Олар Янбо аймағына бағынған. Шимойын тайпасы қазіргі Тарбағатай (Шәуешек) атырабын қоныстанып, Боян аймағына қараған. Жаныс тайпасы Еренқабырғаның үстіртіндегі Үлкен жұлдыз бен Кіші жұлдызды өріс-қоныс етіп, Иңса аймағына қараған. Ысты тайпасы Іле өзенінің шығыс алқабы мен қазіргі бұратала өңірін мекендеп, қос өзен аймағына қарасты болған. Осы кезде дулат тайпасының бірі болған шымыр (чуми) қазіргі Құтыби, манас өңірін мекен еткен, олардың шығысында қазіргі Жемсары ауданының маңында чуио тайпасы тұрған.

Батыс түрік қағандығының оң қанатына (оң шадыпыт) жататын айпалар – бес тайпалы нүшбе деп аталды. Тарихи деректердің айтуынша, нүшбелерге мынадай бес ұлыс кірген. 1. Азғыр (әскілі) 2. Қасо 3. Барысқан (барсаған) 4. Азғыр (әскілі) 5. Қасо.

Азғыр тайпасы (әскілдер) батыс түріктің нүшбе одағындағы ең күшті тайпа еді. Қасо тайпасы алғашқы кезде батыс түрік қағандығының шығыс жағында тұрған қуатты тайпа еді. Ол кезде қарлықтармен аралас жасап, шуио, шымыр, бесене тайпаларымен көрші отырған. Кейін келіп батыс түрік қағандығының оң қанатындағы нүшбилер құрамына қосылған.

«Таң патшалығының» көне тарихы. Түрік шежіресінде: «Теле (тірек) ... қатарлы елдер бағынғаннан кейін, олардың халқы дулат, нүшбе, қарлық, шуио, шымыр, обырлерге араласып, сіңісіп кетті» дейді. Бұл дерек, жоғарыдағы тайралардың ішінде көптеген теле (тірек) рулары болғандығын көрсетеді [9].

Телектер туралы қытай деректері мынадай мәліметтер береді: «Телектердің арғы аталары – Ғұндардың ұрпағы. Олардың түрі орасан көп, Батыс теңіздің шығыс жағалауынан бергі тау мен сай-саяланың бәрінен бұларды кезіктіруге болады. Тоғла кешуінің солтүстігінде Бүркіт, Тоңра, Ғұйғыр, Байырқы, Бұғра ұлыстары тұрады да ағаманын іркін дейді. Соғысқа жарамды адамы жиырма мың. Алтынтаудың (Алтай) батыс күнгейінде Сір-енде, Таринақ, Зыбан, Дарқыттар мекендейді. Қаңлылардың солтүстігіндегі Еділ өзенінің бойын Едіз, Ғажар, Барғұт, Биған, Қоқы, Қабыш, Ажасу, Баямыткердерлер мекендейді. Бұлар да жорыққа он мыңдай дам шығара алады. Теңіз көлінің шығыс және батыс жағалауында Салар қият, Үш сақын, Марсұк, Сақырлар отырады. Бұларда да сегізі мыңдай жасақ бар. Пүрүмның шығысында Үңғұт, Алан, Печенек-күлас, Барғұндар мекендейді. Бұларда жиырма мыңдай жан бар. Солтүстік теңіздің күнгейінде Тыбалар тұрады. Ұлыс аты әр түрлі болғанымен, бұлардың бәрі жалпы Телек деп аталады. Бәрінің үстінен қарап отырған билеушісі жоқ. Сондықтан Шығыс түрік пен Батыс түрікке бөлініп қарайды. Түрік қағанаты құрылғаннан кейін, олар жорықтарға қызметке алынып, сол арқылы солтүстіктегі жерлер иеліктеріне өтті».

Қорыта келгенде Батыс түрік қағанатының негізгі билеуші тобын он тайпа құрап, территориялары нақты айқындалды. Ата қоныстары тарихи қалыптасқан территорияларды орын алды.

Әдебиеттер

- 1 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в древние времена. – Т. 1. – М.-Л., 1950.
- 2 Гумилев Л. Древние тюрки. – Москва: Астрель, 2010.
- 3 Досымбаева А. Западный Тюркский каганат. Культурное наследие казахской степи. – Алматы, 2006.
- 4 История Киргизской ССР: в 2-х томах. Т. 1/ред. кол. Б.Д. Жамгерчинов и др.). – Фрунзе: Кыргызстан, 1968. – 708 с.
- 5 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, Рауан, 1992. – 374 с.
- 6 Көне Таңнама 194 бума (2) 144 баян (2) Қытай жылнамаларындағы қытай деректері (б.з. 275-840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы: Өнер, 2006. – 344 б.
- 7 Нығмет Мыңжан Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
- 8 Солтүстік әулеттер тарихы 99 бума 87 баян / Қытай жылнамаларындағы қытай деректері (б.з. 275-840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы: Өнер, 2006. – 344 б.
- 9 Сүйнама 84 бума 49 баян /Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері 2 том. – Алматы: Өнер, 2006. – 344 б.
- 10 Carter Vaughn Findley(2005) The Turks in World HistoryOxford University Press.
- 11 Tasagil Ahmet. Gok-Turkler, I.2. Baski. Tarih Kurumu Basimevi – Ankara, 2003.
- 12 Thomas J. Barfield,The perilous frontier: Nomadic Empires and China 221 BC to AD 1757, Cambridge: Blackwell Publishers Cambridge, MA & Oxford, UK, 1992.

Г.З. Искакова

Проблемы расположения племен Западно Тюркского каганата

В данной статье рассмотрены проблемы территории племен, составлявших основу Западного Тюркского каганата, в целом проанализированы особенности изменения всей территории каганата. Также дан анализ основным историческо географическим объектам.

G.Z. Iskakova

Problems of tribes' location of the Western Turkic Khaganate

In this article discussed tribes' areas which formed the basis of the Western Turkic Khaganate, in general analyzed the features of changes throughout the Khanate. Also, gave analysis of the major historical geographical features.

ӘОЖ 94(574)

Э. Айдарханова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Теле одағы құрамындағы түркі тайпалары

Аңдатпа. Бұл мақалада IV-VI ғғ. теле тайпаларының құрамы мәселесі қарастырылған. Телелер-дің құрамындағы түркі тайпаларының саны анықталып, теле мен ұйғыр тайпалары арасындағы айырмашылықтарға назар аударылады.

Зерттеуші мақала барысында дәстүрге айналған орыс, отандық зерттеушілердің еңбектері мен ой-пікірлерін пайдаланумен қатар, оларды шетел ғалымдарының пікірлерімен салыстыру мақсатында түрік зерттеушісінің де еңбегіне көңіл аударған. Мақала барысында жасалған ойлар түйінделіп, соңында автор тарапынан ғылыми тұжырымдар жасалады.


Түйін сөздер: Теле, Ашина, ұйғыр, динлиндер, хазар теңізі, көк түріктер, табғаш.

Телелер бірқатар түркі тайпаларының этникалық негізі болған және көшпелі өмір салтына бейімделген түркітілдес бірлестік екендігі белгілі. Бұлар жөнінде Л.П. Потапов өзінің алтай халықтарының этникалық құрамы жайлы баяндаған еңбегінде жазады. Оның пікірінше, теле атауы қытай жазбаларына ортаазиаттық көшпелілер атауының бірі ретінде түскен және сөзсіз бұл терминнің қытайша емес екендігін атап өтеді. Бұны автор теле атауының «Алтын шежіре», Рашид-ад-диннің жазбалары сияқты ортағасырлық деректердерде де сақталғандығымен дәлелдеуге тырысады [1, 148 б.].

Қытай деректері телелердің ежелгі атасы ғұндар болып табылатын – III-IV ғасырлардағы гаогюйлердің ұрпағы екендігін хабарлайды [2]. Бірқатар зерттеушілер оларды хундардың Толес – Теле тармағы дейді. Дегенмен, гаогюйлердің ұйғыр екенін ескере келе, телені ұйғырмен шатастыра алмаймыз. Себебі теледен тек ұйғырлар ғана емес, көне көк түріктер де тараған. Теленің төмендегі сызбасына қарап, мәселенің жайын оғай ұғына аламыз:

Теле тайпалары арбамен жүріп өмір сүргендіктен, көршілес халықтар бұларды «гаогюйлік динлиндер» деп атап, кейін «динлин» сөзінің өзі дыбыстық өзгеріске ұшырап теле болып кетсе керек [3]. Монғол деректерінің маманы З. Қинаятұлы теленің баламасы «арба» екендігін айтады. Негізінде теленің ғана емес, көне тайпалардың бірқатары «арбадан» шыққандығын деректер хабарлайды. Мәселен оған алысқа бармай-ақ «кангюй» атауының «арба» мағынасын білдіретіндігімен-ақ дәлелдей аламыз.

Зерттеуші Г.Б. Хабижанова өзінің докторлық диссертация жұмысында Г.Е. Грумм-Гржимайло, Н. Аристов, Н. Бичуриндердің пікірлерін басшылыққа ала отырып, теле атауының пайда болуын динлин тайпасымен байланыстырады [4, 59 б.]. Біздің білуімізше, динлиндер б.з. IV ғасырында Гоби шөлінің солтүстігін мекен еткен. Бұл жөнінде Н. Бичурин қытай дерегі «Бэйшиді» аудару барысында атап өтеді. Орыс саяхатшысы Г.Е. Грумм-Гржимайло қытай деректеріне сүйене отырып, динлиндердің арыстан жүректі, қайсар, еркіндікті сүйетін ха-



лық болғандығын хабарлайды. Автордың бұдан кейінгі сөзі былайша өрбиді: «динлиндер ...белсенді халық болды, олар кішігірім рулардан ғана құралып, шамасы тек жауға шығар алдында ғана басы-бастары қосылып отырған. ...қытайлықтар динлиндердің біртұтас халық болмай, олардың жекелеген ұрпақтары болғаны үшін ғана жеңуге күштері жеткен еді, сондай-ақ жанама түрде оларды бір-бірімен шағыстырудан да тайынбаған. Тәуелді болуды жаны сүймейтін динлиндер ... тұрақты отандарын тастап бірі – солтүстікке, басқалары – қытайлардың аяғы баспайтын оңтүстік аймақтарға кетіп отырған. Сөйтіп олар ... Байқал, Алтай, Оңтүстік Сібірге дейін барған» [5, 171 б.]. IV ғасырда Алтайдағы динлиндер түріктермен араласып, бұдан ұйғыр тайпасы қалыптасады. Осы тұстағы тарихи оқиға ұйғырлардың дили, чи-ди, кейіннен теле аталып жүруіне себеп болса керек. Алайда теле тайпасының Үлкен Хинган мен Хазар теңізінің аралығын жайлап мал шаруашылығымен айналысқан түркітілдес тайпалардың бірлестігі екендігін жадымыздан шығармағанымыз жөн. Қытай деректеріндегі мағлұматтар бойынша, теленің арғы бабалары ғұн тайпалары болғандығын басшылыққа ала отырып, кейбір түркі халықтарының шығу тегін теле бірлестіктерімен байланыстырып жатамыз. Ертеортағасырларда батысқа жылжыған динлиндер бірқатар алтай тайпаларының типтерін сақтап қалғанға ұқсайды. Г.Е. Грумм-Гржимайлоның келесі бір пікіріне назар салар болсақ, ол «алтайдан солтүстікке және батысқа қарайғы аймақтарға тән сарышашты элемент енисейлік және Үлкен, Орта және Кіші Ордалардың қазақтарына әлі күнге дейін тән» дей келе, қазақтардың типі үйсіндерден емес, дәл осы динлиндерден қалған деп атап өтеді [5, 177 б.].

Динлиндік тип ұзын сұңғақ бойлылықпен, шаштың ашық сары түсімен және кавказдық бет пішінмен сипатталды. Г.Е. Грумм-Гржимайлоның пікірінше, динлиндердің Орта Азияда неолит дәуірінің өзінде-ақ болғандығын дәлелдейтін археологиялық ескерткіштерге сүйеніп, бұлардың ортаазиялық автохтонды тайпалар деуге әбден негіз бар [5, 185 б.]. Біз орыс ғалымының қазақ типіне ұқсатып отырған аталмыш тайпа жайлы толығырақ тоқталып кетуді жөн көрдік.

Динлиндер бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде қазақтың Кіші жүзін қалыптастыруда маңызды роль атқаратын тайпалар ретінде назарға алынады.

Түрік тарихшысы Ахмет Ташағылдың еңбегінде динлин тайпасына арналған – Тинлингтер атты арнайы тарау бар. Осы тарауда автор динлиндерге қатысты келесідей мәліметтер береді:

«Тинлингтер, тарихи деректерге сүйенер болсақ, Хұндардың солтүстігінде өмір сүрген. Алайда олардың мекен еткен аймақтары қандай да бір атаумен аталмаған болса керек. Бұл ең алдымен олардың Қытай тарапынан жеткілікті түрде таныла қоймағандықтарының, сондай-ақ өте кең аймақта жайылып өмір сүргендіктерінің көрінісі. Бұдан кейінгілері Батыс Түркістанда Мәуеренахр (K'ang-chu)'in солтүстігінде өмір сүргендіктері біздің пікірімізді дәлелдейді. Нәтижесінде Тинлингтердің Байқал көлінің батысынан Енисей өзені маңайына, Оңтүстік Сібір мен Батыс Қазақстан далаларына дейін созылған үлкен территорияда жайылғандығына куә боламыз.

Үлкен Ғұн империясының тағына Мотун (Мөде – Э.А.) келіп, мемлекеттің күшеюінен кейінгі кезеңде Тинингер оларға бағынады. Мәселемізге қатысты деректердің ешбірінде Тинингердің ғұндарға бағынышты болған жылдарының тарихи шеңбері анық айтылмаған» [6, 8 б.]. Автор бұл уақытты тарихи оқиғалар легімен шамалай отырып, шамасы, б.з.д. 206-201 жылдар аралығы болса керек деп топшылайды.

«...Мөденің соққысына ұшыраған Тин-лингтер шамамен жүз жыл көлемінде өз атауларымен аталмай кетсе керек. Бұның себебін ешбір күмәнсіз, олардың Үлкен Ғұн империясының бір бөлігі ретінде сіңісіп, ешқандай қарсылықсыз өмір сүре бергендігінде деп санаймыз. Сөйтіп, олардың саяси ролінің төмендеуі салдарынан шамасы қытай деректерінде есімдерінің де аталмай кеткен себебі сол болса керек» [6, 8 б.]. Динлиндердің тарих сахнасында Түркі қағанаты мемлекет көтергенге дейінгі тарихын осылай сипаттай келе, автор «...алайда V ғасырдан кейін солтүстікте өмір сүрген Түркі тайпалары атауларының енді Төлес тайпаларымен бірге аталғандығын көреміз. Аталмыш жүзжылдықтың басында Табғаштармен (То'ра) бірге, жужандарды күйреткен Қаочелерге (Гаоюй) Тин-линг атауы берілгендігі жайлы бірқатар деректерде аталады», - деп жалғастырады өз ойын [6, 11 б.]. Автор бұдан әрі Табғаш кезеңінде солтүстікте өмір сүрген Түрік тайпаларының есімдері – Қаочюй - Тин-линг түрінде бірігіп аталғандығын басшылыққа ала отырып, бұның Тин-линг – Қаоче – Төлес сабақтасты-

ғының болғандығының дәлелі екендігін айтады.

Автор бұл сабақтастықтың шынында да болғандығын тағы да төмендегі мысалдар негізінде дәйектемек болады.

...Тин-лингтердің үшінші тобы Ү ғасырлар шеңберінде Ғұндардың, Көк Түріктердің кейбір тайпалары тәрізді оңтүстіктегі Қытай шекараларына көше бастайды. Тин-лингтер енді Қытаймен тікелей байланыс орната отырып, Ті'лі атымен белгілі бола бастады. Кейіннен бұл есім Ті'эле-ге ауысып, қытай жылнамаларында тиле, төлес түрінде қалды. Демек, Төлестерді Тин-лингтердің жалғасы ретінде тануымыз керек. Бұл жағдай бәрінен бұрын Тин-лингтердің солтүстік тобына көбірек қатысты. Нәтижесінде Қытай оңтүстік шекарасындағы өздерінің кезіндегі Тин-линг тайпаларын кейіннен жаңа есім – Тиле есімімен тани бастады [6, 13 б.]. Ахмет мырзадан басқа аталмыш пікірге назар салған өзге де авторлар бар.

Мәселен, теле, динлин, чиле, дили, гаогюй атауларының әртүрлі дыбысталуын Н. Аристов былай деп түсіндіреді: «Алтайдағы Тола өзінің болуы гаогюйлердің шынайы есімінің – теле екендігін дәлелдейді, ал дили мен чиле болса теленің қытайша дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі болып отыр. Ғұндардың дәуірінде гаогюйлер шамасы солтүстік Монғолияда өмір сүріп, сол аймақта алдымен сәнбилердің, кейіннен барып жужандардың қол астында болған. Бұл сол кезеңдегі ғұндарға бағынышты болған барша түркі тайпаларына ортақ түсінік. Қытайлықтар Ү ғасырдың аяғы мен YI ғасырдың соңындағы мәліметтерге негізделе отырып, 12 гаогюй руының атын атайды, олар: тулу, ичжань, лифули, далянь, кухэ, дабо, алунь, моюнь, сыфынь, фуфуло, киноань, юшущэй» [7, 20 б.]. Автордың пікірінше, аталғандардың ішіндегі тулу дыбыстық өзгеріспен дулу, далянь, ақырында доланьгэге ауысуы ықтимал.

Тайпалар тарихын зерттеуде өзіндік орны бар «Алаш орталығының» ғалымдары жазған «Телеу» еңбегінде қытайлықтар атаған жоғарыдағы 12 тайпаның ішіндегі тулуды – дулу, дабоны – туба деп, сондай-ақ «...урянхайлықтар және даляндарды Алтайда бұған дейін аман қалған телеңгіт руындағы кейінгі доланьгелерді тануға болады» - дейді [8, 108 б.]. Бұл пікір кейін тарихшы Хабижанованың диссертациясында да айтылған. Бұндағы 487 жылы фуфулолардың жетекшісі жужандардан құтылып, гаогюйліктермен еріп батысқа кетеді де, сол аймақта Тарбағатай мен Таньшань арасындағы

Юебань иелігіндегі жерлерге тұрақтайды» [7, 20 б.]. Бүгінде Телеңгіт атауымен көпшілікке мәлім До-лань-гелердің сеяньтодан шығысқа қарай Тунлоларға жақын аймақта қоныстанғаны жайында қытай жылнамаларында («Таншуда») баяндалады. Оларға жекелеп тоқталар болсақ, белгілі түрік профессоры Ахмет мырза бұларға байланысты келесі мағлұматты береді: «То-lan-ke ... бұл тайпа жөнінде 647 жылға дейінгі деректерде кездестіре алмаймыз. Аталмыш тайпа тарих сахнасына сыр тардуштар құрған саяси күштің әлсіреуіне орай шыға бастады. Он мың мықты қаруланған әскері шығаруға қабілетті болды» [6, 115-116 бб.] Доланьгелер жайында біраз мәлімет берген автор бұлардың Сыр Тардушларымен (сеяньто) шекаралас ғұмыр кешкендігін баяндайды. Сондай-ақ қытай деректеріне сүйенген автор олардың Қытаймен бұрындары ешқандай байланыс орнатпағандықтары үшін тек сеяньтолардың жығылған кезеңінде Ұйғырлармен бірлесіп Қытай патшасының сарайына келгендігі жайында атап өтеді [9, 143 б.].

Бірқатар авторлардың пайымдауынша, дәл осы доланьгелер сеяньтолармен бірге қазақтың Телеу тайпасының қалыптасуына тікелей ықпал еткен болуы мүмкін [8, 159 б.].

Қазіргі таңда есімі Мрастағы қара татарлардың ортасында сақталған ки-билер жайында Г. Хабижанова толығырақ айтады [10, 48 б.]. Сүй династиясының (YI-YII ғғ.) билігі тұсында аталмыш тайпа шығыс Тань-Шаньда өмір сүрген. 648 жылы батыстүркіліктер өз княздары үшін қытай ханшайымының қолын сұрап, бұған қайтарым ретінде қытай билігі бұлардан Шығыс Түркістанды беруін сұрайды. Түріктердің келісім бермегеніне қарамастан, қытайлық император ки-би тайпасының әскербасшысы – Хэли бастаған түріктер мен телелерден тұратын жүз мыңдық әскер аттандырып, Шығыс Түркістанды күшпен бағындырады [11, 261 б.]. Деректердің хабарлауы бойынша, ки-би тайпасының Қытайдың қарамағында қызмет етуі YII ғасырдың ортасындағы батыстүркілерге қарсы жасаған жорықтарында көрініс табатын болса, ал IX ғасырдың ортасына қарай ки-би мен империя арасындағы бұл тығыз қарым-қатынастың жалғасы жайлы мағлұматтар берілмейді.

Жоғарыда аталып өткен сеяньтолар бұл реттің екінші сабында тұр. Оларға қайта оралар болсақ, бұлардың Сүй династиясы тұсында Гобилік Алтайға ығысқаны туралы мәлімет бар. 629 жылы олардың жетекшісі И-нань Өтікенге көшіп барып, бұдан кейін аталмыш

тайпа шығысқа қарай Толы өзенінің бойына қоныс аударады. 645-646 жылдар аралығында олардың саяси бірлестігі қытай мен ұйғырлардың біріккен қолынан жеңіліс тауып есімі аталмай кетеді. Ал қалған бөлігі теле бірлестігінің басқа тайпалары арасында еніп, мүлдем еленбей кетеді. Тек Сүй династиясы билігінің соңына қарай қытайлықтардың Гоби шөлінен Ұлы қорғанға көшу процесі барысында ғана сеяньтолардың есімі деректерде қайта атала бастайды.

Доланьгелер Аристов, Радлов, А. Ташағыл, Хабижановалардың зерттеулерінде телеңгіттер ретінде белгілі. Доланьгелердің орналасқан аймағын «Тан-шу» дерегі сеяньтодан шығысқа қарай Тун-ло жерінде деп хабарлайды. Белгілі зерттеуші Г. Хабижанова аталған аймақты шамасы Цзабхан өзінің аймағы болса керек деп түспалдайды. Алатмыш ойын негіздеу мақсатында автор сөзін былай жалғастырады: «1) Утукен бойынан шығысқа қарай өмір сүрген телэс тайпаларының ішінде долань-гэ айтылады және 2) 647 жылы жерлері кең болғандықтан онда Янь-жань немесе Хангай губернаторлығы құрылды. Мұнан байқайтынымыз, доланьге Хангайдан, Орхоннан батысқа қарай мекендеген; мұнда екі үлкен су көздері – Цхабзан және Идэр кездеседі. Алайда Идэрде басқа телэс тайпасы мекендеуі керек болды, ол до-лань-геден солтүстікке қарай көрсетілген» [8, 158 б.]. Автор аталған мәліметтің түйіні ретінде, дәл осы теле тайпасының (долань-генің) сеяньтомен бірігіп қазақтың Телеуін қалыптастыруға тікелей ықпал еткен болуы ықтимал дейді [8, 159 б.].

Тізімдегі келесі тайпаның аты – Ху-се тайпасы. Бұлар Сүй династиясының билігі тұсында Селенгі бассейнінде көшіп-қонып жүрген тайпалар ретінде белгілі. Бұлардың Модэ бағындарған солтүстік халықтарының ішінде аталатындығын басшылыққа ала отырып [8, 159 б.], ху-селер телес тайпасының ертеректе бөлініп шыққан бұтағынан болуы ықтималдығын атап өткіміз келеді.

Қытай деректеріндегі сеяньтолардан солтүстікке, ал доланьгеден шығысқа қарай мекендеген келесі бір тайпаның аты – Тун-ло. Кейбір деректер бұлардың Орхон мен Селенгінің арасында көшіп-қонып, Толы өзенінен солтүстікке қарай оранасқандығын айтады. Бірқатар зерттеулерде Тонра деген атаумен ұшырасып жүрген аталмыш тайпалар жөнінде тарихшы А. Ташоғлы баяндай отырып, бұлардың Көк-Түріктермен дәстүр-салттары өте ұқсас болған

дығы жайлы атап көрсетеді. Тунлолар ертеден түріктерге вассал болған тайпалар [6, 138-150 б.].

Шлегель мен Аристовта бу-гу деген атпен белгілі болған тайпалар Г. Хабижанованың зерттеулерінде Пу-гу делініп жүр. Автор бұлардың Селенгі өзінің төменгі ағысында Орхонның сағасында өмір сүріп, кейінірек шығысқа қарай ығысқандығы жөнінде пікірін ұсынады [10, 49 б.]. Біздің пікірімізше, пу-гулардың шығысқа ығысқандығын олардың есімінің Х ғасырда қидандар жаулап алған тайпалардың арасында аталуы дәлелдей түседі.

«Тан-шуда» пу-гулардан батысқа қарайғы территорияларда си-цзи тайпасының мекендегені айтылған. Шамасы бұлар тун-лолардан солтүстікке қарайғы аймақта өмір сүрген болса керек, себебі олардан шығысқа қарай қытай деректері баегулардың мекендегенін көрсетеді. 630-680 жылдар аралығында бұлар Хэсиге дейін көшіп барады. Сы-цзелер бұрынғы сеяньтолардың мекен еткен аймағында көшіп-қонып жүрген. «Тань-шуда» сы-цзе мен си-цзенің бірлескен 20 мыңға жуық әскерінің болғандығы жайлы айтылады. Бұған қарап зерттеушілердің бірқатары «бұл екі тайпаның көшу жолдары өзара аралас және жоғарғы Селенгі аңғарында болса керек» деген пікірде [8, 159 б.].

Баегулар (байырхулар) жайлы зерттеушілер пікірі тоғыспайды. Г.Е. Грумм-Гржимайло атаған телелік бірлестіктер тізбегіндегі аталмыш тайпаны зерттеушілердің бірқатары байырқу деп жүргені рас. Бұндай аттың баегуга телінуінің тегін болмауы да жасырын емес. Дәлірек айтар болсақ, түркі әлемінің жазу өркениетін бүкіл әлемге паш еткен Орхон жазбаларында тайпаның аты дәл осылай көрсетілген [8, 160 б.]. Баегулардың мекен еткен жері кең әрі байтақ болған. «Тан-шу» дерегінде бұлардың аңшылыққа өте құмар болғандықтан, шаңғысымен қыста бұғы қуалап жүргендігі жайлы айтылады. «Телеу» еңбегінде «Осы баегудың мұрагерлері камасиндердегі байга және чулым татарларындағы байгул емес пе екен» деген сұрақ көлденең тасталған еді.

Гу-ли-гань тайпасы Байқалдан батысқа қарайғы аймақты мекен еткен. Гу-ли-ганьдарды құрыққандар деп қазақшаласақ, қателеспейміз. Себебі Монғолияның ежелгі түркілері Байқал өңірін мекендеушілерді дәл осылай (қурыққандар) деп атаған. Құрыққандар жөнінде Орхонда табылған ежелгітүркі жазбаларында дерек бар. Зерттеушілердің пікірлерінше, құрыққан атауы қытай деректеріндегі гулиганьмен еш айырма

шылығы жоқ, тең атау болған [12]. Сондай-ақ қытай жылнамаларындағы гулиганьдардың тұрмыс-тіршілігі жайлы мәліметтер курымшылықтардың археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған тұрмыстық дәстүрімен толық сәйкестік тауып отыр.

Бай-силер Халканның солтүстігінде байыр-кулардан оңтүстікке қарай көшіп-қонып жүрді. Тун-ло мен пу-гуліктерге шекаралас өмір сүргендіктен, [8, 160 б.] оларды Толы мен Керулен өзендерінің жоғарғы тұстарын мекендегені жөнінде түспалдауға болады. Бұл жөнінде Г.Е. Грумм-Гржимайло «сеяньто Толыға қарай жылжығанда олар шығысқа көшті де, Юэ-чжи өзінің аңғарларын мекендеді. Бұл қидандар жерінің солтүстігінде еді. Юэ-си аймағы Чан-ту-фу мен Мукденнің арасында жататын. Бұл туралы ең соңғы мағлұмат 660 жылы жазылған» дейді [11, 249-250 б.]. Байсиден кейінгі әңгіме Юань-хэлер жайлы болмақ.

Аталған тайпалар 403 жылы солтүстікке қарай ығысып, Халхуйға қоныс теуіп, Толы, Орхон өзендерінің аралығын мекендейді. 629 жылы ұйғырлар (юань-хэлер) телестердің басқа тайпаларымен қатар се-янь-то князі И-нань басқарған мемлекеттің құрамына енеді. Аталмыш уақытта, қытай деректерінің хабарлауынша, ұйғырлардың мекендеген аймағы сеяньто иеліктерінен солтүстікке қарайғы аймақты алып жатты да, кейіннен олар Хэ-сиге қоныс аударады [8, 161 б.].

Хунь Сүйлер кезінде Толы өзенінен солтүстікке қарайғы территорияда көшіп-қонып жүрген тайпалар болған. ...Кейін олардың Лань-чжоу округіндегі Хэ-сиге қоныстанғаны жайлы «Тан-шу» дерегінде айтылады. Осы кезеңде олардың мүдделері Қытай мүддесімен ортақтастық тауып, Тибетке қарсы бірқатар соғыстарға қатысып, империя жағында болды.

А-дэлердің көшу жолдарының белгісіз екендігін айтқан Г.Е. Грумм-Гржимайло 647 жылы олардың жері Нинся аймағына жататын Гитянь-чжоу округі екендігін ескере отырып, Тан билігінің басында олар Ала-шан тауларында өмір сүрген деп есептеуге болатынын жеткізеді.

Сондай-ақ «Тан-шуда» есімі аталған ду-бо тайпалары мен оларға көршілес орналасқан мили-гэ және э-чжи тайпалары теле бірлестігіне жатпайды, бірақ түркілерден шыққандығы туралы айтылған [11, 283 б.].

Қарап отырсақ, Г. Грумм-Гржимайло көрсеткен теле тайпаларының ешқайсысы тұрақты бір аймақты мекен етпеген. Олар орналасу аймақтарын үнемі ауыстырып отырған. Теле тай-

паларының қоныстану аймағы жөнінде «Алаш» зерттеу-орталығында басылып шыққан «Телеу» еңбегінде арнайы карта берілген [8, 162 б.]. Бұл картадан қазіргі таңдағы отандық зерттеушілеріміздің тарихи деректерді пайдалана отырып, мұқият жасаған жұмысын көре аламыз. Онда теле тайпаларының орналасу аймағы шамамен былай көрсетілген: Арал теңізінен Шығысқа қарай Балқаш көлінің оң жағында бір-бірімен көршілес орналасқан түркі тайпалары: нүшеби, дулу, қарлұк, шығыл (чигиль), яғмалар өмір сүрген; олардан жоғарырақта – Ертіс өзенінің төменгі ағысында – гэллоулар (қарлұктар); қарлұктардан оңға қарай сыр тардуштар (сеяньтолар); бұлардан шығысқа қарай Байқал көлінен төменіректе – тунло (тонгра тайпалары); олармен жалғас Байқал көлі мен Амур өзенінің аралығында – хусэ, аде, пугу және тоғыз оғыздар; аталғандардан жоғарырақ Обь өзенінің сағасы мен Байқал көлінің аралығында – гулиганьдар қоныс тепкен [8, 162 б.].

Орыс шығыстанушысы, түрколог В.В. Радлов гаогюйлерді ұйғырлармен бір тайпа дей отырып, аталмыш ойын дәлелдеу мақсатында былай дейді: «Гао-гю ежелгі Чи-ди руының ұрпақтары: алғашында олар өздерін Ди-ли деп атаған болса, тек солтүстікке көшкеннен кейін ғана олар Дин-лин есімін қабылдады. Олардың тілі кішігірім ғана айырмашылықтарды есептегенде хуннулардың тілімен бірдей» [13]. Осы тұста В. Радлов атап өткен ұйғырлар жайлы бірікпелі мәлімет беріп кетуді жөн санадық.

Отандық тарихшымыз, т.ғ.д., профессор Т.О. Омарбеков «Ана тілі» басылымына берген кезекті сұхбатында ұйғырлар жайлы әңгімесін келесідей етіп өрбітеді: «О баста ұйғыр руларының бабалары ежелгі Чиди, Динлин тайпалық бірлестіктері құрамында көшіп-қонып жүрді. Бұлардың байырғы ғұндардың да аталары екендіктерін ескерер болсақ, ұйғырлардың кім екендігі әйгілене түседі» [14]. Автордың пікірінше, күдіретті ғұндардың билігі ыдырай бастаған кезде Телелер бірлестігі өзара ұйымдасады. Ал осы конфедерацияның құрамында болған ұйғырлардың бабалары Орхон аймағында көшіп-қонып өмір сүреді. Ү ғасырда жужандарды ойсыратып жеңген түркілер жеке мемлекетін құрып, ол үлкен империяға айналғаны белгілі. Алайда кейін бұл империя екіге бөлінген кезде кезіндегі телелер қағанаттың шығысына қарайды. Осы кездегі телелер одағындағы саяси белсенділікке жеткен Сір-Ендаалардың билігі Қытайды қатты мазасыздандырады. Сір-Енда ұлысы

ыдыраған кезеңде, тарих сахнасына жаңа бірлестік – Хүйхе немесе Хүйғыр көтеріледі. Автордың айтуынша, бұл бірлестік юаньхе, бугу, тоңра және баегулардың топтасуынан құралған болатын.

«...Бұл жерде тағы бір ескерте кететін мәселе, «Құйғыр» атауы «жауынгер» деген мағынаны білдіріп, Яғлақар тайпасының атына балама ретінде қолданылса, ал «Үйғыр» атауы ... «біріккен» деген мағынада Яғлақар тайпасы төңірегіне топтасқан Онұйғыр руларының тайпалық бірлестігінің аты ретінде айтылып келді». Елімізге танымал тарихшының әңгімесі барысында түйгеніміз, бүгінде өздерін ортағасырлардағы Үйғыр қағанатының тікелей ұрпағымыз деп санаушылар қателесіп жүрсе керек. Ғалымның сөзінен кейін мынадай ой туындайды: расында да тайпалар тарихына назар салған кезде Ұлы даланы мекен еткен түркі-тектес яки түркітілдестер бытырап, біріге алмағандықтарының кесірінен, бірі көзалартушылардың қолшоқпар-қуыршағы болып, екіншісі өзгенің саясатының құбаны болған өз бауырының қақпанына түсіп отырды. Бұған Үйғырдың Көк Түрікке жасаған әрекетін мысал ете аламыз. Қазақтың көне ата-бабаларының басы XIII ғасырда Қыпшақ жеріне айбалтасын алып Шыңғыс хан келген кезде ғана біріге алды ма, расымен – деген ой көкейімізге сауал болып көлденеңінен көсіліп, қобалжытады.

Үйғырлар туралы әңгімеміз мұнымен біткен жоқ. Жоғарыдағы отандық ғалымымыздың пікірін шетел тарихшыларының көзқарастарымен салыстыру мақсатында біз түрік профессоры Гүлчүн Чандарлыоғлының еңбегіннен де біраз үзінді келтірген едік. Үйғырларға арнап арнайы еңбек жазған түрік тарихшысы қытай жылнамалары мен ұйғырлық авторлардың еңбектеріне жүгіне отырып, ұйғырлардың хүн нәсілінен екендігін атап өтеді. Бұдан әрі автор былай дейді: «туыстас тайпалармен бірге Тоғыз Оғыздар Он Үйғыр деген атауға ие болады. IV-V ғасырларда Тоба мемлекеті кезеңінде бұлар Төлес атауына ие болады. Қытайлардың жазуына қатарғанда, ұйғырлар саны жағынан онша көп емес болған. Олардың биік дөңгелекті арбалары бар еді. Қытай жылнамаларында олар Као-ч'ih (яғни биік арбалылар) деген атпен сақталған.

Алғашқыда Төлес тайпаларының белгілі бір жетекшілері жоқ болатын. Көшпелі болғаны үшін аталмыш аймақта ұзақ тұрақтамады. Олардың жерлері құнарсыз болғандықтан аттары аз, қой мен сиырлары көп болатын. Олар бұрын Се-

ленгі, Орхон және Толы өзендерінің жағасында мекен еткен болатын. Көк Түрік қағанаты құрылған соң олардың билігін мойындайды. Байқал көлінің оңтүстігіндегі жазықтарда еркін халықтардай өмір сүрді. Ал VII ғасырда Көк Түріктер Қытайдан жеңілген соң Төлес бірлестіктері де сейіліп қалады.

Көк Түріктердің әлсіреген шағы VII ғасырдың бастапқы кезеңінде Орхон мен Селенгі өзендерінің жағаларында мекен еткен Үйғыр, Бугу, Байырқу, Тонгра т.б. тайпалар бір бірлестіктің астына топтасады. Олардың жетекшілерінің титулы – Еркін болатын. Еркіннің P'u-sa атты бір ұлы бар болатын.

P'u-sa 630 жылдан кейін Көк Түріктердің солтүстік аймақтарына көз сала бастады. Көк Түріктер болса бұл ұйғыр-төлес шабуылдарын тоқтатпақ болып бірнеше мәрте оларға қарсы әскер аттандырғанымен, еш нәтиже бермеді. Бұл шайқастағы ұйғыр-төлестердің жеңісі оларға үлкен абырой әперді» [15, 11 б.].

Автор бұдан әрі Еркіннің Елтебер атағын алып, үлкен беделге ие болғандығын, қытай деректерінде оның жетістіктері мол болғандығы баяндалғандығын хабарай келе, оның билік еткен жылдары Үйғырлардың жетіскен, әл-ауқатының шарықтаған шақтарының бірі деп атап өтеді. Сондай-ақ, «Көк Түріктердің күлдірай бастаған аталмыш шағында Орта Азияның солтүстік тарапында екі ірі күш бар болатын. Оның бірі P'u-sa-ның әміріндегі Үйғыр Төлес-тері, екіншілері – Сыр Тардуш Төлестері» деп, сеяньтолардың басымдық танытқан кезеңіне назар аударады.

Сондай-ақ зерттеуші 646 жылдардан кейінгі кезеңдерде Үйғырлардың жаңа Елтебері биліке келіп, бірақ тарих сахнасында саяси ықпалға ие болған ұйғырлардың бәрібір де Қытайдың қуыршағы ретінде қала бергенін атауды естен шығармаған. ... Сонымен қатар Сыр Тардуш Төлестері де Қытайдың одақтастарының ықпалына төтеп бере алмай, Үйғыр билігіне өтуге мәжбүрлік танытады. ... Дегенмен де бұл дәуірді ұйғырлардың қағандығы өмір сүрген кезең ретінде мойындау - өте қиын, - дейді автор.

...Кейін Көк Түрік мемлекеті қайтадан құрылған жылдары ұйғырлар олардың қағандығына қайта еніп, 742-743 жылдары басмыл, ұйғыр тайпалары Түріктердің Озмыш қағанын өлтіреді. Көк Түрік қағанаты біржола күйреген кезде Басмылдардың жетекшілігімен жаңа қағандық құрылып, Үйғырлар сол (шығыс), ал басмылдар оң (батыс) жабаулықты иеленеді. Кейініректе Үйғыр Жабауы Басмыл қағанын

жеңіп, өзін қаған етіп жариялайды да, Құтлығ Білге Қаған титулын иеленеді [15, 12 б.]. «...Көк түрік мемлекеті Ұйғыр, Басмыл, Қарлұқ тайпаларының ортақ қозғалысының нәтижесінде құлады», – деген Ахмет Ташағыл да, осылайша, Түркі қағанатының шаңырағын шайқалтқан тайпаларды жіктеп шығады [16].

Біздің мақаламыздың негізгі дені теле, динлин, гаогюйлерге ауып отыруының өзіндік себебі бар. Зерттеушілеріміздің бірқатары теле мен телеу арасындағы тарихи сабақтастықтың бар екендігін ғылыми айналымға енгізген болатын. Қазақты құраған тайпалардың өзін автохтонды және Монғол үстіртінен келгендер деп екіге бөліп қарастыра отырып, алдыңғыларының тарихи бастауларын, негізінен, ежелгі және ертеортағасырлардағы Орта Азияны мекендеген тайпалар деп білеміз. Бұлар тек Түрік, Түр-геш тәрізді мемлекеттердің саяси өзегі ретінде ғана емес, қазақ халқының тарихи қайнарлары ретінде де белгілі. Соған орай, түркі қағанатының қалыптасуында елеулі роль атқарған теле тайпалық бірлестігінің тарихын қарастыру саяси тұрғыда қаншалықты маңызды болса, халқымыздың этникалық тарихын сөз еткенде де аталмыш бірлестіктің орны мен ролі со-ғұрлым зор екендігін ескердік.

Мақаламыздың барысында, сонымен қатар, мынадай тарихи оқиғаны да қоспай кете алмаймыз. 627 жылы телелердің сеяньто (сыр тардуштар) мен ұйғыр тайпалары Түрік қағанатына қарсы шығып, Орта Азияның шығыс аймағында сеяньтолар бастаған мемлекет құрды. Бұлар кейіннен тоғыз-оғыздар деген атаумен белгілі бола бастады. Белгілі зерттеуші Л.П. Потаповтың айтуы бойынша, бұлардың қатарына телеңгіттердің ежелгі ата-бабалары да кірген [1, 154 б.]. Ал VI-VIII ғғ. теле тайпалары Түрік қағанатының саяси-этникалық тарихында елеулі маңызға ие болды. Аталмыш кезеңдегі теле тайпаларының өзара қарым-қатынасы жайлы айтар болсақ, Л.Н. Гумилев Батыс Түрік қағанаты мен дулулар конфедерациясы жайлы бір сөзінде: «Қазіргі батыс Қазақстанның далалары, ежелгі сабирлер елі олар да Батыс қағанаттың құрамына кіреді. Мұнда «Алып» атанған удельдік князь Тон-жағбу ханның ағасы кіші қаған деңгейінде болды. Бұл мемлекет VII ғасырдың өзінде-ақ Сібір деп аталды. Сол себепті кейініректе «Алып» «Куйлүк Сібір хан» есіміне ие болып, ал сібір тайпалары болғарлар дулулардың топтарына жақындасуға ниеттене бастады» [17, 160 б.]. Сонымен қатар автордың еңбегінде қаған Тон-жағбудың тұсындағы Батыс Түрік

қағанатына бағынышты «сар» – «сир», яғни сеяньто (теле) тайпаларының жетекші рулары жайлы айтылады. VII ғасырдың I жартысында Батыс Түрік қағанатындағы саяси төңкерістің нәтижесінде Тон-жағбу қаған қаза тауып, теле тайпалары көтеріліске шығады [17, 160 б.].

Осы оқиғадан кейін сеяньтолар Қытайға барып, олардан өздерінің хандығын мойындауын өтінгендігі және Қытайдың бұл сеяньто елшілігін қабылдап, кейін Сеяньто мемлекетінің құрылғандығы жайлы да мәлімет бар. Алайда 641 жылы сеяньтоның Қытаймен қарым-қатынасы нашарлап, ал 646 жылы бұлардың Қытайға қарсы бой көтеруі барысында сеяньтолар қайта біріге аламастай деңгейде күйреп, қырғынға ұшырайды [17, 228 б.].

Телелер бұдан кейін Тан династиясы тұсында Қытайға қайта бас сауғалайды.

Кейінгі Түрік қағанатының құрылуы кезеңінде телелерден тұратын тоғыз-оғыз тайпаларының бірқатары түріктерге бағынып, бірақ дүркін-дүркін қағанатқа қарсы шабуыл жасаумен болады. Дегенмен осы кезден бастап тоғыз-оғыздар тайпасының қағанат құрамынан біртіндеп шығу әрекеті басталып, кейіннен бұлар ұйғыр қағанатының құрамына кіре бастайды. Ұйғыр қағанатының ғұмыр кешкен жүз жылында телелердің толанко яки доланге тайпасының ұрпақтары кейінгі қазақтың Телеу тайпасының құрамына кіріп, олардың негізін қалауы мүмкін деген тұжырымға келдік.

Әдебиеттер

- 1 Потапов. Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. – Л., 1969. – 422 с.
- 2 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. II Т. – Алматы, 2006. – 445 б.
- 3 Айдарханова Ә. Теле бірлестігі және олардың қазақты құраған түркі тайпаларының қалыптасуы барысындағы орны. Қоғам және дәуір. – Алматы, 2011. – № 3 (31). – 40-144 бб.
- 4 Хабижанова Г.Б. Тюркский фактор в становлении протоказахских племенных образований в IX-XII вв: тар. ғыл. докт. диссертация. // Әл-Фараби аты. ҚазҰУ. – Алматы, 2010.
- 5 Грумм-Гржимайло Г.Е. Белокуроая раса в Средней Азии // Сборник в честь 70-летия Г.Н. Потанина. – СПб., 1909. – 668 с.
- 6 Ahmet Taşağıl. Çin kaynaklarına göre eski türk boyları (M. Ö. III – M.S. X. ASIR). Ankara, 2004. – 187 s.

7 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – 446 с.

8 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. V том. Телеу. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. – 704 б.

9 Потапов. Л.П. Этноним теле и алтайцы //Тюркологический сборник. К 60-летию А.Н. Кононова. – М.: Наука, 1966. – С. 233-240.

10 Хабижанова Г.Б. Тюркский фактор в становлении протоказахских племенных образований в IX-XII вв: тар. ғыл. докт. диссертац. // Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы, 2010.

11 Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии. – Л., 1926. – Т.2. – 896 с.

12 Озеро Байкал//www.baikal-ozero.ru

13 Радлов В. Этнографический обзор тюркских племен Южной Сибири и Джунгарии. – Томск, 1887. – 26 с.

14 Омарбеков Т.О. Түркітілдестердің Біріккен (Ұйғыр) қағанаты // «Ана тілі» газеті, 2011. – 31 наурыз.

15 Gülçin Çandarlıoğlu. Uygur devletleri tarihi ve kültürü. – İstanbul, 2004. – 152 s.

16 Ахмет Ташағыл. Көктүріктер мемлекетінің іргесін қалаған тайпалар жүйесі. Труды международной научно-практической конференции «Центральная Азия и Казахстан: истоки тюркской цивилизации». – Тараз, 2006. – 25-26 мая. – 24-27 б.

17 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 501 с.

Э. Айдарханова

Объединение теле в составе тюркских племен

В данной статье рассматриваются проблемы состава племен теле. Определяется количество тюркских племен в составе теле, уделяется внимание различиям между племен теле и уйгур.

Молодой исследователь, беря во внимание труды российских и отечественных исследователей, для сравнения с зарубежными теориями уделяет значительное внимание трудам турецкого ученого.

Подводя итоги, автор пишет научное заключение данной проблемы, сравнивая мысли различных исследователей и в конце делает научно обоснованные выводы.

E. Aidarkhanova

The Tele union in the Turkic tribes

This article deals with the problems of tribal Tele. Determined the number of Turkic tribes in the tribes of Tele, attention to the differences between the Tele and the Uighur tribes.

Also, the young researcher taking into account the works of Russian and local researchers, for comparison with foreign theories, devoted considerable attention to the work of Turkish researchers.

Summing up all the thoughts that were being said in this article, the author provides his conclusions, depending on his/her science-based opinion on this issue. By comparing the ideas of different researchers, the author adds her own position.

ӘОЖ 94(574)

Ж.Т. Сыдықова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

E-mail: dalida_zh79@mail.ru

Ортағасырлық Жанкент қаласы: зерттелу тарихы мен мәселелері

Аңдатпа: Мақала Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойындағы оғыздардың астанасы болған ортағасырлық Жанкент қаласының тарихы мен зерттелуі мәселелеріне арналған. Мақала фольклорлық материалдар мен ортағасырлық жазба дерек мәліметтеріне, археологиялық материалдарға негізделген. Автор дерек материалдарына талдау жасай келе, оғыздардың этникалық тарихына қатысты тұжырымдар білдіреді.

Түйін сөздер: Жанкент, Күйік-қала, Кескен Күйік-қала, Оғыз мемлекеті, ұранқай, Китаб мурудж аз-захаб.

Жанкент – академик С.П. Толстов «батпақтағы қалалар» деп атаған Сырдарияның ескі арналарының бірі – Қуандарияның Арал теңізіне құяр сағасында орналасқан ортағасырлық оғыз қалаларының бірі. Жанкент, Күйік-қала, Кескен Күйік-қала сынды ескерткіштерді қамтитын бұл атау олардың өз заманында сулы да нулы, батпақты жерде орналасқандығынан туындаса керек [33, 67 б.]. IX-XI ғғ. бұл қалалар Оғыз мемлекетінің орталығына айналып, тарихи-этникалық, саяси, экономикалық байланыстарда маңызды роль атқарады. Жазба деректерде Жанкент оғыздардың астанасы ретінде сипатталады.

Халық аузында Жанкент жайлы аңыз сақталған. Бұл аңыз туралы қала жұрты орналасқан Қызылорда облысы Қазалы ауданының тұрғындары түгелдей дерлік жатқа біледі. Халық арасында кең таралған осы аңыз жайлы XVIII-XIX ғғ. қазақ жеріне аяқ басқан Ресей империясының П.Рычков [31], М.Мейер [25], А.Левшин [19], А.И. Макшеев [21,22,23], В.В. Григорьев [13], С.Ремезов [29], П.И. Лерх [20] сынды әскери офицерлері де өз жазбаларында айтып, басылымдарда жариялаған.

Аңыз былайша сыр шертеді: «Бұл күндері төбеге айналған Жанкент қаласы бір замандарда гүлденген шаһар болыпты. Оның Санжар атты патшасы болыпты. Ол аң аулап, сейіл құрғанды жақсы көреді екен. Сөйтіп жүріп Созақтың маңайында өмір сүрген Қарабура әулиенің қызы Бегімге үйленеді.

Бегім жаратылысынан ақылына көркі сай, парасаты мол қыз болыпты. Санжарды табын-

дырған да оның осындай сан қырлы қасиеттері болса керек. Үйленгеннен кейін Санжар бұрынғы әдетімен нөкерлерін ертіп аңға шығады. Дарияға келіп, ыспа қайықпен өтерде қанжарын үйге қалдырғаны есіне түсіп, құлын шұғыл үйіне жұмсайды.

– Ханым, ханның қанжарын тез алып беріңіз, кідіруге мүрсат жоқ, – дейді ол үй сыртынан. Ханым жабықтан қанжарды ұсынғанда оның мүсіндей аппақ білегін көріп, құл сол жерде талып қалады. Бегім мұны білмейді. Біраздан соң есін жиған құл атына міне салып дарияға қайта шабады. Келсе, хан қаһарына мініп, түтігіп тұр екен.

– Тақсыр, қасық қанымды қия көріңіз. Менің кешіккен себебім ханымға қатысты еді, қанжарды жабықтан беріп тұрып, оны алайын деп қолымды ұсына бергенімде білегімнен ұстап жібермеді. Содан қолымды босата алмай кешігу себебім осы, – деп өтірік айтады. Құдайдан безген имансыз жанның бұл сөзіне сенген Санжар хан сапарын тоқтатып, кейін қайтады. Істің ақ-қарасын тексермей, күнәсіз Бегім сұлудың оң қолын, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіледі де, зынданға тастайды. Оң қолын кескені арамдықты оң қолымен істеді деген ойы болса керек. Істің мәнісіне түсінбей әрі жазықсыз зәбір көріп зарлаған ару көрер танды көзімен атырады. Мұны сарайдағылар түгел білсе де ешқайқайсысы араша түсе алмайды. Келесі күні түнде Қарабура әулие қызының түсіне кіріп былай дейді:

– Балам, бұлтартпай шыныңды айтшы, ақпысың әлде қарамысың? Ақ болсаң, Аллаһ

жәрдем беріп, жаранды жазар, қара болсаң, қарғар. Тек турасын айт!

Сонда Бегім жылап тұрып әкесіне:

– Атажан, құдай атымен сіздің алдыңызда ант етемін. Егер Санжарға қиянат жасасам, тәңірі атсын, өмірімді қысқартсын. Ақпын, ата! – деп зар еңіреді. Осыдан кейін Қарабура Санжардың түсіне енеді.

– Сен де бір балам едің. Егер менің қызым арам болып саған қиянат істесе, келесі күні сол қолы, сол бұрымы кесілген күйде мүгедек болып қалсын. Егер күнәсіз болса, қызымның ақ пен қарасын тексермей жаза қолданғаныңда бір ауыз әділ сөзін айтпаған шаһарыңда тірі адам қалдырмай жылан жұтсын! – деп қарғайды. Осы түсті көрген соң Санжар қатты шошынып, күні бойы ойланады. Үшінші күні таң атқан соң хан зынданға адам жібереді.

– Тез барып көріп кел. Ханым не күйде екен жатыр екен? – деп тапсырады. Жіберген адамы зынданға барса, Бегім баяғы сау қалпында отыр екен дейді. Әлгі адам көргенін ханға келіп айтады. Содан бастап ханды үрей билейді. Кеш болады. Хан кеңесшілерімен отырғанда іңір уақытында аспаннан бір мес шаһардың ортасына түсіп жарылады. Местің іші тола жылан екен. Жылан сыртқа тірі жанды шығармай, шағып өлтіреді. Тіпті Жанкентке қашып шығып Бұхараға кеткен тұрғынды да көшпен ілесіп, серкенің мүйізіне оратылып барған жылан шағып өлтірген дейді. Осылайша гүлденген Жанкент шаһары Санжар сияқты қатыгез ханның кесірінен қас пен көздің арасында опат болады.

Бұл аңыз болса да аңыздың түбінде ақиқаттың бары рас. Жергілікті халық ордалы жыландар деп атаған жыландар тобы кешеге дейін Жанкенттің бұзылған іргесінде бытысып жатады екен.

Ал Бегім сұлу болса, шаһар опат болып, халқы түгел қырылған соң әкесі Қарабура өз әулиенің көмегімен Бегім Ана белгісін салдырып, қалған жұмбақ ғұмырын сол мұнараның ішінде өткізген. Ата-бабасының қасиеті дарып, Бегім Ана атанып, жәрдем сұрап барған әйел затына бала беретін, мейір-шапағатына бөлейтін керемет әулие ретінде жалпақ жұртқа мәлім болады» [14, 117-119 б.].

Сыр бойындағы атақты Жанкент туралы аңыз осылай аяқталады. Бегім Ана мұнарасы бұл күндері Арал ауданы территориясында сақталса, оның әкесі Қарабура әулиенің де кесенесі Созақ өңірінде орналасқан.

Жанкентті және оны мекендеген оғыз тайпалары туралы зерттеу барысында ортағасырлық жазба деректермен қатар осы аталған аңыздың,

яғни, онда баяндалатын сюжет пен бейнеленетін образдардың да едәуір маңызы бар. Себебі, аңыздағы Жанкент халқын қырған жылан бейнесін қимақтардың құрамында өмір сүрген *қаи* немесе қыпшақтардың құрамындағы *ұранқай* тайпаларымен сәйкестендіруге болады. Себебі, бұл атауларды иеленген тайпалар да оғыздармен бір кезеңде өмір сүрген. С.М. Ақынжанов «*қаи*» атауы монғол тілінен аударғанда *жылан*, *айдаһар* мағынасын береді дей келе, *қимақ* этнонимінің түбірін осы *қаи* сөзімен байланыстырады. [9, с. 110] VIII-IX ғғ. Ертіс бойын мекендеген қаилар ортағасырлық араб, парсы жазба деректерінде қимақтар деген атпен белгілі болды. Сонымен қатар, қытай жазбаларында да *қаи* тайпаларының аттарының таңбасы жылан бейнесінде болғандығы туралы айтылған. [8, 112 б.] Келесі атау *ұран* немесе *ұранқай*. Бұл атаулар туралы да С.М. Ақынжанов «Этногенетические процессы на территории Казахстана в конце I тыс. Н.э. (кимак и кыпчаки)» деген еңбегінде талдау жасай келе, мұндағы «*ұран*» сөзі түркі тіліндегі *ора*, *орау* деген етістіктен пайда болып, -а(н) аффиксі арқылы *оран*, *ұран* сөзін жасайды, түптеп келгенде бұл ұғым да жылан бейнесін береді деген тұжырым жасайды. *Ұранқай* атауы *ұран* және *қаи* сөздерінің қосылуынан шығып, ол да жылан бейнесін, мағынасын береді. *Ұран*, *ұранқай* этнонимдері қыпшақтар үстемдік құра бастаған уақытта, яғни, б.з. II мж. басында Хорезммен арадағы саяси оқиғалар барысында көп кездеседі. Рашид ад-Диннің дерегі бойынша Қыпшақ ханы Алып-Қара Ұран, оның баласы Қыран, оның қызы, хорезмшахы Мұхамедтің шешесі Теркен-хатун осы *ұранқайлықтардан* шыққан делінеді. [7, 59, 70 б.].

Демек, Жанкент жайлы аңыздағы жылан бейнесі ешқандай да мистикалық образ емес, шын мәнісінде жылан атауын немесе таңбасын иемденген тайпалар. Аңызды шығарған халық жылан бейнесінде оғыздарды күйреткен қыпшақ тайпаларын, оның ішінде жылан таңбалы *ұранқайлықтарды* сипаттаған деп тұжырым жасауға болады. Аңыз арқылы халық өмірде болған тұлғаларды атай келе, шын мәнінде белгілі бір сылтауға, себепке байланысты туындаған оғыздар мен қыпшақтардың соғысын баяндауға тырысқан. Аңызда айтылатын Бұхараға кеткен Жанкент тұрғыны туралы әңгіме де қыпшақтардың оғыздарды әбден ойсырату мақсатында Хорезм жеріне дейін қуып, көршілес жатқан мемлекетпен де қақтығысқандары туралы баянды білдірсе керек.

Ортағасырлық араб тарихшысы әл-Идриси (XI ғ.) Шаш (Сырдария) өзенінің төменгі ағысы бойын сипаттай келе: «Оғыздардың қалалары өте көп, олар солтүстікке және шығысқа қарай бірінен кейін бірі жалғасып жатыр» деп жазады. Сонымен қатар, Сырдың төменгі ағысында орналасқан Жаңа Гузия туралы айтып өтеді [24, 220 б.]. Жаңа Гузияның, яғни, Жанкенттің оғыз мемлекетінің саяси орталығы ретінде таңдалуына оның географиялық қолайлы аймақта, көшпелілер мен отырықшы-егіншілердің шекарасында орналасуы, оғыз далаларын Хорезм, Мауереннахр, Хорасан аймақтарымен жалғастырған дәліз қызметін атқаруы сынды факторлар әсер етті. Сонымен қатар, Жанкент арқылы кимақ даласымен Сарысу, Есіл, Нұра бойына баратын керуен жолы өтті. Бұл керуен жолы Сығанақ пен Оңтүстік Оралға кететін сауда жолдарымен де жалғасты [24, 134 б.].

Араб тіліндегі жазба деректерде Жанкент қаласы *Карьят ал-Хадиса*, *ал-Мадина ал-Джадида* деп аталса, парсы деректерінде *Дих-и-Нау*, түркі тілінде жазылған еңбектерде *Янгикент* атауларымен кездеседі. Қазақша аудармасында барлық атаулар «жаңа қала», «жаңа қоныс» мағынасын береді [17, 7 б.].

Жанкент туралы мәліметтер IX-X ғғ. өмір сүрген ортағасырлық тарихшылар Ибн Рустенің «Китаб ал-а'алак ан-Нафиса», әл-Масудидің «Китаб мурудж аз-захаб», Ибн Хаукальдің «Китаб ал-месалик уа-л-мемалик» атты шығармаларында кездеседі. Араб тарихшысы Ибн Русте Жейхунның (Амудария) төменгі ағысын сипаттай отырып: «... оның батыс жағалауында – Сиякух аталатын таулар, шығысында қалың өскен ну тоғай, оның арасынан жаяу немесе (атпен) жүріп өту мүмкін емес, жабайы шошқалар жүрегін жолмен және жағалаудың солтүстік шетіндегі (жолмен) Жаңа қоныс аталатын (қала) тұрғындарының патшасы жүреді» десе [24, 150 б.], парсы географы Ибн Хаукаль: «Жаңа Қоныста мұсылмандар тұрады, сонымен қатар ол – оғыздардың мемлекетінің астанасы. Оған жақын маңда Женд пен Хора (орналасқан), оның екеуінде де мұсылмандар тұрады, ал билік оғыздардың қолында. Осы үшеуінің ішіндегі ең үлкені – Жаңа Қоныс. Ол Хорезмнен 10 күншілік жерде, Фарабан 20 күншілік жерде орналасқан» деп жазады [24, 184 б.]. Әл-Макдиси Шаш өзені бойындағы үш қала туралы жаза отырып, Женд, Харэ (Хварэ), Дих-и-Нау атты бұл қалалардың Хорезмнен 10 күншілік, Фарабан 20 күншілік жерде орналасқандығын, оғыз патшасының қыста Дих-и-Науда қыстай-

тыны жайлы айтады [24, 217 б.]. Араб тарихшысы әрі географы әл-Масуди 947 жылы жазылған «Китаб мурудж аз-захаб» атты шығармасында Жаңа қала (әл-Мадина әл-Джадида) туралы айта келе, онда мұсылмандардың тұратындығын хабарлайды [24, 166 б.].

Сонымен қатар, Жанкент тұрғындарының су жолы арқылы Хорезм жерімен сауда байланыстарын жасағандығы туралы да деректер кездеседі. Парсы тарихшысы Гардизидің жазбаларында Ертіс өзенінің бойын жайлаған кимақтарға апаратын сауда жолының Жанкент арқылы өткендігі жайлы дерек сақталған. XIV ғ. Тарихшылары Рашид ад-Дин мен Жувейни өз еңбектерінде Жанкент қаласын «Шехркент» деп атаса [28, 19 б.; 24, 485], Махмуд Қашғари мен араб географы Абульфеданың шығармаларында Жанкент қаласы Янгикент атауымен кездеседі.

Жұмбағы көп Жанкент қаласының зерттелу тарихы XVIII-XIX ғғ. басталады. Бұған себеп, біріншіден, ескерткіштің тоғыз жолдың торабында, яғни, Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан жеріне баратын жолдардың қиылысында орналасуы болса, екіншіден, 1739 жылғы Әбілқайыр ханның Жанкентті бекініс ретінде пайдалану мақсатында қала орнын қайта қалпына келтіріп беру туралы Ресей патшасына жазған өтініші болса керек.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өтініші бойынша 1740-41 жылдары Сырдың төменгі ағысындағы аймақты Орынбор атты әскер полкінің поручигі Д. Гладышев пен геодезист Муравин өздерінің Орскіден Хиуаға сапары кезінде аралап көреді. 1851 жылы олардың осы сапары туралы есептерін жарыққа шығарған Я.В.Ханников сапардың негізгі мақсаттары жайлы былайша баяндайды: «В 1739 году Хан Меншой Киргизской Орды Абуль-Хаир, только что присягнувший на подданство России, возобновил свою просьбу о построении ему города близ устьев реки Сыра. Высочайшим указом 20 августа того же года повелено было отвечать Хану, что постройке должен предшествовать осмотр мест, для чего и приказано было послать к нему следующих людей, именно им в обязанность привести геодезический в известность весь пройденный ими путь» [27, 1 б.]. Поручик Д. Гладышев пен геодезист Муравиннің жазбаларында Жанкент қаласы Янкент деген атаумен беріледі және өзге де бірнеше ескерткіштердің белгіленген орындардан арақашықтығы туралы мәліметтер кездеседі. Сонымен қатар Жанкент қаласының сол кездегі сақталу жайкүйі сипатталады.

XIX ғасырдың ортасынан Сыр бойында алғашқы орыс бекіністері салына бастайды. Осыған байланысты өлкені зерттеу аясы кеңейіп, аймақтағы археологиялық ескерткіштер мен жергілікті халықтың өмір салты туралы ақпараттар көбейе түседі. Бұл мәліметтер Ресей империясының П.И. Рычков, М. Мейер, А. Левшин, А.И. Макшеев, В.В. Григорьев, С.Ремезов сынды әскери шенді қызметкерлердің еңбектерінде баяндалады. Олардың мерзімді басылым беттерінде жарық көрген хабарламалары мен есептері Қазақстан мен Орта Азияны зерттеушілер арасында үлкен қызығушылық туғызып, жан-жақты пікірталастардың тууына арқау болды.

П.И. Рычковтың «Орынбор губерниясының топографиясы» атты еңбегінде Жанкент қаласы туралы: «Сырдарияның Аралға құяр сағасында орналасқан Жанкент қаласы оның қалдықтарына қарағанда үлкен қала болған секілді. Оны кімдердің тұрғызып, кімдердің мекен еткені туралы да мағлұмат жоқ» [31] деп сипаттай келе, халық арасында Жанкенттің жыландар шабуылынан құлағаны туралы аңыз бар екендігін және жоғарыда айтылған Әбілқайыр ханның өтініші жайлы да атап өтеді.

А.И. Левшин өзінің «Описание киргиз-кайсацких орд и степей» деген кітабында ортағасырлық Жанкент қаласымен қатар Сырдың төменгі ағысында орналасқан Жетіқала, Құмқала, Сырлытам, Күйік-там ескерткіштерін сипаттайды. Сонымен қатар, А.И. Левшин Жанкент қаласын XIV ғ. өмір сүрген араб географы Абульфеданың шығармасында кездесетін Янгикент қаласы болуы мүмкін деген де болжам жасайды [19, 110 б.].

1865 жылы жарық көрген «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба» жинақта Бас Штаб подполковнигі М. Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» деген мақаласы жарияланады. Бұл мақаласында М. Мейер қазақ жеріндегі ескерткіштерді үш топқа және кезеңдерге бөліп қарастырады. Бірінші топқа, яғни, квадрат пішінді күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған ең ежелгі ескерткіштер қатарында Сыр бойының бірнеше ескерткіштерін жатқыза отырып, Жанкент қаласы туралы ол: «Не смотря на то, что по свидетельству Левшина, о нем уже упоминает арабский географ Абульфед, живший в XIV столетии, мы не можем приписать виденным нами там остаткам такой древности. Может быть название Джанкент — новый город, весьма обыкновенное везде, где поселялись тюркское племя, относится к дру-

гому месту, или же к тому же, но существующие ныне следы укрепления и города принадлежат позднему периоду, так как нельзя допустить, чтобы стены из обожженной глины могли простоять столько столетий и сохранить почти совершенно свой первоначальный вид» деп жазады. Ескерткішті және оның маңайын сипаттай келе М. Мейер қала айналасында ішкі бөлігі күйдірілген қыштан тұратын, бірақ сырт қарағанда табиғи секілді көрінетін көптеген төбешіктердің бар екендігін атап көрсетеді [25, 285-286-б.].

Сыр өңірінің археологиялық ескерткіштері, табиғи және географиялық жағдайы туралы толыққанды мәліметтер А.И. Макшеевтің 1856 жылы «Морской сборник» журналында [22], 1867 жылы «Санкт-Петербургские ведомости» [23] және «Русский инвалид» [21] газеттеріне шыққан мақалаларында жарық көрді. Соңғы жарық көрген екі мақала Жанкент қаласына арналды. Бірінші кезекте империяның саяси мүддесіне қызмет еткен А.И. Макшеев ескерткішті сипаттап қана қоймай, қаладан табылған «...күйдірілген кірпіштер мен бүтін сақталған тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақ және басқа да заттардың №1 форт¹ шаруашылығына, тіпті ғылымға да сөзсіз пайдалылығы» туралы пікір айтты. Сонымен бірге ол Жанкенттің күйреуі туралы алғашқы ғылыми тұжырымдарын ұсынды. «Жанкенттің негізін қалаған Тұранның жергілікті тұрғындары, ал оның күйреуіне себеп болған табиғи жағдайлар емес, отырықшылықтың көшпенділікті жеңуі» деп жазды [21]. Ал қаланың «Жаңа қала» деп аталуы туралы Санкт-Петербург Археология Қоғамының төрағасы В.В. Григорьев: «...бұл атау қалаға ескі қаланың орнына салынғандықтан берілген болуы керек немесе оның бұлайша аталуы Сыр бойының ертеректе тұрғызылған қалаларымен салыстырылып қойылған болуы мүмкін» деген пікір айтты [13].

XIX ғасырдағы зерттеулер 1867 жылы Орыс Императорлық Археология Қоғамының мүшесі П.Л. Лерхтың зерттеулерімен жалғасты. Ол Сыр бойындағы бірнеше ескерткіштерді аралап көріп, солардың ішінде Жанкент қаласында алғашқы қазба жұмыстарын жүргізді. Оның Түркістан өлкесіне жасаған осы сапары туралы есебі 1870 жылы «Орыс Императорлық Археоло-

¹ №1 форт — Қазалы форты. 1853 жылы қазіргі Қазалы қаласының орнында негізі қаланып, №1 Сырдария форты деп аталды. Бұл 1847 жылы Райым фортынан кейін Сырдың төменгі ағысы бойында тұрғызылған екінші орыс бекінісі. 1867 жылы бекініске қала мәртебесі және Қазалы атауы берілді. XIX ғ. соңына қарай бұл қаланың тұрғындар саны 5 мыңға жетті. Қаланың тұрғындарының ұлттық құрамында: казактар, орыстар, татарлар, хиуалықтар т.б. болды.

логия Қоғамының Хабаршысында» жарық көрді [20, 7 б.].

Ресей империясының әскери қызметкерлерінің саяхаттары мен Түркістан археология әуесқойлары үйірмесі мүшелерінің ғылыми зерттеулері Қазақстан мен Орта Азияның ежелгі қоғамын білуге деген қызығушылықтарды арттыра түсті. Сол кезеңнің белгілі өнертанушысы В.В. Стасовтың: «Ежелгі Жанкент қаласын неге біздің Помпей демеске?!» деген пікірі осындай қызығушылық ықыластан туындаса керек [32, 132 б.].

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында елде орын алған саяси және экономикалық дағдарыс пен өзгерістер Сыр өңірінің ерте тарихының куәлары болып саналатын археологиялық ескерткіштерді зерттеу жұмысын тоқтатуға мәжбүр етті. Үзіліп қалған бұл зерттеулер 2004 жылы Елбасының тікелей басшылығымен жасалған, елдің өткен тарихы мен мәдени, әдеби құндылықтарын жинастырып, болашақ ұрпаққа жеткізуді алдына мақсат етіп қойған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында қайта қолға алынды.

2004 жылы Қызылорда қаласында «Арал аймағының археологиялық зерттелуі: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми конференция өткізілді. Конференция шешімдеріне сәйкес 1946 жылдан бастап 90-жылдарға дейін Арал аймағын зерттеген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жұмыстарын қайта жандандыру мақсатында үш-жақты келісім-шарт негізінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты және Ресей Ғылым Академиясы Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының ғалымдары мен қызметкерлерінен жасақталған археологиялық экспедиция құрылды. Бұл экспедиция зерттеу жұмыстарын 2005 жылы маусым айында Сырдың төменгі ағысындағы ескерткіштерге барлау жұмысын жүргізуден бастады. Экспедицияның басты мақсаты Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы ашқан және ішін-ара зерттелген төменгі Сырдария маңындағы археологиялық ескерткіштердің қазіргі жай-күйімен танысу; келешек ауқымды археологиялық зерттеулер жүргізілетін ескерткіш орнын белгілеу болды. Экспедиция мүшелері жүргізген археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде болашақ тұрақты қазба жұмыстары үшін ортағасырларда астаналық қызмет атқарумен бірге, тарихи-этникалық, саяси, экономикалық процестерде аса зор роль атқарған

Жанкент қаласы белгіленді [3, 84-89; 16; 30, 116-128-б.].

Жанкент қаласындағы археологиялық қазба жұмыстары осы үшжақты келісім негізінде 2005 жылдан бастап жыл сайын тұрақты түрде осы күнге дейін жүргізіліп келеді. Қалаға жасалған археологиялық зерттеулер археологтар мен тарихшылардың қоржынын ескерткіштің қорғаныс жүйесі жайлы, қонысты мекен еткен тұрғындардың құрылыс салу ерекшеліктері, шаруашылығы мен рухани дүниесі туралы көптеген материалдармен толықтыруда.

Бірнеше жерден салынған қазба орындары қала тұрғындарының үй салу, жоспарлау техникасын жетік меңгергендігін, мал және егін шаруашылықтарын кешенді түрде жүргізгендігін дәлелдейтін материалдар беріп отыр. Қазба барысында табылған көптеген керамикалық, нумизматикалық материалдар қаланың беткі қабатын IX ғ. соңы-X ғ. ортасына дейінгі уақытпен мерзімдейді [17, 47 б.]. Табылған тиындардағы жазулар олардың Хорезм жерінде соғылғандығын дәлелдесе, керамикалық бұйымдарды дайындау технологиясы және олардағы ою-өрнектер Жанкент халқының Оңтүстік Қазақстан, Хорезм және Волганың төменгі ағысындағы елдермен тығыз қарым-қатынаста болғанын көрсетеді [16].

Жанкент қала жұрты Қызылорда облысы Қазалы ауданына қарасты Өркендеу ауылынан 1,5 шақырым жерде орналасқан. Үлкен аумақты алып жатқан бұл ескерткіш құрылымы мен бекінісі жағынан өзімен замандас қоныстардан өте ерекшеленеді.

Қаланың көлемі 415х230 м (шығыс бөлігінде 320 м). Ескерткіш формасы «Т» әрпі тәріздес, шығыстан батысқа қарай созыла орналасқан. Ескерткіштің шығыс бөлігі батысына қарағанда кеңірек болып келеді және сыртқы қорғаныс қабырғасы да осы бөлікте жақсы сақталған (1-сурет). Қамал қалдықтарынан қорғаныс қабырғасының жұмбадалып құйылған өте үлкен блоктардан тұрғызылғанын көруге болады. Сыртқы қорғаныс қабырғасының бойында бір-бірінен 25-40 метр арақашықтықта орналасқан мұнаралар іздері сақталған. Жанкенттің басты қақпалары шығыс және батыс қорғаныс қабырғаларының дәл ортасында бір-біріне қарама-қарсы орналасқан. Қаланың цитаделі қаланың солтүстік-батыс бұрышын алып жатыр. Көлемі 100х100 м.

Қаланың солтүстік бөлігі құрылыс қалдықтарының жиілігімен ерекшеленсе, оңтүстік бөлігі тегіс және ескерткіштің басқа бөліктеріне қарағанда өте төмен. Ескерткіштің солтүстік-

шығыс бөлігінде солтүстік қабырғаға жалғасып салынған көлемі 60х70 м, биіктігі 3-4 м құрылыс байқалады. Сонымен қатар, қаланың солтүстік қабырғасының сыртқы жағынан жапсарластыра салынған жартылай дөңгелек пішінді қоршалған территорияның қалдығы сақталған (2-сурет).

Құрылымы мен жоспарын қарастырғанда «батпақтағы қалалар» тобына жататын Кескен Күйік-кала, Күйік қалаға қарағанда Жанкентте кейінгі кезеңде қайта тұрғызылған құрылыс іздері анық байқалады. Осыған байланысты С.П. Толстов: «Янгикент... жоспары бойынша басқа да «батпақтағы қалалар» секілді бастауын антикалық кезеңнен алатын, бірақ Х ғ. Хорезмдік инженерлердің қолымен ортағасырлық хорезмдік үлгіде қайта бекіністелген қала болып табылады» деген болатын [33, 68 б.]. С.П. Толстовтан кейін Орта Азияның ортағасырлық қалаларын зерттеушілер Жанкентті «оғыз жабғуының резиденциясы» дей келе, жоспарының өте анықтығын ескере отырып қала бір уақытта тұрғызылған және мерзімі жағынан басқаларына қарағанда жас болуы керек пікір айтты [11, 192, 193 б.]. Жанкенттің әуеден түсірілген ескі және жаңа суреттерін салыстырғанда қаланың батыс бөлігінің жоспары шығысына қарағанда нақтырақ екендігі байқалады. Қаланың шығыс бөлігінің жоспары бекініс жүйесінің жақсы сақталуымен және құрылыс орындарының көптігімен, бос алаңдардың болуымен ерекшеленеді [2, 409 б.] (2-сурет). Осыған байланысты қаланың шығыс бөлігі кейінірек салынған болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Мұндай жағдайда қаланың ертерек бөлігі оның батыс жартысы болуы керек. Себебі, ескерткіштің бұл бөлігінің жоспары афригидтік Хорезмнің ежелгі қамалдарына ұқсас, яғни, бұрышында цитаделі бар, классикалық жоспарлы болып табылады [26, 34 б. 13-сурет; 79 б. 42-сурет]. И.А. Аржанцева цитадельдің беткі қабатына жүргізілген қазба барысында табылған заттардың көпшілігінің Х ғ. мерзімделетінін [6] және қаланың шығыс бөлігіндегі қазба материалдарымен ұқсастығын ескере келе, Х ғ. Жанкентте бұрынғы басты құрылымды сақтай отырып, қаланы қайта жоспарлап салған болуы мүмкін деген болжам жасайды [2, 410 б.].

Жанкентке жүргізілген бірнеше жылдық қазба жұмыстары нәтижесінде қаланың солтүстік-шығыс бөлігінен аумағы 336 шаршы метр болатын көпбөлмелі тұрғын үй орны ашылды (№1 қазба орны) (3-сурет). Бұл ғимаратта бірнеше құрылыс көкжиегі байқалады.

Қазіргі уақытта қаланың кейінгі кезеңге жататын қабаты зерттелуде. Сондықтан ғимарат қабырғасының іргетасы аршыла қойған жоқ. Қазба орнындағы от іздері, күйген бөренелер мен саз сылақтың отқа ысталған бөліктері ғимараттың өрт нәтижесінде қирағанынан хабар береді. Үйлердің дені өлшемі 32-34 x 22-23 x 6 см болатын шикі кірпіштерден тұрғызылған және қабырғаларының қалыңдығы 60-65 см-ден 80-85 см аралығында, ал кейбір бөлмені бөлген ішкі қабырғалардың (перегородки) қалыңдығы 35-50 см. Еденнен тазартылған үйінді үйдің төбесінің тегіс болғанын, ағаш қойылып, оның арасы қамыспен жабылып, саз балшықпен сыланғанын көрсетті [15, 29 б.]. Жанкенттегі тұрғын үй құрылымының тағы бір ерекшелігі – бөлмелердің барлығында дерлік «П», «Г» формалы суфалардың (сәкілердің) болуы. Үйді жылытуға арналған ашық ошақтар әр бөлменің ортасында орналасқан. Бөлмелердің еденіне шаршы формалы кірпіштер төселіп, беті саз балшықпен сыланып, тегістелген [17, 34 б.].

Ғимарат қабырғалары әлемнің төрт бұрышына дұрыс бағытталып тұрғызылған және солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла орналасқан. Ені 18 м-ге жуық, ұзындығы әзірше нақты белгісіз, шамамен 30 м болуы керек. Үйдің жоспары қарапайым, сонымен қатар, өте анық және қайталанып отырады. Ғимарат ортасындағы меридиональді қабырға оны батысында ені 6,5-7,5 м – шығысында 10-10,5 м болатын екі бөлікке бөледі. Әрбір бөлік бір-біріне жапсарластыра тұрғызылған, ішкі жоспары бірдей, тек қана кейбір детальдарымен ғана ерекшеленетін стандартты секциялардан тұрады. Шығыс бөлігіндегі секциялар ұзындығы 6,0-6,4 м, ені 3,7-4,6 м болатын төртұрыш жоспарлы бөлмеден, оның оңтүстік қабырғасындағы кіреберіс арқылы аулаға немесе көшеге шығатын жіңішке дәлізден, шығыс және солтүстік қабырғалар арасындағы кіреберісі бар кішкене шаруашылыққа арналған бөлмеден тұрады. Бүгінгі күнге осындай үш секция толық ашылған (№1,2,3 бөлмелер) (4-сурет). Х ғ. мерзімделетін мұндай жоспардағы үйлер Құйрықтөбе қалашығында зерттелген. Бірақ ондағы секциялардың жоспары бірдей емес және олар бір қатарда біріне бірі жалғасып салынбаған [10, 25, 26; 34, 275-276-б.]. Бір-біріне жалғасқан бірдей секциялардан тұратын ұзын ғимарат Кавт-кала ескерткішіндегі (XII ғ.) 16 усадьбада ашылған [12, 162-167-б.]. Бұл жердегі әрбір секция есік арқылы кіреберіс бөлмемен жалғасқан жатын-суфасы және ошағы бар тұрғын бөлмеден тұ-

рады, кіреберіс бөлмемен жалғасатын кеңістікте суфа тұрғызылған. Мұндай жоспар Жанкенттегі ғимараттың батыс бөлігіндегі секциялардың құрылымына ұқсайды. Кават-қаладан ашылған бұл ғимарат үлкен усадьбаның ішінде орналасқан және онда қызметшілер мен жауынгерлер отбасыларымен тұрған [35, 117-118-б.]. Ал Жанкенттегі тұрғын-жайды кімдердің мекендегені туралы болжам жасау әзірше қиын.

Ғимараттың батыс бөлігіндегі тұрғын бөлмелердің есігі оңтүстік және батыс қабырғаның бұрышында орналасып, бірден аулаға немесе көшеге апарады. Мұнда шығыс бөлігіндегідей ұзын дәліз немесе шаруашылық бөлмесі, яғни, қойма жоқ. Бөлменің батыс қабырғасының сыртынан суфа тәрізді шағын құрылыстар салынған. Үйдің батыс бөлігінен бүгінде екі тұрғын бөлме (№5,6 бөлмелер) ғана толық ашылған (4-сурет) [15, 33 б.].

Қазба барысында табылған жәдігерлер, яғни, керамикалық ыдыстар, тиындар, культтық бұйымдар қала тұрғындарының шаруашылығы, наным-сенімі мен экономикалық, мәдени байланыстары туралы жан-жақты мағлұматтар береді. Олардың ішінде №1 қазбадағы №6 бөлмеден табылған қошқар мүсіні қызығушылық туғызады. Қошқардың екі басы екі жаққа қаратылып мойындары бір негізге орнатылған. Мүсіннің тұлабойы түгел геометриялық және өсімдік түріндегі өрнектермен безендірілген (5-сурет). Мүсін бөлме ортасындағы ашық ошақтың оң жағына ішкі бетке орналастырылған. Осыған ұқсас қошқар мүсіні 2007 жылғы қазба кезінде цитадельден де табылған болатын [4, 218, 219 б.; 5, 213 б.]. Мұндай мүсін бұрынырақ Кескен Күйік-қаладан және басқа да ескерткіштерден табылған [18, 359-б.]. Ошақ жанына орнатылған бұл мүсін - наным-сенімге негізделген культтік бұйым. Қошқар бейнесі мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі халықтың сенімінде байлықтың, берекенің белгісі болған. Э.Д. Зиливинскаяның пікірінше мұндай мүсін орнатылған ошақтар алтарь және үйдегі қасиетті орын қызметін атқарған [15, 35 б.].

Жанкент қаласының және оғыздардың тарихын зерттеудегі келесі бір мәселе: «Оғыздарды құраған 24 тайпаның қайсысы «оғыз қалалары» аталған қоныстарды мекен етті немесе қай тайпа қай аймақты мекендеді?» деген сұрақ. Бұл тұрғыда нақты жауап беру өте қиын. Себебі, «оғыз қалалары» аталған Жанкент, Жент т.б. қалалардың ешқайсысы толыққанды зерттеле қойған жоқ. Қазақтың үш жүзін құрайтын рулар арасында үйсін, қаңлы, қыпшақ, дулат

сынды бір кездері үстемдік құрып, мемлекет атауын иеленген тайпалар секілді оғыз тайпаларының атаулары қазіргі күні халық арасында, рулардың атауларында сақталмаған. Сондықтан, оғыздардың қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы алар тарихи, саяси орны белгілі болғанымен, қазақ халқының этникалық қалыптасуындағы ролі зерттеулерден тыс қалып келеді.

Ортағасырлық авторлар Махмуд Қашғаридің, Рашид ад-Диннің жазбаларынан белгілі болғанындай оғыздар 24 тайпадан құралған және олардың әрқайсысына бекітіліп берілген жеке таңбасы болған [24, 309-б.]. Осы таңбаларды зерттеу барысында Жанкент қаласынан табылған қыш құмырадағы белгі назар аудартады. Құмыра шарықта (гончарный круг) жасалған, күйдірілген. Бүйірі шығыңқы, мойны тік, ернеуі сәл сыртқа қайырылған, тұтқасы бар. Құмыра IX ғ. аяғы – X ғ. басымен мерзімделген. Тұтқаның бүйірмен жанасқан тұсында қошқармүйіз секілді ою түскен. Оюдың астында екі параллель сызық және таңба бейнеленген [6-сурет]. Бұл таңбаны Махмуд Қашғаридің кестесінде берілген оғыздардың бектілі тайпасының таңбасымен сәйкес келетін секілді. Жанкенттен табылған бұл жәдігер аз да болса дерек ретінде аса құнды. Дегенмен, жоғарыда қойылған сұраққа Жанкенттен табылған бұл құмыра, ондағы таңба нақты, толық жауап бола алмасы анық.

Қаладан табылған заттар сол уақыттың басқа ескерткіштерімен салыстырғанда оншалықты көп емес. Бұл қала халқының бірден үдере көшпей, жайлап қоныс аударғанын білдіреді. Ал халықтың қаладан көшуі X ғ. 50-60 жж. болған секілді. Бұған ескерткіштің беткі қабатынан табылған, осы уақытпен мерзімделетін тиындар (саманидтік фельстер) дәлел бола алады [15, 38-б.].

Жанкенттегі зерттеулердің басталғанына көп бола қойған жоқ. Сондықтан қаланың тұрғызылған уақыты, оның орталық ретінде нақты қалыптасу кезеңі, бекініс жүйесінің құрылымы мен құрылысы, жерлеу орындары мен ғұрыптары туралы мәселелер басы ашық күйінде қалып отыр. Бұл мәселелерді терең зерттеп, талдау жасау болашақ зерттеулердің еншісінде.

Әдебиеттер

1 Аржанцева А.И., Зиливинская Э.Д., Караманова М.С., Рузанова С.А., Уткельбаев К.З., Сыдықова Ж.Т., Билалов С.У. Сводный отчет об археологических работах на городище Джанкент в 2005-2007, 2009 годы. – Кызыл-орда, 2010.

- 2 Аржанцева А.И., Рузанова С.А. Исследование «болотных городищ»: архивы и новые материалы. // Археология и палеоантропология евразийских степей и сопредельных территорий. – Москва, 2010.
- 3 Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Караманова М.С., Сыдыкова Ж.Т. Жанкент – столица огузов // Мәдени мұра, 2009. – №4.
- 4 Ахатов Г.А., Смагулов Т.Н. Археологические исследования городища Жанкент. // Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. – Алматы, 2009.
- 5 Ахатов Г.А., Смагулов Т.Н. Археологические работы на цитадели древнего Жанкента. // Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. – Алматы, 2008.
- 6 Ахатов Г.А., Смагулов Т.Н., Ганиева А.С., Амиргалина Г.Т. Археологические исследования древнего городища Джанкент. Годовой отчет за 2008 год // [http: www.madenimura.kz](http://www.madenimura.kz)
- 7 Ахинжанов С.М. Из истории взаимоотношений кипчаков и Хорезма в XII – начале XIII века. – Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата, 1973.
- 8 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы.: 1995.
- 9 Ахинжанов С.М. Этногенетические процессы на территории Казахстана в конце I тыс. Н.э. (кимаки и кыпчаки) // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1990.
- 10 Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. – Алма-Ата, 1986.
- 11 Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г. Средневековый город Средней Азии. – Ленинград, 1973.
- 12 Вактурская Н.Н., Вишневская О.А. Памятники Хорезма эпохи Великих Хорезмшахов (12-начало 13 в.) // Полевые исследования Хорезмской экспедиции в 1954-1959 гг. – М., 1959.
- 13 Григорьев В.В. Старая погудка на новый лад. Москва., 1867.
- 14 Фабжалилов Х., Кәрібаев Б. Қарабура әулие 900 жаста // Алаш, 2005. – №1.
- 15 Зиливинская Э.Д., Билялов С.У., Сыдыкова Ж.Т. Раскопки жилого квартала на городище Жанкент. // Вопросы истории и археологии средневековых кочевников и Золотой Орды. – Астрахань, 2011.
- 16 Зиливинская Э.Д., Васильев Д.В., Гречкина Т.Ю. Раскопки на городище Самосделка в Астраханской области в 2000-2004 гг. // Российская археология. – М., 2006.
- 17 Курманкулов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Археологические работы на городище Жанкент в 2005 году. – Алматы, 2007.
- 18 Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья в 1 тыс. до н.э. – Москва, 1996.
- 19 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996.
- 20 Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. – Санкт-Петербург, 1870.
- 21 Макшеев А.И. Еще несколько слов о развалинах Джаныкента // Русский инвалид. – 1867. – № 87.
- 22 Макшеев А.И. Описание низовьев Сырдарьи // Морской сборник, 1856. – Т. XXIII.
- 23 Макшеев А.И. Остатки старинного города на Сырдарье. // Санкт-Петербургские ведомости. – 1867. – № 60.
- 24 Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т.1. – Санкт-Петербург, 1939.
- 25 Мейер М. Киргизская степь Оренбургского ведомства. // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. – Санкт-Петербург, 1865.
- 26 Неразик Е.Е. Сельские поселения Афригидского Хорезма. – М., 1966.
- 27 Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740-1741 годах. – Санкт-Петербург, 1851.
- 28 Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Москва–Ленинград, 1952.
- 29 Ремезов С. Чертежная книга Сибири, составленная в 1701г. – Санкт-Петербург, 1882.
- 30 Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Археологические работы на городище Джанкент (Казахстан) // Полевые исследования института этнологии и антропологии. 2005 г. – Москва, 2007.
- 31 Рычков П. Топография Оренбургская. – Санкт-Петербург, 1762.
- 32 Стасов В.В. Рецензия на книгу Н. Симанова «Искусство Средней Азии» // Художественные новости. – 1883. – № 4.
- 33 Толстов С. П. Города гузов. // Советская этнография. – 1947. – № 3.
- 34 Хмельницкий С. Между арабами и тюрками. Архитектура Средней Азии. – Рига, 1992.
- 35 Хмельницкий С. Между Саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI – начала XIII вв. – Берлин – Рига, 1997. – Ч.2.




1-сурет. Жанкент қаласының шығыс қабырғасы




2-сурет. Жанкент. Аэрофотосурет. 2006 ж.




3-сурет. Жанкент. №1 қазба орны.



4-сурет. Жанкент. Тұрғын үй. Жалпы жоспар.



5-сурет. Жанкент. Қошқар мүсіні.



6-сурет. Жанкент. Таңбасы бар құмыра.

Ж.Т. Сыдыкова

Средневековое городище Жаркент: исторические исследования и проблемы

Статья посвящена вопросам исследования и истории средневекового городища Жанкент, столицы огузов, расположенного в низовьях Сырдарьи. В статье освещены материалы фольклора и сведения средневековых письменных источников, а также результаты археологических исследований. Автор статьи, анализируя различные материалы, показывает основные проблемы изучения памятника и этнической истории огузов.

Z.T. Sydykova

The article considers to the issues researching of middle Ages settlement of Jankent, it was capital of oguzes, which located in the lower of Syrdarya. In article notes materials of folklore, sources and results of archeological researches. Author of the article done analysis for these materials and gives basic problems of researching of the monuments and ethnical history of oguzes.

ӘОЖ 94(574)

Б.Б. Кәрібаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: bereket.bk@mail.ru

«Өзбек-қазақтардың» этникалық құрамы туралы

АҒҒҒҒҒ. Автор мақаласында Қазақ хандығының құрылу тарихындағы басты мәселелердің бірі болып саналатын этникалық мәселелерді қарастырады. Керей мен Жәнібек хандарды қолдап, Жетісу аумағына қоныс аударған ру-тайпалардың «көшпелі өзбектер» құрамында ордаежендіктер деп аталғанын, жеке хандықтың ұйытқысы болғаннан кейін «өзбек-қазақтар» деген атауға ие болғанын ортағасырлық дерек мәліметтері негізінде анықтап, ол тайпалардың кейіннен Орта Жүз тайпалары болғандығын дәлелдейді.

Түйін сөздер: этногенез, көшпелі өзбектер, шибанилықтар, маңғыттар, ордаежендіктер, Әбілқайыр хан, Керей мен Жәнібек хандар.

Қазақстан аумағында бірнеше мыңжылдыққа созылған этноүрдістердің дамуы нәтижесінде қазақ этносының XV ғасырда тарих мінберіне көтерілгені тарих ғылымында әбден дәлелденген ғылыми тұжырым екендігі көпшілікке мәлім. Халықтың қалыптасу үрдісі өте ұзақ уақытқа созылып, ол өз ішінде бірнеше үлкен-үлкен тарихи дәуірлерге немесе кезеңдерге бөлінеді. Этногенездің соңғы кезеңіне шартты түрде XIV ғасырдың орта тұсы мен XV ғасырдың ортасы аралығы сай келеді. XIII-XIV ғғ. моңғолдар үстемдігі дәуіріндегі этникалық дамулардың заңды қорытындысына моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтану процесінің аяқталуы, соның нәтижесінде «өзбек» атты жаңа этноқауымдастықтың дүниеге келуі жатады. Ал XIV ғ. II жартысы XV ғ. I жартысы аралығында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған саяси және этникалық дамулар барысы «өзбек» этноқауымдастығынан «көшпелі өзбектер» атты этнобірлестікті бөліп шығарса, XV ғасырдың ортасында бұл этносаяси қауымдастықтан өз кезегінде жеке халық ретінде қазақ этносы бөлініп шығады. Қазақ этносының қалыптасуының аяқталуы мен Қазақ хандығының құрылуы бір мезгілде, және бір-бірімен тығыз байланыстағы этникалық үрдістер мен саяси дамулардың нәтижесінде жүзеге асады.

Қазақ хандығының құрылу тарихындағы ең басты, негізгі оқиғаға – ордаежендік әулеттің өкілдері, Орыс ханның шөберелері – Керей мен Жәнібек хандардың өз ұлысындағы ру-тайпалармен «көшпелі өзбектер» елінің билеушісі

Әбілқайыр ханнан бөлініп кетуі жататыны Отандық тарих ғылымында әбден мойындалған тұжырым екені белгілі. Хандықтың құрылу барысына – шибанилық әулеттің қоластынан бөлініп кету мен сол әулеттің билігін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан толығымен және түпкілікті түрде ығыстырып шығару, сондай-ақ жаңа хандықтың билігін орнату жатады. Уақыт жағынан алғанда бұл тарихи кезең - 1457 жылдан 1470-ші жылдар басына дейінгі 13-14 жылға созылады. Осы жылдар аралығында жаңа хандықтың халқы «өзбек-қазақтар» деген атауға ие болады [1,110 б.]. Бірақ, өкінішке орай, Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегінде де, басқа ортағасырлық авторлардың мәліметтерінде де «өзбек-қазақтардың» этникалық құрамы жөнінде ешқандай мәліметтер айтылмайды. Соған байланысты Сол себепті де біз осы жұмысымызда жаңа хандықтың құрамындағы жаңа этноқауымдастықтың этникалық құрамын анықтауды басты мақсат етіп қойдық.

Осы мәселені ғылыми негізде дұрыс шешу арқылы біз, біріншіден, ел тарихындағы маңызды бір мәселеге қатысты тарихи білімімізді одан әрі кеңейте түссек, екіншіден, осыған қатысты небір кереғар, жалған, ғылыми емес пікірлерге жауап қайтарғандай боламыз.

Бұл мәселе тарих ғылымында көптен бері көтеріліп келеді. Кезінде А.П. Чулошников Керей мен Жәнібек хандардың соңына ерген адамдарды «қашқындар», «қарақшылар» деп атағаны белгілі [2,103 б.]. Қазіргі кезеңге дейін

бұл пікір кейде мүлде ұмытылып кетсе, кейде бықсып қайта тұтанып жатады.

А.П. Чулошниковтың кітабы жарыққа шығысымен ондағы автордың көптеген пікірлері мен тұжырымдарының ғылыми негізі жоқ деп алғаш қарсы шыққан М. Тынышпаев болатын. Алаштың зиялы азаматы әрі саяси қайраткері автордың әрбір тұжырымын жеке-жеке талдап, оған қарсы өз пікірлерін білдірген болатын. Жоғарыда айтылған Керей мен Жәнібек хандарды қолдағандар «даланың қарақшы топтары» деген тұжырымға қарсы шығып, өз тұжырымын былайша білдірген еді: «...Жәнібек пен Керейдің жанындағы рулар тобы, 1456 жылы кенеттен пайда бола қойған жоқ, кем дегенде бірнеше ондаған жылдар бұрын қалыптасқан, ол туралы тарихта айтылмау себебі кезінде ешбір автор оған назар аудармаған» [3,130-131б.]. Ол кезде деректердің аздығы М.Тынышпаевқа одан да терең пікір айтуға мүмкіндік бермеген болатын. Ал қазіргі күндердегі тарих ғылымына белгілі дерек мәліметтері мен тарихнамалық жетістіктер Керей мен Жәнібек хандарға қолдау көрсеткен этникалық топтың Қазақстан аумағында қай кезеңде пайда болғанын ғана емес, сонымен бірге олардың құрамын, XV ғасырдағы «көшпелі өзбектер» этносаяси қауымдастығына енген басқа да этникалық топтарды анықтауға мүмкіндіктер береді.

Мәселені тереңірек түсіндіру үшін XIII–XV ғғ. Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық үрдістердің барысына қысқаша шолу жасап өтелік.

Моңғолдар жаулаушылығы нәтижесінде бүкіл Дешті Қыпшақ аумағының саяси картасы өзгергенімен, аумақтың этникалық картасына түбегейлі өзгерістер әкеле қойған жоқ. Жаулап алуға байланысты аумаққа қоныстандырылған түрік және моңғол тілдес этнокомпоненттер бір ғасырдың ішінде жергілікті қыпшақ тайпалары арасына сіңісіп кетеді. Бұл этникалық үрдісті жақсы аңғарған араб тарихшысы ал-Омари (1301-1343) XIV ғ. I жартысында былай деп жазады: «...Ертеректе бұл мемлекет қыпшақтардың елі болатын, бірақ та оларды татарлар жаулап алып, қыпшақтарды өздеріне бағынышты етеді. Кейін олар араласып, туыстасып кетеді де, олардың табиғи нәсілдік белгілерінен қоныс тепкен жерлерді үстемдік алады. Сөйтіп, олардың барлығы (татарлар) қыпшақтармен бір рулас адамдар секілді боп кетеді. Себебі, моңғолдар қыпшақтар жеріне қоныстанып, олармен қыз алысады

және олардың (қыпшақтардың) жерінде қалып қояды» [4, 235 б.]. Бір ғасырға созылған этноүрдіс Жошы Ұлысында (Алтын Ордада) жаңа бір этноқауымдастықты қалыптастырады. Ол қауымдастықтың «өзбектер» деп аталғаны белгілі.

XIV ғ. II жартысы мен XV ғ. басындағы Алтын Ордадағы саяси оқиғалар барысы этноүрдістерге де қатты әсерін тигізеді. Жошы Ұлысының сол қанатында Ақ Орда мемлекеті жеке хандыққа айналып, «өзбек» атауы жергілікті тұрғындарға қатысты айтыла бастайды. Мұхаммед Хайдар Дулати осы кезеңдегі Шығыс Дешті Қыпшақ аумағының жалпылама тұрғындарын «өзбектер», ал аумақты «Өзбекстан» деп жазады [1,109-110,404 б.].

1428 жылы Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақ ханның қаза табуынан кейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында саяси бытыраңқылық орнайды да, ұлыстардың өзі өз ішінде ұсақ-ұсақ ұлыстарға бөлініп кетеді. Мысалы, Шибан ұлысының 5-6 кіші ұлыстар пайда болады [5, 42 б.]. Осы жылы сол ұлыстардың бірінде 16-17 жасар шибанилық Әбілқайырды жергілікті ру-тайпа көсемдері мен дін басылары хан етіп көтереді. 4-5 жыл ішінде ол бүкіл Шибан ұлысын қайта біріктіреді.

Ал 1446 жылы Әбілқайыр хан Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлерді бағындырады да, бұрынғы Ақ Орда аумағында толық билік жүргізген алғашқы шибанилық өкіл болып саналады. Тарихи әдебиеттерде оның мемлекеті Әбілқайыр хандығы немесе «көшпелі өзбектер» мемлекеті деп аталып кетеді.

1509 жылы жазылған еңбегінде Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани XV ғасырда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүретін тұрғындар туралы мынадай құнды мәліметтер қалдырады. Ол аумақтың тұрғындарының бәрі бұрын өзбектер деп аталғанын айта келе, оларды былайша жіктеп көрсетеді: «Өзбектерге үш тайпа жатқан, олардың бәрі Шыңғыс ханның иеліктеріндегі ең мықтылары болып саналады. Қазіргі кезде [олардың] бірі – шибаниттер, бірнеше аталарынан кейін оларды мәртебелі хан (Мұхаммед Шайбани ханды айтып отыр – Б.К.) басқарып отыр. Екінші тайпа – қазақтар, олар бүкіл әлемге өз күштерімен және ержүректіліктерімен даңқы шыққан, үшінші тайпа – маңғыттар, олардан астрахандық хандар шығады», – деп «көшпелі өзбектер» қауымдастығын үш топқа жіктеп береді [6,62 б.].

Рузбиханның осы мәліметіне қатысты ал-

дын-ала мынадай ескертпе мен түсініктеме беруді жөн деп есептейміз. Оның тайпа деп айтып отырғаны, қазіргі біздің түсінігіміздегі тайпа емес, одан жоғары және кең мағынадағы этникалық ұғым. Қазіргі түсініктер бойынша Рузбихан жазып отырған өзбектерді этноқауымдастық деп санасақ, онда оның тайпа деп отырғанына тайпалық одақтар сай келеді. Сонда біз автордың жоғарыдағы мәліметін өзбектер үш үлкен тайпалар тобынан немесе бірлестігінен тұрады деп қабылдауымыз керек.

Келесі бір түсіндірмеге мынадай мәселе жатады. Автор өз шығармасын 1509 жылы жазып, XV ғасырдың оқиғаларын өткен шақ тұрғысынан баяндап тұр. Қазақ хандығы құрылып, қазақ атауы халықтың атауына берілгенге дейін, яғни XV ғасырдың 50-70-ші жылдарына дейін қазақ сөзінің этникалық мәні болған жоқ. Сол себепті де «өзбектердің екінші тайпасы – қазақтар» деген мәліметті дұрыс түсінген жөн.

Алғаш рет жазба дерек мәліметтеріне сүйеніп, «көшпелі өзбектер» құрамындағы шибанилардың ру-тайпалық құрамын анықтауға А.А. Семенов күш салады [7, 24-37 б.]. Бұл мәселеге Б.А. Ахмедов, Т.И. Сұлтанов өз зерттеулерінде арнайы тоқталған [5, 16-18; 8, 7-28 б.]. Бұл үш зерттеуші Масуд ибн Осман Кухистанидың дерегіндегі мәліметтерге сүйеніп, 1428 жылы жап-жас шибанилық сұлтан Әбілқайырды хан тағына отырғызған және де оны кейінгі жылдары қолдаған тайпаларды шибанилық тайпалар деп атайды да, оған мына тайпаларды жатқызады: қият, маңғыт, қаанбайлы (байлы), чинбай, қоңырат, тангут, иджан, дурман, кушчи, утарчи, найман, украш-найман, тубай, таймас, джат, китай, барак, уйгур, карлук, кенегес, уйшун, курлаут, имчи (ички), туман, минг, буркут, нукуз, шадбаклы, шункарлы, ойрат, мажар және кипчак [7, 24; 5, 16; 8, 8-11 б.]. Бұл тайпалардың жалпы саны – 32. Мүмкін, «отыз екі баулы өзбек» деп аталатын тайпалар тобы – осы шибанилық тайпалар шығар. Мұны әлі де болса терең қарастыру қажет. А.Вамбери еңбегінде берілген 32 баулы өзбек тайпаларын жоғарыдағы 32 тайпа атауларымен салыстырғанымызда, қият, маңғыт, қоңырат, дурман, найман, қытай, ұйғыр, кенегес, уйшун, ички, минг, нукуз, кипчак секілді тайпа атауларына екі нұсқа да сәйкес келетінін аңғардық [9, 171 б.].

Бұл тайпалардың шығу-тегі мәселесіне келсек, біз олардың көбісінің монғол жаулап алушылығына байланысты XIII ғасыр басында Монғолия аумағынан келгендігіне көз жеткізе-

міз. Рашид ад-диннің дерегінде айтылатын тайпалар негізінен үш топқа бөлініп, олардың біріншісіне – түрік тайпалары, екіншісіне – түрік, бірақ қазіргі кезде монғол деп аталатын тайпалар, ал үшіншісіне – тегі түрік, бірақ бұрыннан монғол деп аталған тайпалар жатқызылған болатын [10, 80-197 б.]. Осыны негізге ала отыра, шибанилық тайпалардың бәрінің арғы тегі түркілік, ал монғол деген атауға кейін ие болып, Қазақстан аумағына XIII ғ. басында келген деп есептейміз. Осы жерде қыпшақ, найман, қоңырат, уйшун тайпаларына қатысты мынадай түсіндірме бере кетуді жөн көріп отырмын. Бұл тайпалар сан жағынан өте көп болып, олардың жекелеген бөлімдері мен бөлімшелері, тармақтары әр түрлі ұлыстардың құрамында болғандықтан, олардың ортақ атаулары тек жекелеген ұлыстардағы тайпалар тобында ғана емес, сондай-ақ түгелге жуық түрік тілдес халықтардың құрамында кездеседі. Қыпшақ, найман, қоңырат, уйшун атауларының шибанилық топтан кездесуін біз, осы аталған тайпалардың жекелеген рулары сол топта болған деп түсінуіміз керек.

Ибн Рузбихан атап көрсеткеніндей, «көшпелі өзбектер» құрамындағы келесі бір тайпалар тобына – маңғыт тайпалары жатады. XIV ғасырдың соңында Еділ мен Жайық өзендерінің аралығында, кейіннен Ембіге дейінгі жерлерде мекендеген үлкенді-кішілі тайпалар – маңғыт деген ортақ атаумен аталғаны белгілі. Бұл тайпалар Ноғай Ордасының басты этникалық негізі болып табылады. XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл аймақтағы тайпалар да өзбек этноқауымдастығының құрамында болып, Ноғай ұлысының өзіне тән ерекшелігіне, тарихи-географиялық жағдайларына байланысты бұл өңірдегі тайпалар да өз бетінше топтасады. Бұларға маңғыт деген ортақ атау бірнеше себепке сай берілген. Біріншісі, ол атау осы топтағы жетекші тайпаның атауы болса, екіншісіне – ұлыстың билеушілері маңғыт тайпасынан шыққан билер болған. В.В. Трепавлов құрастырған «Ноғай ру-тайпалары» деген кестедегі 70 ірі ру-тайпа атауларын 92 баулы «көшпелі өзбектер» тайпаларымен салыстырғанымызда, біз бұл топтағы тайпалардың да түбі түріктік екендігіне көзімізді жеткіздік [11, 499-504 б.]. Мұндағы тайпалардың ішінде де шибанилықтар секілді Монғолия аумағынан келгендер де бар. Бірақ та шибанилықтардан бір ерекшелігі мұнда аз, аксюрют, алшын, байұлы, қаңлы, қыпшақ, киргиз, құлааян, тама, тоғай, түркмен, уйшун, шөмішті,

телеу секілді жергілікті тайпалардың саны басымдау келеді.

Ал енді өзбек этноқауымдастығындағы үшінші тайпалар тобына тереңірек тоқталалық. Рузбихан бұл топтағы тайпаларды қазақтар деп атағанын жоғарыда айттық. «Қазақ» атауы ол тайпаларға Қазақ хандығы құрылғаннан кейін, яғни XV ғасырдың 70-шы жылдарынан кейін берілгені белгілі. Қазақ атауы этникалық мәнге ие болмай тұрып-ақ «көшпелі өзбектер» құрамында бұл тайпалар бірлестігі болған. Төменде осы тайпалар бірлестігіне қатысты мәселелерді рет-ретімен шешуге тырысып көрелік.

«Көшпелі өзбектер» бірлестігіндегі тайпалардың атаулары туралы мәліметтер «Маджму ат-таварих», «Асами-йи наваду ду фирка-йи узбек» («Тоқсан екі өзбек тайпаларының атаулары») секілді тарихи жазба шығармаларда кездеседі [12, 210-213; 13, 129-131 б.].

Дерек мәліметтері көрсетіп отырғанындай, олардағы тайпалар саны – 92. Бұл «көшпелі өзбектер» қауымдастығындағы тайпалардың жалпы санын көрсетеді. Осы аталған жазба деректер ішінде хронологиялық тұрғыда ең ежелгісі немесе ең көнесі Сайф ад-дин Ахсикентидің XVI ғасырда Ферғанада жазылған «Маджму ат-таварих» атты еңбегі болып саналады. Сол себепті де біз, мәселемізді қарастыру барысында осы шығарманың мәліметтеріне сүйенеміз.

Белгілі тарихшы Т.И. Сұлтанов осы тайпалық бірлестікке қатысты мынадай пікір білдірген болатын: «Қазақ халқының қалыптасуы барысындағы соңғы кезеңнің этникалық негізін Өзбек ұлысындағы тайпалар тобы жатады. Сондықтан да XV-XVI ғғ. қазақтардың этникалық тарихын зерттеуде XV ғасырдағы Өзбек ұлысындағы көшпелілердің ру-тайпалық құрамы туралы мәліметтер басты роль атқарады» [8, 8 б.]. Біз осы тезисті негізге ала отырып, «өзбек-қазақтардың» негізін құраған тайпаларды анықтауға тырысып көрелік.

«Көшпелі өзбектер» құрамындағы 92 тайпаның атаулары кездесетін жазба деректердің әртүрлі нұсқалары мен тізімдерін бір-бірімен салыстырып, оларға талдау жасаған Т.И. Сұлтанов тізімдегі тайпалардың реттік жағынан орналасуында мынадай үш принциптің бар екендігін анықтайды:

1) бір саяси жүйеде бірге болған немесе шығуы жағынан туыс келетін рулар мен тайпалар атауларының тізімде бірге тұру принципі;

2) ру немесе тайпаның жергілікті жердің әскери-саяси өміріндегі алатын маңыздылық принципі, басқаша айтқанда, ру немесе тайпа атауы тізімнің бас жағында тұрса, автор олардың мықтылығын көрсетеді және керісінше болады;

3) айтылуы жағынан ұқсас келетін ру-тайпалар атауларының есте жеңіл сақтау үшін қатар берілу принципі [8, 51 б.].

- 34 Рапорт написан в 1838 году, когда шло национально-освободительное движение под руководством султана К.Касымова.
- 35 ЦГА РК ф.338 оп.1 д. 325 л.7

Г.С. Сұлтанғалиева

Ахун М-Ш. Абдрахимовтың Қазақ даласындағы (XIX ғ.) қызметі

Мақалада ахун Мұхаммет-Шариф Абдрахимовтың Орта жүздің қазақ ауылдарындағы қызметі және оның қазақ сұлтандарымен, старшын, билерімен қарым-қатынастарының сипаты қарастырылады. М-Ш.Абдрахимовтың молдалық қызметінен Орта жүздің ахуны болып сайланғанға дейінгі қызметі жолына назар аударып, автор оның қазақ ауылдарындағы жағдайлар туралы жазған баяндамаларын талдайды. Сонымен бірге XIX ғ. Бірінші жартысындағы ахунның қазақтардың рухан өміріне тигізген ықпалын қарастырады.

G.S. Sultangalieva

Activity akhun M Sh.Abdrahimova in the Kazakh steppe (XIX c.)

In this article reveals activities of akhun Muhamet Sharif Abdrakhimov in Kazakh's encampments through the politics of the regional authorities and the interaction of the Kazakh sultans, foremen and biys with Akhun. Career of M. Abdrakhimov presented from his activity as a mullah and until the election as akhun of Middle Juz, his interaction with the Russian authorities through the analysis of mullah's reports about the events in the Kazakh steppe. At the same time shows the role of akhun in the spiritual life of the Kazakh society of the first half XIXc.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ӘОЖ 958. 408; 330.9

Г.Т. Жораева

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан, Түркістан

Қазақ халқының экономикалық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер (XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басы)

Аңдатпа. Ғасырлар тоғысындағы қазақ халқының әлеуметтік жағдайы бұрын да түрлі ғылыми еңбектерге бірде жанама, бірде тікелей арқау болғаны әмбеге аян. Алайда автор төмендегі мақаласында халықтың сол кездегі жағдайын жалпы сипаттап қана қоймай, оның себеп-салдарын егжей-тегжейлі ашып көрсетуді мақсат еткен. Осы жолда біршама тың деректер мен пайымдауларын да оқырманға паш еткен.

Түйін сөздер: капиталистік қатынастар, тауар-ақша қатынасы, фабрика-зауыт, майдагерлік кәсіпшіліктер, жәрменкелік сауда.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласына капиталистік қатынастардың еніп, тауар-ақша қатынасының дамуы нәтижесінде қазақ ауылының мал шаруашылығында болған жаңа құбылыстар қазақ шаруаларының әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді тереңдете түскені белгілі.

Ресей капиталы үшін бұл аймақ өте тиімді болып саналды. Өйткені, жер қойнауының мол байлығы, тұрғындардан арзанға сатып алуға болатын жерлер, арзан шикізат пен арзанға түсетін жұмысшылардың көптігі еді. Мысалы, Жезқазғандағы мыс табылған жер 100 сомға, ал Сарандағы көмірдің табылған жері 114 сомға сатып алынды.

Орталық Қазақстанның сан-салалы экономикасының құрамдас бөлігі жергілікті өнеркәсіп болды, оның біркелкі емес, өтпелі, ең алдымен ұсақ тауарлы деңгейі мен мәні бірқатар қарама-қарсы пікірлер туғызды. Мал шаруашылығы шикізатын өңдеу жөніндегі алғашқы кәсіпорындардың негізгі ошақтары Ақмола және Семей облыстары болатын.

Жергілікті мекемелер жинаған деректер бойынша, мұндай кәсіпшіліктердің алғашқы ошақтары Ақмола облысында XIX ғасырдың орта шенінде пайда болған. 1888 жылы Семей облысында 63 «зауыт» – 13 былғары, 9 сабын қай-

нататын, 1 шарап ашытатын, 1 май қорытатын, 23 кірпіш, 2 сыра ашытатын және басқа да 4 зауыттар болып, оларда 262 жұмысшы істеген, жалпы шығарған өнімдері 230147 сомға жеткен. Оның үстіне мал шаруашылығы шикізатын өңдеу жөніндегі кәсіпорындар негізінен уезд орталықтарында орналасып, дала тұрғындарын жаңа экономикалық үрдістерге үнемі тартып отырды. Бұл орайда шикізатты өңдеудің ұлғайтуына қарай негізінен ірі қоныстардың құрылуына байланысты жекелеген кәсіпорындардың өнімділігі едәуір көлемге жетті. 1890 жылы Өскемендегі екі кірпіш зауытында ғана өндіріс көлемі 20 мың дана күйдірілген және шикі кірпіш болды, сонымен бірге Зайсанда – 3 былғары, 1 тон зауыты, Павлодарда – 2 май қорытатын, 2 – сабын қайнататын, 2 – кірпіш, сыра ашытатын зауыттар; Көкпектіде, Семейде, Павлодарда – 13 май қорытатын, балауыз, 23 былғары, 5 тон «зауыттары» жұмыс істеді [1]. Оңтүстік Қазақстанда мақта тазарту өнеркәсібі дамыды. Бұл кезде Шымкентте – төрт, Түркістанда – екі мақта тазартатын зауыт жұмыс істеді [2].

XIX ғасырдың 80-жылдарынан Сырдария облысында да өңдеуші өнеркәсіп қарқын ала бастады, 1887 жылы «фабрика-зауыт және майдагерлік кәсіпшіліктердің» өнім шығаруының

жиынтық сомасы 1 482 500 сомға жетті; бұған мақта өндірісі бойынша – 860 000 сомға дейін, жібек өндірісі бойынша – 450 000, темекі өсіру бойынша – 20 000, балық аулау және т.б. бойынша шығарылған өнім құнын қосу керек, сонда барлығы 1 720 000 сомның өнімі шығарылды.

Сырдария облысы бойынша материалдар кәсіпорындардың жергілікті этникалық топтарға жатуының үлес салмағын саралауға мүмкіндік береді: орыс тұрғындарына жылдық айналымы 839 000 сом болатын түрлі саладағы 30 кәсіпорын (Ташкент, Ходжент, Шымкент, Әулиеата, Қазалы қалалары бойынша деректер қамтылады) тиесілі болып, облыс өнеркәсібіндегі 60000 сомға дейін тас, көмір қазу, мақта өсіру, темекі өсіру; барлығы 1 079 000 сомның өнімін өндіру орыс тұрғындарының үлесіне келді, мұның өзі облыстың бүкіл өнеркәсібінің 34 %-ы еді, ал сол кезде орыс халқы жалпы тұрғындар санының 1,5 %-ын ғана құрады [3].

Тау-кен зауыттық өндірісі, негізінен, Ақмола және Семей облыстарының Баянауыл, Қарқаралы, Ақмола уездерінде шоғырланды. Өйткені, бұл аймақта мыс, күміс, қорғасын кендері мол еді. Көмір кендері және алтын өндіруге көбірек көңіл бөлінді. Мыс, күміс, қорғасын зауыттарының басым бөлігі Поповтардың иелігіне көшті. Зауыттар артта қалған техникамен жабдықталды, негізінен қол күші, оның ішінде әйелдер мен балалардың арзан жұмыс қолы пайдаланылды.

1852 жылы орыс көпесі Ушаков Екатеринбургте құрамына Зотов, Севастьянов кірген өндірісшілер компаниясын құрады. 1856 жылы ол 86 сомға Ақмола уезіндегі мыс табылған жерді Далабай Тоқтамысовтан және сол жылы Игілік Өтеповтен 250 сомға Қарағандыдағы көмір табылған жерді сатып алады. Осы кен орындарының негізінде 1863 жылы Спасск мыс өндіру зауыты салынады. Жылына орта есеппен онда 250 мың сомға 30 мың пұт мыс өндірілді. Өндіретін мысының көлеміне қарай Спасск мыс өндіру зауытының өнімі Ресейдегі Нижний Тагил зауытынан кейінгі екінші орынға шықты. Оның өнімдері Екатеринбург, Петербург және Нижний Новгород жәрмеңкелерінде сатылды. 1884 жылы Попов серіктестігі құрылды. Қазақстан бойынша 1855-1893 жылдар аралығында 151 182 пұт қорғасын, 883 пұт күміс, 219 186 пұт кара мыс және 484 542 пұт таза мыс өндірілді [4].

Түсті металл, көмір, мұнай, кен орындары шетел кәсіпкерлеріне арзан бағаға берілді. 1896

жылы Зырян кен орны француз кәсіпкерлеріне қолына көшті. 1904 жылы Австрия князі Тури-Такма Алтай кен орнын пайдалануға алды. Успен мыс кеніші мен Спасск мыс балқыту зауыты француздарға, Риддер қорғасын кеніші американдықтарға пайдалануға берілді. Сонымен бірге ағылшындар, немістер, шведтер де Қазақстанның жер байлығынан үлес алудан қалыспады.

Қазақстан өнеркәсібіндегі маңызды салалардың бірі Эльтон, Басқұншақ, Іле, Коряковский кен орындарындағы түз өндірісі болды. Басқұншақтағы түз кен орнынан ғана 1880 жылы 2 млн. 800 мың пұт түз өндірілді. Қазақ өлкесінде балық кәсіпшілігі де сол кездегі экономикада маңызды орын алды. XIX ғасырдың аяғында тек Каспийдің өзінде 190 балық кәсіпорыны жұмыс істеді және жаңадан бірнеше балық зауыттары салынды. Орал, Іле, Шу, Сырдария өзендерінен, Арал теңізінен, Балқаш, Зайсан көлдерінен де үнемі балық ауланып тұрды.

XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда ауылшаруашылық шикізаттарын өңдейтін қолөнер, мануфактуралық және фабрикалық кәсіпорындар жұмыс істеді. Оларға Ақмола, Семей, Петропавловск, Орал, Орынбордағы қасапканалар, былғары, сабын қайнату зауыттары, май шайқау, үн тартқыш орындары жатты. 1882 жылы Шымкентте өнімін экспортқа Англия, Америка, Германия, Үндістан, Жапонияға шығарған сантонин (ішек құртына қарсы қолданылатын дәрі) зауыты іске қосылды. Верныйда темекі өнімін шығаратын екі кәсіпорын салынды [5].

Қазақстан орыс өнеркәсібі үшін бұрынғыша өнім өткізетін аймақ, арзан шикізат көзі болып қала берді. Пайдалы кен орындарының байлығы, жұмыс күшінің арзандығы орыс және шетел капиталын өзіне тартты. Таукен кәсіпорындары (Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның көмірі, мысы, полиметалдары, Ембінің мұнайы) солардың қолында болды. Жер байлығын игеру қыртқыштықпен жүргізілді. Осы кезеңде көлік пен пошта байланысы да дамыды.

Оралда, Петропавловскіде, Семейде, Омбыда, Верныйда және Ақмола облыстарында Ресей мемлекеттік банкінің бөлімдері мен несие мекемелері жұмыс істеді. Сонымен қатар, Қазақстанда Сібір сауда бөлімінің 7 филиалы болды. Капиталистік қатынастар сауданың дамуына айтарлықтай ықпалын тигізді [6].

1871 жылы Қазақстанда ашылған алғашқы банктердің бірі Петропавлдағы негізгі капиталы 40000 сом болатын қалалық қоғамдық

банк болды. 1875 жылы Ташкентте Мемлекеттік банк бөлімшесінің құрылуы құрамына Жетісу облысы кірген бүкіл Түркістан генерал-губернаторлығы үшін елеулі оқиға болды. Мемлекеттік банктің мұндай бөлімшелері Қазақстанның сауда орталықтары мен қалыптасып келе жатқан өнеркәсіп орталықтарында: Оралда (1876 ж.), Петропавлда (1881 ж.), Семейде (1881 ж.), Верныйда (1895 ж.) жұмыс істеді [7].

Негізгі сауда объектісі мал болып қала берді. Мәселен, Ақмола, Қарқаралы, Сарысу уездерінен Ресейге жылына 60 мың мүйізді ірі қара малы, 200 мыңға дейін қой әкетілді. Бұдан басқа XIX ғасырдың соңында Қазақстанда нан, бидай және үн өнімдерінің шығарыла бастауында оң өзгерістер болды. Орал, Орынбор, Семей нан саудасының ірі орталықтарына айналды. Астықтың бір бөлігі Ферғанаға, Ташкентке, Бұқараға шығарылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда жәрмеңкелік сауда бой ала бастады. Ірі жәрмеңкелер Ақмола облысындағы Тайынша, Константиновская, Петровск, Қоянды жәрмеңкелері, Семейдегі Шар, Жетісудағы Қарқара, Сырдария облысында Әулиеата, Орал облысында Іле, Темір жәрмеңкелері жұмыс істеді. Көбінесе ақшасыз сауда жүргізілді, жарты фунт (409,5 г) шайға және бір фунт қантқа бір қойды ауыстырды. Бағасы 15 тиыннан аспайтын ұстараға бір қой берді, самаурынға 20-25 қой алды. Қазақстанның Орта Азия, Моңғолия және Қытаймен сауда маңызы ерекше сипатқа ие болды [8].

Жәрмеңкелер ауданында тау-кен өндірістері дами бастаған. Александров күміс балқыту (1849 жылы), Богословск (1857 жылы), Николаевск (1859 жылы) және Спасск мыс қорыту зауыттарының іске қосылуы, дала саудасының дамуын жеделдетті. Сондай-ақ, патша үкіметінің көршілес елдермен сауда қатынасын дамыту үшін жасаған қадамдары да Қазақстандағы сауданың дамуына ықпал етті. Мәселен, Ресейдің Сібір линиясындағы салықты жою турасындағы заң, Сібірге келген Азия көпестеріне өз тауарларын сауда куәлігінсіз сатуға мүмкіндік берді, бұл саудагерлерге өте тиімді болды. Осы жеңілдік заң негізінде 1852 жылы 5 жылға, ал 1857 жылы одан әрі ұзартылған болатын.

1869 жылы Семей губерниясының әскери губернаторы мен Қарқаралы уезінің бастығы Қоянды сауда орнын жәрмеңке ретінде тану турасында бұйрық шығарды [9].

XIX ғасырдың соңында Қарқаралының татар көпестері өлкедегі кенді өңдеп, өнім алу үшін зауыттар сала бастады. Көпестер Хамидолла мен Гүлшад Бекметевтер Балқаш бойынан қорғасын-күміс зауытын ашқан. Зауыттың иесі Гүлшад Бекметев болғандықтан, өңірде оны “Гүлшад зауыты” деп атаған. Зерттеуші Е. Ділмұхамедовтың жазуынша бұл зауытта 1885 жылы бір пештің өзінен 1030 пұт, ал 1886 жылы 3000 пұт күміс-қорғасын балқытылып алынған [10].

Жәрмеңке саудасы, әсіресе, Ақмола облысының солтүстігінде де қарқынды түрде дамыды. Мұнда үш ірі жәрмеңкелер: Тайынша-көл (Петропавлда), Константинов (Ақмолада), Петров (Атбасарда) және 50-ден астам ұсақ, орташа жәрмеңкелер жұмыс істеді.

Жәрмеңкелердің дамуына темір жолдың тартылуы да үлкен әсер тигізді. 1883-1895 жылдары салынған жалпы ұзындығы 3138 км Сібір теміржолының 178 километрі Қазақстанның солтүстігін және 1906 жылы пайдалануға берілген Орынбор-Ташкент темір жолының мыңдаған шақырымы Қазақстан аумағы арқылы өтті.

1894-1895 жылдары Омбы мен Челябинің (Сібір магистралі) арасына темір жол салынды. Бұл Ресей губернияларын Ақмола облысының өнеркәсіп орталықтарымен байланыстырып, сауда және өнеркәсіп капиталына кең бағыттар ашты [11].

Өлке өмірінде қалалар маңызды рөл атқарды. Қалалар сауда орталықтары болумен қатар өнеркәсіп және әкімшілік орталықтарына да айналды. 1897 жылғы халық санағы бойынша аса ірі қалалар: Оралда – 36597 адам, Верныйда – 22982, Семейде – 26353, Петропавлда – 20014, Жаркентте – 16094, Қостанайда – 14275, Әулиеатада – 11722, Ақмолада – 8501, Гурьевте – 9322, Өскеменде – 8721, Павлодарда – 7738, Перовскіде (Ақмешіт) – 5058, Көкшетауда – 4962, Қарқаралыда – 4451, Зайсанда – 4402, Атбасарда – 3038, Ырғызда – 1512 адам болды. Қалаларда ақсүйектер, офицерлер, кәсіпкерлер, көпестер, саудагерлер, әртүрлі интеллигенттер, қызметшілер, казактар, жұмысшылар тұрды.

Ақмола облысы – 37376, Семей облысы – 54800, Жетісу облысы – 48251, Сырдария облысы – 46512, Торғай облысы – 19530 және Орал облысы – 55482, еркек-әйелі бар барлығы – 231 951 адам [1].

1897 жылғы бүкілресейлік санақ бойынша казактар тұратын он облыста барлығы 4 млн.

286 мың адам (2 млн. 286 мың ер, 2 млн-дай әйел) болған. Облыстар бойынша қазақтардың саны Астрахань губерниясында 251 мың, Орал облысында 460 мың, Ақмола облысында 427 мың, Семей облысында 605 мың, Жетісу облысында 795 мың, Сырдария облысында 952 мың, Ферғанада 202 мың, Самарқандта 63 мың, Закаспий облысында 74 мың, басқа губернияларда 46 мың болды. 1914 жылы қазіргі Қазақстан аумағындағы жалпы халық саны 5 млн. 910 мың адамға жетті [12].

Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі жартылай көшпелі мал шаруашылығының және ауылдардағы дәстүрлі қатынастардың ыдырауына әкеп соқтырды. Мал шаруашылығы нарықтық қажеттіліктерге бейімделе бастады. Мал шаруашылығы өрісінің тарылуына байланысты өлке экономикасында жер өнімінің үлесі көтерілді. Қазақ халқының әлеуметтік жіктелуі күшейді. Көшуге шамасы келмейтін малшылар жатақтардың қатарын толықтырды. (Жатақ ауыл шаруашылық және өнеркәсіп орындарына жалданатын жұмысшы). Әсіресе, Қазақстанның солтүстік және шығыс аудандарында жатақтардың саны көп болды. Жатақтардың үлес саны Көкшетау уезінде – 4,6 %, Атбасар уезінде 5,3 %-дан 7,9 % дейін жетті. Олар байлардың, қоныс аударушылардың кәсіпшіліктері мен кәсіпорындарында жұмысқа жалданды және бірте-бірте ауылмен байланысын жоғалтты.

Кәсіпшіліктің дамуына байланысты жергілікті жұмысшылар тобы қалыптасты. Мысалы, Қазақстанның тау өнеркәсібінде 1855 жылы – 1353 жұмысшы, 1865 жылы – 1848, 1875 жылы – 4156, 1885 жылы – 7750, 1895 жылы – 8960, 1900 жылы – 11225 жұмысшы болды. Маман жұмысшылардың көпшілігі Ресейден келді. Барлық жұмысшылардың 60-70 % қазақтар болды, алтын өндіру, тұз шығару кәсіпорындары мен шахталар және кен орындарындағы олардың үлес салмағы 90 %-ға дейін жетті. Темір жол және су көлігінде 25 мыңнан астам адам жұмыс істесе, олардың 20 % қазақтар құрады. Қазақ-тар негізінен ауыр және лас жұмыстарды атқарды, жұмыс уақыты 14-16 сағатқа дейін созылды және қауіпсіздік ережелері сақталына бермеді. Жұмыс орнында жұмысшылардың мерттігуі және қаза болуы көбірек ұшырасты. Жұмысшылар жалақысы Ресейдің орталық аудандарына қарағанда 3-4 есе кем төленді. Сонымен бірге, жалақының бір бөлігі азық-түлікпен және тауарлармен берген кезде алдаумен және кем есептеуден одан сайын кеміп отырды.

Кейбір кәсіпорындарда теңдей жұмыс атқарғандарына қарамастан, қазақ жұмысшыларына орыстарға қарағанда жалақы әлдеқайда аз төленді. Құрастырмалы лашықтарда, зауыт барактарында тұрған жұмысшылардың көпшілігінің тұрғын үйлері, баспанасы болмады. Дәрігерлік көмектің жоқтығынан және санитарлық-тазалық жағдайының сақталмауынан жұмысшылар мен олардың отбасыларында жұқпалы аурулар жиі ұшырасып тұрды. Жоғары біліктілікті қажет ететін арнайы мамандықтарға қазақтар жіберілмеді. Мұндай мамандықтар негізінен орыстарға тапсырылды.

Қазақтар негізінен ең ауыр, ақысы аз жұмыстарды істеді, кейбір кәсіпорындарда олар бүкіл жұмысшының 60-70 пайызын құрады. Әйелдер мен балалардың еңбегі кеңінен пайдаланылды. Қазақстандағы орташа еңбекақы Ресейдегі кәсіпорындардағы орташа еңбек ақыдан 2-3 есе төмен есептелді.

Жұмысшылар өздерінің ауыр жағдайына қарсылықтар білдірді, бірақ олар саяси белсенді болмады. Қарсылықтың негізгі түрі жұмысқа келмей қалу, кәсіпорындардан қашып кету және т.б. Жұмысқа келмегендерді, қашқандарды күшпен қайтарды, ал 90-шы жылдардан бастап 3 айға соттауға дейін жаза қолданылды. Қазақстандағы алғашқы ереуілдің бірі 1849 жылы қазанда Көкшетау кенінде болды. 150 жұмысшы күрекпен, балтамен, балғамен қаруланып, жұмысты тастап бастықтан өздерінің еңбек ақысын төлеуді талап етті [13].

1887-1891 жылдары Өскемен, Семей жұмысшыларының толқуы кәсіпорын иелерін едәуір әбіржітті. Бұл толқуларды жергілікті өкімет күшпен басты, толқуға қатысқандар әкімшілік жазаға ұшырады және жұмыстан шығарылды. 1898 жылдың 5-ші наурызында Зырянск мыс руднигінің жұмысшылары ереуілге шығып, еңбек ақыны көтеруді және жұмыс жағдайын жақсартуды талап етті. 1893, 1895, 1899 жылдары Батыс-Сібір темір жол жұмысшыларының ереуілі болып өтті [14]. Бұл Қазақстан жұмысшыларының өздерінің әлеуметтік және экономикалық құқықтарын талап еткен алғашқы ереуілдері еді.

Қалалар далалық өлкенің қазақтары үшін сауда жасайтын, немесе, өнеркәсіптік өндірістер шоғырланған жерлер ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдени және саяси күші жиналған орталықтар болды.

Қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық өмірінің өзгеріп, әлеуметтік топтардың санасезімінің оянуына, томаға-тұйық жатқан көш-

пелі мал шаруашылығының ыдырап, оның бар қарқынмен дамып бара жатқан Ресей капиталистік өндірістік қатынасына тартылуына далалық өлкелерде орналасқан қалалардың тигізген әсері мол болды. Жергілікті жұмысшыларды аяусыз қанаудың, жұмыс уақытын шектен тыс ұзартудың, ең төменгі жалақы төлеудің нәтижесінде кәсіпорын иелері шаш етекпен пайдаға кенелді. Өнеркәсіп ілгері дамығанымен жергілікті ұлт өкілдерінен инженер-техник қызметкерлері мен білікті мамандар даярлауға онша көңіл бөлінбеді. Тау-кен кәсіпорны Қазақстан экономикасының ішкі сұранымына байланыссыз жұмыс істеді. Бұл жүйеге сырттан келген адамдар басшылық жасады, жұмысты ұйымдастырудың техникалық дәрежесі төмен болды, өндірілген пайданың бәрі Қазақстаннан тыс жерлерге жөнелтіліп жатты.

Әдебиеттер

- 1 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Издания Центрального комитета Министерства внутренних дел / под редакцией Н.А. Тройницкого. Семипалатинская область. – Т. 84. – СПб., 1905. – 139 с.
- 2 Обзор Семиреченской области за 1900 г. – Верный, 1902. – 68 с.
- 3 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Сыр-Дарьинская область. – Т.86. – СПб., 1905. – 131 с.
- 4 Нұрпейісов Т.Ә. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы қазақ ауылы (Далалық облыстардың мәліметтері бойынша мәселенің әлеуметтік-экономикалық талдауы). – Монография. – Петропавл, 2005.
- 5 Демко Дж. Орыстардың Қазақстанды отарлауы. – Алматы: Ғылым, 1997.
- 6 Брук С.И., Кабузан В.М. Динамика и состав населения России в эпоху империализма (конец XIX в. - 1917 г.) // История СССР, 1980. – №3. – С. 88-91.
- 7 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Издания Центрального комитета Министерства внутренних дел под ред. Н.А. Тройницкого. – Семиреченская область. – Т.85. – СПб., 1905. – 167 с.
- 8 Исабай Қ. Патшадан шен-шекпен алған қазақтар. Тарихи эссе. – Алматы: Өлке, 2007.
- 9 Смирнов А. Куляндинская ярмарка. Семипалатинск, 1924. 169 с.
- 10 Дильмухамедов Е.Д. Обрабатывающая и горная промышленность Казахстана в начале XX века // Казахстан в канун Октября. – Алматы, 1968. – 284 с.
- 11 РФММ. 102-қ., 246-т., 74 (б)-іс. 23-п.
- 12 Тургайские областные ведомости. – 1892, 21 июня. – №25.
- 13 Аманжолов К.Р. Қазақстан тарихының дәрістер курсы. 1-кітап. Ежелгі заманнан 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін. – Алматы: Білім, 2004.
- 14 Обзор Семипалатинской области за 1896 год. – Семипалатинск, 1900.

Г.Т. Жораева

Экономические и социальные изменения казахского народа (II половина XIX века и начало XX века)

Всем известно, что социальное положение казахского народа на протяжении веков было напрямую либо косвенно лейтмотивом различных работ. Автор данной статьи затронул не только положение народа того периода, но и выявил причины и последствия этого положения. Кроме этого, читателям представлены некоторые интересные факты и идеи.

G.T. Zhorayeva

Economy and social changes of kazakh people (II half of XIX century and beginning of XX century)

The fact is that, a social status of the Kazakh people throughout centuries directly or indirectly a leitmotif of various scientific works. The author of this article has mentioned not only position of the people of that period, but also has established the reasons and consequences of this position. Besides, some interesting facts and ideas are presented to readers.

ӘОЖ 94 (574) : 316. 34

Болат Сайлан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Тоқырау жылдарында құрылысқа жегілген жастар (1970-80 жж.)

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстан жастарының тоқырау кезеңі аталған 1970-80 жылдардағы құрылыс саласындағы еңбекке тартылуы баяндалады. Сонымен қатар олардың ел ішінде ғана емес, республика аумағынан тыс жерлердегі ірі құрылыстарға қатысуы да қарастырылады.

Түйін сөздер: жастар, құрылыс, бригада, жолдама, студенттер, жігіттер, қыздар.

Кеңестік қоғамда комсомол атын иемденген жастар қоғамдағы еңбектің барлық саласына пайдаланылды. «Комсомолдық жолдама» деп аталатын бір парақ қағаз жастарды тек республика аумағында емес, сол уақытта одақ атын иеленген кеңестік мемлекеттің алыс аймақтарына да айдады. Әсіресе құрылыс саласына көптеп жіберілді. Қазақстан жастары да сол еңбекшілер қатарында тұрды.

1970-жылдары солақай саясаттың бастамасымен Қазақстан жастарын жұмысқа жегу мақсатында патриоттық қозғалыстың жаңа түрлері пайда болды. Олар: «Қазақстан сағаты», «Кіші механизацияны өндіріске енгізу», «Бесжылдықты төрт жылда орындау» және т.б. аталды. Республиканың жас еңбеккерлері арасына «Тапсырманы орындап болмай жұмыс орнынан кетпейміз», «Өзің білгенді жолдасыңа үйрет», «Бүгін – жаңашылдар межесі, ертең – комсомолдық норма», «Өз ісің мен әрекетің жұмысшы арына сәйкес келсін» – деген түрлі ұрандар тасталды. Мысалы, 1970 жылдардың басында ғана республиканың ірі-ірі құрылыстарына комсомолдық жолдамамен 15 мыңнан астам Қазақстан мен ТМД республикалары комсомолының өкілдері келді. Ал 1971-1973 жылдары комсомолдық жолдамамен республика құрылыстарына 20 мыңнан астам жастар жіберілді. Соның нәтижесінде республика құрылысшыларының басым көпшілігі жастар, яғни әрбір құрылыстағы барлық жұмысшылардың 50-60 пайызы жас жігіттер мен қыздар болды [1, 7-б.].

Әсіресе Қарағанды металлургия заводына, Арқалық қаласы құрылысына, Алматы мақмата тоқу комбинатына, Павлодар трактор заводына, Лисаков кен байыту комбинаты және

т.б. ірі-ірі құрылыстарға жастарды комсомолдық жолдамамен жұмысқа жіберу қарқын алды. Жастар бұл уақытта Қазақстанның Ақтау, Жетібай, Жаңа Өзен, Арқалық қалаларының бой көтеру құрылысына көптеп тартылды. Бір ғана Арқалық қаласындағы құрылыс объектілерінің бой көтеруіне комсомолдық жолдамамен 1564 жігіттер мен қыздар жіберілді [2, 326-б.]. Осы жылдары студенттік құрылыс отрядтарының құрамы жыл сайын сан жағынан өсті. 1959 жылы республика студенттік құрылыс отрядтарының құрамына небары 339 адам қатысып, олар 250 мың сомның қаржысын игерсе, 1973 жылы Қазақстан студенттік құрылыс отрядтарының қатарында 50 мың жас жігіттер мен қыздар жұмыс істеп, олар 160 миллион сомның қаржысын игерді [2, 327-б.].

Студенттер Қызылорда жеріндегі және Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қызлқұм инженерлік су құрылысы жүйесін, Талдықорған қаласындағы аккумулятор заводын, Қарағанды облысы Волын мал шаруашылық кешенін, Маңғышлақ, Жезқазған облыстарындағы жаңа құрылыстарды салуға қатысты. Сондай-ақ, республика жастары Қазақстандағы білім ордасының бірі әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жаңа кешенін салуға да араласты.

Осы кезде студенттердің күшімен 36 мыңнан астам тұрғын үй, мәдени-тұрмыс, өндіріс орындары салынып, пайдалануға берілген. Олардың арасында алыстаған ауылдардағы тұрғын үйлер, ауыл клубтары, колхоз және совхоздардағы басқа да құрылыстар бар. Республика совхоздарында және құрылыс ұйымдарында жұмыс істеген жастардың құрылыс отрядтарының қолымен тұрғын үй, мәдени-

тұрмыстық және өндірістік міндеттегі 27939 нысан салынды, 573 миллион сомнан аса күрделі салымдар игерілді, 3120 “Спутник” пионер лагері ұйымдастырылды [3].

Ауыл құрылысшылары қойшылар үшін пайдалануға 1,5 жылдың ішінде 1137 қой қора және 830 үйді пайдалануға берді. Ауылдық жерлерде пайдалануға 421 мың шаршы метр тұрғын үй, 12 мың орындық мектеп, жалпы 2 мың орындық мектепке дейінгі балалар мекемелері және басқа да объектілер пайдалануға берілді [4]. Осы жылдары бір ғана Шымкент фосфор зауытының құрылысында 3500 адам істесе, оның ішінде 30-ға дейінгі жастар саны – 1840, комсомол мүшелерінің саны – 1010 адам болған. Қала бойынша 16 комсомол-жастар бригадаларында 128 жас құрылысшы еңбек еткен [5].

Қазақстан жастары 1970 жылдардың басында республика ішінде ғана емес, Одақтық көлемде көтерілген құрылыс жұмыстарына да тартылды. Соның бірі Байкал-Амур теміржол магистралі (БАМ) еді. Кеңес елі тарихының шежіресінде Днепрогэс, Түрксіб, Магнитка, Братск, Атоммаш, КамАЗ және т.б. ірі құрылыс нысандары туралы аз айтылмаған. 1970-жылдардың тағы бір қолдан жасалған аңызы, XX ғасырдың орасан зор құрылыс нысаны, социалистік қоғамның бірлескен еңбегінің керемет нәтижесі деп кезінде аңызға айналған Байкал-Амур теміржол магистралі еді.

КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1974 жылғы 8 шілдедегі “Байкал-Амур теміржол магистралінің құрылысы туралы” Қаулысында: “Бұл магистральдің құрылысы барысында Днепрогэс, Магнитка, Түрксіб, Волга автомобиль зауытын салу, тың игеру, Ташкент қаласын қалпына келтіру және КСРО халықтарының мызғымас бірлігі мен өшпес құлшынысының көрінісі болып табылатын басқа да ірі құрылыстарды жүзеге асыру барысында қалыптасқан тәжірибе мен дәстүрлер кеңінен пайдаланылсын”, – деп көрсетілді [6, 3 б.].

Қазақстандықтар үшін БАМ құрылысына қатысу тың игеру эпопеясының, Павлодар-Екібастұз көмір кешені мен Қарағанды металлургиялық кешенінің нысандары құрылысының дәстүрлерін жалғастыру болып саналды. БАМ құрылысының басталуы туралы Алматыда тыңды игерудің 20 жылдығын атау барысында хабарланып, бұл құрылыстың жалпыхалықтық құрылыс нысанына айналатындығына сенім білдірілді. Қазақстаннан жас өндірісшілер қатары жасақталды. Олардың бір бөлігі ағаш

кесуші, балташы, тас қалаушы, сылақшы, жол монтерлері, сүеткізгіш құбырлардың монтажниктері мамандықтары бойынша еңбек етсе, екінші бөлігі – трасса бойымен тұрақты кенттер мен станцияларды жобалау және тұрғызу жұмысымен шұғылданды, үшіншісі – құрылысқа жабдықтар мен материалдарды, механизмдер мен техниканы, өнеркәсіптік және азық-түлік тауарларын және т.б. жеткізумен айналысты. БАМ – құрылысына ТМД бойынша 77 ұлттың өкілдері қатысты, бүкіл одақтық республикалардан келген құрылысшылар жол ашып, рельстер салды, көпір орнатып, тоннель, станция, кенттер мен қалаларды тұрғызды. Құрылыс алаңында – түрлі республика, өлке, облыспен қала өкілдері болды. Олар жана 200 станция мен разъез, 20 ірі кенттер мен қалалардың құрылысына қатысты [6, 3 б.].

Аталған нысандардың әрқайсысының өзіндік ажырату белгісі болды. Тағы бір айыру белгісі – құрылыс ұйымдарының атауларында: Главмосстрой, АрмБАМстрой, КазахБАМстрой, ТаджикБАМстрой, ЭстБАМстрой, МолдавстройБАМ, УльяновскБАМстрой... “Комсомолец Украины”, “Комсомолец Азербайджана”, “Комсомолец Ленинграда” – осылайша жастар өздерінің екпінді отрядтарына атау тақты. Бұл атаулар кезінде Кеңес Одағының барлық өңірінен БАМ құрылысына жаппай жастарды комсомолдық жолдамамен аттандырылғанының куәсі бола алды. Қазақстан жастарынан жасақталған құрылысшылар мен бригадалардан басқа, ірі бөлімшелер де БАМ-ға жіберілді. Олардың қатарында – Қарағанды шахта басқармасының ГОРЕМ-28 (бас жөндеу-қалпына келтіру поезы) ұжымы болды. Бұл ұжым Қазақстаннан БАМ-ға орын ауыстырып, 1974 жылы БАМқұрылысжол бөлімшелерінде жұмыс істеді [2, 329-б.].

10 жыл ішінде магистраль трассасында орасан зор көлемді құрылыс-монтаждық жұмыстар жүргізілді. Жер төсеміне 570 млн. астам куб метр топырақ төгілді, шамамен 4200 көпір мен басқа да жасанды құрылыстар тұрғызылды, 5 мың километрден астам негізгі және станциялық теміржол желісі салынды. Жаңа қалалар мен жақсы жабдықталған кенттер тұрғызылды. Жалпы көлемі 570 мың шаршы метрден аса іргелі тұрғын үйлер мен жалпы сомасы 400 млн. сомнан асатын басқа да әлеуметтік-тұрмыстық нысандар пайдалануға тапсырылды. Осы құрылыстарға жігіттер мен қатар қаншама қазақ қыздары да қатысып қайтты. Тек алғашқы

он жыл ішінде Кеңес Одағы БАМ құрылысы үшін 10 миллиард сом шығындады [7].

Қазақстанда жұмыс тобы ұлттық отрядтарын мақсатқа сай бағытта қалыптастыру үдерісі тоқтатылып, қалалық өнеркәсіпте жұмыс жасайтын еңбекшілер арасында, әсіресе, зауыт-фабрикаларда жас қазақтардың үлес салмағы азайды. Индустрияға қажетті мамандарды даярлайтын кәсіби-техникалық училищелер мен арнаулы орта білім беру орындарына түсетін жастар арасында қазақ ұлтты жастар саны аз болды. Мәселен, Алматыда машина жасау және өңдеу кәсіпорындарындағы қазақ ұлты жұмысшыларының саны 80-жылдары бар болғаны 16,5%-ды, “Эталон” зауытында – 8,4, төмен вольтты аппаратура зауытында – 6%-ды құрады. Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы өнеркәсіп, көлік және байланыс кәсіпорындарындағы жұмысшылардың шамамен 12%-ы, Ыссык резеңке-техникалық зауытында – 2,7, Түрген жөндеу зауытында – 4, ал “Ыссык” кеңшарында – 7%-ы қазақ ұлтты болды және олардың саны үнемі қысқарып отырды. Бұл жерде биліктің Бүкіл сыныппен – фермаға, Бүкіл сыныппен – қой шаруашылығына бастамалары жастарды ауылшаруашылығына, оның ішінде әсіресе мал фермаларына жаппай аттандыруы кедергі келтірді [8, 76 б.].

Сөйтіп, кеңестік кезеңнің 1970 жылдарындағы құрылыс саласындағы еңбек жастар күшінің төзімді екендігін көрсетті. Кеңестік билік өз шешімдерін орындауға мәжбүр ете отырып,

жастарды барлық құрылыс учаскелеріндегі еңбекке пайдаланды. Жастарға социалистік қағиданың талабына сай қоғамдық мүддені өз мүддесінен жоғары қоюға үйретті, еңбекке деген ұмтылыс пен құлшыныста белсенділік көрсетуге мәжбүр етті.

Әдебиеттер

1 Мусин Ч. Қазақстан партия ұйымдарының республика жастарының еңбек белсенділігін арттыру жөніндегі қызметі. – Алматы, 1974. – 20 б.

2 Сайлан Б.С. Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж). – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2011. – 433 б.

3 ОҚОШӨММ. 362-қ., 1-т., 818-іс, 4,5,6,8-пп.

4 ОҚОШӨММ. 362-қ., 1-т., 800-іс, 1,5,6,7,44,45,47-пп.

5 ОҚОШӨММ. 362-қ., 1-т., 974-іс, 104, 105, 108-пп.

6 БАМ (Байкало-Амурская магистраль) – панорама всенародной стройки. Выпуск двенадцатый. – Амурское отд: Хабаровского кн. Изд., 1986. – 152 с.

7 Квятковский О. В конце тоннеля // Казахстанская правда. – 2006. – 1 август.

8 Чистяков Н.М. Классовое воспитание молодежи. – Алма-Ата: Казахстан, 1988. – 192 с.

Б.С. Сайлан

Молодежь, принужденная на строительство в застойные годы (1970-80)

В данной статье рассказывается о том, как Казахстанскую молодежь принуждали к труду в сфере строительства в 1970-80-х годах. На ряду с этим рассматривалось участие их в строительных работах не только в стране, но и за ее пределами.

B.S. Sailan

The youngsters, that were compelled for construction during the Great Depression (1970-80)

The given article tells about how youngsters from Kazakhstan were compelled for construction in 1970-80 years. Moreover, was considered their involvement into the construction works not only in the countryside, but also abroad.

ӘОЖ 930.1 / 811.512.122'272

Д.А. Махат

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан, Астана қ.

E-mail: danagul77@mail.ru**Ұлт зиялылары мемлекеттік тіл тағдыры туралы**

Аңдатпа. Автор қазақ тарихы мен мәдениетінде өзіндік орны бар аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың өмірі мен шығармашылығына, қоғамдық қызметіне нақты тарихи деректер негізінде талдау жасап, Нұртас Оңдасынов пен Өзбекәлі Жәнібековтың ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау, қазақ тілінің тағдыры туралы қолжазбаларының түп нұсқасын ұсынған.

Түйін сөздер: Нұртас Оңдасынов, Өзбекәлі Жәнібеков, ұлт, қазақ тарихы, қазақ әдебиеті, қазақ тілі, қазақ зиялысы, мәдениет.

Тіл тағдырына алаң болып өзекті тақырыпқа қалам тартқандардың бірі – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов. Үстіміздегі жылы қазақтың біртуар зиялы азаматы Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың туғанына 108 жыл толды. 1904 жылы 26 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданының Үшқайың ауылында дүниеге келген Нұртас Дәндібайұлы өзінің саналы ғұмырын кеңес-партия қызметіне, білім-ғылым саласын дамытуға жұмсады. 25 жыл (1938-1963) Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, 18 жыл (1940-1958) КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Ұлттар Кеңесі Төрағасының орынбасары (1946-1950), КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы Төрағасының орынбасары (1954-1958) болды. 1962 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін шығармашылықпен айналысып қазақ тіл білімінің ілгері жылжуына өзіндік үлесін қосты. 1969 жылы «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігі», 1974 жылы «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігі», 1984, 1989 жылдары 2 томдық «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігі» жарық көрді.

«Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігі» жөнінде «Қазақ әдебиеті» (1975 жыл 28 наурыз) газетіне пікір жазған Асқар Егеубаев: «Көлемді еңбек өзінің нақтылығымен, тіл тазалығымен, жинақылығымен оқушысын жалықтырмай, көркем шығарма оқығандай жетектеп отырады. Ойлары тиянақты, жүйелі. Басы артық пікірлер, тым қазалап кетушілік байқалмайды», – деп жазды.

Нұртас Дәндібайұлы жетпісінші жылдардың өзінде қазақ тілі мен мәдениеті тақырыбын арқау еткен мақалалар жазып мерзімді басы-

лымдарда жариялап отырды. Мысалы: «Қазақ әдебиеті» газетінің 1975 жылғы 3 қазандағы № 40 санында «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды», осы газеттің 1976 жылғы 3 желтоқсандағы № 49 санында «Тағы да тіл мәдениеті жайында» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Автор 1976 жылғы 3 желтоқсандағы № 49 санында «Тағы да тіл мәдениеті жайында» атты мақаласында: «Қазір қазақтың әдеби тілі қалыптасып, бір үлкен арнаға түскені сөзсіз. Бірақ, солай бола тұрса да ойлап қарасақ, тіл мәдениетін көтеру, оның теориясын шыңдау жолында әлі де істелетін көп жұмыстар бар сияқты.

... Мәдениетті халыққа жарасымды мәдени тіл және ат төбеліндей айқын жазба лайық» - деген пікір білдірген. Осы басылымның 1979 жылғы 1 маусымдағы №22 санында «Сөз алақұлалығы сауаттылыққа зиян», 30 қарашадағы №3 санында «Сұранып жүрген сөздер», «Жалын» журналының 1989 жылғы №5 санында «Тайталассыз тірлік жоқ», «Орталық Қазақстан» газетінің 1989 жылғы 24 қыркүйектегі санында «Тіл өнері дертпен тең» және басқа да мақалаларын қазақ тілін жетілдіру, дамыту мәселесіне арнады.

1989 жылдың қыркүйек айында еліміздің тарихына биік белес ретінде енген екі маңызы зор оқиға болды. Оның біріншісі – СОКП Орталық Комитетінің қыркүйек Пленумы «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты туралы» платформа қабылдады, екіншісі – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясы «Қазақ ССР-індегі тіл туралы» Заңды бекітті. Алайда, құжаттардың қабылдануын мәселенің түпкі-

лікті шешілуі деп қарауға болмайтын еді. Ең бастысы жақсы ниет қағаз жүзінде қалмай, оларды өмірде берік орнықтыру міндеті тұрды. Оған бүкіл қоғамның күнделікті тұрақты, қажырлы жұмысы қажет болатын. Ана тілін мемлекеттік тіл деңгейіне көтеруде мерзімдік баспасөздің зор рөл атқарғаны белгілі. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары қарқынды көтеріліп, әріптерді ауыстыруға байланысты үлкен айтысқа ұласты. Кеңестік тоталитарлық жүйе орныққан сайын өз ана тілің мен мәдениетіңді ұлықтау ұлтшылдықтың белгісі болып саналып, саяси жүйе сүзгісінен өтпей қалды. Тіл мәселесіне жандары ауырған ұлт зиялылары бұл мәселені оқтын-оқтын көтеріп отырды. Мерзімді баспасөзде тіл проблемасы сексенінші жылдарының соңы мен тоқсаныншы жылдарының басында «Жұлдыз», «Жалын» журналдары мен «Қазақ әдебиеті» және басқа да газеттерде ерекше көтерілді. Тіл туралы Заң жобасын талқылауда белсенділік көрсетіп, әртүрлі пікірлер мен талас-тартыстарды қатар басты.

Біз төменде қазақтың зиялы азаматы Өзбекәлі Жәнібековтың Нұртас Оңдасыновқа жазған хатын Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің 2330-қорынан, «Орталық Қазақстан» газетінде басылған Нұртас Оңдасыновтың «Тіл өнері дертпен тең» деген мақаласын Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы «Сирек кітаптар мен қолжазбалар» қорынан алып баспаға ұсынып отырмыз.

Аса қадірлі ағамыз Нүрекене!

Сіздің «Қазақ әдебиетіндегі» мақалаларыңызды түгел оқып шықтым. Соңғы кезде жөнді көңіл бөлінбей келе жатқан тіл мәдениетінің өзекті мәселелері жайлы айтқан пікірлеріңіз өте ұнады.

Көптеген сөздердің балама мағынасы жөніндегі ұсыныстарыңыз да дұрыс қойылған. Бірақ өзіне түсініксіз нәрсенің бәрін өзбектікі дей қарайтын ғалымсымақтар «нама», «қан» сияқты қосарлы мағыналарды түсіне бермеуі, тіптен қабыл алмауы да мүмкін. Оның үстіне көп сөздер, әсіресе жер аттары орысша үндесуіне қарай бейімделіп айтылып жүр. Тіптен орыс сөздерін қазақша баламасын іздемей-ақ қалай болса солай ала салушылық та кездеседі.

Өзіңіз айтып отырған «Індер» қазір «Індер», Алматы жанындағы «Бұтақты», «Кім асар» шатқалдары «Бутаковка», «Комиссаровка» болып, Гурьевтегі «Қан ішкен» селосы

«Ганюшкино» болып айтылып жүр. Мұның дұрыстығын дәлелдеу үшін Індер деген неміс кәсіпкері болып-ты мыс, «Комиссаровка» шатқалы делінетін себебі: азамат соғысы кезінде Алматыдан 20 км жердегі тау арасына Фурманов т.б. большевиктер листовкалар тыққан екен деген лақап-аңыздар да молшылық.

Бізде өзгеріс-жаңалықтар жоқ. Ағамызға барып Орталық Комитетте болған маслихат жайлы айтып едім, жүре-тұра сөйлесілгендіктен және өзіне тартар ыңғай бермеген соң (әлде біреу тағы да «сыбырлап» қойған ба қайдам?) Сіздің сәлеміңізді айта алмадым. Оған кешірім сұраймын.

Сізбен бір кеш отырып халықтың тарихы, мәдениеті мен өнері, оның келелі мәселелері жайлы әңгімелескеніме өте қуаныштымын. Менің жеке өз басым партия қандай қызмет тапсырса да халқымыздың тұрмысы, мәдениеті мен өнеріне қолдан келгенше (оны жұрт біледі) үлес қосатындығыма Сізді сендіре аламын.

«Біздің Отан» газетінің алғашқы номерлерін Сізге жіберген едім, алған боларсыз.

Бүгін А. Көбесовтың «Әл-Фараби» атты кітабын сізге ұсынып отырмын. Оқып танысарсыз.

Жеңгейге, туысқандарға бізден сәлем.

Құрметпен – Өзбекәлі

3 март 1977 жыл.

Индекс: 121471

Москва Г – 471

Улица Гвардейская 1, квартира 20

Ундасынову Нұртасу Дандыбаевичу

Индекс: 480103

Алма-ата 103

Ул. Октябрьская 88, кв. 28.

Джанибекову Узбекиали

ҚРОМА – Қ.2330; т.1, іс 47. – 1-2 пп.

«Тіл өнері дертпен тең»

Иә, ұлы Абай түсінген, қадыр қасиетін білген, оның соңына түскен адамға тіл өнері, сөз өнері дерт екенін дөп басып айтқан-ау. Алайда, соңғы кезде тіл мәселесі жекенің емес ұлттың, халықтың дертіне айналып кетті ғой. Сол індеттің бетін қайырып, аурудың алдын алу үшін яғни, жоғалып бара жатқан тілімізді қайта жандандыру үшін Қазақ ССР-нің Тіл туралы заңының қабылдануы қазақ халқы үшін тарихи оқиға. Олай деуімнің себебі бар. Мен 1926 жылдан бастап Коммунистік партияның мүшесімін. Содан бері тіл мәселесіне байланысты партиялық документті алғаш көріп отырмын.

Бұл қайта құрудың үлкен бір жаңару, өркендеу дәрежесіндегі сүбелі оқиғасы деп түсінемін. Ұлы Октябрь революциясынан кейін көптеген ұлт өкілдері гүлденді. Бұрын жазу-сызуы дамымаған кейбір халықтар жаппай сауаттылық жолына түсті. Біздің қазақ халқы да Ахмет Байтұрсыновтың араб графикасына негізделген тұңғыш қазақ әліппесі, емлесі арқылы оқып, жаппай сауаттылыққа бет бұрды.

Қайсыбір автономиялық өлкелерде және облыстарда ұлттық бөлімдер ашылды. Мысалы, сол кезде жүз мың қазақ тұратын Астрахань облысында қазақша газет, техникум, мектептер болатын. Бірақ, отызыншы жылдардан кейін лениннің ұлт саясаты өрескел бұрмаланып кетті. Дәл осы кезде тек біздің республикада емес, туысқан республикалардың бәрінде ұлттық мектеп, балабақшалар біртіндеп-біртіндеп жабыла бастады. Әрине, оның субъективті, объективті себептері де көп болатын. Соның бірі – Ұлы Отан соғысы. Мәселе қай тілде оқытуда емес, қалайда елді жаудан қорғауда болды. Кейіннен «балаларын» қай тілде оқыту ата-аналар еркінде» деген пікір етек алып, өрістеп кетті. Оның байыбына бармаған кейбір ата-аналар «жоғары мәдениеттілік деген осы екен» деп өз ана тілінен безініп, балаларын орыс класына бере бастады.

Және сол жылдары «Советтер Одағында ұлт мәселесі түпкілікті шешілді. Былайғы жерде совет халқы жақындасып, бірігеді» деген ұран пайда болды. Ал сол жақындасу, бірігудің ішкі мағынасын ешкім түсіндірген жоқ. Дүмбілез, елпек басшылар оны – жаппай орыс тіліне көшу деп түсінді де, іс-әрекетке кірісіп кетті. Ол ондаған жылдарға созылды. Ақырында халық пен халықты, ұлт пен ұлтты жақындастырамыз деп жүріп, керісінше бір-бірінен қашықтатып алды. Соның нәтижесінде келіп, қазіргі таңда барлық республикаларда тіл мәселесі үлкен проблемаға айналып отыр. Әрине, кемшілікті көріп, оны бірді-екілі кісіге, мысалы Сталин мен Брежневке жаба салу оңай. Олардың қателігі бар, ақтамаймын. Бірақ, Орталық Комитет сол уақыттарда қайда болды, оның мүшелері өз пікірлерін неге білдірмеді, ауруды асқындырмай, неге алдын алмады деп ойлаймын да жүремін...

Иә, үлкен халықты «старший брат» деп өмір бойы сыйлап келемін, бірақ, әлі күнге дейін бір рет: «младший брат» деп менің арқамнан ешкім қаққан емес. Мұндай қарым-қатынас тұрған жерде достық, бауырластық жайлы сөз қозғау

қиын. Үлкенді сыйлау, кішіге құрмет бар ұлттың бойында болса екен деймін.

Тағы бір таң қалатыным, осы ғұмырымда, қанша уақыт партиялық қызметте болсам да әлі «мына жерде шовинизм бой көтеріпті, соған байланысты қаулы шығыпты» дегенді естіген де, көрген де жоқпын. Менің қарапайым түйіндеуімше, ұлтшылдық шовинизм бар жерде ғана туындайды. Жарқын идеясын іске асырам дейтін партия, беделін көтеремін деген партия осы жағына мән берсе деймін.

Әңгімемді «тіл өнері дертпен тең» деген сөзден текке бастаған жоқпын. Осы өнердің дертіне мен де жиырма бес жылдан бері шалдыққан адаммын. Яғни өмірімнің соңғы жылдарын арабша-қазақша, парсыша-қазақша түсіндірме сөздік жасауға арнап келемін. Жемісі де жоқ емес. Төрт-бес кітабым жарық көріп, оқырман қолында жүр.

Қай халыққа болсын өз ана тілі қадірлі, қас-терлі. Қазақ үшін де өз ана тілі ерекше. Себебі, қазақ өз тарихын, шежіресін, сан ғасыр басынан өткізген қуанышы мен күйінішін сөз өнерінде қалдырып, айшықтаған. Алтыннан сарай, алынбас қамал тұрғызбаса да, жүйелі сөз, аталы ойға құлақ түріп, көсегесі көгерген, өркені өскен ел-жұрт болған. Сондықтан да ана тіл – қазақ үшін қасиетті, киелі. Сол тілдің болашағын ойлап, оны заңдастырамыз яғни, қазақ тілін Қазақ республикасында мемлекеттік тіл етіп, орыс тілін ұлтаралық тіл деп танып және республикадағы өзге халық, ұлт, ұлыс тілдерінің дами беруіне жағдай туғызамыз деп отырған партиялық идеяға сол партияның ардагері ретінде қуана қол соғып қоштаймын.

Ендігі жерде осы тілдің дамуына, оның жетілуіне жан-жақты назар аударып отыру – бәрімізге ортақ міндет. Ол үшін ана тілімен қатар басқа халықтардың тілдерін тілдерін де қадірлеу, оларды ерінбей, ықылас қойып үйрену – қасиетті іс. Халықтар, ұлттар бір-бірінен тіл үйрену арқылы ғана достасады, жақындасады. Мысалы, қазақтың өткен дәуірінде оның тіліне едәуір әсерін тигізген араб пен парсы тілдері деуге әбден болады. Бірақ, бұл құбылыс бір-жақты болмаған. Араб, парсы тілдеріне түркі тілінің де ықпалы аз емес.

Өмірімнің соңғы жиырма бес жылын арабша-қазақша, парсыша-қазақша түсіндірме сөздік жазуға арнап келемін деп жоғарыда айттым. Ондағы мақсатым – қазақ тіліне енген және жұртшылық азды көпті қолданып жүрген, ескі

қазақ жазбаларында жиі кездесетін, әрі сол жазбалардың бетінде тарыдай шашылып жатқан араб, парсы сөздерін мүмкіндігінше бір жерге жинап, түсіндірме беру еді.

Орта ғасырда Шығыс ойшылдары мен ақындары, ғалымдары мен саяхатшылары араб алфавитімен жазылған дүниежүзілік маңызы бар қаншама құнды шығармалар қалдырып кетті. Олардың ішінде әлемге әйгілі біздің жерлестеріміз Әбунасыр әл-Фараби, Юсуп Баласағұни, Махмуд Қашғари, Әбурайхан Бируни және тағы басқалар бар еді. Тіпті алысқа сілтемей-ақ, өзіміздің қазақ халқын ғана алатын болсақ, ол ұзақ уақыт араб алфавитін пайдаланып келді. Демек араб жазуын білген кісілерге отызыншы жылдарға дейінгі қазақ тілінде шыққан кітаптарға жол ашық. Сауатымды ауыл молдасынан, ескі араб алфавитімен ашқандықтан араб тілі маған қымбат. Халқымыздың небір дастандарын, батырлар жырын осы алфавит арқылы оқып, содан сусындап өстім. Содан сөздіктер қазақ халқына қажет-ау деген ой жетелеп, көп жылдар бойы осы еңбекпен шұғылдандым. Ұзақ уақытымды шаң басқан архивтер мен кітапханаларда өткізгеніме өкінбеймін. Себебі, бұл еңбек қазақ тілін пайдаланушыларға, оны зерттеушілерге, атап айтқанда оқытушылар мен оқушыларға, жазушылар мен журналистерге, тарихшылар мен этнографтарға, жалпы интеллигенцияға, араб тіліне қызығушыларға пайдалы көмекші бола алатынына көміл сенемін.

Ал, бүгінгі қазақ тарихы, әдебиеті мен тілі бойынша дайындалатын мамандарымыз араб негізді қазақ жазуынан да, араб жазуынан да түгелдей хабарсыз. Міне, заңда бұл жайында арнаулы статья берілуі әбден орынды. Бұл қазақ тарихы мен тілі, әдебиеті, өнері, этнографиясы мен қоғамдық ой тарихы бойынша мамандар дайындауды жақсартады деп сенеміз.

Соңғы кезде, заңды талқылау үстінде қазақ тілімен қатар орыс тіліне де мемлекеттік статус беру туралы пікір қылаң берді. Ол қатар тұрған

екі заттың орнын ауыстырумен пара-пар. Қазақ тілі мемлекеттік статус берілген жағдайда ғана дамуға мүмкіндік алады. Өйтпеген жағдайда қазақ тілі бұрынғы жағдайында қала береді. Орыс тілі онсыз да ұлтаралық қатынас міндетін атқарып келеді ғой.

Тағы бір айта кететін жай, жоғарыда айтып өттім, баланың қай тілде оқуын ата-анасы ұйғарған кез болған деп. Өз ана тіліндегі мектепке бергісі келмейтін ата-аналар әлі де баршылық. Сондықтан қостілділік принципі мектеп, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде міндетті сипат алмауға тиіс. Баланың өз ана тілінде, бір ғана тілде сөйлеп, қалыптасуының оның санасының жетілуіне ерекше әсері бар. Тілі енді ғана шыққан балаға екі тілді қатар алып жүру ішкі болмысына кері әсер беруі мүмкін. Бұл ойымды психологтар, педагогтар тұжырымына сүйеніп айтып отырмын. Бүгінгі ана тіліміздің жұтаң тартуы кезінде ата-аналардың төл тіліне енжар қарауынан. Сондықтан ашығын, анығын айтқанда қазақ балалары қазақ мектебінде оқымайынша, қанша заң қабылданса да, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде базасы молайып, құзыры биіктемейді.

Сөз соңында айтарым, заң бекітілді, тек менің бір қауіпім – бізде қаулы-қарарлар қабылданады да, іс жүзіне аспай, аяқсыз қалатыны бар. Тіл туралы Заң да сондай кепті кимес пе екен деп, көрі жүрегім сыздайды. Қашан да жауапкершілікті талап еткен заң – нағыз заң. Сондықтан, ел азаматтарына, ел ағаларына, қолында билігі бар басшыларға жалтақтамай, елпектемей, сабырмен тіл тағдырын қорғандар деген аталық тілек айтқым келеді. Сонда ғана біз дертімізден арыламыз, тіліміздің көсегесі көгереді.

Нұртас Ондасынов
Еңбек және партия ардагері.
Москва
«Орталық Қазақстан» газеті.
– 1989. – 24 сентябрь. - №220

Д.А. Махат

В статье анализируются вопросы сохранения национального языка и культуры как основных компонентов этнокультурной идентичности в Казахстане. Рассматриваются особенности языковой политики в СССР и те проблемы, которые под влиянием прошлого усложняются в современных условиях.

D.A. Makhat

National figures about lot of state language

The issues of preservation of the national language and culture as the main components of ethnic and cultural identity in Kazakhstan are analyzed in this article. The features of the language policy in the USSR and the problems that are under the influence of the past is complicated at present are considered.

УДК 94(574):37:2»1850/1917»

З.Т. Садвокасова, А.Т. Ахметжанова

Грантовая поддержка исследований ученых

Аннотация. В статье освещена работа участников проекта «Казахстан в составе Российской империи: история взаимоотношений колонии и метрополии». Финансирование исследований позволяет добиться определенных результатов. Это является доказательством реальной трансформации университета в научно-исследовательский, на что направлены усилия Президента и руководства университета имени аль-Фараби.

Ключевые слова: Президент РК, «Богатырь», «Карачаганак», «Кашаган», компания ENRC, «Казахмыс», МОН РК.

Президент РК ежегодно обращается с Посланием к народу Казахстана. Это возможность для всех нас осмыслить пройденный путь, подняться над суетой быстротечных событий, сверить курс, наметить новые ориентиры. На первом, после прошедших выборов в Мажилис 2012 года, совместном заседании двух палат Парламента Президент РК Н.А. Назарбаев выступил с ежегодным Посланием. В нем были отмечены достижения страны не только за год, но и за 20-летний период обретения независимости. Были отмечены трудности начального этапа. Переход к рыночной экономике проходил в сложных условиях. Приватизация предприятий дала свои реальные результаты. Время доказало правильность выбранного пути.

Нашей стране удалось преодолеть мировой финансовый кризис, благодаря мерам, предпринятым правительством и до 2015 года РК должна войти в число развитых стран. Как отметил Н.А. Назарбаев: «В 2011 году экономика страны выросла на 7,5 процента, ВВП на душу населения превысил 11 тысяч долларов. В государственную собственность возвращена значительная доля ранее проданных активов. Теперь основные активы месторождений “Богатырь”, “Карачаганак” и “Кашаган”, компания ENRC и “Казахмыс” будут в государственной собственности. Теперь все пакеты акций находятся в Казахстане».

Казахстан вступает в третье десятилетие своей независимости, на новый этап своего развития. Разработаны 10 направлений, касающиеся занятости населения, обеспечения казахстанцев доступным жильем, развития промышленности, повышения качества оказания

услуг населению, управления государством, модернизации судебной системы, качественного роста человеческого капитала, медицинских услуг, совершенствования пенсионной системы, разработки индустриально-инновационных проектов.

Каждое направление, выделенное Президентом РК, является важным и актуальным для всех казахстанцев. Они охватывают все сферы деятельности. Для работников системы образования особенно значимы задачи, связанные с обучением подрастающего поколения в школах и вузах. Н.А. Назарбаев обратил внимание на необходимость усиления модернизационных процессов. Примерами служат Назарбаев-университет и интеллектуальные школы, на них должны равняться другие учебные заведения.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби – ведущий вуз Республики Казахстан. Он одним из первых включился в мировой образовательный процесс. Поэтому задачи, выдвинутые в Послании Главой государства, нацеливают на дальнейшее развитие в университете образования и науки. С прошлого года в нашем учебном заведении идет процесс трансформации в исследовательский университет. Поддержка ученых, о чем было подчеркнуто в выступлении Президента, и возможность создания необходимых условий для реализации инновационных идей свидетельствует о правильности выбранного курса нашего университета. В Послании подчеркнута важность интеграции науки и производства. Выпускник вуза еще не полноценный специалист, для приобретения высокой квалификации необходимо время. И указание на создание

независимой системы подтверждения квалификации показывает, что свои теоретические знания выпускники должны развивать и использовать на практике. Современные инновационные подходы на производстве требуют от выпускника вуза креативного мышления.

Что же сделано преподавателями Казахского национального университета имени аль-Фараби в этом направлении. Хотелось бы остановиться на исследовательской работе преподавателей кафедры истории Казахстана. В этом году успешно прошли конкурс на получение гранта МОН РК ряд профессоров университета. Одним из них является руководитель научного проекта «Казахстан в составе Российской империи: история взаимоотношений колонии и метрополии» д.и.н., профессор З.Т. Садвокасовой. В составе проектировщиков историк из России, доктор PhD, доктора и кандидаты исторических наук, магистранты. С первых дней получения гранта участники проекта приступили к работе. Безусловно, работа шла без отрыва от основной работы. Лишь, используя отпускное время, исследователям удалось поработать в архивах и научных библиотеках.

В июле – августе 2012 года группа в составе: руководителя научного гранта д.и.н., профессора З.Т. Садвокасовой, ВНС, к.и.н., доцента А.Т. Ахметжановой, работающих на кафедре истории Казахстана факультета истории, археологии и этнологии, также СНС, доктора PhD, старшего преподавателя кафедры международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений М.С. Сарыбаева, совершила научные поездки в города Российской Федерации – Санкт-Петербург, Москву и Турции – Стамбул. Благодаря научному гранту представилась уникальная возможность потрудиться в богатейшем Российском государственном историческом архиве (г. Санкт-Петербург), Российской национальной библиотеке (г. Санкт-Петербург), Российской государственной библиотеке (г. Москва), İslam Kütüphanesi, Şehir Orhan Kemal Kütüphanesi (г. Стамбул). Был собран огромный ценный архивный материал, изучены новые издания ученых ведущих вузов и научно-исследовательских центров России и Турции. Сделаны полезные выписки, ксерокопирование и сканирование важнейших, не введенных в научный оборот документов и материалов.

В ходе поездки посетили исторический факультет Санкт-Петербургского государствен-

ного университета – одного из ведущих вузов России. Встретились с деканом, д.и.н., профессором, зав. кафедрой истории народов стран СНГ А.Х. Даудовым. Были обсуждены возможности научного сотрудничества российских и казахстанских ученых и налаживание междunarодных связей между факультетами двух вузов. Кроме того, деканом факультета была организована плодотворная и интересная беседа с директором Российского государственного исторического архива д.и.н., профессором, зав. кафедрой архивоведения исторического факультета Санкт-Петербургского государственного университета А.Р. Соколовым. Также, удалось встретиться с группой ученых Северо – Западного института Российской академии народного хозяйства и государственной службы при Президенте Российской Федерации В.Н. Киселевым, С.Ю. Чимаровым, Г.С. Мельник, Е.Ю. Ястребовой. Прошел обмен научными трудами, обсуждены формы организации научных встреч, конференции, публикации статей в журналах института и нашего университета.

Факультет истории, археологии и этнологии КазНУ имени аль-Фараби долгие годы сотрудничает с известными российскими учеными Н.Е. Бекмахановой и Д.А. Аманжоловой. Поэтому, наилучшие пожелания в дальнейшей совместной работе были переданы коллегам от декана Ж.К. Таймагамбетова, зав. Кафедрой истории Казахстана Т.О. Омарбекова и Г.С. Султангалиевой. Также, профессорам были вручены Материалы международной научной конференции «Дулатовские чтения». Обсудили вопросы совместных научных изысканий, так как они занимаются проблемами отечественной истории того периода, которым посвящена наша научная грантовая программа. Доктор исторических наук Н.Е. Бекмаханова подарила новые работы, выполненные учеными Института Российской истории РАН: «Присоединение Казахстана и Средней Азии к России (XVIII-XIX века)», «Образы регионов в общественном сознании и культуре России (XVII-XIX вв.)», «История народов России в исследованиях и документах». Помощь в корректировке структуры запланированной нами монографии оказала профессор Д.А. Аманжолова. Приезд в Москву, плодотворная работа в Российской государственной библиотеке, встречи пополнил багаж собранных материалов в Санкт-Петербурге.

В Стамбуле состоялся полезный диалог с ведущими учеными Турции Ахметом Ташагул,

Абдулакап Кара. Обсуждались вопросы взаимоотношений Казахстана, России и Турции в разные периоды развития государств, о деятельности одного из лидеров казахской элиты Мустафы Шокай, о панисламизме и пантюркизме, об укреплении научного сотрудничества.

Наша научная группа не только трудилась в архиве и библиотеках России, Турции встречалась с учеными. Она посетила культурные достопримечательности Санкт-Петербурга, Москвы и Стамбула: всемирно известной «столицы фонтанов» – Петергофа, знаменитого Царского села, Государственного Эрмитажа, Кремля, прекрасных исторических и археологических музеев г. Стамбула. Отрадно отметить, что главные экскурсионные программы связаны с историей Российской и Османской империи, соответ-

ствующей нашим научным интересам. Благодаря поездке в Санкт-Петербург была обсуждена программа пребывания в Алматы с актерами театра на Васильевском. В октябре они встретились со студентами факультета истории, археологии и этнологии и поставили спектакль на сцене Дворца студентов.

Хотелось бы поблагодарить Президента РК Назарбаева Н.А., Министерство образования и науки, руководство КазНУ имени аль-Фараби, которые помогают ученым в реализации своих научных изысканий. Возможности грантовых программ велики. Каждый ученый нашего университета трудится во благо КазНУ, а значит и Республики Казахстан. Находясь далеко от Родины, понимаешь, насколько любима, красива и перспективна казахская земля.

З.Т. Садвокасова, А.Т. Ахметжанова

Ғалымдардың зерттеулеріне гранттық қолдау

Мақалада «Қазақстан Ресей империясының құрамында: колония мен метрополия қарым-қатынасы» проектіне қатысушылардың жұмысы жайлы айтылған. Зерттеулердің қаржыландырылуы нақты нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Бұл біздің университетіміздің ғылыми-зерттеу бағытына ауысуына нақты мысал болады. Бұған қазіргі кезде Президентіміз және әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің басшылығы бар күшін жұмылдырып отыр.

Z. Sadvokassova, A. Ahmezhanova

Grant support for scientists' research

In the article the work of the participants of the project "Kazakhstan in the Russian Empire: the history of relations between the colonies and the metropolitan country." Financing for the research can have an impact. This is proof of a real transformation of our institution in the research, that efforts directed at the President and the university named after al-Farabi.

ЖАЛПЫ ТАРИХ

ӘОЖ 94 «16/18»

Н.М. Абдукадыров

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

Осман империясы мен Еуропа мемлекеттерінің арасында жасалған Карлович келісімшарты

Аңдатпа: Мақалада, Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері (Австрия империясы, Польша корольдігі, Венеция Республикасы, патшалы Ресей) арасында 16 жылға созылған соғыстың нәтижесінде 1699 жылы жасалған Карлович келісімшарты туралы айтылады. Жалпы, Осман империясы тарихындағы ең ауыр келісім болып, империя тарихындағы құлдырау кезеңінің басталуының ең үлкен көрінісі ретінде қабылданған бұл келісімшарттың барысы туралы қамтылады. Сондай-ақ Осман мемлекеті мен Еуропа мемлекеттерінің ішкі саяси ахуалының да қандай дәрежеде екендігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: Карлович, Занта, Ришвик, Сикваторок, Дубровник, эйалет, Морей, Аямавра, Лепанто.

XVI ғасырда, Осман империясы Еуразиядағы ең қуатты мемлекеттердің біріне айналды. Бұл тұста империяны атақты I Селім және Сүлеймен сұлтандар басқарып, олар Еуропа мен Азия мемлекеттеріне бірдей қауіп төндіріп, сыртқы саясатта үлкен абыройға кенеліп отырды. Әсіресе, Сүлеймен сұлтан тұсында империяның сыртқы саясаттағы негізгі бағыттары Еуропа мемлекеттеріне қарай бағытталды. Бұл кезде империя территориясы орталық Еуропада Венаға дейінгі аймақты өз қоластына қаратты. Алайда, арадан бір ғасырға жуық уақыт өткен соң, нақтырақ айтқанда, XVII ғасырда империяның күші сарқыла бастады. Мұның бірінші себебі – ол империядағы ішкі талас-тартыстар мен басқотерулер болса, келесі бір себебі – Еуропа мемлекеттерінің Рим папасы бастап біріктірген одағының күшейіп, империяның Еуропадағы иеліктеріне қауіп төндіруі болатын. Осындай ішкі және сыртқы дағдарыстардың себебінен уақыт өте Осман империясы XVI ғасырдағы Еуропадағы ықпалы кеми түсіп, империя XVII ғасырдың аяғында Еуропадағы бұрынғы XVI ғасырда иеленген территорияларынан бас тарта бастайды. Империя тарихындағы осындай келеңсіз жәйттерді сипаттайтын ірі келісім-шарттардың бірі 1699 жылы болып өткен Карлович келісім-шарты еді. Қарас-

тырылғалы отырған тақырыпта империяның сыртқы саясатта әлсірей бастауының нақты дәлелі болған және керісінше Еуропа мемлекеттерінің күшейіп оны жан-жақтан талауға түсіріп, біраз территориясынан бас тартуға мәжбүр еткен Карлович келісімі туралы сөз болмақ.

Осман империясының тарихында ең айтулы оқиғалардың бірі болып саналатын бұл келісімнің басты себебі – империяның 1683 жылдан 1699 жылға дейін Еуропада төрт мемлекетпен төрт майданда бір уақытта соғысып, одан жеңілуі болды. Олар – Австрия империясы, Венеция Республикасы, Польша корольдігі және Патшалы Ресей мемлекеттері еді.

Ендігі кезекте, соғыста Осман империясының жеңіліп, аталған келісімшарттың туындауына келер болсақ, әуелде, Осман империясы 1683 жылдан 1699 жылға дейін әуелі үш одан соң төрт мемлекетпен соғысты. Қара Мұстафа пашаның өлімінен соң келген бас уәзір мен қолбасшылардың әлсіздіктері себебінен олардың Австрия соғыстарындағы жеңілістері жалғаса берді. Балқан жеріне кірген дұшпан әскері Эдирнеге (Адрианополи) қауіп төндіре бастады. Осындай қауіп-қатердің төніп тұрған кезінде Албания, Моравия және Сербиядағы христиандарды австриялықтар түріктерге қар-

сы қайрап салуынан соң жағдай одан сайын шиеленісе түсті.

Мұндай қауіпті жағдайда Көпрүлүұлы Мұстафа пашаның уәзір болып, кеңсе жұмыстарын қолына алған соң ел ішінде әскер біріктіріп, жорықтарға шығып сәтті қадамдар жасай бастады және австриялықтарды Балқан жерінен Мажарстанға қарай қуып шықты, алайда бұдан кейінгі соғыстарда осман әскерлері алға қарай жылжи алмады. Дәл осы уақытта австриялықтар француздармен соғысып жатқандықтан, олар Балқанға ішкері [1, 585 б.] ене алмады.

Қолбасшылар әрқашан Австриямен соғыста болып, әскердегі негізгі күштер сонда болғандықтан, Польша мен Венеция соғыстарына әскер мен қару-жарақ жетіспеді. Қырым ханының үлкен әскери көмегінің арқасында поляктар Каманиже бекінісін ала алмады. Бірақ венециялықтар Босния мен Далмациядағы біраз маңызды жерлерді басып алды және Мореиден Грекияға дейінгі территорияларды иеленді.

Он алты жылға созылған төрт майданда жүргізілген бұл соғыс Осман әскерін титықтатты. Бұдан соң түріктер жағы әскери реформа жүргізуге мәжбүр болды.

Австрия соғыстары ұзаққа созылып, османдықтар жағы қиындықты бастан кешіріп жатқан уақытта, солтүстік шекараларда орыстар мен поляктар Қырым хандығы мен Осман мемлекетіне қауіп төндірді. Бұл жағдайлар Осман мемлекетін қиын жағдайға душар етті.

Осман мемлекеті де, Австрия да ұзаққа созылған соғыстың ауырлығын сезіне бастады. Сондықтан кей кездері өзара келісім жасауға да ұсыныстар түсе бастады. Үш майданда соғысуға мәжбүр болған Осман мемлекеті, Мелек Ибраһим паша мен Сары Сүлеймен паша тұстарында австриялықтарды ауыр келісімге мәжбүр еткендіктен, соғыста сәттіліктерге қол жеткізген император ауыр ұсыныстар қойған еді, бірақ ешбір нәтиже шықпады [2, 285 б.].

ІІ ші Сүлейменнің сұлтан болып сайланғанын білдіру және келісім жасау үшін Венаға Зулфикар Ефенді бастаған елшілер тобы жөнелтілді. Бұл топ Венаға келіп, Белградтың қоршауға алынуын тоқтатуын сұраған кезде император Леопольд бастаған одақтастар, енді жер алумен шектелмей қалалар мен бекіністердің берілуін талап ете бастады. Алайда елшілер бұған көнбегендіктен, келісім кейінге қалдырылды.

Осы кезде Франция мен Австрия арасында шыққан соғыстың ұзаруы мен Фазыл Мұстафа пашаның Белградты кері қайтарып, Австрия

әскерлерін Дунай мен Сава аңғарын шегіндіруі императорды қатты састырды және осыған орай одақтастар да елшілердің келісім ұсыныстарына келісетіндігін білдірді. Бұдан соң, Францияға қарсы императордың одақтастары болған Англия мен Голландия мемлекеттері екі жақтың арасын жақсарту үшін қызмет етті, оларды бейтарап етпекші болды. Осы кезде Францияның Осман мемлекетіндегі елшілігіне сайланған Шатановпен бірге Стамбулға келген Ферриол – кейіннен елші болып, одақтастармен жасалатын келісімді болдырмау үшін Осман үкіметінде осындай істерді атқарды. Ферриол поляктарды императордан бөліп, османдықтармен бір келісім жасау үшін әрекеттенгенімен, ол сәтсіз болды және дәл осындай істе Қырым ханының әрекеттері де сәтсіздікке ұшырады. Францияның бұл әрекетіне қарсы, оның бақталасы болған Англия мен Голландия үкіметтері, екі мемлекеттің арасын бұзу үшін барынша тырысып баққанымен бірте-бірте бұл әрекеттерінен бас тарта бастады. 1695 жылы таққа отырған ІІ Мұстафаның іле-шала жасаған екі жорығының сәтті болуы оны үміттендірді. Бірақ бұл үшінші жасаған жорығы сәтсіз болып, ол бұрынғы үміттерін үзе бастады [3, 230-231 б.].

Осман империясы мен Австрия империясының арасында болған Занта соғысынан жеңілген соң, уәзірлікке келген Амжазаде Хусейн паша, тәжірибелі, өте көреген уәзір болды. Ол соғыстың кең көлемде жүргізіліп жатқанын, қолдан шығып кеткен территорияларды қайтару мүмкін еместігін, ол жерлерді қайтаруға қазына мен әскерден кеткен шығынның бекер екендігін және аз әскермен төрт майданда бірдей соғысудың қиын болуы мен оның ешбір нәтижеге жете алмайтындығын түсініп, соғысты тоқтатуға шешім қабылдады. Себебі, бұл уақытта император мен Франция королі арасында Ришвик бітімі жасалады да соғыс тоқтатылады және император бұл майдандағы әскерлерін түріктерге қарсы қойған еді. Зантадағы жеңілістің себебі, француз майданындағы австриялық күштердің түріктерге қарсы қойылуы болды. Мұндай сәтсіздіктер мен жеңілістерден соң, тек келісімге келу ғана қалған сияқты еді.

Алайда, бұл кезде Еуропадағы ішкі саяси тұрақсыздыққа байланысты, Австрияның жағдайы да нашарлау еді. Австрия императоры Франциямен Ришвик келісімін жасап, енді түріктермен жеке майданда соғысуы әбден мүмкін еді, бірақ ол өзі де соғыстарда әбден

шаршағанына және саяси ахуалдың нашарлауына байланысты, ол соғысуды қаламады. Сондықтан, император тіпті келісімге баруға дайын еді. Сөйтіп, император Леопольд келісім жасауды таңдады, бұл жолда ағылшын елшісі Пажет үлкен қызмет атқарды. Ол өзінің елшілік қабілетінің арқасында түріктердің бас уәзірін келісімге шақыра алды [4, 354 б.].

Ағылшын және голланд елшілерінің бұл істеріне қарсы Франция өкілі Ферриол да түріктердің императормен келісім жасауына ат салысты және Испанияның мұрагері болуына байланысты, XIV Луидің жақын уақытта Ришвик келісімін бұзып императорға соғыс жариялайтындығын [5, 225 б.]. айтты.

II Мұстафа, қолдан шығып кеткен жерлердің еш болмаса бір бөлігін кері қайтармағанынша келісім жасамайтындығын айтады. Англия мен Голландия елшілерін қабылдаған соң, келісімнің жасалуы қажет екендігін түсінген уәзір, сұлтанмен және мемлекет басындағы шенеуніктермен кездесу өткізіп, онда он алты жылдан бері жалғасып келе жатқан соғыстан мемлекеттің жан-жақты әлсірегендігін, ішкі жағдайдың бұзылғандығын, халықтың салық төлеуден әбден шаршағандығын, соғысты жалғастыру үшін әйалеттер (облыс) мен санжақтардың (аймақтар) әскерге адам мен соғыс материалдарын беруге мұршасы қалмағандығын, Анадолыда тәртіпсіздіктер мен Румелиядағы христиандардың басқөтерулері орын алғандығын, Ирак шекараларындағы ахуалдың мүшкілдігін, одақтастармен төрт майданда соғысудың өте ауыр екендігін, қазынаның ортая түскендігі мен жалпы мемлекеттің қиын жағдайда тұрғандығын, сондай-ақ одақтастармен жеке-жеке келісім жасау керек екендігін баса айта отырып, оларды келісімшарт жасауға көндірді. Сөйтіп, сұлтан және мемлекет басшылары тарапынан келісімшарт жасауға шешім қабылданды [6, 490 б.].

Екі жақ келісімге келуге ниет білдірген соң, одақтастар 1698 жылы 24 сәуірде Венаға жиналып, келісім шарттарын өзара белгілеп алды. Ол бойынша, Император Леопольд өзінің Осман империясынан қайтарып алған территорияларын қанағат тұтты. Онымен бірге жақтас болған Польша мен Ресей қоластындағы жерлерін кеңейту мақсатында, біраз жер иеленіп қалуды жөн көрді. Ресей Азов қаласын басып алған соң, одан бөлек Керчь қаласын сұрауды мақсат етті. Польша Каманиже қаласын алуды қалады. Боснияда айтарлықтай сәттіліктерге қол жеткізе алмаған Венеция

Республикасы осы аймақтағы кейбір аудандар мен Морейді алуды қанағат тұтты.

Осман мемлекетімен одақтастар арасындағы келісім өтетін жер таңдауда біраз тартыс туындап, онда одақтастар Жоғары Мажарстандағы Варад қаласының солтүстігінде орналасқан Добрешин бекінісін келісім өтетін орын ретінде ұсынған еді, Осман үкіметі мұнымен келіспей, түрік шекараларын жақын бір жерді көрсетіп, олар келісім өтетін жер деп Белград қаласына жақын орналасқан Карлович бекінісін алға тартады. Сөйтіп осы жер келісім өтетін жер болып бекітілді. Бұл келісімшарттың маңызы мен мағынасы өте үлкен болғандықтан, ол өткен жеріне байланысты, тарихта Карлович келісімі деп аталып кетті [7, 561 б.].

Уәзір Амжазаде Хусейн паша әр түрлі жағдайларға қарсы өз әскерлерімен Белградқа келді. Ол Софияға келген кезде Австрия мен Венеция өкілдерінің тарапынан келісімшартқа қатысты баяндама келді және ол қабылданып, осман өкілі болып Рейсулқуттаб Рами Мехмет пен аудармашы Александр Маврокортадо тағайындалып Карловичке жөнелтілді.

Осман өкілдерімен Австрия, Польша, Венеция, Ресей өкілдері және екі жақтың арасын байланыстыруға әрекеттенген ағылшын елшісі Барон Виторвенди, сондай-ақ Стамбулдағы ағылшын елшісі Пажет пен голланд елшісі Хемсберг қатысты.

Карлович келісімінде Австрия тарапынан Конт Отринген мен Сихинк, Венеция жағынан рыцарь Руззини, Польша жағынан Конт Малаховский және Ресей тарапынан Прокоп Боганович есімді өкілдер қатысты.

Карлович келісімі тартыстарға толы болып, ол төрт айға созылды және онда отыз алты мәжіліс өткізілді. Ақыры келісімге келген тараптар қол қойып, мұнда тек Ресей ғана қол қоюға қатыса алмады. Осыған байланысты, Осман мемлекеті Ресеймен үш жылға келісімге отырып, ал қалған үш мемлекетпен жиырма бес жылдық келісімшартқа қол қойды [8, 438 б.].

Австриямен бекітілген келісім жиырма баптан тұрады. Ол бойынша, Темешвар әйалеті (облыс) бүкіл санжақбейлерімен (аудандар) қоса (Тиса, Дунай, Морош) османдардың қолында қалып, Трансильвания мен бүкіл Мажарстан жерлері Австрияның қолына өтті. Тиса мен Мор өзендерінде екі мемлекеттің халқы да балықшылықпен айналысатын болды. Хорватия жерлері де екі мемлекеттің бөлісіне түсіп, Сава өзені шекара болып белгіленді. Бұл өзен де екі мемлекет халқына қызмет ететін болды.

Австрияның қолына өткен Мажарстан мен Трансильвания халықтарының ішінде Осман мемлекетінде туысы қалып кеткен болса, онда келіп тұруға құқылы болды. Келісімшарттың соңғы бабында бұл келісім жиырма бес жыл өмір [9, 336-337 б.] сүретіндігі бекітілді.

Польшамен он бір баптан тұратын келісімшарт жасалып, ол жиырма бес жылға бекітілді. Ол бойынша османдар поляктарға Подолия әйалеті мен Украинаны және Каманиже қаласын берді [10, 207 б.]. Ал, поляктар Богданнан кететін болды. Сонымен қатар, келісімшарттың төртінші бабы бойынша Осман үкіметі Қырым ханының Польшаға шабуылдарын тоқтататын болды және осы уақыттан бастап, поляктардың жыл сайын төлеп тұратын салығы тоқтатылды.

Венеция Республикасымен де жиырма бес жылға созылған он алты баптан тұратын келісімшарт бекітілді. Ол бойынша Солтүстік Мореде түбектің есігі болған Корент қаласын берді және түбекке қосып Аямавра аралы берілді. Кіші арал мен Далмация Книн, Син, Задвария, Ново және басқа да қалаларды венециялықтар басып алған еді. Ол келісімшарт бойынша венециялықтардың қолында, ал Котор аймағымен Дубровник османдықтардың қолында қалды. Сонымен қатар, венециялықтар Лепанто аралының солтүстігіндегі барлық қалалар мен флотты қайтарды.

Орыс патшасы Ұлы Петр Азов қаласын алып, Қара теңізге шығуды қалады. Бірақ Керчь бұғазының османдықтардың қолында болуына және бұл мәселе осы кезде османдар мен австриялықтар арасында келісімшартта қарастырылмауына байланысты, Карлович келісімшартына келген орыс елшісі тек үш жылға бекітілген кішігірім келісімге қол қойып еліне қайтты. Патша жалғыз өзі ғана қалғанын түсініп, келесі жылы келісімшарт жасауға шешім қабылдады. Ол 1700 жылы Азов теңізі арқылы жөнелткен галионмен Стамбулға келді және 1700 жылы шілдеде сұлтан Эдирнеден Стамбулға келген соң екі жақтың өкілдері кездесіп 14 баптан тұратын өзара келісімшартқа қол қойды. Ол да басқа одақтастардікі сияқты жиырма бес жылға созылды.

Келісімшарттың төртінші бабы бойынша, Азов қаласы мен оған бағынышты болған қалалардың барлығы орыстарға берілді. Ал жетінші бап бойынша Кубаньға дейінгі он сағаттық жер де берілді. Дон өзені аңғарындағы Доган, Керман т.б. қалалар османдықтарға өтті. Бұл келісімшарттың он үшінші бабы бойынша, орыстардың Стамбулда тұрақты елшілігі ашыл-

ды. Ең бірінші елші Толстой есімді кісі болды. Келісімшарт барысында орыс өкілі Азов пен Стамбул арасында орыс кемелерінің жүзуін сұраған еді, Қара теңізді өзінің ішкі теңізі деп есептеген Осман үкіметі бұл ұсыныстың орындалмайтындығын айтты [11, 76 б.].

Тарихи шегініс жасайтын болсақ, 1606 жылы I Ахмет тұсында бекітілген Сикваторок келісімі, осман сұлтандарын императормен бір деңгейге қойған еді. Сикваторок келісімі он төрт жылдық үздіксіз соғыстың нәтижесінде жасалған еді. Бұл соғыста Кануни Сүлеймен сұлтан тұсындағы сияқты сәттіліктер орын алмағанымен, нәтиже османдықтар жағында болған еді. Бірақ соғыстың ұзаруы мемлекетті қаржы, әскери, саяси және экономикалық жағынан шығынға ұшыратқан еді. Мемлекет бұрынғы күшін өзіне қайта жинай алмады және бұрынғы жүйені сақтай алмай қалған болатын. Османдықтар осыған қарамастан, Венециядан Критті, Польшадан Украина мен Подолияны, Австриядан Уйвар бекінісін тартып алған еді [12, 183-184 б.]. Осман мемлекеті осы әрекеттерінен соң, аталмыш еуропалық мемлекеттердің қарсылығын тудырып, оларды өзіне қарсы бірігіп соғысуға мәжбүр етті. Сөйтіп, Венадағы одақтастар әскерімен болған соғыстағы жеңілістен соң он алты жыл бойы сәтсіздіктен көз аспаған османдықтар, ғасырлардан бері өз қоластында ұстап келген Мажарстан, Трансильвания, Подолия, Украина және Морея сияқты ірі өлкелерді өз дұшпандарына беруге [13, 424 б.] мәжбүр болды.

1683 жылы басталып, осы Карлович келісімімен аяқталған соғыста түріктердің бір жарым ғасыр бұрынғы күштерінің сарқылғандығы мен дұшпан күштерінің керісінше бірігіп жанкештілікпен соғысқандығы айқын көрініп тұрды. Сондай-ақ, 16 жылға созылған бұл соғыс Осман империясының әскери және басқару жүйесінің бұзылғандығын көрсетті [14, 152 б.]. Ал еуропалық одақтастар бұл жағдайларды ұтымды пайдалана отырып, Фатих Мехмет, Қаһарлы Селім және Кануни Сүлеймен сұлтандардың кезінде Еуропа мен Азияны дүр сілкіндірген Осман империясын осындай масқара келісімшарттарға баруға мәжбүр етті.

Қорыта айтқанда, Карлович келісімшарты империяның халықаралық аренада абыройы кеміп, құлдырау кезеңінің бастамасы болды. Төрт майданда жүргізген соғыстардың нәтижесінде жасалған осы келісімшарттан бастап, кейіннен Осман империясы құлдырау кезеңінде өзінің

бұрынғы территорияларынан бірте-бірте қол үзе бастады.

Әдебиеттер

1. İsmail Hakkı Uzunçarşılı. Osmanlı tarihi III cilt I Kısım 5 baskı «Türk tarih kurumu basımevi» 1995 652 s.
2. Abdurrahman Şeref. Osmanlı devleti tarihi. İstanbul. Gökkuşbu. 2005 502 s
3. Mehmet Maksudoğlu. Osmanlı tarihi. İstanbul. Bogaziçi yayınları. 1999 360 s
4. Lord Kinross. Osmanlı imparatorluğunun yükselişi ve çöküşü. İstanbul. Altın kitaplar. 2009 656 s.
5. Halil İnalcık. Osmanlılar. (Fütuhat, imparatorluk, Avrupa ile ilişkiler). İstanbul. Timaş yayınları. 2010 320 s.
6. Caroline Finkel. Osmanlı imparatorluğunun öyküsü 1300-1923. İstanbul. Timaş yayınları. 2007 612 s.
7. Osmanlı imparatorluğunu ekonomik ve sosyal tarihi. Cilt 2 1600-19147 Editör H.İnalcık ve Donald Quataert İstanbul 2004 Eren yayıncılık 1136 s.
8. Кэролайн Финкель. Османская империя. – М.: Москва, 2009. С. 830.
9. Halil İbrahim İnal. Osmanlı tarihi. İstanbul. Nokta kitap. 2010 573 s.
10. A. Akgündüz. S. Öztürk. Bilinmeyen Osmanlı. İstanbul. Osmanlı araştırmaları vakfı. 1999. 528 s.
11. A.B. Şirokorad. Osmanlı-Rus savaşları. İstanbul. Selenge yayınları. 2007 568 s
12. Paul Coles. The Ottoman empire on Europe. London 1986. 216
13. Ali Muhammed Sallabi. Osmanlı tarihi. Kuruluşu – Yükselişi ve çöküşü.
14. Halil İnalcık. Kuruluş ve imparatorluk süresinde Osmanlı. İstanbul. Timaş yayınları. 2011 304 s.

Н.М. Абдукадыров

В данной статье рассматривается Карловицкий мирный договор, который был провозглашен в 1699 году, между Османской империей и Европейскими странами, чьи стороны воевали в пределах шестнадцати лет. Также статья включает в себя последствия и влияние вышесказанного договора на Осман-скую империю.

N.M. Abdukadyrov

This state is considered Karlovich peace treaty, which was launched in 1699 between the Ottoman Empire and the European countries, whose sides were at war within sixteen. This article also includes consequences and the impact of the above contract Ottoman Empire.

УДК94 «17/19»

Л.Т. Балакаева

КазНУ им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

E-mail: lyailya.balakaeva@gmail.com

Религиозная ситуация в Японии в период правления династии Токугава (1603-1867 гг.)

Аннотация. Данная статья посвящена изучению религиозной ситуации в Японии периода Токугава. Изучено положение буддизма, синтоизма, конфуцианства. Показаны формы религиозного синкретизма. Особое положение уделено христианскому столетию в Японии и причинам его уничтожения.

Ключевые слова: токугава, синтоизм, буддизм, конфуцианство, христианство.

Период с середины XVI по I половину XVII в. характеризуется в Японии борьбой за объединение страны и установлением политического господства дома Токугава. Инициаторами объединения страны выступили феодалы центральной части острова Хонсю – Ода Набунага, Тоётоми Хидэёси и Токугава Иэясу.

В году междоусобных войн, изменилось положение буддийской церкви (буддизм проник в Японию из Индии через Китай в VI- VII вв.), которая прежде служила надежной опорой сначала императорской, а затем военно-феодальной власти. Монастыри, являвшиеся крупными феодальными землевладельцами, стали противопоставлять себя светским феодалам. Располагая значительными вооруженными силами, они активно участвовали в междоусобной борьбе, препятствуя объединению страны. Начав борьбу за объединение страны, Ода Набунага решительно выступил против воинствующего буддийского духовенства, сжигая монастыри и храмы, конфисковывая церковные землевладения. Этот курс по отношению к буддийской церкви продолжили Тоётоми Хидэёси и Токугава Иэясу. К моменту завершения объединения страны буддийское духовенство уже не представляло угрозы для центральной власти. Его политическая роль была практически ликвидирована. Буддийская церковь стала послушным орудием центрального правительства в укреплении его господства.

Также в этот период усиливается внимание к синтоизму как одному из стимулов объединения страны, но это продолжалась недолго, т.к. сегуны Токугава взяли курс на искоренение синтоизма как самостоятельного религиозного учения, поскольку он был тесно связан с импе-

ратором, а тот был оттеснен ими и превращен в почетного пленника [1]. Самому императору были оставлены в основном ритуальные функции: такая прозаическая проблема, как управления страной, целиком решалась сегунами (формально они считались верноподданными императоров) и их разветвленным бюрократическим аппаратом [2].

Собственно говоря, император почитался как прямой потомок богов и являлся объектом культа в синто – исконной религии японцев. Но официальной религией токугавской Японии было не синто, а буддизм делившейся к тому времени на множество течений, сект, школ. Дело в том, что после запрещения христианства, которое в сегунском указе 1614 г. было объявлено «дьявольским и разрушительным» учением и «врагом государства», буддизм оказался в Японии единственным цельным и систематическим вероучением (с собственной космологией, эпическими нормами, каноном, устойчивой церковной и приходской системой), которую можно было по всем параметрам противопоставлять христианству [3]. В качестве средства ниспровержения синтоизма было избрано растворение его в буддизме. В соответствии с распоряжением токугавского правительства синтоистские священники должны были регистрироваться как прихожане буддийских храмов по месту жительства и полностью подчиняться буддийскому ритуалу. Многие синтоистские храмы превратились в синто-буддийские с преобладанием буддийских элементов в архитектуре и оформлении интерьера. Часто в качестве святых синтоистских храмов стали использовать изображение буддийских божеств. Нередко обряды, в них отправляли буддийские священники [4].

Буддизм оправился от ударов, нанесенных ему Нобунагой и Хидэеси. Токугава Иэясу даже вернул монастырям часть конфискованного богатства. Но свою роль официальной идеологии правящих кругов, интеллектуальной и духовной силы буддизм утратил. Официальной идеологией стало – конфуцианство.

Официальной государственной идеологией стало конфуцианство в интерпретации китайского философа Чжу Си. Конфуцианское учение по видимому было крайне удобным для управления страной, еще не оправившейся от гражданских войн, и для поддержания порядка и дисциплины гарантирующих властям безопасность. Главным в конфуцианстве было оправдание господства привилегированных слоев на основании якобы установленной Небом иерархии, в которой младший должен безропотно подчиняться старшему, а низестоящий – вышестоящему. В основе этого учения лежали понятие долга и лояльности низшего к высшему, выраженные в следующих пяти формах человеческих отношений в государстве и семье: между правителем и подчиненным, отцом и детьми, мужем и женой, старшими и младшими братьями, между друзьями. Чжусианство добавило в конфуцианство философское обоснование, выделив два начала в вещах: «ли» - разумную творческую силу и «ци» - пассивную материю которые соответствовали духовным и чувственным устремлениям в человеке. При этом духовное начало рассматривалось как положительное, стимулирующее прогресс, а чувственное – как отрицательное, тормозящее поступательное движение [5]. Оно было учением абсолютно гуманным, исключительно интеллектуальным, приспособленным для общественных нужд. В нем не было ни метафизики, ни мистицизма, которые с трудом укладывались в сознание практичных японцев.

Основное развитие получил философско-политический аспект этого учения, религией же оно не стало. Религиями народа по-прежнему оставались буддизм и несколько потесненный синтоизм.

Буддизм, конфуцианство и синтоизм мирно сосуществовали, что благоприятствовало синтезу заимствованных религиозных и философских систем и местных религиозных обычаев в верований. Этот синтез осуществлялся в различных формах. Одной из них служила идея, представлявшая буддизм, конфуцианство и синтоизм в качестве различных стадий в жизни человека и общества: сфера синто – прошлое, происхождение народа и государства, сфера конфуцианства – настоящее, моральные принципы управления обществом,

сфера буддизма – будущее, загробное существование. Различные буддийские секты придерживались разных форм синкретизма.

Время с середины XVI в. по первую половину XVII в. японские историки называют «христианским столетием» т.к. наиболее ярким событием в духовной жизни страны была встреча двух культур – японской и европейской.

Первые контакты между японской и европейской культурами относятся к середине 16 в. В 1543 г. на о.Кюсю появились португальские купцы, и затем и миссионеры – иезуиты. Франциск Ксавье был первым испанским иезуитом, прибывшим в Японию с целью проповеди христианства, вслед за ним стали прибывать другие миссионеры – представители различных католических орденов – францисканцы, доминиканцы, августинцы. Проповеди миссионеров имели успех. К концу XVI в. принявших христианство насчитывалось уже сотнями тысяч. Наиболее осторожные историки определяют максимальное /количество христиан в ту пору в 600 000, большинство же полагает, что их было более миллиона [6] общая же численность населения к н. XVII в. составляла около 26 млн. чел. [7].

Если бы энергия европейцев не встретила бы серьезного препятствия то положение могло бы измениться, но внимание сегунских властей привлек иной аспект деятельности иностранцев. Торговые контакты с заграницей, появление огнестрельного оружия и многие обещания европейских торговцев и миссионеров оживили у крупных феодалов острова Кюсю стремление к отделению от центрального правительства. Началось сепаратистское движение. В 1637 г. в Японии произошло восстание Симабара, когда тысячи приверженцев христианства в провинции Хизэн на о.Кюсю, восстали против притеснений сегуна, в результате был установлен строгий надзор над христианством, было запрещено ввозить христианскую литературу, переезд японцев в какую-либо чужеземную страну, а также и возвращение их на родину. Восстание было подавлено.

Страна, прошедшая сквозь десятилетия кровавых феодальных распри, огнем и мечом объединенная под эгидой сегунов Токугава, оказалось перед опасностью развала и превращения в колонию европейских держав. Тогда центральное правительство хлопнуло дверью, закрыв Японию для контактов с иноземцами. Под страхом смертной казни были запрещены въезд иностранцев в Японию, пропаганда и исповедание христианства, выезд японцев за границу и строительство судов для открытого моря. Скудная тор-

говля сохранялась только с китайцами и голландцами через построенные фактории г.Нагасаки.

С этого времени пощады более не было. Христианство уничтожалось огнем и мечом, и его приверженцы, если они не отрекались от веры, были казнены. В 1639 г. христианство в Японии было окончательно искоренено, 80 лет спустя, после того, как оно нашло там своих приверженцев. Но существует и иная точки зрения. Жестокие преследования христиан властями, изгнание миссионеров, волевое решение о закрытии страны предлагают сообразительный путь объяснить неудачи христианства в Японии чисто историческими обстоятельствами. Однако, как показывает дальнейшее развитие событий, дело обстоит намного сложнее. Даже в условиях обеспеченной свободы совести (частично – сразу после «реставрации Мэйдзи» 1867 г.; полностью – с окончанием второй мировой войны) христианство не сумело обеспечить сколько-нибудь широкой опоры внутри страны. И следовательно, проблема заключается не столько в конкретных исторических обстоятельствах, сколько в общекультурных. Многие аргументы против христианства, высказывавшиеся в XVII в. продолжают оставаться актуальными и сейчас.

Главные аргументы против христианства можно подразделить по крайней мере на три группы: 1) христианство как система ценностей, несовместимых с основополагающими принципами японской культуры; 2) внутренние противоречия христианской догматики; 3) несоблюдение христианами (в основном миссионерами) этических норм своей религии [8].

В данной публикации мы рассмотрим только первую группу аргументов, как наиболее существенную с точки зрения понимания природы возникшего культурного отторжения.

Основным поводом для беспокойства японских «государственников» было их твердое убеждение в том, что распространение христианства подрывает стабильность внутри страны, ибо главным в христианстве являются обязательства перед Богом, а не перед бюрократически-военной

и семейной иерархией. Именно игнорирование такого основополагающего элемента синтоизма и конфуцианства, как сыновья почтительность, многократно приводило к смене династических линий в Европе, чего Японии счастливо удалось избежать. Поэтому японцы относились крайне недоброжелательно к тем местам в Писании, где умалялось значение кровнородственных связей. Разрушительной для социального порядка признавалась практика исповеди. По мнению японцев отпущение священником любых прегрешений исповедуемого ведет к росту преступности и подрывает моральные устои общества. Христианская концепция единого создателя подвергалась массивной критике. На том основании, что, согласно японским представлениям, небо и земля не являются сотворенными и, как таковые, следовательно, не имеют ни начала, ни конца. Таким образом, христианская космологическая схема оказывалась отвергнутой. Еще одним камнем преткновения для японцев был антропоцентризм христианства. Противопоставление животного мира и человека выражено в японской культуре далеко не столь отчетливо, как на Западе. По модусу японской культуры человек – лишь частное проявление универсального потока жизни/9/

Литература

- 1 Гришелева Л.Д. Формирование японской национальной культуры. – М., 1986. – С. 30.
- 2 Кирквуд К. Ренессанс в Японии. – М., 1988. – С. 8.
- 3 Там же. – С. 8-9.
- 4 Гришелева Л.Д. – С. 30.
- 5 Там же. – С.31.
- 6 История Японии. – М., 2002. – С. 83.
- 7 Лещенко Н.Ф. Социально-экономические и природные факторы численности населения Японии в период Токугава // Восток, 2001. – №1. – С. 45.
- 8 Мещеряков А.Н. Христианское столетие в Японии: проблема культурного отторжения // Восток. – 1993. – №5. – С.47.
- 9 Там же.

Л.Т. Балакаева

Токугава әулетінің билігі кезіндегі Жапониядағы діни жағдай (1603-1867 жж.)

Бұл мақала Жапониядағы Токугава дәуірінің діни жағдайын зерттеуге арналған. Сонымен бірге буддизм, синтоизм, конфуцийшілдіктің хал-жағдайы қарастырылды. Діни синкретизм формалары таныстырылды. Жапониядағы христиандықтың жүзжылдығына және оның жойылу себептеріне ерекше мән берілді.

L.T. Balakaeva

The religious situation in Japan during the reign of Tokugawa period (1603-1867)

This article is devoted to study the religious situation in Japan, the Tokugawa period. Studied the situation of Buddhism, Shintoism, Confucianism. Showing a form of religious syncretism. The special position given to the Christian century in Japan and the reasons for its destruction.

ӘОЖ: 327(73+520)

Р.О. Садықова, К. Нұрланқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

XX ғасырдың 90-жылдарындағы АҚШ пен Жапонияның әскери-саяси ынтымақтастығы

Аңдатпа: Аталмыш мақалада XX ғасырдың 90-жылдардағы АҚШ пен Жапония арасындағы ынтымақтастық мәселелер қарастырылған. Автор өзінің мәселесінде «Қырғи-қабақ соғыстан» XX ғасырдың 90-жылдарындағы АҚШ президенті Джордж Буш пен Билл Клинтон әкімшілігінің Жапония мен АҚШ арасындағы әскери-саяси қатынастар қорғанысындағы негізгі факторларын анықтады. Мақала оқырманның кең ауқымы үшін көкейкесті және қызықты.

Түйін сөздер: АҚШ пен Жапония арасындағы қарым-қатынастар, әрекеттер жоспары, әскери-саяси одақ, әскери-саяси ынтымақтастық.

«Қырғи-қабақ соғыс» кезеңінен кейін халықаралық қатынастарда бірполярлық әлемдік тәртіп қалыптасты. АҚШ әскери күш-қуатын арттыру мақсатында өзіне одақтастар іздей бастады. Бұл бағытта ең алдымен, осы уақытқа дейінгі қалыптасқан әскери-одақтастық байланыстардың рөлі маңызды болды. Осындай байланыстардың ішінде АҚШ-тың Жапониямен қарым-қатынастарының орны ерекше.

Джордж Герберт Уокер Буш билік басында болған 1989-1993 жылдар аралығы халықаралық қатынастардың тарихындағы биполярлы әлемнен бірполярлы әлемге қадам басқан кезеңге сәйкес келді. Сол себепті Дж. Буш өзінің сыртқы саясатында биполярлы әлемнің таралуын бағамдап, 1990 жылдың 11 қыркүйегінде «Жаңа тәртіп бағытында» деп аталған жолдауын конгреске және халықтың назарына ұсынды. Жолдаудың негізгі мазмұны Парсы шығанағындағы жағдайға арналғанымен, оның маңыздылығы алғаш рет екі жүйенің жақындасуы нәтижесінде пайда болған жаңа әлемдік тәртіп мәселесін қозғалуында. Яғни, жолдауға сәйкес АҚШ-тың Парсы шығанағына жауап ретіндегі жүзеге асырылуы тиіс бес мақсат көрсетілген:

1) Ирак Кувейттен жедел, еш шартсыз және толығымен шығуы керек;

2) Кувейттің заңды үкіметі қалпына келтірілуі тиіс;

3) Парсы шығанағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығына кепілдік берілу керек;

4) шетелдегі американдық азаматтар қорғалуы керек;

5) жаңа әлемдік тәртіптің құрылуы.

Жолдаудағы мақсаттардың қатарында көрсетілген жаңа әлемдік тәртіп мәселесі бірполярлы әлемнің негіздерін қалауға елеулі ықпалын тигізді. Жаңа әлемдік тәртіптің құрылу қажеттілігі туралы Дж. Буш: «Біз ерекше жағдайда тұрмыз. Парсы шығанағындағы дағдарыс ынтымақтастыққа бағытталған тарихи кезеңге жылжуға мүмкіндік беруде. Осындай қауіпті жағдайдан оқшаулана біздің бесінші мақсат жаңа әлемдік тәртіп пайда болуы мүмкін. Бұл кезең лаңкестік қаупінен азат, әділетті қолдауда мықты және бейбітшілік тұрғысынан әлдеқайда қауіпсіздеу болып табылады. Осы кезеңде Шығыс пен Батыс, Оңтүстік және Солтүстіктің мемлекеттері көркейеді және үйлесімділікте өмір сүре алады» деп атап өтеді [1].

Тұжырымдасак, Джордж Герберт Уокер Буш әкімшілігі сыртқы саясатында жаңа әлемдік тәртіпті құруға бағыттады. Осы бағыт өз кезегінде АҚШ-тың Жапониямен әскери-саяси одағына ықпалын тигізді. Себебі Дж. Буштың «Жаңа тәртіп бағытында» атты жолдауында әлемдік тәртіпті қолдауы мүмкін аймақтың қатарында Жапония кіретін Азия да аталған еді. АҚШ билігінде болған Джордж Буш әкімшілігі алдыңғы Рейган әкімшілігіне қарағанда негізгі назарды Парсы шығанағына аударды. Сондықтан да Американың АТА-ға, соның ішінде Жапонияға қатысты саясаты, біріншіден, Парсы шығанағындағы жағдаймен байланысты болды. Сондай-ақ, осы кезеңдегі ерекшеліктің бірі Азия-Тынық мұхиты аймағында АҚШ-тан өзге

экономикалық қуаты тұрғысынан алда келе жатқан жаңа күштердің арасалмағы қалыптаса бастады. Аймақта Қытаймен қатар, АСЕАН-ға мүше-мемлекеттердің қатарында болған жаңа индустриалды мемлекеттер күшейді.

Екі мемлекеттің арасындағы әскери-саяси саладағы байланыстардың дамуына келесі маңызды іс-шаралар ықпал етті: біріншіден - АҚШ пен Жапония арасында қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты қамтыған маңызды құжатқа қол қойылды.

1992 жылы 9 қаңтарда Жапония премьер-министрі Миядзава мен АҚШ-тың президенті Джордж Буштың арасында екі мемлекеттің ғаламдық әріптестігі бойынша Токио декларациясына қол қойылды. Құжаттың мазмұны преамбула және бірнеше бөлімдерден құралған екі тараудан тұрды. АҚШ пен Жапонияның әскери-саяси қарым-қатынастары мәселесі Токио декларациясының преамбуласында және ғаламдық әріптестіктің жоспары аталған бірінші тараудағы «АҚШ пен Жапонияның саяси және әскери қарым-қатынастары» бөлімінде жазылған. Құжатқа сәйкес: «АҚШ пен Жапония американо-жапон одағына негіз болатын 1960 жылғы өзара ынтымақтастық және қауіпсіздік бойынша келісім-шартта бекітілген міндеттемелерді растайды. Бұл одақ екі мемлекеттің Ғаламдық әріптестікте әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі құрметті рөлдері және міндеттемелерін бөлісуде ынтымақтастасуды көздейтін саяси негіз болып табылады. Екі мемлекеттің үкіметтері 1960 жылғы келісім-шарт және онымен қатысты өзге де құжаттардың тиімділігіне күмән тудырмауға тырысады». Сондай-ақ, осы декларацияда екі тараптың міндеттері бөлінген, яғни «Тұрақсыздық және белгісіздікпен сипатталған жаңа кезеңге қадам басқан тұста АҚШ аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін әскерлердің қатысуын жалғастырады. Жапония жаңа «Негізгі мемлекетті Қолдау келісімі» бойынша Жапониядағы американдық әскери күштердің орналасуы үшін қаржыландыруды бөлісуде өз үлесін арттыруға ұмтылады. Екі мемлекет те өздерінің қорғаныс күштерінің арасындағы ынтымақтастықты күшейтуге және қорғаныс бойынша технологиялардың тасымалының арттыруға қадам жасайды. АҚШ пен Жапония өздерінің қауіпсіздік қарым-қатынастарын бақылаудың механизмі ретінде жаңарған Қауіпсіздік бойынша кеңес алмасу комитетін пайдалануға келіседі [2]. Екіншіден, АҚШ-тың Парсы шығанағындағы

соғысында Жапонияның рөлі «қырғи-қабақ соғысы» барысындағы Корея және Вьетнам соғыстарындағыдай мәлімдеме мен материалдық тұрғыдан көмекпен шектелді. Президент Дж. Буш жапон премьер-министрі Т. Кайфуге коалицияға қаржылық көмек көрсету, Түркия, Египет және Иорданияға экономикалық көмек беру туралы және Иракка қарсы жапондықтардың жеке қатысуын қамтамасыз ету туралы ұсыныстарын білдірді. Жапонияға соғысқа қатысудың бірнеше үлгісі ұсынылды: өз еркімен медициналық персоналды жіберу, әскерлерді және қаруларды тасымалдау үшін кемелерді беру, әскери әрекеттердің аймақтарынан болуы мүмкін босқындарға көмек көрсету, коалициялық әскери-теңіз күштерінің операцияларында қатысу. Әсіресе, АҚШ бортында жапондық командасы бар және жапон туы астында жүзетін жапондық кемелердің қатысуын қалады [3]. Алайда Жапония осы соғыста өз қолдауын тек қаржылық көмек және мәлімдеменің негізінде ғана таныта алды. 1991 жылғы қаңтарда Кувейт территориясында, кейіннен Иракта жалғасқан соғыс басталған кезде Жапония көпұлтты армияның шығындарын төлеу үшін 13 млрд. доллар қаржы бөлді. Сондай-ақ, премьер-министр Т. Кайфу Жапонияның Парсы шығанағындағы көпұлтты күштеріне «берік қолдауын» білдірді. Жапонияның әскерді жібере алмауы осы деңгейлес әрекеттерге тыйым салатын елдің Ата заңымен байланысты еді. Дербес қорғау күштерінің БҰҰ-ның бейбіт күштерінің құрамында қатысуға мүмкіндік беретін Жапонияда заң да қабылданбаған болатын. Алайда Жапония үкіметі Жапониядан тыс аумаққа жіберілу мүмкіндігін заң жүзінде жүзеге асыруға қадам жасады. Нақтылар болсақ, Жапония парламенті 1991 жылы желтоқсанда бейбітшілікті қолдау мақсатында БҰҰ-ның қарулы күштерімен ынтымақтастық туралы заң қабылдады [4, р.99]. Заң бойынша БҰҰ-ның ұсынысымен қақтығыс аймақтарына жапондық әскерлерді жіберуге мүмкіндік берілді, бірақ олардың бейбітшілікті қолдау бойынша БҰҰ-ның қарулы күштерінің әрекеттерінде қатысу келесі «бес қағиданың» орындалуы жағдайында жүзеге аспақ: қақтығысушы тараптардың арасында әскери әрекеттердің аяқталуы немесе тоқтатылуы туралы уағдаластыққа қол жеткізу; қабылдаушы мемлекеттерді қосқандағы қақтығысушы тараптардың БҰҰ-ның күштерінің қызметі және ондағы Жапонияның қатысуына қатысты келісімі; қақтығысушы тараптардың қолдауына мүмкіндік бермейтін бейтараптылықты ұстану; егер жоға-

рыдағы көрсетілген талаптар толығымен орындалмаса, Жапония өз контингентін қайтаруы туралы шешімді дербес қабылдауға құқығы бар; каруды қолдану қажеттілігін минимумға жеткізу [5]. Осы әрекет арқылы Жапония өзіндік қорғаныс күштерінің ел аумағынан тыс аумаққа жіберілу мүмкіндігін арттыруға ұмтылды және АҚШ-тың Жапонияға Парсы шығанағындағы әскери қатысудан бас тартуына байланысты наразылығын әлсіретуге ықпал етуге бағыттады.

Джордж Герберт Уокер Буштан кейінгі билік басына 1993 жылы келген Билл Клинтонның тұсында халықаралық жағдай өзгеріске түскен болатын. Кеңес Одағының құлауының нәтижесінде екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастардың дамуын анықтаған биполярлы әлем өмір сүруін тоқтатты. Американдық мемлекеттік қайраткерлердің естеліктерінде атап өткендей: «қауіпті қырлары бар қырғи-қабақ соғыс халықаралық қатынастардағы өзіндік тұрақтандырушы фактор бола білді. Ол биполярлы әлемдік жүйедегі әрбір мемлекеттің орнын анықтайтын белгілі бір ойын ережелерін қалыптастыра білді» [6, 45 б.].

Билл Клинтон әкімшілігі тұсында Азия-Тынық мұхиты аймағына қатысты «Жаңа Тынық мұхиттық қауымдастықты құру» сияқты стратегия және өзге де АТА-дағы АҚШ-тың саясатын бағдарлаған маңызды құжаттар қабылданды. Мұндай АТА-ға қатысты қызығушылықтың артуына негіз болған факторлар келесілер болған еді:

1. Қытайдың экономикалық өсуімен байланысты аймақтағы рөлінің артуы. Әсіресе, АҚШ Қытайдың 1995 жылы ядролық сынақтарды өткізуінен кейін қауіптенді.

2. Тайваньдағы жағдайдың тұрақсыздығы. 1996 жылғы Тайваньдағы орын алған оқиғаны шешу үшін Қытайдың Халық-азаттық армиясының 150 мыңдық армиядан құралған әскери контингентті орналастыруға қатысты жоспарлары АҚШ-ты алаңдатты.

3. Корей түбегіндегі жағдайдың тұрақсыздығы. Осы түбектегі Солтүстік Кореядағы ядролық қару қаупі мәселесі мен жаппай қырып-жою қаруларының таралуы мәселесі АҚШ әкімшілігін толғандырып отыр.

Осы факторларды ескере отырып американдық әкімшілік Жапониямен әскери-саяси ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылысын байқатты. Сол кезеңдегі Б. Клинтон әкімшілігінде қызмет еткен У. Коэн өз баяндамасында Токионың

ерекше рөлін былайша атап өтті: «Біз Жапониямен екіжақты қатынастарды нығайтуға ерекше назарымызды аударып отырмыз. Олар АҚШ-тың АТА-дағы қауіпсіздік саясатында ғана емес, сондай-ақ, ғаламдық стратегиялық мүдделерін жүзеге асыруда зор маңызға ие». Билл Клинтон бастаған АҚШ-тың басшылығы билік еткен XX ғ. 90 ж. Жапониямен әскери байланыстарды дамытуға әрекеттерін жалғастырды. Осы жылдардағы екі мемлекеттің қауіпсіздік саласындағы қарым-қатынастары келесі оқиғалардан көрініс тапты: екі мемлекеттің әскери байланыстарының бағыттарын және жаңа әлемдік тәртіп жүйесіндегі рөлін анықтаған құжаттар қабылданды; АҚШ-тың әскери қатысуына қатысты туындаған Окинаваның мәселесін

реттеуге ұмтылыс жасалынды; Жапония мен АҚШ арасында зымыранға қарсы қорғаныс мәселесі бойынша өзара кеңес алмасу орын алды.

Алғашқы іс-шараға тоқталар болсақ, XX ғ. 90 ж. ортасынан АҚШ пен Жапонияның арасындағы қарым-қатынастарда одақты нығайтуды көздеген өзара ұмтылыспен сипатталған жаңа мазмұнға ие болды. Осы ұмтылыс ХХІ ғасырда бейімделе алатын жапон-американ әскери-саяси одағын сақтау және күшейтуге бағытталған жаңа маңызды құжаттардың пайда болуына әкелді. Екі мемлекеттің әскери-саяси саладағы байланыстарын нығайтатын жаңа құқықтық негізді қалыптастыру қажеттілігі туындады. Барлық американо-жапон жүйесін реформалаудың басталуының негізін қалаған құжаттар 1996 жылғы 17 сәуірде АҚШ президенті Билл Клинтон және Жапонияның премьер-министрі Р. Хасимото қол қойған «Қауіпсіздік бойынша біріккен декларация»; 1996 жылы 23 қыркүйекте «Қорғаныс саласындағы жапон-американ ынтымақтастығының жетекші қағидалары»; 1995 жылы Жапонияда қабылданған «Ұлттық қорғаныстың негізгі бағдарламасы».

Қауіпсіздік бойынша біріккен декларацияға 1996 жылы 17 сәуірде Токиода АҚШ пен Жапонияның қол қоюы «қырғиқабақ соғыс» аяқталғалы бергі екі елдің әскери-саяси ынтымақтастығындағы маңызды оқиғалардың бірі болды. Бұл құжат іс жүзінде 1960 жылғы қауіпсіздік келісім-шартын толықтырған қазіргі заман тараптарына бейімделген қажетті құжаттың біріне айналды.

Декларацияның «ХХІ ғасырға бағытталған одақ» аталған бірінші бөлімінде мемлекет басшылары құжатқа қол қойылудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, тараптар екі мемле-

кеттің одағы «қырғи-қабақ соғыс» барысында Азия-Тынық мұхиты аймағындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға жәрдемдескендігін және осы аймақтың экономикалық өсуіне ықпал еткендігін мойындады. «Аймақтық жағдайдың сипаттамасы» аталған екінші бөлімде Азия-Тынық мұхиты аймағында «қырғи-қабақ соғыстың» аяқталуымен кең көлемді қақтығыстың орын алуы мүмкіндігі артта қалғандығы атап өтілген. Дегенмен осы бөлімнің мазмұнына сәйкес аймақтағы тұрақсыздыққа ықпал етуші факторлардың қатарында, Корей түбегіндегі жағдай, Азия-Тынық мұхиты аймағында ядролық арсеналдарын қосқанда ірі әскер топтарының орналасуы, территориялық даулар, сондай-ақ, жаппай қырып жою қаруларының таралуы және оның тасымалы көрініс тауып отыр. «Жапон-американ одағы және өзара ынтымақтастық пен қауіпсіздік туралы келісімшарт» аталған үшінші бөлімде екі мемлекеттің басшылары жапон-американ одағын аймақтағы жағдайдың кепілдемесі ретінде жоғары бағалады және осы одақты одан әрі дамытуға қатысты шешім қабылдады. Премьер-министр және президент аймақтағы американдық қатысудың маңыздылығын атап өтті. Яғни АҚШ-тың президенті Б. Клинтон Азия-Тынық мұхиты аймағында 100 мыңдық адамды құрайтын американдық әскерлер сақталуы тиістілігін және Жапонияда бұл сан қысқармау қажеттілігін атап өтті. Жапонияның премьер-министрі американдық елбасының әскери қатысуы туралы шешімін қолдап, жапондық территориялар мен қажетті құралдарды американдық әскерлерге ұсынуды жалғастыруға уәде берді. «Қауіпсіздік бойынша жапон-американдық қарым-қатынастары негізіндегі өзара ынтымақтастық» аталған бөлімде Клинтон және Хасимото мемлекеттердің арасындағы тұрақты кеңес алмасулар мен ақпаратпен алмасуды жалғастыру қажеттілігіне келісті. Тараптар тығыз іскерлік байланыстарды дамыта отырып, 1978 жылғы қорғаныс бойынша жапон-американдық жетекші қағидаларды қайта қарау бастамасын қолдайтындығын білдірді. F-2 сияқты жойғыш қаруларды қарулану және әскери техника саласында ойлап табу мақсатында екіжақты зерттеулерді жүргізуді жалғастыруға шешім қабылданды. Премьер-министр және елбасы жапон халқы тарабынан кең қолдау мен өзара түсіністік Жапониядағы американдық әскерлердің қатысуымен байланысты қақтығыстардың орын алмауы үшін аса қажеттілігін мойындады. Тараптар екі мемлекет басшыларын

американдық әскерлердің қатысуы мен олардың мәртебесіне қатысты туындаған барлық мәселелерді шешу үшін ұмтылыстарын салуға келісті. Екі басшының назарынан Окинава мәселесі де тыс қалмады. АҚШ президенті мен Жапонияның премьер-министрі Окинавада объектілер мен базаларды тығыздандыру және қысқартуға қатысты шаралар ұйымдастыруға мүдделестігін байқатты.

«Аймақтық ынтымақтастық» аталған бөлімде тараптар Азия-Тынық мұхиты аймағындағы бейбіт әрі тұрақты атмосфераға қол жеткізу үшін ұмтылатындығын растады. Қытайдың позитивті және конструктивті рөлді ойнауының маңыздылығы атап өтіліп, Қытаймен қарым-қатынастарды нығайту қажеттілігіне және Ресеймен ынтымақтастықты жалғастыру мен Корей түбегіндегі тұрақтылық үшін белсенділікті жалғастыру керектігіне көңіл бөлінді. Аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде аймақтың барлық мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамыту қажеттілігіне ерекше мән берілді [7]. «Ғаламдық ынтымақтастық» аталған бөлімде екіжақты ынтымақтастықты ғаламдық деңгейде нығайту, БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдарда бейбіт операцияларда және гуманитарлық көмек көрсету бойынша акцияларда қатысу арқылы қолдауға шешім қабылданды. Сонымен қатар, қарулану мен қарусыздандыруға бақылау орнату, ядролық сынақтар мен жаппай қырып жою қаруларының таралуына тиым салуға ұмтылыс жасалуы керектігі атап өтілді. Қорытындыда мемлекет басшылары ХХІ ғасыр қарсаңында қауіпсіздіктегі сәтті қарым-қатынастардың тарихын жалғастыру және кейінгі ұрпақ үшін бейбітшілік пен көркеюді қамтамасыз ету үшін біріге әрекет етуге ұмтылысын қолдады. Құжаттың негізінде АҚШ АТА-да 100 мыңдық әскерді, соның ішінде Жапонияда 47000 адамдық корпусы сақтайтығын мәлімдеді. Осылайша біріккен декларация арқылы ХХІ ғасырдағы екі мемлекеттің одақтастық қарым-қатынастары бекітілді.

Американ-жапон әскери байланыстарын жаңа әлемдік тәртіптің талаптарына бейімдеу мақсатында дайындалған құжаттардың келесісі – «Қорғаныс саласындағы жапон-американ ынтымақтастығының жетекші қағидалары». Жапон-американдық жетекші қағидалар 7 тараудан құралған. Олардың мазмұнында қалыпты тұрақты және әскери шабулы туындаған жағдайындағы АҚШ пен Жапонияның әскери-саяси ынтымақтастығының бағдары айқындалған.

АҚШ пен Жапонияның әскери қарым-қатынастарының Клинтон әкімшілігі тұсында дамуы екі тараптың зымыранға қарсы қорғанысты бірлесе жүзеге асыруға ұмтылысынан байқалды. АҚШ пен Жапонияның зымыранға қарсы қорғаныс (РҚҚ) мәселесіндегі ынтымақтастық өз бастауын 1987 жылдан, екі мемлекеттің «Жапонияның стратегиялық қорғаныстық бастама мәселелерін зерттеуге қатысу туралы келісімінен» алады. Іс жүзінде бұл құжат толыққанды жүзеге аспай, қағаз жүзінде қалды. Осы шараның құрамдас бөлігі болып табылатын зымыранға қарсы қорғаныс мәселесінің XX ғасырдың 90-жылдарында қайта туындауы екі тараптың әскери саладағы ынтымақтастығының жаңа кезеңі болды. 1993 жылы қыркүйекте Жапония мен АҚШ-тың арасында РҚҚ жобалауға қатысты біріккен саясатты дайындау туралы келісімге қол жеткізді. Келісім-шарттың тәжірибеде жүзеге асыру екіжақты қауіпсіздік комитетінің бөлімшесіне жүктелді. Осы шешімге сәйкес 1993 жылы желтоқсанда РҚҚ ӘӘА-ның екіжақты жұмыс тобы құрылды [8]. Осы әрекет 1993 жылғы Солтүстік Кореяның жапондық теңіз акваториясына «Нодонг» зымыранын ұшыруының нәтижесінде пайда болған жауапты әрекет еді. Бастапқы жылдары Жапония қаржылық шектеулерге байланысты РҚҚ ӘӘА бойынша біріккен толық көлемді зерттеулерді жүргізуге дайын болмады. Алайда Жапонияның осы жобаға белсенді қатысуы жапон халқы тарабынан кейінгі жылдары қолдау тапты. Жапондық сараптамашылардың пікірінше мұндай жайт 1995-1998 жылдары жапондықтардың «өзінің қауіпсіздігіне қатысты үш оқиғаны» бастан өткеруімен байланысты болды: біріншісі – Тайвань акваториясына ҚХР-дың зымырандарды жіберуі; екіншісі – КХДР-дың 1998 жылы тамызда «Тэпходон-1» атты баллистикалық зымырандарын ұшыруы; үшіншісі – 1998 жылғы Үндістан мен Пәкістанның ядролық сынақтары мен 1999 жылы күздегі американдық Сенаттың жаппай ядролық сынақтарға тыйым салу туралы келісім-шартты бекітуден бас тартуы. Соңғы жайт АҚШ-тың қарусыздандыру саласында одақтастық міндеттемелерді жүзеге асыруын қаламайтынын байқатты. Нәтижесінде Жапония осындай факторларды ескере отырып, АҚШ-пен бірлесе жүзеге

асыруды жөн деп тапты. АҚШ әкімшілігі ұсынған XX ғасырдың 90 жылдарындағы РҚҚ ӘӘА жүйесі екі компоненттен құралған: бірі - жерде орналасқан ракетаға қарсы қорғаныс жүйесі,

екіншісі - теңізде орналасқан ракетаға қарсы қорғаныс жүйесі. Сондай-ақ, ғарыштық орналасуды көздейтін жобалар да XX ғасырдың 90-жылдары талқыланды. Атап өтер болсақ Б. Клинтон әкімшілігі тұсында Жапониямен бірлескен әрекеттерді ұйымдастыруға келесідей қадамдар жасалынды:

1) 1999 жылы 16 тамызда РҚҚ ӘӘА-ны құру саласында біріккен зерттеулер туралы ноталармен екі тарап алмасты;

2) АҚШ-тың қорғаныс министрлігі мен Жапонияның Қорғаныс агенттігі нақты зерттеу жобалары бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды;

3) жапондық мамандар жаңа РҚҚ-тың ғарышта орналасатын техникалық негізделуінің дайындығына кірісті.

Президент Билл Клинтон әкімшілігі тұсында АҚШ пен Жапонияның әскери-саяси ынтымақтастығы жаңа сипатқа ие болды. XX ғасырдың 90-жылдардағы Азия-Тынық мұхиты аймағында Қытайдың экономикалық өсуі, Солтүстік Кореяның ядролық қаупі де АҚШ пен Жапонияның әскери-саяси ынтымақтастығының нығаюына ықпал етті.

Әдебиеттер

1 Toward a New World Order. A Transcript of former President George Herbert Walker Bush's address to a joint session of Congress and the nation // www.sweetliberty.org/issues/war/bushsr.htm 2 Tokyo declaration on the Japan-U.S. Global Partnership // www.mofa.go.jp/documents

3 Cable. Ambassador Armagost to Department of State, Subject: The Gulf War: Impact on Japan and U.S.-Japan relations, March 14, 1991 // www.gwu.edu/~nsarchiv

4 Armacost M. Friends or Rivals. – N.Y., 1996. – P. 60

5 Латышев И. Японские эсминцы вошли в Индийский океан // Азия и Африка сегодня. – 2002. – №4. – С. 13-15

6 Накасонэ Я. Государственная стратегия Японии в XXI веке: пер. с японск. – М., 2001. – 312 с.

7 Japan-U.S. Joint Declaration on Security - Alliance for the 21st Century (17 April 1996) // www.mofa.go.jp/region/n-america/us/security/arrange.

8 Report to Congress on Theater Missile Defense Architecture Options for Asia-Pacific Region // www.usinfo.state.gov/regional/ea/easac

Р.О. Садыкова, К. Нурланқызы

Военно-политическое сотрудничество США и Японии в 90-е годы XX века

Данная статья посвящена японо-американскому сотрудничеству в 90-е годы XX века. Автор начинает свою статью с рассмотрения проблемы международного порядка после «холодной войны» и определяет основные факторы, способствовавшие укреплению военно-политических отношений Японии и США. Также в статье изучаются основная договорно-правовая база американо-японского военно-политического сотрудничества при администрации американских президентов как Джордж Буша старший и Билл Клинтон. Статья актуальна и интересна для широкого круга читателей.

R.O. Sadykova, K. Nurlankizi

Military-political cooperation of the USA and Japan in the 90's years of XX century

This article is devoted to Japanese-American cooperation in 90-th of XX century. The author considered international problems order «Cold war» and defined main factors which strengthen military-political relations between Japan and the USA. Also in this article was analyzed the main legal basis of American-Japanese military-political collaboration under administration of the USA Presidents G. Bush older and GB. Clinton.

ӘОЖ 94«19/20»

Б.Ә. Түлкиева

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы иран қоғамындағы саяси күрес және Реза ханның үкімет басына келуі

Аңдатпа: Автор бұл мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Иран қоғамында орын алған саяси күрестер және Ирандағы Реза хан үкіметінің орнауы мәселелерін қарастырады.

Түйін сөздер: келісімшарт, Англия, Иранды, бірінші дүние жүзілік соғыс, мемлекеттік аппарат, ұлт-азаттық қозғалыс.

Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін, Англия Иранды іс жүзінде толықтай жаулап алады. 1919 жылы Англия мен Иран арасында келісімшарт жасалынады, оның негізінде Ұлыбританияның Иранның экономикасы мен армиясын, мемлекеттік аппаратын өзіне бағындыруға тырысқан саясаты жатты.

Ағылшын үкіметінің бұл саясаты елде бүкілхалықтық наразылық тудырды. Барлық жерлерде демонстрациялар мен митингілер болып өтті. 1920 жылы көктемде Солтүстік Иранда ағылшындарға және үкіметке қарсы басталған басқөтерулер азаттық қозғалысқа айналып кетті. Ең ірі қозғалыс Гилян провинциясында орын алды, бұл жерде республика жарияланып және Кучекхан басқарған революциялық уақытша үкімет құрылады. Бұл қозғалыс тарихта «Гилян төңкерісі» деп аталып кетті. Ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі қозғаушы күші – қала кедейлері, колөнершілер, қалыптасып келе жатқан пролетарлық элементтер, ұсақ саудагерлер және ішінара шаруалар да болды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдары кезінде-ақ бұл жерде орман партизандарының (дженгемистер) қозғалысы өршіген болатын. Оның құрамына шаруалар, қала тұрғындары, помещиктер, интеллигенция кірді. Бұл қозғалыстың басында 1905 – 1911 жж. төңкеріске қатысқан Мырза Кучек – хан тұрған болатын. Дженгемистер соғыс жылдарында патша әскеріне, сосын Ираннан ағылшындардың қуылуын талап етіп, ағылшын басқыншыларымен ауыз жаласқан үкіметке қарсы көтерілді [1].

Қозғалысқа шығушылардың негізгі ұраны - ағылшындарды елден кетіру, ағылшын-иран келісім-шартын жою, Кеңестік Ресеймен дипломатиялық және сауда қарым-қатынастарын орнату, шет елдік басқыншылармен күрес жүргізе алатын, күшті бірорталықты үкіметті құру, шахтың және феодалдық аристократияның құқын шектеу, саяси құрылысты демократиялық тұрғыда реформалау, экономикалық құлдырауды жою, білім, денсаулық саласында бірқатар демократиялық реформаларды іске асыру болып табылды.

Гилян қозғалысының төңкерісшіл – демократиялық бағытын ұстанған, 1920 маусымда құрылған Иран коммунистік партиясының ОК –нің солшыл сектанттық мүшелері Кучек-ханға қарама-қарсы көзқараста болады.

Кучек-хан мен ИКП ОК арасындағы алауыздық ендігі жерде ашық конфронтацияға айналып кетеді. Гилян қозғалысынан кейінгі үш айдан соң, 1920 жылы 31 шілдеде «солшыл» коммунистер төңкеріс жасап, Кучек-хан үкіметін тақтан тайдырады.

Кучек-хан үкіметі жақтастары мен ИКП арасындағы күрес, қозғалыстың ішкі жағдайының ыдырауына әкеліп соқты. Қозғалыстың қатарынан ірі жер иелері мен көпестер кете бастайды. 1920 жылдың аяғына қарай Гейдар хан Аму – Оғлының басшылығымен ИКП ОК жаңа құрамын құру, сөйтіп, «солшыл» коммунистердің жіберген қателіктерін түзеу еш нәтиже бермеді.

Соған қарамастан, «Гилян төңкерісі» Ирандағы саяси жағдайдың дамуына шешуші ықпал етті. Ұлт-азаттық қозғалыстардың өршуінен

үріккен иран үкіметі, 1919 жылғы Англия үкіметімен жасасқан келісім-шарттың іске асуын тоқтататын шаралар қолданды. 1920 жылы желтоқсанда кеңес-иран келісімінің жобасы жасалынады, алайда Англия алдындағы үрейден иран үкіметі, не 1919 жылғы ағылшын-иран келісім-шартын жоя алмады, не Кеңес үкіметімен келісімге қол қоя алмады.

Осындай мүмкіндікте Англия Иранды бөлшектеп, оның оңтүстік бөлігін британ колониясына айналдыруға кірісті.

Осындай жағдайда, яғни иран мемлекеттілігінің өмір сүруі екіталай болып тұруы кезеңінде, 1921 жылы 21 ақпанда (Иран күнтізбесі бойынша – 3 хут 1299 ж.) Тегеранда мемлекеттік төңкеріс болады. Астыртын төңкеріс ағылшындармен тығыз байланыстағы Сеид Зия-эд-Дин Табатабаимен ұйымдастырылады, ал ол Реза-ханның басшылығымен парсы-казак отрядының күшімен іске асырылады.

1921 жылдың 21 ақпанында Реза-хан бастаған парсы-казак дивизиясы Казвиннен Тегеранға аттанып, мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырады. Тегерандағы мемлекеттік кеңселерді басып алып, 200 – ден астам мемлекеттік қызметкерлерді тұтқындады. Тұтқындалғандардың көпшілігі ағылшын-иран келісімін жақтырмайтындар болатын. Төңкерісті ұйымдастырушылардың кеңесшілерінің қатарында кілең ағылшын офицерлері болды. Бұл офицерлердің едәуір тобы солтүстік Ирандағы «Норперфрос» ағылшын штабы құрамынан келгендер еді. Төңкерістің жоспарын жасауға ағылшын әскери тобының бастығы, генерал Г. Айронсой, полковник Смайлс, Тегерандағы ағылшын консулы Говард және басқалардың қатысқаны байқалады [2].

Астана іс жүзінде ешқандай күрессіз басып алынады, үкімет тізе бүктіріледі, керек емес адамдар тұтқынға алынады және Зия-эд-Дин мен әскери министр Реза-ханның басшылығымен жаңа үкімет қалыптасады, ол «Қара кабинет» деп аталынды.

Төңкерісшілердің жетекшісі журналист әрі дипломат Сеид Зия-эд-Дин премьер-министр болып тағайындалады, ал полковник Реза-хан дивизия командирі, ал сосын әскери министр болады.

«3 хут төңкерісінен» кейін құрылған жаңа үкімет ішкі және сыртқы саясатта өзінің тәуелсіздігін жариялайды, ал 26 ақпанда ол ағылшын-иран келісім-шартының бұзылғандығын мәлімдеді және де сол күні Кеңес үкіметімен келісімге қол қояды.

Мұнымен ол елдегі ұлт-азаттық көтерілісті басуға үміттенді. Біруақытта премьер Тегеран-

дағы ағылшын елшісі Герман Норманға былай деп мәлімдеді: «Иранды тәуелсіз мемлекетке айналдыруды көздей отырып, Иранның «интернационалдандыру саясатын» ұстанамыз, сонымен бірге елде Ұлыбританияның маңызды мүдделерін сақтай отырып, әр түрлі елдердің мамандары мен капиталдарын елге тартамыз» [1 б.].

Ішкі саясатта жаңа үкімет өзінің алдына жаңа міндеттер қойды. Ол халық қозғалыстарын басу болды. Алайда «Гилян төңкерісі», шын мәнінде, ішкі ыдыраушылықтан өз-өзінен басылған болатын. 1921 жылы 29 қыркүйекте Кучек-ханның жақтастары Революциялық комитеттің мәжілісі өтіп жатқан үйді өртеп жібереді, оттан қашып шыққан Гейдар хан Аму – Оғлы ауыр жарақат алып, сосын ұсталады да, өлтіріледі. Ал Кучек-ханның өзін қарашаның аяғында Талыш тауында бұрынғы төңкерісшілер ұстап, оны өлтіреді.

1922-1923 жылдарда неше түрлі саяси топтардың арасындағы мемлекеттік билік үшін күрес қанат жайды. Күрестің барысында ірі феодалдық аристократиялық топтар мен буржуазиялық-демократиялық күштердің арасындағы қайшылықтардың ара салмағы айқындалды. Дәл осы кезде меджілістің кезекті сайлауының мерзімі де жетті. Мұндай жағдайда монархияны құлатып, республикалық тәртіп орнату ойлары басымырақ болды.

Осындай күрестің барысында көптеген кабинеттер үздіксіз алмасудың соңында болды. Тұрақсыздық саяси өмір жағдайында тек қана әскери-соғыс министрі Реза ханның жағдайы өзгерген жоқ. Қайта оның билігі жылдан-жылға күшейе түсті.

Біртіндеп Реза ханның билігі әскер арасында да, буржуазия топтарының арасында да кең жайылып, оның беделі өсудің жолында тұрды. Осы кезде кеңес-иран экономикалық байланыстары да жөнделе бастады. 1923 жылдан бастап Каджар патша тұқымын биліктен кетіру насихаты басталды. Бұл насихатты Реза ханды қолдайтын топтар жүргізді.

1924 жылы Реза хан ірі феодалдық аристократиялық топтармен жақындасып, жоғарғы шенді дін басшыларын өз жағына тартып, патшалық билікке таласуға дайын екенін білдірді. Осы жылдардың барысында Реза хан аяусыз түрде көшпелі хандардың сепаратистік әрекеттерін басып отырды.

1922 – 1924 шахсеван, талыш, макин хандары, күрд тайпалары бағындырылды. Қарсы шыққан хандардың үй-мүлкі конфискаленіп, өздері орталық аудандарға көшірілді [3].

Парламенттік сайлауға дайындықтың барысында, Реза-хан және оның жақтастары «Таджеддад» (Жаңарту) атты помещиктік-буржуазиялық партия ұйымдастырды.

1925 жылы 31 қазан күні бесінші сайланған мәжіліс Каджар тұқымын биліктен кетіріп, уақытша патша билігін Реза ханға жүктеді. Мәселенің толық шешімі Құрылтай жиналысында шешілетін болды. Өзінің үндеуінде Реза шах Ирандағы мұсылмандық тәртіпті, ислам дінін қатты ұстауды, арақ-шарапқа тыйым салуды, нанның бағасын арзандатуға уәде берді. Дін басылары Реза-шахты қолдауға шақырды.

1925 жылы қарашада Құрылтай жиналысының сайлауы болды. Оның құрамына Резаны жақтаушылар сайланды. 1925 жылы 10 желтоқсанда Құрылтай жиналысы Резаны таққа отырғызды. Өз патша әулетіне Пехлеви деген ат тағып Реза-шах таққа шықты. Сөйтіп Иран елінде Реза-шах Пехлеви тұқымының үстемдігі орнады.

1925 жылы тақты басып алып, Пехлеви династиясын орнатқан Реза ханның саяси белсенділігі 1921 жылғы ақпанда болған мемлекеттік төңкерістен басталған болатын.

Реза хан 1877 жылы, Мазендеран провинциясының Савадкухтан округындағы ұсақ помещиктің отбасында дүниеге келген болатын. Оның әскери қызметі 1881 жылы орыс-парсы бригадасында сержанттық қызметтен басталды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында офицер шеніне жетті. 1921 жылы Реза-хан парсы-казак дивизиясының полковнигі еді. 1921 жылы сәуірде, төңкерістен кейін, Реза-хан әскери министр қызметіне тағайындалды [4]. Реза хан «Қара кабинетте» әскери министр қызметінде болса, 1923 жылы премьер – министр болып тағайындалды, ал 1925 жылдың желтоқсанында Иран шахының мұрагері болып жарияланды.

Пехлеви монархиясы орнағаннан кейін, Иран қоғамының дамуы капитализмнің жалпы дағдарысының бірінші кезеңі деп сипатталған, қайшылықты халықаралық жағдайда өтті. Иранның солтүстік шекарасында бірінші социалистік мемлекеттің пайда болуы, елде саяси және экономикалық тәуелсіздікке жетуді жеңілдетті. Иранда өздерінің позициясын сақтап қалу мен нығайтуды көздеген елдердің саясаты басқаша сипат алды.

Шах тағына отырғаннан соң, Реза шах өзінің диктатурасын нығайта бастады. Феодалдық аристократияға және хандарға (әсіресе көшпелі тайпалардың) қарсы күресті жалғастыра отырып, бір орталықтанған мемлекет құруды көздеді.

Орталық үкіметті күшейту және ірі аймақтарды басқарып отырған генерал – губернатор-

лардың құқықтарын шектеу мақсатымен, елдің әкімшілік бөлінуі өзгертілді. Ең алдымен ірі аймақтар жойылды, сосын, 1938 жылы мемлекет 10 астандарға (аймақтар) біріккен 49 шахристанға (аймақтар, губерниялар) бөлінді.

Реза хан аграрлық мәселе бойынша да бірқатар заңдар шығарды. Жер иеліктерін тіркеуге алу туралы Заң (1928 ж.), Азаматтық заңдар жинағы (1929 ж.) және басқа да жер иеліктеріне байланысты заңдарды шығарды.

1930 жылы, 1928 жылы құрылған Ұлттық банктің жанынан, ауыл шаруашылығы бөлімшесі ашылады, сосын 1931 жылы, мәжіліспен қабылданған заң жүзінде арнайы Ауылшаруашылығы банкі ашылады. Бұл банктер ірі жер иелеріне қаржылай көмек көрсетті, жылжымайтын мүлікті (жерді) пайдалы негізде (4 % жылдық) суару жұмыстарына, дәнді дақылдар егуге несиелер берді. Осыны пайдалана отырып, көптеген ірі жер иелері банктен несие ала отырып, ақшаны үстеме – өсімқор пайдамен шаруаларға берді.

Ірі жер иелерінің меншіктерін қорғау мақсатында 1927 – 1928 жж. сот реформасы өткізілді, бірқатар заңдар жинағы (1927 жылы қылмыстық кодекс, 1930 жылы жерді күшпен басып алуға қарсы заң, 1931 жылы шаруалар қозғалысына қарсы және т.б.) шығарылды [4,313].

1930 жылы 1 наурызда меджіліс Иранның алтын ақша негізіне көшкендігін жариялады. Бір сомдық күміс ақшаның орнына енді алтын риал енгізілді және сонымен қатар елден алтынды шығаруға тыйым салынды [5].

Ұлттық банктің жағдайын нығайту мақсатында, үкімет ағылшындық Шахиншах банкісінің қызметін тежеу саясатын жүргізді. 1928 жылы құрылған Ұлттық банк сонымен қатар мемлекеттік банктің де қызметін атқарды. Неміс капиталының банкіге қысымшылығын кеміту үшін, Иран үкіметі 30-шы жылдардың басында неміс қызметкерлерін ирандықтармен ауыстыруға кірісті. 1932 жылы қаңтарда банктің барлық шетелдік қызметкерлері босатылатыны хабарланды. 1930 жылдың өзінде-ақ Иран үкіметі кеңесші Шнивендтті және қаржы министрлігінің тексеру бөлімінің бастығы Шерді қызметтен босатты [6].

Жалпы алғанда 30-шы жылдардың барысында Иранның қаржы жағдайы аздап болса да жөнделуінің арқасында, Иран 1912-1914 жылдардан қалған 490 мың фунт стерл. тең Англия қарызынан құтылды.

Шетел мамандарын босату халық ағарту саласында да болды. 1932 жылы шетелдіктер

қамқорлығындағы бастауыш мектептер, содан кейін американдық пресвитериан колледжі жабылды. 1929 жылы Иранда шетелдік мектептердің саны 50-ге жуық болатын, оның жартысы американдық миссионерлердің қарауында болатын, олар оқу орындары емес, діншіл-насихаттық мекемелер еді.

1927- 1928 жылдары Иранның оқу министрі барлық шетелдік мектептер үшін міндетті оқу бағдарламасын қабылдады. Бағдарлама бойынша бастауыш сыныптарда оқу әдісі парсы тілінде жүргізіліп, сонымен бірге география, араб тілі, Иран тарихы пәндері оқытылу керектігі, Евангелие мен Библияны оқытуға тыйым салынғаны жарияланды [7].

30-жылдардың басына қарай Иран үкіметі әкімшілік басқару аппаратын да ұлттық кадрлармен ауыстыру саясатын қолдады. Реза-шах шетел тілшісіне айтқан сөзінде, «Иран халқы істе де, ойда да тәуелсіз болуы керек, және жақын арада шетел кеңесшілері мен мамандарының қызметін қысқартады», - деп мәлімдеді [6,277-б.].

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жылдарында (1929-1932) сыртқы сауда, әсіресе, Ираннан тауар шығару күрт қысқарып кетті. Сауда балансының тепе-теңдігін сақтау және оны белсендіру мақсатында, сонымен бірге ұлттық өнеркәсіп өндірісін күшейту барысында 1931 жылы 25 ақпанда «сыртқы сауда монополиясы» туралы заң қабылданды.

Иранның қазіргі заманғы машиналы өнеркәсібі 1930 жылдан басталды. Иран өнеркәсібінің пайда болуының негізгі сипаты, Реза шахтың өзінің қолына неғұрлым пайдалы кәсіпорындарды басып алуы болып табылды. Көптеген жаңа өнеркәсіп кәсіпорындары, соның ішінде Мазандерандағы ірі тоқыма фабрикасы мемлекетке немесе Реза шахтың тікелей өзіне қарады.

Бірінші кезекте тоқыма және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша өнеркәсіп дамыды. Иранда 1940 жылы барлығы 25 жуық ірі мақта-мата фабрикалары және 8 ірі жүн-тоқыма фабрикасы болды. Тоқыма өнеркәсібінің ең ірі орталығы Исфahan болды, онда 10 мың адам жұмысшысы бар 9 ірі тоқыма фабрикасы жұмыс істеді. Ірі тоқыма фабрикалары сонымен бірге Шахи, Бехшахра, Чалус (Мазандеран), Мешхед, Ахваз, Шираз, Кашан, Иезде және Тегеранда орналасты [4,317 б.].

Сонымен бірге 8 ірі қант зауыттары, елуге жуық ірі ұн диірмендері, күріш және мақта тазартатын зауыттар, Тегеранда темекі фабрикасы, Тебризде тері илеу зауыты, сіріңке фабрикасы және т.б. өндіріс ошақтары жұмыс істеді. Бұ-

лардан басқа, Тегеран аудандарында бірнеше әскери зауыттар, цемент және глицерин зауыттары салынды. Иранның солтүстігінде, Эльбрус тауларында тас көмір кендері игеріле бастады.

Екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында ауыр өнеркәсіптің алғашқы өндіріс орындары іске қосыла бастады: Аминабадта металлургиялық комбинат және Ганиабадта (Тегеран маңында) мыс қорыту зауыты, Анарек (Иезден солтүстік-шығысқа қарай) түсті металдар зауыты.

Реза шах үкіметі кезінде өнеркәсіп және жол құрылыстарымен бірге, халық ағарту, мәдениет және тұрмыс салаларында бірқатар іс-шаралар жүргізілді. 1934 жылы Тегеран университеті құрылады. Сонымен бірге, Кередже ауыл шаруашылығы институты мен Тегеранда педагогикалық институт ашылады. Иранда, 1938 жылы, барлық жоғары оқу орындарында 4 200 студент оқыды [4,322 б.].

Мектептерде оқушылардың саны 1923 жылғы 55 мыңнан – 1938 жылы 233,7 мыңға дейін өскен. Алайда көптеген мектептер шетелдіктердің қолында болды. Мәселен, 1938 жылы 24 орта мектептер американдықтардың, француздардың және т.б. қолында болды. Мектептерде тек ірі жер иелерінің, буржуазия мен чиновниктердің балалары оқыды. Шаруалар мен жұмысшылардың балаларының мектептерде оқуға қолдары жетпеді.

1935 жылы «бет пердені» міндетті түрде шешу туралы заң қабылданды. Шахтың бұйрығы бойынша полиция көшелерде «бет перде» киіп жүрген әйелдерді қудалады. Әйелдер жоғары оқу орындарына оқуға және мемлекеттік мекемелерге жұмысқа жіберіле бастады.

Түркия үлгісі бойынша киім кию реформасы жүргізілді және еуропалық костюмдер енгізілді. Алдымен, 1928 жылы дәстүрлі парсылық бас киім «кулах» киюге тыйым салынса, сосын «кулахе пехлеви» деп аталатын – пехлеви бас киімі енгізілді. Кейіннен ол да жойылып, еуропалық үлгідегі бас киімдер, мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлер үшін шляпалар мен әскери адамдар үшін фуражкілер енгізілді.

Реза шах жұмысшы, шаруа және басқа да демократиялық қозғалыстарды барынша қатал жазалау саясатын жүргізді.

Әдебиеттер

1 Агаев С.Л. Иран в прошлом и настоящем. Пути и формы революционного процесса. – М.: Наука, 1981. – С. 66-67 б.

2 Иванов М.С. «Антинародный характер правления династии Пехлеви» // Вопросы истории. – М., 1980. – №11. – 55 с.

3 Меликов О.С. Установление диктатуры Реза-шаха в Иране. – М., 1971. – 72 с.

4 Иванов М.С. Очерк истории Ирана. – М., 1952. – 287 с.

5 Палюкайтис И.И. Экономическое развитие Ирана. – М., 1965. – 282 с.

6 Агаев С.Л. Иран: внешняя политика и проблемы независимости 1925 – 1941 гг. – М., 1971. – 277 с.

7 Иванов М.С. Новейшая история Ирана. – М., 1965. – С. 85-86.

Б.А. Тулкиева

Политическая борьба в Иранском обществе и установление правительства Реза хана в Иране в 20 – 30 гг. XX века

Данная статья рассматривает вопросы политической борьбы в Иранском обществе в 20-30-х гг. XX в. и установления правительства Реза хана в Иране.

B.A. Tulkieva

Political struggle in the Iran society 20-30 years of XX century and establish government Reza khan

This article considered the questions of political struggle in the Iran society 20-30 years of XX century and establish government Reza chana in the Iran.

УДК 94(574): 930.2

G.K. Mukanova

Kazakh National University named of Al-Farabi, Kazakhstan, Almaty

E-mail: Gulnar_mukanova@mail.ru**International relations around Central Asia, the media coverage:
critical discourse analysis (Kazakhstan, the line XX-XXI centuries)**

Annotation. This article is devoted to an analysis of internal relations in Central Asia by logistics of region media. The author draws attention to the fact that the analytics and scientists must to contact in the theory and practice on depending young Journalists and historians.

Key words: International Relations, globalization, Central Asia, media, international journalists, investigative reporting, network broadcast, Xinjiang, Vienna Declaration, Kazakhstan's foreign policy, diplomatic service.

"Diplomacy is comparable to white water rafting," said Sergei Lavrov, Minister of Foreign Affairs September 1, 2012 at a meeting with first-year students at MGIMO. On the "pitfalls" of diplomacy and conflicts in the relationship of the parties, especially in the age of globalization, terrorism and cyber crime is well known. However, there are common patterns and regional characteristics retransmission resolution and peace agreements, taking place at the international level.

It is to this challenging issue is dedicated to the article, a specific example of the region of Central Asia. Why CAR? - First, a strategically important region of Asia. Second, over the centuries the region was subject to the appetites of large empires who wanted to discover new, massive markets for goods and promote the interests of the monarchy in breadth. Third, because of ethnic and cultural traditions, information about the area Aboriginal languages (up to the forced Russification) almost was not available foreign readers. Fourth, the stage of independence after the collapse of the Soviet Union opened the gateway for the development of a national school of political journalism, democratization of media. Fifth, for the first time in many years, Kazakh media were able to self-treatment of foreign policy around the CAR, and the twentieth anniversary of independence gives rise to the structuring and generalization of the data on the study. Sixth, there is a certain lack of human resources in terms of political scientists, international journalists, TV commentators in the Republic of Kazakhstan, which determines the

existence of a vacuum in informing the user base. And, finally, the state of Kazakhstan's media, if we study them in this perspective, can indirectly reflect the general situation in the media in Uzbekistan, Tajikistan, Kyrgyzstan, Mongolia, Xinjiang and neighboring China.

What's the matter? - Or an urgent need to raise funds for the preparation of the state budget qualified international journalists, or - to make information more readily available sources of foreign ministers of the former Soviet republics? Perhaps the problem lies in the fear of government officials for possible bias of journalists and "international" theme does not appeal to the past because of the potential risks? Reputational risks are also there, not every employee can claim the media about his own extensive experience in the analysis of difficult and sometimes very intricate plot lines of foreign policy spectrum.

We believe that the publication of political scientists, orientalist, historians and prominent politicians more take place in the coverage of international conflicts around the region Central Asia in Kazakhstan itself. A smaller proportion of analytical development economists and sociologists, are extremely rare investigative reporting. The reasons for this unequal relationship "intellectual interest" expert analysts around the topic of international relations in the region may be the following: to illuminate problematic issues of foreign policy outline of events in the CAR requires a deep knowledge of the regional characteristics and history of the process or fundamental

knowledge. If the economy and society is currently under intensive study, the use of modern techniques, the main unit of research (oriental studies, history, political science) still laid a priori pro-government content and focus on the defense of the public interest.

Delicacy and restraint on comments the situation in neighboring Xinjiang, is obvious in the study content Kazakh media. The reasons set out above, and they explained. Counterarguments may well turn out to be politicized topics, and foreign analysts focus on the nuances of interpretation of certain events. I think, in this lies the "Achilles' heel" of the modern state of analysts in Kazakhstan. MO politicized topic in CA due to the realities, namely the presence of a list of international political blocs: the SCO, CSTO, CICA, CAC, EurAsEC, Customs Union and others, the strength of which fall short of, and interests do not always coincide. It is not a big secret and that tactical moves diplomacy of former Soviet republics, or - post-Soviet states, are in direct proportion to the energy reserves, the mega-and trans-continental projects, the degree of cooling, or, conversely, a warming of relations between Russia and China, for example. Fears kontra versy and sudden change of tactics on the part of large and medium value of having their own interests in the region, which is fraught with loss of Kazakhstan's leading position in the region and the image of the state-peacemaker, tactically justified established correlation in the treatment of topics in the media.

All this together has led to the imaginary inactivity independent experts, research, and strategic centers, the almost total absence of an alternative, analysts, and possibly due to sequestration of budget funding for the development of fundamental works.

In general, it is fraught with a lag, and the gradual demise of the national school of foreign policy analysis, as the interest in it will be gone and the outside. One could argue this methodological issue, and whether the latter at all, given a sufficiently long period of colonization and temporary loss of Kazakh statehood. - Moralizing in this case, it would be inappropriate, this trend should be maintained and developed, as it is an integral part of recorded history, society and the state that have a definite impact on the mentality and ethnicity.

If, however, common sense will prevail, and the government will pay attention to the expansion of thematic (foreign) network broadcast (TV, radio) and columns in the print media, the full-length

problem can stand the leading personalization. For their preparation and the full broadcast and requires meticulous teamwork structures and interested agencies: the Ministry of Foreign Affairs, Culture and Information Research - Institute of Economics, Oriental Studies, History and Ethnology, KISI professors, KIMEP, national universities, including the KNU. - Some attempts at national TV to start transmission on the type of the once popular Moscow "International Panorama" - are rare and do not have a high ranking.

That is, readers will be satisfied until the information, which is sporadically "thrown" in the media in the form of an interview or review articles 3 - to 4-more or less known, and formed a strong feeling, "biased", Kazakh and Russian experts who are in fact, by specialists in individual sectors of the economy and social policy in the CAR. Of course, their opinion as competent, it should be borne in mind, lowering permissible in this situation share complementarity of them. Invited experts tend to gloss over the real situation, avoiding sharp corners.

Feeling that our ministry officials are not accustomed to think in terms of macro-scale foreign policy will continue as long as they are in the shadow of political scientists. The more erudite minister and can tell main-stream global configurations in supervised area, the greater will be considered its activity (Finance G.Marchenko as an example).

Bet on the charismatic figure as correspondents "Kazakhstanskaya Pravda" (one of them is a well-known poet and public figure Olzhas Suleimenov) once again set off the designated situation.

Alternative propositions can be seen in the personal blogs of Kazakhstan (including those temporarily living abroad) and on Internet forums. Can we trust these sources, sometimes emotional and shocking subject, a separate issue. However, like a splash of ethnicity and identity, they reflect certain trends, because they are impossible to ignore or deny.

Returning to the pathos of international politeness, - loss of post-Soviet Central Asia, the expected position in the media sector strategic perspective, referred to as the foreign policy topics, gives a head start to potential antagonists of pro-Chinese and pro-Russian vector in Asia and the world.

International experience and recent publications (Russia, UK., USA) to spur domestic analysts to the creation of the original general works on the reporting of the Central Asian trend and place of Kazakhstan in a regional format.

Recent book of Xinjiang attract attention books published by the publishing house "Dostyk көpiri" that can be characterized as a positive review of historical and cultural heritage. However, Advocacy publication can not replace a sharp look expert.

This article is intended to draw attention to a situation where the Central Asian media, by the example of Kazakh experts and journalists are full of monotonous official publications, have almost disappeared from the media stories about Uzbekistan, "brother" used to Mongolia, India, the countries of the Non-SEA? You can appeal to the news sites on the Internet, but their content is directly related to what they are prepared. At best, they are neutral; we are interested in educating and training the role of the media.

Changing foreign policy vectors turned to the former Soviet Union marked shortage of awareness of global trends, Tongues speakers that broadcast through the prism of short-term objectives of the government - to attract investors, building blocks and adjacent territories and other outflows analytical content of the media and its concentration only in research centers has its negative consequences. Society artificially deprived habits discuss problematic issues, including regional foreign policy.

As a way out of the existing information gap involuntarily, it is important to understand that an unbiased objective view of external economic opportunities and risks of the state is possible with confidence against the government to the opinion of domestic scientists from fundamental branches of knowledge: general history, economics, geography, jurisprudence. Enhance international scientific forums, the free exchange of views with foreign colleagues and recommendations would serve as further harmonization of the political situation. Grants available today are inadequate and there is no authoritative center of coordination of interdisciplinary research.

Coverage of international conflicts in order to inform the community is actually an ancient tradition. Even Homer in the "Iliad" and "Odyssey," and Strabo in "Geography" gives details of the Greco-Persian wars and other military conflicts within Eurasia.

Over time, changing technologies and ways of presenting information, sometimes they acquired purely political. Period of Discovery and market needs identified in the world regions that have been the object of permanent interest of world producers, tycoons and government. Central Asia region in this plan was no exception, and what is

happening here is the topic of discussion to analysts, the military, journalists from the period of colonization to the present time, the diversity of a multi-media coverage in the media. Respectively, take the form of an ostrich, burying his head in the sand, in the case of impersonal media, being at the epicenter of the region of Central Asia, at least, imprudent.

The definition of "Central Asia" is undergoing a correlation. Well, if the case is given in writing footnotes vision of filling the term. For example, an American expert Frederick Starr calls "views Central Asia as integrity. This is not a small area in the center of Eurasia, is a vast region, it always has been. Historically, the north-west of India - is part of the Central Asia. To her, of course, and are lying west in present-day Pakistan and Iran, as well as lying to the north-east of Xinjiang. "- To be precise, it is difficult to agree with such a lengthy interpretation of the CAR, which orbit artificially included adjacent territories of South Asia. But it (the definition of Frederick Starr) again emphasizes the importance of the region and all that it involves.

The error made part of Journalists of Kazakhstan, is a misinterpretation of the geographical scope of the CA region. Most often, here erroneously include Russia, often - without exception, the Central Asian states, other authors do not consider Mongolia. Lack of criticism and free debate topical issues in the region has led to the fact that it ignores the fact that the old, Soviet terminology "Central Asia" is not identical to the scientific community accepted definition of "Central Asia". But the latter was made in oriental literature research is included in view of the strategic importance of the historical objects and their interactions.

Free discussion of the relevance of international relations is due to the strategic geographical location of the region of Central Asia, which has unique natural reserves of energy (oil, gas, solar and wind energy), and hydro resources. Related acute problems of the region around Iran's nuclear program, the Afghan issue, the transnational oil pipelines, including across the Caspian Sea, ecology, desertification, and others will not be resolved without the involvement of the community, or the potential audience.

Changes in the international political landscape after the end of the "cold war" and the clarification of the national interests of sovereign states have made significant changes to the coverage of foreign policy situation with CA. It is in this sector,

domestic media must show reasonable initiative, demonstrating professionalism and enterprise.

A brief history of the issue proves lasting interest in the region among foreign readers. The military-political situation in Central Asia was covered in pre-revolutionary Russian periodicals as you move the imperial troops to the south. Magazines and newspapers, as central: "Russian invalid", etc., as well as regional, "Turkistan News," "Semirechye statements" reflect military communiques, placed the scheme-route maps expeditions and war. Semenov-Tien Shan, Przewalski, Shokan Ualihanov possible, carefully prepare a report on its intelligence travel to Central Asia, parts of which fell on the pages of the press. Representatives of the colonial administration, combines service with employment history and ethnography (Aristov, Konshin, Levshin Andreev, Spassky, Speranski, Dahl) laid the tradition with the reader-experience the sensations and research fellow within the mysterious Central Asia. These publications are currently serving rarity sources of social and political history of the life of the region.

The current stage of Defense, the lighting of which the critical moments in the media over the years 1991-2011, chronologically entered the contents of our study. In this period there have been technology driven, qualitative changes in the regional media, in particular, due to the extensive development of multimedia, internet and personal micro-blogs have become a reality for the Kazakhs. Sated by immersion in Review and discussion of global news, users will certainly draw attention to the problems of the region, which are permanent residents and is home to their loved ones, most often historic homeland. Bits and pieces of information agency eventually cease to hold, there is a subconscious search for authors, civic competence and intuition that can be trusted. Perhaps this niche in the minds of potential users will be able to take the scientists, orientalists Kazakh origin working in foreign universities. Their world view is different from the narrow-minded and colleagues.

Linguistic diversity of the media covering the international relations in the Central African Republic, becoming richer, along with national and Russian, in everyday English and other foreign languages. Geography press centers domestic journalism extends to Europe, Asia and the New World. But in this case it is necessary to solve the problem of the competence of experts and reporters in the indicated sense. It would be frivolous

limited review teletype international news agencies and portals.

Types of passive information sources on Central Asia and Kazakhstan, as diplomatic service, are stable: newspapers, magazines, records and reports Research, sites, results of opinion polls. Among regional periodicals problems CAR allocated more or less regular columns in the weekly «Central Asia monitor» (Editor Bigeldy Gabdullin), some sporadic articles, interviews found in the pages of Russian newspapers, "Time", "Arguments and Facts, Kazakhstan", "Kazakhstan Today". The target audience is familiar with the magazines "Central Asia", "Kazakhstan in the global problems», «Analytic», «Central Asia's Affairs», «Kazakhstan-Spectrum" (KISR), "thought", "Eurasian community", "Continent" (Editor Sultan Akimbekov).

A fresh approach to international relations make such periodicals as: Magazine "Korshi" - a collaborative effort between Kazakhstan and China (Urumqi) Orientalists and journalists. Chief Editor of the Kazakh side - Orientalist, diplomat, social activist Murat Auezov. The publication is targeted at more interested in the cultural heritage of China. Glossy magazines are usually typical for cognitive tourism meet requests of the public, and often short-lived. Although there is a chance to make the Mighty newsmagazine is due panoramic political reviews.

Among domestic scholars, experts on Central Asia, representing the academic environment in the media in recent times is a niche Ph.D., prof. Laumulin M. (KISI Director - Doctor B. Sultanov) on Xinjiang specialist Dr. Syroezhkin K., security of the region - S. Kushkumbayev.

Керамика с городища относится к нескольким историческим периодам. Большую группу составляют изделия, типологически близкие формам, бытовавшим в Хорезме в XIII-XIV вв. Это кувшины серого цвета с ручкой округлого сечения, узкогорлые кувшины с плечиками, украшенными рельефным орнаментом, поливные кашинные сосуды нескольких видов – с бирюзовой глазурью и черной подглазурной росписью, с двуцветной – синей и темно-серой или зеленоватой росписью по белому фону и др. [12, с. 320].

Кроме этих типов керамики обнаружены изделия, не встречающиеся на хорезмийских памятниках: сероглиняные горшки ремесленного производства с массивными горизонтальными ручками, поливные открытые чаши с глазурованной облицовкой на не ангобированной красноватой поверхности, иногда украшенные росписью. К третьей группе керамики относятся толстостенные сосуды светло-серого обжига, украшенные прочерченным линейным узором, и поливные с бирюзовой низкогокачественной поливой, покрывающей внутреннюю сторону сосудов. Наконец, на городище найдены образцы хорошо известных люстровых сосудов XV-XVI вв., селадоновых и фарфоровых чаш (типа кобальт) XVI-XVII вв., импортировавшихся в Среднюю Азию из Ирана, и Китая [4, с. 288-291, рис. 186; 5, с. 86-88, рис. 39].

Городища **Кум-кала**, расположенная в 12 км от Джента, на самом берегу (левом) Жанадарьи, русло которой делает здесь крутой меандр. Географические координаты: N 44°28'54,2" E 064°10'06,2". Хорошо сохранившиеся стены с массивными башнями образуют неправильный прямоугольник и окружены

глубоким рвом. Общие размеры городища 300х400 м. На стенах крепости, в ее северо-восточном углу воздвигнут мазар, более позднего, чем крепость, времени.

Памятник, впервые обследованный ХАЭЭ в 1946 г. С.П. Толстовым, а затем в 1960 г. Б.А. Андриановым [4, с. 291; 5, 1963, с. 88].

Восточная Кум-кала (Кум-кала II) находится в 4 км к востоку от крепости Кум-кала на берегу Жанадарьи. Географические координаты: N 44°28'36,6" E 064°13'32,1". Восточная Кум-кала – крупная, но неукрепленная феодальная усадьба с примыкающим к ней селением. Она состоит из большого жилого комплекса, представляющего в плане прямоугольник размером 200х155 м, с развалинами жилого дома, в котором сохранились комнаты и коридоры, расположенные в ряд; с севера к дому примыкали айваны, а с юга – двор. Конструкция стен, окружающих двор, как и стен самого дома – была низкого качества: это перемежающиеся слои сырцового кирпича нестандартных размеров и глины. К северу от жилого комплекса усадьбы раскинулся большой участок (площадью 160х140 м) внешнего двора или сада, огороженный глиняной стеной типа дувала без каких бы то ни было следов фортификации; ворота были в северной стене. Близ восточной стены в саду находилась постройка (площадью около 35х22 м), от которой сохранился лишь продолговатый бугор высотой 1,5 м. Вероятно, это был дом для приема гостей, возможно, каптар-хана; прямо перед домом, в центре сада располагался небольшой квадратный водоем – хауз.

Керамика с Восточной Кум-калы имеет общие черты с керамикой поселения Уйгарак. Здесь много глазурованной посуды, датируемой по аналогиям с хорезмийскими формами XII-XIV вв.; среди неполивной керамики есть и лепные изделия: разнообразные котлы, орнаментированные крышки, ульевидные очажки, светильники.

В двух километрах к северу от Восточной Кум-калы находятся развалины **Мартык-калы**. Географические координаты: N 44°29'26,4" E 064°14'07,4". Это поселение состоит из маленьких, компактно расположенных домов-усадьб, среди которых выделяется своими размерами (18х18 м) и хорошей сохранностью дом, принадлежавший, видимо, владельцу этого селения. Планировка домов очень любопытна: в нем девять помещений, в том числе центральный квадратный «зал» с четырьмя узкими

проходами-коридорчиками по углам, ведущими в «вестибюли» и выходящими на северный и южный фасады здания; возможно, они были открытыми (по типу айванов). Кладка стен этого дома аналогична кладке стен Восточной Кумкалы. Керамика также сходна с восточно-кумкалинской и синхронна ей. Относится в основном к XII-XIV вв.

Так, по имеющимся у нас данным, история функционирования русла Инкардарьи и Жанадарьи, освоения человеком прилегающих к ним земель рисуется схематически следующим образом: центром расселения южной группы огузов, видимо, пришедших в IX-XI вв. с севера на Инкардарью, в связи с ее обводнением в этот период, была область восточного участка русла; на западных участках его, уже известные, господствующее место занимают памятники первобытности и античного времени, хотя и там встречается следы деятельности средневекового населения. Восточнее, где наблюдается разветвление русла Инкардарьи на северный и южный участки, средневековые археологические памятники становятся уже господствующими. Здесь много средневековых каналов, причем ирригация сохраняет примитивный характер, типичный для неустойчивого земледелия полуоседлых дельтовых районов; встречаются очень углубленные древние каналы, системы водоемов-бассейнов, плотины из ветвей и глины; по берегам Инкардарьи на ее северном отрезке обнаружено множество развалин крестьянских усадеб, сохранившихся в виде квадратных или круглых планировок. Примером может служить квадратная планировка, площадью 60х60 м, стены которой сохранились в виде валов широкой около 2 м. Северная стена непосредственно примыкает к руслу, в него же упираются концы внешней ограды, имеющей очертания неправильного круга, обрамляющего квадратную планировку с трех сторон. Внутри квадратной планировки к ее стенам, видимо, примыкали жилые помещения – на валах много фрагментов средневековой керамики, лепной и ремесленной, и обломки печины; на других подобных же планировках были обнаружены и развалины жилых помещений, расположенных по периметру стен. Внешний двор, примыкающий к жилому комплексу квадратной планировки, очевидно, служил загонном для скота. Неподалеку от таких укрепленных усадеб сельского типа, как правило, находятся каналы, отведенные из Инкардарьи. Другой тип укрепленных сельских усадеб этого

района имеет в основе очертания не квадрата, а круга, диаметром около 100 м; жилые помещения в круглых усадьбах также примыкают задней стеной к ограде, оставляя свободной внутреннюю часть огороженной площади.

Таким образом, обводненность восточных инкардарьинских русел продолжает сохраняться и в IX-XI вв. Как известно, огузские городища и укрепленные поселения IX-XI вв. концентрируются именно в восточной части нижней Сырдарьинской дельты. В эпоху развитого средневековья русла Средней и Северной Инкардарьи вновь объединяются в одну систему с Жанадарьей в районе между городище Джентом и бугром Тагискена. При этом не исключено, что отдельные ее высохшие протоки используются как каналы (Асанас-Узак, Торангылысай), и по ним искусственно пускают воду.

Совершенно особый район представляет собой Жанадарья в среднем и нижнем течении в XII-XIII вв., когда владения Великих хорезмшахов охватывали огромную территорию и, в том числе низовья Сырдарьи. Полоса земледельческих оазисов, пресекавшая с запада на восток мертвые пески Кызылкум, сыграла большое историко-культурное значение в развитии народов, заселявших земли в низовьях великих среднеазиатских рек – Амударьи и Сырдарьи.

Изучение развалин средневековых городищ, ремесленных поселений и сельских округ вдоль русла Жанадарьи, существовавших в XII-XIV веках, свидетельствует о высокой плотности населения, большом разнообразии сельскохозяйственных культур и о развитом скотоводстве.

Земледельческие оазисы вдоль Жанадарьи по историческим данным, сильно пострадали во время монгольского нашествия в начале XIII в., а также и XV в. – в период войн кочевых узбеков с Тимуридами за бассейн реки Сырдарьи и Хорезм, после которых земледелие здесь отчасти восстановилось лишь в XVIII в.

Такая же ситуация была и, в низовьях реки Жанадарья в XVIII в., когда земли начали осваивать каракалпаки, причем каракалпаки нередко использовали средневековые крепости и ирригационную сеть, возводя и собственные укрепления [13, с. 172-188; 4, с. 306-314; 6, с. 216-217].

Подводя итог краткому обзору проблемы заселения древних дельт Сырдарьи, можно сказать, что в эпоху развитого средневековья Инкардарья объединяются в одну систему с Жанадарьей создавая дельтовую область, которая способствовала развитию в этих местах, наряду со скотоводством, ирригационного земледелия, по

крайне мере уже с второй половине I вв. н.э. Этот комплексный, полуоседлый характер хозяйства явился для этих мест традиционным и сохранился, несмотря на неоднократные и сложные этнические перемещения, на протяжении тысячелетий.

Литература

- 1 Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. – Сбор. соч., т. III. – М., 1965.
- 2 Толстов С.П. По следам древне-хорезмской цивилизации. – М., 1948.
- 3 Толстов С.П. Города гузов. // СЭ, №3. – М., 1947.
- 4 Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарты. – М., 1962.
- 5 Толстов С.П., Жданко, Т.А., Итина М.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1958-1961 гг. // Материалы ХЭ. – Вып. 6. – М., 1963.
- 6 Андрианов Б.В. Древние оросительные системы Приаралья. – М., 1969.
- 7 Вактурская Н.Н. Новые данные о городище Асанас // Археология и этнография Средней Азии. – М., 1979.
- 8 Курманкулов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д. Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. // Материалы Джанкентской археологической экспедиции. Археологические работы на городище Джанкент в 2006. – Алматы, 2007.
- 9 МИА. – №14. 121. табл. L XIII, 1.
- 10 Андрианов Б.В. предварительный отчет о работе археолого-топографического отряда в бассейне Жаны-Дарьи в 1958 году // Архив ХАЭЭ, фонда 142, описи 2, ед.хр. 37.
- 11 Орлов М.А. Памятники садово-паркового искусства средневекового Хорезма // ТХЭ. – 1952. – Т. I.
- 12 Вактурская Н.Н. Хронологическая классификация средневековой керамики Хорезма // ТХЭ. – 1959. – Т. I.
- 13 Андрианов Б.В. Изучение каракалпакской ирригации в бассейне Жанадарьи в 1956-1957 гг. // МХЭ. – 1960. – Вып. 4.




Рис.1. Карта археологических памятников Нижней Сырдарьи в средневековом периоде (IX-XV вв.) (составитель А.А. Тажекеев)

Ә.Ә. Тәжекеев, Р.Т. Дәрменов

Сырдарияның ежелгі сағалары бойындағы ортағасырлық қалалар

Мақалада Сырдарияның ежелгі арналары Жаңадария мен Іңкәрдария бойларында орналасқан ортағасырлық ірі қала жұрттары жайлы айтылады.

1959 және 1960 жылдардағы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы барлау отрядтарының зерттеу жұмыстары барысында бұрын белгісіз болған, Іңкәрдария бассейнде орналасқан, оңтүстік оғыз ескерткіштер тобына жататын бірнеше ескерткіш ашылды.

Осы деректерді негізге ала отырып 2012 жылы осы аймақтарға археолого-топографиялық барлау жұмыстары көптеген ортағасырлық қалаларда жүргізілді.

Іңкәрдария арнасында тұрақты мол судың болуына орай солтүстіктен (Жанкент маңынан), яғни IX-XI ғасырларда қоныс аударған оғыз тайпаларының оңтүстік ескерткіштер тобының орталығы, Іңкәрдарияның арнасының бойы болған. Бұл жерлерде ортағасырлық тұрақты егін шаруашылығына және жартылай көшпелі шаруашылыққа тән суландыру жерлері мен су жүйелері сақталған.

A.A. Tazhekeyev, R.T. Darmenov

The medieval gorodishche of ancient delta of Syrdarya

Ancient delta of Syrdarya – Zhanadarya and Inkardarya from ancient times has been populated and mastered by people, especially in the Middle Ages.

The first study on the ancient riverbeds was conducted in 1959-1960 units Horezm archaeological expedition, which opened numerous monuments of Turkish period related to Oguz. In 2012, have been re-examination of these monuments, which were reported earlier, the monuments related to Oguz period. Here in the 9 -11 century booming agricultural civilization, build cities and irrigation works.

ӘОЖ 39 (=512.122) (574.4)

М.Қ. Егізбаева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: meruegiz@mail.ru

XIX-XX ғғ. басындағы Тарбағатай өңірі қазақтарының мал шаруашылығы және оған қатысты деректер

Аңдатпа. XIX-XX ғғ. басындағы Тарбағатай өңірі қазақтарының мал шаруашылығы және оған қатысты деректер ғылыми тұрғыда аз сараланған. Бұл мәселеге байланысты мәліметтер кейбір ғылыми еңбектерде кездеседі. Мақалада Тарбағатай өңірін мекендеген қазақтардың негізгі кәсібінің мал шаруашылығы болуына қоршаған табиғи ортаның әсері, өсірілген мал түрлері, Тарбағатай өңірінен шыққан малы көп қазақ байлары, малға шөп даярлау сияқты мәселелер зерделеніп, олардың санына байланысты архив деректері, қырғыз (қазақ – М.Е.) жер пайдалануының материалдары (МКЗ), сол өңірде болған әскери шенеуніктердің жазбалары қарастырылған.

Түйін сөздер: этнос, халық, ұлт, шаруашылық, территория, мәдениет, аумақ.

Шығыс Қазақстанның Тарбағатай өңірін мекендеген қазақтардың негізгі кәсібі - мал шаруашылығы болды. Осы өңірдің географиялық жағдайы да мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы. Себебі, Тарбағатай тауы, басқа да көптеген тау сілемдері, Аягөз, Жоғарғы Ертіс, Қыяқты, Көкпекті, Базар, Боғас, Ақсуат, Тебіске сияқты тау өзендері, кең жазық далалар малдың жайылымдық өрісі үшін және көшіп-қонуға қолайлы жағдай туғызды. Сөз болып отырған аймақтың қысы аязды болып келеді және қыс айлары оңтүстікпен салыстырғанда ұзаққа созылып, қар қалың түседі. Ал көктем, жаз, күз мезгілдері жаңбырлы, салқын болады. Тек жаздың шілде, тамыз айларында ғана күн едәуір ысыды. Осындай ауа-райы отырықшылықтан гөрі көшпелі мал шаруашылығының дамуына қолайлылық тудырды.

Малдың қай түрі болмасын бұл жердегі қазақтардың өмірінде үлкен маңызға ие болды. XIX-XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстан қазақтары жылқы, қой, ешкі, түйе және ірі қара өсірді.

Әсіресе, 1-1,5 жасар тоқтылар орыс халқына жақсы сатылды және бір бөлігі Санкт-Петербургке император дастарханы үшін жіберіліп отырды [1, 154 б.]. Сонымен бірге, 1 жасар қозылар қазақтарда эквиваленттік қызметін атқарды. XIX ғ. басы үшін малдың бағасы және мал өнімдерін қой арқылы бағалаудың жүйесі болғандығын С.З. Зиманов келтіреді. Бұл мәліметке сәйкес 1 жасар тоқты өлшем бірлігі бол-

ды, екі жасар қой 1-1,2 жасар қойға теңелсе, 3 жасар дөнен екі қойға, тайынша 1-1,4 қойға, сондай-ақ белгілі бір көлемдегі екі текемет 3-3,1 түлкі немесе қасқыр терісі 8-1,2 қойға, түйе 20 қойға теңелді [2, 21 б.]. Деректерде “қырғыз (қазақ-М.Е.) қойлары өздерінің биік бойы, қылшық жүні, салбыраңқы құлағы, дөңес танауы мен үлкен құйрығымен ерекшеленеді. Малдың бұл түрінің денесі мығым, ыстыққа, аштыққа, шөлге төзімді, шөптің барлық түрімен қоректенеді және өте алыс қашықтықтарға жүре береді” – деп жазады [3, 23 б.]. Негізінен, қой малы аурулармен де көп ауырмайды, қойларға ең қауіптісі жұт пен боран болды. 1850 ж. болған екі күндік бораннан Қазақстанның шығысында 47290 ұсақ мал қырылған. Ал 1856 ж. ұсақ мал осы өңірді басқан мұз бен бораннан 74107 қой, ешкі қырылған [3, 25 б.].

XIX ғ. 70 ж. аяғында Ақмола облысының әкімшілігі шаруашылықты жақсарту мақсатында орыс қойын кіргізбекші болғанымен, оның қажеті жоқ болып шықты [4, 56 б.]. Біріншіден, етті аз береді, ал екіншіден, еті қазақ қойымен салыстырғанда нәрсіз. Ал басты кемшілігі, қазақ қойындай құйрық май жиналмайды. 2-3 жасар қазақ қойы бір пұтқа дейін, кейде одан да көп май береді. Саудалық маңызынан басқа, қойдың майы қазақтардың тағам жасауындағы басты компонент болды. Мәселен, ерітілген майды бауырсақ пісіру үшін қолданды, құйрық майды халық емшілігінде сылап-сипауға, ағаш, тері өңдеуге, етпен асып жейді, сонымен бірге

үйдің ішін жарықтандыру үшін, яғни шырақ шам майы ретінде пайдаланды.

Қарастырылып отырған өңір қазақтарының өмірінде тағы бір маңызды малдың түрі жылқы болды. П.С. Палластың айтуы бойынша қазақ жылқыларының қалмақ жылқыларынан айырмашылығы аз, тек шоқтығы биіктеу, асау және ұшқыр болып келеді [5, 235 б.].

Дерек көздері қазақтар өмірінде жылқының зор маңызы болғандығын дәлелдейді. Жылқы мал жаю үшін, көшіп-қонуда және күнделікті көлік құралы ретінде қолданылды, сонымен қатар корек көзі болды. Бұл өңірдің жылқыларының еті ерекше дәмді болып келеді. Қысқы соғымға көбінесе жылқы сойылды. Жылқы сүтінен қымыз, терісінен ыдыс-аяқтар түрін жасайтын, қылынан арқан еседі.

Қазақ тұрмысындағы төрт түлік малдың тағы бір түрі – сиыр. Сиыр да басқа малдар сияқты жыл бойы жайылымда бағылды. Еркек және ұрғашы сиырлар бірге жайыла берді. Я.П. Гавердовский: “1771 ж. қалмақтардың Ресейден Жоңғарияға өтіп бара жатқан уақытынан бастап қазақтарда сиыр малы өсіріле бастады” – деп көрсетеді [6, 35 б.]. Алайда археологиялық дерек-көздеріне қарасак, ірі қараның өте ертеде қазақ жерінде бағылғандығын байқатады. Бірақ, сиыр жылқы мен қойға қарағанда, көшіп-қонудағы ұзақ жолға және суыққа төзімсіз болғандықтан сан жағынан азырақ болды. Демек, сиырды еті және сүті үшін өсірді. Өгіздерді күш көлігі ретінде пайдаланды. Ал кедейлер сиырды еті үшін соятын.

Бұл өңірде өсірілетін тағы бір малдың түрі – екі өркешті түйе басқа малдармен салыстырғанда аз өсіріледі. Себебі, малдың бұл түрі аталмыш аймақтың қатал климатына шыдамсыз болып келеді. Түйені жүк көлігі ретінде қолданумен қатар жүнін, сүтін, терісін, етін пайдаланды. Жүнінен мата тоқылып, шекпен және т.б. киім түрлері тігілсе, сүтінен шұбат ашытылатын. Ал етін тамаққа сирек қолданын. Өйткені, қазақ тұрмысында түйе ең қымбат мал болып есептелді. Түйенің бағасы, Н.П. Фальктың айтуы бойынша, 40-60 сом тұрды, яғни 6-10 жылқының құнына тең болды [7, 65 б.].

Түйе ауырған немесе жұмысқа жарамай қалған жағдайда оның етін пайдаланатын. Сау түйелерді өте ауқатты адамдар Құрбан шалғанда немесе ас бергенде сойды. Әсіресе түйенің екі өркешіне жиналған майы өте дәмділігімен ерекшеленеді.

1899 ж. желтоқсан айында Ресей ветеринарлық қоғамында Семей облысы туралы оқылған

баяндамада “қырғыз (қазақ-М.Е.) малы дәмді, таза етімен ерекшеленеді”, – деп атап көрсетеді [8, 2 б.].

Жоғарыда аталған баяндамада ешкі туралы: “ешкілер көп күтімді қажет етпейді, одан ешкі түбітін, жүн, сүт және арзан ет пен май алуға болады”, – дейді [8, 3 б.].

Ешкі қазақ шаруашылығында маңызды роль атқармады. Оның түбіті, терісі, еті, сүті, майы да күнделікті тұрмыста қолданылды. Әсіресе, орыс қоныстанушыларымен араласу барысында ешкі малы көбірек өсірілді.

XVIII-XIX ғасырларда қазақтардың көршілес елдермен саудалық байланысының өркендеуіне байланысты мал негізгі айырбас заты болғандықтан, мал шаруашылығы табиғат кедергілеріне қарамастан дами түсті. Яғни, бұл өңірдегі қазақтардың көшпелі мал шаруашылығының қарыштауына сауданың тигізген әсері зор болды.

Чин патшалығының Тәңір тауы өңірлеріндегі қалың қолдарына қажетті мініс аттар мен жейтін еттері, тіпті ішкері өлкелердегі әскерлеріне керекті сәйгүліктер, егістік көліктердің барлығы тек қазақтардан айырбастап алу арқылы ғана шешім таба алатын. 1758 жылы Чин патшалығы Абылай ханға хат жолдап, қазақтарды Елең қабырғаға келіп жылқы саудасын жасауға шақыруы соның айғағы.

Жоғарыда айтылғандай, мал негізгі айырбас заты болып, жоғары сұранысқа ие болғандықтан, қазақ байлары малды мыңдап өсірді.

И.Г. Георги XVIII ғасырда Орта жүзде табындарында 35 мыңға дейін малы бар байлар аз емес екенін, (20 мың қой, 10 мың жылқы, 4 мың ірі қара, 1 мың ешкі, 300 түйе), ал жай қазақтың шаруашылығында 30-50 жылқы, 15-25 ірі қара, 100 қой, бірнеше түйе, 20-50 аралығында ешкі болғанын көрсетеді [9, 311 б.].

Дерек берушілердің айтуы бойынша, XIX ғасырда өмір сүрген Жанай руынан шыққан Манақ деген байда 5000-нан аса жылқысы болыпты. Шорға бойында Әбділдабек Төгісұлы, Атабай Нүреке Бөгісұлдары, қазіргі Ақ мектепте тұрған Әліпке ұлы Қадір қажы деген аса ауқатты адамдар өткен ғасырда өмір сүріпті.

Шығыс Қазақстан жерінде болған В.В. Радловтың айтуынша, Майқы деген байдың 1000 жылқысы, 1500 қойы және 200 сиыры болған, ал Төте және оның бауырларында 7000 жылқы болған (Струве, Потанин, 1867, 71 б.).

1876 жылғы статистикалық санақ мәліметі бойынша Зайсан уезінде 15932 түйе, 77408 жылқы, 22989 ірі қара, 590998 қой мен ешкі болған [10, 40-50 б.].

Ал осы жылы Өскемен уезінде 2552 түйе, 62678 жылқы, 33909 ірі қара, 323402 қой мен ешкі болған [10, 80-89 б.]. Бұдан байқайтынмыз, жалпы мал Зайсан уезімен салыстырғанда Өскемен уезінде аз өсірілген. Тек ірі қара малының саны ғана Өскемен уезінде Зайсан уезіндегіден көбірек. Бұған бірден-бір себеп – орыс қоныстанушыларының Өскемен уезінде, Зайсан уезіне қарағанда көбірек болуы және солардың әсерімен бұл жердегі қазақтар отырықшылықпен, яғни бау-бақша, егіншілік, мал шаруашылығымен қатар айналысуында жатса керек.

Бірақ, біздің пікірімізше бұл берілген сандар өте аз. Мысалы, Н.Я. Коншин 1899 жылғы өзінің Өскемен уезінде болған сапарында: “қазақтар үшін мал туралы сұрақ ең ауыр сұрақ, оған тура, дәл жауапты қырғыздардан (қазақ-М.Е.) алу өте қиын. Ол сізге барлық нәрсе туралы айтып беруі мүмкін, бірақ егер сөз, оның малының саны туралы басталса, нақты көрсеткішке, шынайы жауапқа үміттенбеңіз. Қырғыз (қазақ-М.Е.) қаншалықты бай болса, соншалықты оның жауаптары дәл болмайды; кедейлер байларға қарағанда шындықты айтады”, – дейді [11, 18 б.]. Соған қарағанда жоғарыда келтірілген сандар азайтылып алынғандығы логикаға саятын тәрізді.

1886 жылы Зайсан приставствосында 13387 түйе, 83223 жылқы, 29294 ірі қара, 612040 қой болса, Өскемен уезінде 3282 түйе, 68093 жылқы, 23424 ірі қара, 327899 қой болды [12, 22 б.]. 1887 жылы Зайсан уезінде 9770 түйе, 60767 жылқы, 24602 ірі қара, 502205 қой өсірілсе, осы жылы Өскемен уезінде 3200 түйе, 62789 жылқы, 12061 ірі қара, 301162 қой болды.

Ал 1890 жылы Зайсан уезінде 9954 түйе, 56838 жылқы, 20609 ірі қара, 453181 қой болса, Өскемен уезінде 3547 түйе, 70873 жылқы, 23229 ірі қара, 298317 қой болды.

1899 жылғы санақ бойынша Зайсан уезінде 105389 жылқы, 53186 ірі қара, 656176 қой, 48642 ешкі, 11421 түйе, барлығы 874816 мал болған (МКЗ, 1913, 55 б.). Осының алдында берілген мәліметтермен салыстырғанда, мал саны біршама өскен. Енді 1911 жылғы мал түрлерінің санын қарастырайық: осы жылы Зайсан уезінде 169020 жылқы 117061 ірі қара, 1192692 қой, 130751 түйе, барлығы 1626937 мал болған [13, 65 б.].

Осы аталған жылдардағы мал сандарын салыстырсақ, 1911 жылы мал санының біршама өскенін көреміз. Осыны пайыздық қатынасқа шығарсақ, 1911 жылы мал саны 1899 жылмен салыстырғанда жылқы 60,4, ірі қара 120,4, қой

81,7, ешкі 168,8, түйе 52,5, жалпы мал саны 85,9 пайызға өскен. Мұндай үлкен айырмашылықтың болуы 1899 жылғы санақта мал саны азайтылып көрсетілгеннен болуы керек деп топшылаймыз.

Зайсан уезінде ең көп өсірілген қой. Мұның себебі, Зайсан уезінің географиялық ортасы – таулы болып келеді. Тарбағатай, Өкпеті, Қалба, Доланғара сияқты тау бөктерлерінде қыстақ территориясының көп бөлігі болғандықтан, мұнда қойды жаюға өте қолайлы. Қыстаулардың бұлайша орналасуы малдың қыстан аман шығуына ыңғайлы жағдайлар жасады. Сонымен қатар қой малы орыс қазақ саудасында эквивалент қызметін атқарды. Жоғарыда айтқандай әсіресе, 1-1,5 жасар қозылар орыстармен арадағы саудада жақсы сұранысқа ие болып, өтіп отырды. 1 жасар қозы орыстардың 1 рублына тең болды.

Алтай, Тарбағатай, Өкпеті сияқты таулы аймақтарда қыстау көлемі жағынан жазық аймақтарға қарағанда үлкен болды. Жазықты аудандардағы ортақ пайдаланудағы 1.552,8 мың десятина жерді Зайсан уезінің қазақтары күзгі жайылым ретінде пайдаланды [13, 45 б.].

Жазда малды бұл жерлерде, ыстықтың басталуына байланысты сирек жайды. Ыстық түсісімен, осы аймақты мекен еткен рулар салқын таулы өңірге көшіп отырды. Ал күзгі жанбыр жауып, жазық дала сәл тірілгенде, қайтадан табындарын жазыққа айдайды. 1911 ж. қайта зерттеу бойынша, Тарбағатай өңірі территориясының негізгі бөлігін алып жатқан Зайсан уезінде, басқа уездермен салыстырғанда, көктеу мен күзеу жайылымы жерді алып жатыр. Сондықтан да болар, күзеу-көктеу жерін пайдалануда белгілі бір тәртіп болды. Мұнда малды жаю ғана емес, тұрақты таңдау да ерікті түрде болды [13, 45 б.].

Ал, қайта зерттелген Өскемен уезінде Зайсан уезіне қарағанда жазық дала көлемі көбірек (МКЗ, 1913, 47 б.). Яғни, осы жазық даланы күзеу-көктеу жерлері алып жатты. Ерте көктемде қазақтар өз болыстарының жерлерінен бөтен болыстарға көше бастайды, ал Зайсан приставствосының кейбір болыстары жайлауға Қытай аумағына дейін шығып, күзге қарай қайтадан күзеулері мен қыстау жайылымдарына қарай жақындайтын. Мысалы, Зайсан уезінің Шілікті болысы қыста Шілікті даласында қыстаса, жазда жарты бөлігі сонда, екінші жартысы Қытай жеріндегі Кабука даласына көшетін еді [14, 5 б.].

Жерді мәңгілікке сатып жіберуге болмады. Оны уақытша пайдалануға беруге немесе сый-

лық ретінде беруге болды. Мысалы, Зайсан уезінің 14 ауылының ақсақалы өз жерін, құдасынан “қалың мал” ретінде алған [13, 113 б.].

20-25 жыл сайын жүт елде жүт болып отырды. Әр бір жүт сайын қазақтар көп малынан айырылып отырды.

1880 жылғы болған жүттан Батыс Қытайдан бастап Орал өңіріне дейін, Ертістен Сырдарияға дейінгі қазақтар зардап шегеді. Ақсақалдардың айтуы бойынша бұлайша малдың жаппай қырылуы 20-25 жылда бір қайталанады. Зайсан уезінде әр он жылдықта 17 болыстың әр біреуіне, малдың қыста қырылуына байланысты 2,7 оқиға тіркелді. Басқаша айтқанда, әр бір болыс “жүттан” 3-4 жыл сайын зардап шекті (МКЗ, 1913, 79 б.). 1876 жылы Зайсан приставствосында ауру мен жүттан санақ бойынша 26918 мал, ал Өскемен уезінде 9057 мал қырылған [10, 40-90 б.].

1886 жылғы мәлімет бойынша жыл бойы ауру мен бораннан Семей облысы бойынша 2284 түйе, 14834 жылқы, 6975 ірі қара, 58253 қоймен ешкі өлген, 1425 түйені, 8478 жылқыны, 4690 ірі қараны, 48222 қой мен ешкіні қасқыр жеген. Сөйтіп барлығы 145161 бас мал шығынға ұшыраған. Ал келесі 1887 жылы Семей облысында 135318 бас шығынға ұшырап, оның 64082 басы ауру мен боранда қырылса, 61236 басын қасқыр жеп кеткен [12, 13 б.]. 1890 жылы Семей облысы бойынша 4642 түйе, 28472 жылқы, 11519 ірі қара, 492608 мал өлген, барлығы 537241 мал қырылған [13, 17 б.]. Осы жылдарда болған жүттарды салыстырсақ, ең ірі жүт 1890 жылы болған.

Сонымен, Шығыс Қазақстанның Тарбағатай өңірі қазақтарының XX ғ. басына дейінгі уақыттағы негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, өңір қазақтарының тіршілігінде төрт түлік мал шешуші орын алды. Мал шаруашылығы өмірдің, әр бір қазақ отбасының тіршілік етуінің қайнар көзі болды. Қазіргі кездің өзінде аталмыш аймақ қазақтары малды көптеп өсіріп отыр. Осы тұрғыдан алып қарағанда аталмыш

тақырып әлі де болса толық зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылады.

Әдебиеттер

1 Бенкевич В. Киргизское степное скотоводство и меры к его улучшению // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. – Семипалатинск, 1903. – Вып. 1. – С. 45-52.

2 Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. – СПб., 1799. – Ч. II. – 90 с.

3 Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1958. – 296 с.

4 Коншин Н.Я. По Усть-Каменогорскому уезду. Путевые заметки. – Семипалатинск, 1899. – 51 с.

5 ҚР ОММ. 460-қор, I-тізбе, 25-іс. 13 п.

6 ҚР ОММ. 64-қор, I-тізбе, 61-іс, 41 п.

7 ҚР ОММ. 460-қор, I-тізбе, 25-іс. 13 п.

8 Материалы для географии и статистики России, данные офицерами генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского ведомства / Составил генерального штаба подполковник Л. Мейер. – СПб., 1865. – Ч. 1. – 211 с.

9 Мансурова Ж.Ю. Хозяйство казахов Малого и Среднего жузов во второй половине XVIII-нач. XIX в.: дисс... канд. ист. наук. – М., 1984. – 274 с.

10 МКЗ. Семипалатинская область. Усть-Каменогорский уезд. – СПб., 1913. – Т. 2. – 421 с.

11 МКЗ. Семипалатинская обл. Зайсанский уезд. – СПб., 1913. – Т. 3. – 609 с.

12 Прошлое Казахстана в исторических материалах. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 268 с.

13 Паллас П.С. Путешествия по разным провинциям Российской империи. – СПб., 1809. – 773 с.

14 Сиверс И., Фальк И.П. Письма из Сибири. – Алматы: Ғылым, 1999. – 136 с.

М.К. Егизбаева

Источники по теме скотоводства казахов Тарбағатай в XIX-XX вв.

В статье рассматривается традиционное скотоводство казахов Тарбағатай в XIX-XX вв. и источники по данной теме, а также приведены архивные материалы, материалы киргизского (казахского – М.Е.) землепользования (МКЗ), записки военных чиновников царской России, исследованы проблемы влияния окружающей природной среды на развитие скотоводства у казахов этого региона, виды скота, заготовка сена на зиму для скота и т.д.

M.K. Egizbaeva

The cattle breeding of Kazakhs of Tarbagatay in XIX- XX centuries and sources on this theme

The cattle breeding of Kazakhs of Tarbagatay in XIX- XX centuries and sources on this theme badly studied. In the article examined traditional cattle breeding of Kazakhs of Tarbagatay in XIX- XX centuries and sources on this theme, and also the archived materials, materials of Kirghiz (Kazakh - M.E.) land-tenure, message of soldiery officials of tsar's Russia, are brought, the problems of influence of natural environment are investigational on development of the cattle breeding of Kazakhs of this region, types of cattle.

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

УДК 930(091);930(092)

У.Х. Шөлекенов

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

Шыңғысхан – түрік, моңғол этностарының Ұлы перзенті

Аңдатпа. «Шыңғысхан – түрік, моңғол этностарының Ұлы перзенті» атты шағын мақалада, қолдағы бар деректерге негізделіп, Шыңғысханның генеологиясы қысқаша баяндалған. Оның тегі түріктерге де, моңғолдарға да тең болумен бірқатарда, атқарған ұлы істері де осы екі этносқа тиісті. Моңғол империясы деудің орнына оны Шыңғысхан империясы деген шындыққа келеді. Өйткені ол өз империясын тек түріктер мен моңғол этностарынан құрған.

Түйін сөздер: Шыңғыс хан, Орталық Азия, төре, моңғол, түрік, Есукей

Әлем халықтарының тарихында Шыңғысханның нәсілі моңғол, ол моңғол империясын құрған жауыз, басқыншы сияқты айдармен деген айдармен жазылып келе жатыр. Бұндай көзқарастарға жаңаша қарама-қарсы жарық көрген көлемі жағынан үлкенді-кішілі мақалалар мен арнайы монографиялар жарық көрді. Жаңаша көзқарастағы авторлар, Шыңғысханның атқарған қызметіне дұрыс баға беріп, оның түрік және моңғол этностарына сіңірген еңбегін дұрыс көрсетуге тырысуда. Солай болсада, бұл тарихи-тұлға туралы бір пікірге келмеген мәселелерде жеткілікті. Кейінгі жылдарда жарық көрген ғылыми еңбектерге негізделіп, бұл мақалада Шыңғысханның генеологиясына қысқаша тоқталмақшымыз. Осы еңбектердің ішінде Шыңғысханның тегі моңғол емес, түрік, керек десеніз «қазақ» деп жүргендер де бар. Таяуда жарық көрген, Шыңғысханды күрделі көлемде зерттеп келе жатқан, белгілі шығыстанушы Қ. Қ. Закирьяновтың еңбегінен үзінді келтірейік: «Шыңғысхан дәуіріндегі моңғолдар - түркілер болып табылады. Біз қазақтар – жаңа дәуірдің негізін қалаған кемеңгер азаматармыз. Қазақ халқын ұнатпайтын еуроцентристер қаласын - қаламасын біз әлемге жаңа тәртіп әкеліп, жаңа білімді тарту етті. Бір жағынан Шыңғысханның қазақтар ортасында дүниеге келіп, ержеткеніне және оның қазақ халқымен етене жақын байланыста екеніне

көзім жетсе, ал басқа жағынан – мені былай қарсы алған қонақжай моңғол достарымның алдында Шыңғысханды олардың ата-бабасы емес деп дәлелдегім келгені үшін ұят болғандай көрінді.... Шыңғысханның моңғол болмағандығы жайында дәйектер келтіреді» [1.37, 46,270 б.].

Келтірілген үзіндіні толық мойындау қиын болғанмен, оның ішінде шындықтың нышанының бар екенін байқауға болады. Шыңғысхан дәуірінде Орталық Азияны мекендеген автохондық түріктер мен моңғолдар бір-бірімен араласа жасағаны шындық. Түріктер көп болғандықтан барлық этностар солардың ықпалында болған және түрік тілінде сөйлеген. Моңғолдар сан жағынан өте аз болған. Олардың этнологиялық тұрмыстары мен рухани мәдениеттерінде түріктердің әсері басым болған. Солай болса да, екі нәсілді этностар өздерінің тайпалық, рулық ерекшеліктерін сақтаған. Түріктер мен моңғолдар этнонимдерін сақтап келген. Осындай жағдайда Шыңғысханды қазақ деп тұжырымдамауға негіз жоқ. Патриархат салты бойынша түріктер сияқты моңғолдарда ұрпақтарын әкесі бойынша санаған. Ол кезде түріктер үлкенді-кішілі тайпалар болып жасап, әлі халық болып қалыптасып үлгермеген (қазақ халқы деген ұғым әлі болмаған). Қ. Қ. Закирьяновта бұл пікірді қолдай: «13 ғасырда «қазақ» этнонимі мүлде жоқ болғандықтан....» [1. 42 б.]

деген сөзді еңбегінде жазған. Солай болса, оны күшпен «қазақ» жасаудың қажеті шамалы. Шыңғысханды генеологиялық жақтан қарағанда да, онда моңғолдың да, түріктің де қаны бар екені анық. Оның тегін қалай қарасаңда екі этностың ортақ перзенті деген дұрыс сияқты.

Қ.Қ. Закирьянов Шыңғысханның ұрпақтары әлі күнге дейін қазақ жерінде өмір сүріп жатыр деген пікір айтылған [1. 55 б.]. Бұл ұғым жөнінде түркі тілдес халықтардың арасында өздерін «төрелерміз» яғни Шыңғысханның ұрпақтарымыз деп жүрген азаматтар мен азаматшалар бар. Олардың көпшілігі қазақ халқының арасында көбірек сақталған. Өздерін «төрелерміз» деушілер Шыңғысханның ұрпақтарымыз деп мақтаныш етеді. Олар қателеседі. Өйткені, «төре» сөзінің орысша этимологиясы «сословия». «Привилегированные сословия (дворянство, духовенство, купечество)» [2. 693б.]. Қазақша: «Төре - барин; царь, аристократ, чиновник, потомок, хан» [2. 447 б.]. Халық арасында оларды «ақсүйектер» – деп атаған. Жаратушы барлық адамдардың сүйектерін бірдей етіп жасаған емес пе? Оны бөлудің қажеті қанша?

Келтірілген орысша және қазақша «төре» сөзінің этимологиясы бір-біріне жақын берілген. Бірақ орысшасы анығырақ сияқты. Түрік тілдес халықтардың арасында жасайтын төрелердің бәрі Шыңғысханның тікелей ұрпақтары емес, олардың басым көпшілігі оның мектебінен өткен ел басқарушы азаматтардың әулеттері. Түріктер мен моңғолдардан шыққан ел басқарушы, әскери қолбасшылар аз болмаған. Міне, солардың нәсілдері өздерін Шыңғысханның ұрпағымыз деп жүргендерінің жөні келіңкіремейді. Яғни, біздің арамызда жүрген қожалар да өздерін Мұхаммед пайғамбардың әулеттеріміз дейді. Олардың ішінде түріктерден шыққан қожалар аз болмаған.

Соңғы жылдардағы Шыңғысхан туралы жарық көрген күрделі тарихи еңбектердің бірі З. Қианатұлының «Шыңғысхан және қазақ мемлекеті» атты еңбегі. Онда: «Соңғы жылдары Шыңғысханның өмірбаяны мен Қазақстанның Моңғол ұлыстары билігі дәуірінің тарихы төңірегінде шынайы тарихилыққа жат алып қашпа әңгімелер көбейіп кетті. Қайсібір авторлар Шыңғысхан қазақ, ол қазақ жерін жаулап алған жоқ, керісінше оны сырт жауларынан құтқарушы дегенге дейін барды» [20. 3 б.]. Ғалым осы пікірді алға тарта отырып, өзінің осы еңбегінде Моңғол ғалымдарының пікірлерін қолдап, Шыңғысханды Моңғол халқының төл баласы екеніне күман келтірмейді. Бірақ, бір жерде «қазақ»,

келесі жерде Шыңғысханды «моңғол» дегенге бас ие берудің қажеті шамалы. Бұл туралы бір тұжырымға тоқталуымыз тиіс. Барлық жағынан бұл мәселені қарағанда, Шыңғысхан түріктер мен моңғолдарға ортақ Ұлы перзенті деген, тарихи шындыққа тура келеді.

Жоғарыда біз тоқталып өткен деректерге қарағанда, қазірге дейін Шыңғысханның генеологиясы туралы ғалымдардың бір тұжырымға келе алмай жүргені ашық байқалады. Міне, енді Шыңғысханның шығу тегінен кейбір деректер келтірейік. Орасан көп ғалымдар, жазушылар ол туралы қалам тартқанда, оның шығу тегіне тоқталмаған авторлар жоқ шығар. Солай болсада, осы жерде бұл мәселені жанамалап өтуге болмайды. Себебі, бұл мәселе әлі шешуін табалмай келе жатқанын жоғарыда байқадық. Енді, Шыңғысханның генеологиясына назар аударайық.

Шыңғысхан (Тэмүжин, Темучин). Оның туған жылын зерттеушілер әртүрлі жазып келеді. Біреулер оны 1155 жылы дүниеге келген десе, енді біреулері 1162 жылы 1167 жылдары деген пікірлерін білдіруде [4. 333 б.]. Көрсетілген жылдар бір-бірінен алшақ емес. Біздіңше, 1162 жыл шындыққа жақын келетін сияқты [5. 51 б.]. Өйткені, 1206 жылы моңғолдар Ұлы құрылтай шақырып Тэмүжинге хун, көктүрік билеушілерінің ата-бабаларынан бәрі қолданып келе жатқан «хан» атағын беріп, оны Шыңғысхан (түрікше «теңіз, мұхит» деген сөзден шыққан) құрметті атақ берген кезде, ол 44 жаста болған. Бұл жас жігіттің өсіп жетілген, кемеңгерлік дәрежедегі кезеңі. 1227 жылы ол 65 жасында дүние салған. Шыңғысхан сияқты тұлғаларға бұл жас көп те емес және аз да емес. Ол пайғамбар жасынан сәл ғана асқан. Өйткені оның саналы өмірі күреспен өткен. Басынан талай қиыншылықтарды өткергенін әлем біледі. Оның атқарған ұлы істері соншалықты өміріне қолдайсыз зардабын тигізгені де ақиқат.

XIII ғасырда Моңғолдар түріктер сияқты бытыраңқылық жағдайды бастарынан өткеріп жатқан кезеңі болатын. Олардың тайпа басшылары бір-бірімен күресіп жүрген. Сол кезде моңғол тайпаларының ішінен батыр, әрі қолбасшылық атанған Моңғолдан бірінші шыққан Хабул ханның ұрпағы Есукей бағадүр (батыр) болатын. Оны Л.Н. Гумилев былайша суреттейді: «В середине XII в. после гибели нескольких монгольских ханов оборону монголов от чжурчженей их союзников-татар - возглавил потомок Хабул-хана Есукей – багатур («багатур») значит «богатырь». Человек храбрый и

решительный, Есукей – багатур был не ханом, главой рода Борджигинов, который обитал в районе к северу от современной российско-монгольской границы, там, где сейчас расположен город Нерчинск» [5. 93 б.].

Есукейдің үйленуі туралы да ғұлама мәлімет береді. Ол өзінің жігіттерімен ел аралап бара жатқанда, меркит руының бір азаматы қалыңдығын (үйленетін қызын) алып бара жатқан бір топ адамдармен кездесіп, Есукейдің жігіттері қалыңдықтың сұлулығына қызығып, қызды күшпен тартып алып, Есукейді сол қызға үйлендіреді. Ол қыздың тарихта қалған аты Оэлун. Жарынан айырылған жігіттің руы меркит. Л.Н. Гумилевтің бұл туралы мына жазғанын сол күйінде келтірейік: «Когда-то Есукей, будучи еще совсем молодым человеком, охотился в степи с соколом и вдруг увидел, как какой-то меркит везет в телеге, запряженной очень хорошей лошастью, девушку исключительной красоты. Есукей позвал своих братьев, и монголы бросились в погоню за добычей. Увидев преследователей, девушка горько заплакала и сказала меркиту, своему жениху: «Ты видишь этих людей – они тебя убьют, брось меня, уезжай, я буду вечно тебя помнить». Потом сняла с себя рубашку и отдала ему на память. Монголы уже приближались – меркит быстро выпряг коня, ожег его клетью и ушел от погони. А братья запрягли своих лошадей в темну и, привезя плачущую девушку домой, сказали: «Забудь о своем женихе, наш Есукей живет без женщины» - и выдали ее за Есугея. Жену Есугея, имя которой осталось в истории, звали Оэлун» [5. 93-94 б.].

«Брак оказался счастливым. В 1162 г. Оэлун родила первенца – Тэмужина, а впоследствии еще троих сыновей: Хасара, Хачиун-беки, Тэмугэ - и дочь Тэмулун» [12. 94 б.].

Ертеден түріктерде, моңғолдарда перзенттерінің атын қоюға айрықша көңіл бөліп келе жатқаны баршаға мәлім. Оған әкесі мен анасы да, туған-туыстары достары да қатысып, жаңадан дүниеге келген перзенттеріне ең жақсы деген атты берген. Сол кездің өзінде бұл этностар патриархалдық дәстүрлер бойынша жаңа дүниеге келген перзенттердің нәсілдігінде әкесі бойынша атаған. Өйткені, отбастарының басшысы болып ер азамат атанған. Сондықтанда әкесі Есукей моңғол болғансоң, оның ұлы Тэмужинде моңғол болуы шарт. Сондай-ақ, Есукейдің балаларының аттарында түрікше қойылған. Хасар, Хачнун-бек - деген аттарды қойған. Қазірдің өзінде де «Хасар» деген есімге

ие азаматтар түрік тілдес халықтардың арасынан жиі кездестіреміз. «Хачнун-бек» болса, бұда түрік тектес сөз. «Бек, бег, бей, би ежелгі түркі сөзі. Арабтың «эмир» (әмір), моңғолдың «найон» (ноян), орыстың князь деген сөздерінің баламасы. Себебі, «Хасар» - деген сөз батырлықты, күштілікті, ерекшелікті білдіреді. Міне, Есукейдің Хасар-бек ұлы осындай болғанына Л.Н. Гумилев былайша жазған: «К этому времени уже вполне словжились характеры и определились наклонности детей Есугея. Хасар был храбрый и сильный парень, отличный стрелок. Тэмугэ стал нежным и послушным сыном, он заботился о матери и мачеха. Хачиун-Беки не обладал никакими достоинствами. В Тэмужине же и друзья и враги отмечали выдержку, волю, упорное стремление» [12. 95 б.]. Солай болса, жоғарыдағы аттары аталған Есукейдің перзенттерінің аналары түркі, әкесі моңғол екенін айқындап тұр. Екі этностың қанынан пайда болған перзенттер.

Тэмужиннің отбасының қалыптасуында түріктердің үйлену салтына ұқсас екені байқалады. Үйткені, сол кезде моңғолдар мен түріктердің салты, әдет-ғұрпы бір-біріне жақын болғанын Тэмужиннің үйлену процесінен байқаймыз. Тэмужин 9 жасқа толғанда, Есукей ұлын үйлендіру үшін, көрші Қоңырат тайпасының белгілі адамының 10 жастағы Бөртэ есімді сұлу қызына құда түсуге барған. Екі жақтың құдандалы болуына келісім болғаннан кейін. Тэмужинді құдасының үйіне қызбен жақын танысу үшін қалдырып, аулына қайтып келе жатқан да, Есукей жолда татарлармен кездесіп, тамақтанып кеткеннен кейін 4 күн өткен соң үйінде қайтыс болған. Өзінің уланғанын сезіп, қайтыс боларының алдында «менің өшімді татарлардан алын» - деген өсиет айтқан.

Әкесі дүние салғаннан кейін отбасының қиыншылығы екі анасы Оэлун, Сочихэл (әкесінің 2-ші әйелі) және тұңғышы Тэмужинге түскен. Сол кездегі, елдегі тайпалар мен рулардың талас-тартыс қиыншылықтарының бәрі Есукей отбасына да түскен. Осындай қиын-қыстау жағдайға қарамастан Тэмужин әкесінің айттырып қойған жесірі Бөртеге үйленген. Л.Н. Гумилев былай дейді: «Приданием Бортэ стала роскошная соболья шуба. Тэмужин привез Бортэ домой... и драгоценную шубу у нее немедленно «изъял». Он понимал, что без поддержки ему не устоять против многочисленных врагов, и потому вскоре направился к самому могущественному из тогдашних степных вождей –

Ван-хану из племени керейтов. Ван-хан был когда-то другом отца Тэмужина, и ему удалось заручиться поддержкой Ван-хана, напомнив об этой дружбе и поднеся роскошный подарок – соболью шубу Бортэ» [5. 96-97 б.].

Л.М. Гумилевтің бұл жазғанын, З. Қинаятұлы бірқанша анықтай, толықтырады: «Қоңыраттың көпті көрген көнекөз нояны Дэй шешен осыдан сегіз жыл бұрын Есукей құдасына айтқан уәдесінен таймапты. Жетімекең демей Тэмужинді құшақ жая қарсы алып, қызы Бөртеңі Тэмужинге ұтатады. Бөртеңің әке-шешесі қызын ұзатып бірге аттанып, әкесі Хэрлэннің Ураг шөліне дейін шығарып салып кері қайтады да, анасы Цотан бәйбіше Тэмужин ауылына келіп жол-жоралығы ретінде күйеу баласының иығына қара бұлғын ішік жабады. Кейін Тэмужин әке досы керейіт Уан (Ван) ханмен ара жібін қайта жалғауға «ара ағайын» болған әйгілі қара бұлғын ішік осы. Тэмужин мен Бөрте өз шаңырағын көтеріп, отбасылық өмірін осылайша бастаған еді» [5. 100 б.].

Келтірілген екі сілтемелердің мазмұны бірбіріне жақын. Солай болсада, Тэмужиннің үйлену мәселесін З. Қинаятұлы дәлірек және кеңірек берген. Бөртеңің ата-аналарын ашық баяндаған, сол кездегі осы этностардың қыз ұзату салтын көрсете білген. Л.Н. Гумилевтің айтуы бойынша тамаша қара бұлғын ішікті Бөртеге арналған жасау (приданое) ретінде жазған және оны Бөртеңің үстінен шешіп алып, Уан (Ван) ханға сыйлыққа тартқан деп жазған. Ғұламаның бұл жазғанының қисыны келіңкіремейді. Егерде бұл ішік Бөртеге арнап тігілсе, оны қалай атағы әйгілі Уан ханға тарту жасайды. Бұл этностардың салтында, әйелдің киімін жалпы ерлерге сыйлыққа тартпаған. З. Қинаятұлының жазғаны шындық. Әдемі қара бұлғын ішік Тэмужинге арнап тіккен соң, күйеу баласының иығына жапқан. Сондықтан, ерлерге арнап тігілген қара бұлғын ішікті Уан ханға тарту ету орынды.

Белгілі жазушы М. Мағауин Бөртэннің Қоңырат руынан шыққанын айта келіп, одан туған балаларына тоқталып: «Шыңғысханның ұлдары: Жошы, Шағатай, Өкөтай, Тлеулердің нағашысы Кунград рулары» [23] Тэмужиннің отбасы туралы күрделі, соның ішінде Бөртэ жөнінде өте бай деректерді белгілі Шыңғысхантанушы Қайрат Закирьяновта құнды деректерді берген: «Бүгінгі таңда қоңыраттар Қазақстанның Оңтүстігі мен Қызылорда да тұратын үлкен ру. Яғни Шыңғысханның анасы мен Шыңғысханның тағына мұрагер төрт ұлдың

анасы Бөрте қазіргі кезеңде қазақ құрамына еніп отырған рулардан шыққан еді. Есугі және Есуган есімді екі әйел татар болса, Құлан сұлу меркет тайпасының өкілі. Шыңғысханда моңғол әулетінен шыққан ешқандай әйелге үйленбегенін дәлел ретінде келтіріп отырмыз. Сонымен бірге ол ұлдарын да (түрік У.Ш.) қыздарына үйлендірді. Бұның бәрі кездейсоқ па, жоқ па – бұл әзірше шешімін таппаған күпия. Жошы ханның бәйбішесі Қоңырат руынан шыққан Сартақ ханым еді. Ол Жошыға Орда Ежен ханды туып берді. Ал, Қоңырат руынан шыққан тоқалы Үкі ханым аты әлемге әйгілі ұлы Сайын ханды (Бату хан) дүниеге әкелді. Шағайтайдың әйелі де Қоңырат руынан шыққан Сұлу ханым еді. Шыңғысхан империясына мұрагер болған Үкітай хан Найман руынан шыққан Төреенеге (Туракина) үйленген еді» [1. 24 б.].

Шыңғысхан Қоңырат руынан шыққан Бөртеге үйленсе, олардың ұрпақтарыда түрік нәсілді қыздарға үйленулерін заңды құбылыс деп қараған жөн. Түріктердің ең ірі, сан жағынан көп қоңырат тайпасы. Өзара түріктер ұлтқа бөлінгенде, бұл тайпаның көпшілігі қазақ құрамына кіргенмен, олардың кейбір бөліктері өзбек, қарақалпақ, башқыр және т.б. ұлттардың қарамағында жасайды. Олар Шыңғысхан империясында ел билеуде басым әсерін тигізген, әсіресе Жошы басқарған ұлыста. Шыңғысхан өзінің империясын құрып, ұлан-ғайыр жерді жайлаған түріктер мен моңғолдарды біріктіріп, оларды ұлдарына бөліп бергені баршаға мәлім. Шыңғысханның ұлдары қалың түріктерді басқарып, олармен мидай араласып, нәтижеде, олардың ұрпақтары түріктерге сіңіп кеткен. Оның үстіне, ханның ұрпақтарының әжелері мен аналарының нәсілдері түріктерден шыққанында естен шығаруға болмайды.

Есукейдің әулеттерінен тараған ер азаматтар түрік қыздарына үйленген. Олардан өрбіген ұрпақтарында түрік ғұламалары тәрбиелегені туралы ғалымдардың жазғаны бар. А. Ювалының мәліметінде «Түрік мәдениеті тарихының ұлы зерттеушісі проф. док. Бахаддин Өгелдің жазған «Сино – Туркика» атты еңбегінде Шыңғысханға кеңесші, ал балалары мен туыстарына ұстаз болған ұйғыр түріктері туралы құнды деректер беріледі. [8. 29 б.]. Осы пікірді жалғастыра келе А. Ювалы: «Жоғарыда атап өткен және ұйғыр түріктерінен шыққан мұғалімдер ханзадаларға ұйғыр жазуы және әдебиеті мен қоса тарих, география, математика және астрономия ғылымдарында үйреткен» [7. 87 б.].

Белгілі маңғолтанушы ғұлама З. Қинаятұлы өзінің «Шыңғысхан және Қазақ мемлекеті» атты монографиясының «Бесінші бөлімін» Шыңғысханның отбасына арнаған. Ол екі бөлімшеден тұрады. Бірінші бөлімде Шыңғысханның отбасына кең тоқталып, оған тиісті жаңа деректер беріп, Моңғол халқының тарихынан мол мәліметі бар екенін байқатқан. Автор ұлы ханның ұрпақтарының жақсы тәрбиеленгені туралы «Өмір сүрген заманы, ата салты, жылдан-жылға арта түскен ардақ-даңқына орай Шыңғысхан ресми төрт мәрте жастық (төсек жаңартты-У.Ш.) жаңғыртуы немесе төрт әйел алды»-дей келе «Шыңғысхан отбасында хан қыздарының рөліде жоғары болған. Барлығы да жат жұрттардың хан, ханзадаларына ұзатылды (20. 108, 109 б.). Шыңғысханның қыздары Қожын бике Қоңырат руының әскер басшысы Буту хургенге; Шешейкен ойраттың Хутуга бегінің ұлы Иналчыға ұзатылды; Алаға бике Онгут тайпа басы Алакүш тегіне ұзатылды – деген мәліметтер кең көлемде берілген» [3. 108 б.].

Жоғарыда біз тілге тиек еткен Шыңғысханның генологиясына байланысты мәліметтермен таныс, Шыңғыснаманы зерттеуші Қ. Қ.Закариянов: «Бұның бәрі кездейсоқ па, жоқ па – бұл әзірше шешімін таппаған құпия?» – деген сұрақты қояды. Бұндай заңды сұраққа өз пікірімді білдірмекшіміз.

XII-XIII ғасырларда Орталық Азияны, Солтүстік Кавказды және Қара теңіздің солтүсік кеңістігін мекендеген автохтондық екі нәсілді этностар жасаған: түріктер және маңғолдар. Түрік тілдес тайпалар, рулар Қара теңізден Ұлы Қытай дуалына дейінгі ұлан-қайыр кеңістікке тарған көп санды этностар болса, Моңғол тайпалары Ұлы Қытай дуалынан Селенгі өзенінің жоғарғы ағысына дейінгі аймақты жайлаған [8. 123 б.]. Осынша шағын аймақта, сан жағынан да көп емес Моңғол этностары орналасқан. Олардың төңірегіндегі көршілері түріктер, қытайлықтар, көрістер. Солардың ішінде моңғолдар түрік тілдес тайпалармен мидай араласып кеткен. Олар өзара саяси, экономикалық және мәдени жақтан тығыз байланысты өмір сүрген. Қалың түріктер «ат төбеліндей» моңғол тайпаларына кешенді әсерін тигізген. Сондықтан моңғолдар түріктердің тілін жетік меңгерген. Әдет-ғұрыптарын, саяси, экономикалық және мәдениеттерін қабылдаған. Сондықтанда, жоғарыдағы біз тоқталып өткен моңғолдардың үйлену әдетінде көрініп тұр. Моңғолдар ұрпақтарын түріктердің салты бойынша құда түсіп

үйлендіргенін көрдік. Қазақтардың көпшілігі кәзірде сол салтты сақтайды.

Шыңғысханның әулеттері сословия бойынша отбастарын құрғанына тоқталдық. Бұлда ертеден қалыптасып қалған түріктердің салты. Қазақтардағы қанатты сөздердің бірі: «Теңтеңімен, тезек қабымен» яғни құда түсу үрдісінде, құда аралық жақтар, бір-бірінің әл-ауқаттарының, қоғамдық дәрежесінің тең болуын есепке алған. Сондықтан түрік және моңғол тайпаларының арасында «ақ сүйек», «қара сүйек» деген сословия бөлушілік ертеден келе жатқан салт. Сондықтан Шыңғысханның қыздары да жарлы жақыбайларға тұрмысқа шықпағанын жоғарыда байқадық. Шыңғысханның әулеттері және оларға жақын басқарушылар өздерін «ақсүйекке» жатқызып, әулеттерінде сол сословиядағы адамдардың қыздарына үйлендірген және балаларында сондай тәртіппен аяқтандырған. Шыңғысханның көптеген ұрпақтары, кейбір моңғолдар түрік болып кеткені туралы мәліметтер баршылық.

Тағы бір айтатын жәйт, ода болса түріктер мен моңғолдардың сол кездегі даму деңгейлері бірдей болмағанын, моңғол халқының тарихы да мойындайды. «Найманы считался наиболее культурными из всех монгольских племен» [8. 129 б.]. ...Крупным событием в развитии духовной культуры монголов было появление в начале XIII в. официальной общемонгольской письменности, основу которой составило уйгурское письмо, восходящее к согдийскому и древнеарийскому [8. 161 б.].

Келтірілген үзіндіні талдауға тура келеді. Оны сол күйінде түсінуге болмайды. Әлбетте Орталық Азияда алғашқы өркениеттің негізін салған 2 мың жылдықтағы арийлердің ұрпақтары түріктер [25]. Олардың жазуы сол кездерде болған. Ол соғдылардың емес, түріктердің жазуы. Оның дәлелі «Есік» обасынан табылған бұйымдар және жазуларды қараңыз [24. 9-14 б.]. Айтпасақ болмайды, XIII ғасырда Шыңғысхан мемлекетін құруымен Моңғолдардың жазуы пайда болды – деген ұғыммен келісуге тағы болмайды. Шыңғысхан, оның империясы түріктердің жазуымен, тілімен жүргізілген. Сол кездегі Шыңғысханның жазған жазбалаларын осы күні моңғолдар түсінбейді – деп Қ.Қ. Закирьянов босқа айтып жүрген жоқ. Моңғолдардың жазу-сызуы моңғол империясы дәуірлеген кезеңде түріктердің жазуының негізінде дүниеге келген десек шындыққа жақын болар. Сөйтіп, жалпы кешені даму жағынан түріктердің алда болғанын мойындайтын уақыт жеткен сияқты.

Әлемге белгілі көне заманда Афериасаб барлық түріктердің Ұлы патшасы болған. Одан кейінгі 360 жылдай Хунну империясы, 300 жылдай Көктүрік империясы өмір сүргенін естен шығаруға болмайды. Түріктер мен моңғолдарды төртінші рет инновациялық мәнде біріктіруші Шыңғысхан болған. Оның генеологиялық және ұшан теңіз атқарған қажырлы еңбектері осы екі этностарға арналған. Солардың қамы үшін Шыңғысхан және оның ұрпақтары бар өмірін сарп еткен.

XII ғасырдың аяғында, XIII ғасырдың басында түріктер мен моңғолдар тайпаларға, руларға бөлініп, араласа өмір кешірген. Сол кездегі, моңғолдардың кешенді тұрмыстары түріктерге өте жақын болғаны байқалып келді. Қалың түрік тілдес этностардың арасында сан жағынан аз моңғолдар жасаған. Бұндай табиғи-географиялық және этникалық орталық моңғолдар көпшілік түріктердің ықпалында тұрмыс кешірген моңғолдар түріктердің салтын, тілін жетік білген. Олар өзара тілмашсыз сөйлескен. Моңғолдардың барлығы өздерін қоршаған түрік тілдес этностармен қыз берісіп, қыз алысқан. Оған Есукейдің өзі және ұрпақтары мысал бола алады. Оны екі этностың екеуінен антропологиялық жақындығын белгілі антрополог О.Смагулов былай дейді: «...2003 жылы баспадан шыққа «Алтай қазақтары» (тарихи-антропологиялық зерттеу)» монографиясын келтіруге болады. Бұл еңбекте алғаш рет антропологиялық кешенді бағдарламалар, бойынша Алтай өңірінің үш аймағында, яғни Моңғолия, Ресей, Қазақстан жағында тұратын қазақтардың екі жынысы бірдей зерттелген..... Оларды (қазақтарды У.Ш.) бір-бірімен ажыратуға ешбір мүмкін емес» [9. 44 б.].

Жоғарыдағы келтірілген генеологиялық деректерге қарағанда, Есукейден бастап, оның ұрпақтары түрік қыздарына үйленуді өздерінің салтына айналдырған. Үйткені, олардың әжелері, аналары түрік нәсілді болғаннан кейін, ұрпақтарына өз қандастарына үйленуге ықпал жасап отырған. Себебі бұл этностардың арасында әйелдер елеулі әсерін тигізген. Бұлардан басқа моңғолдардың қаншасы түрік қыздарына үйленгені жөнінде бізде нақты деректер болмады. Осындай қарым-қатынастардың нәтижесінде көптеген түріктер мен моңғолдар құданды болған шығар. Керек десеніз, осы күнгі моңғол халқының руларының аталары қазақтарға ұқсастық кездейсоқ емес. Кейбір қазақ тайпаларының бөліктері моңғол этносына енгендігі туралы мағлұматтар бар. Осындай этни-

калық орталықта дүниеге келген Тэмужин түріктерге де, моңғолдарға да ортақ азамат болып ер жетіп, Орталық Азияның бытырап жүрген этностарын төртінші рет біріктіріп, Шыңғысхан империясын құрған тарихи тұлғаға айналған. Осы істі атқаруда сонша көп түрік этностарының тілін, салтын, тарихын білмесе, олардың басын өзі құрған империяның туының астына жинай алмас еді. Орталық Азия этностарын біріктіруде, Шыңғысхан өзінен бұрынғы бабалары болған: Афериасаб, Мете (Модэ), Білге қағандардың атқарған істерін инновациялық жағдайда пайдаланғанын көреміз. Шыңғысхан нәсілдік жақтанда түріктер мен моңғолдарға ортақ перзент. Осыған негізделіп, Шыңғысханды осы екі нәсілді этностардың Ұлы перзенті – дегеніміз тарихтан алшақ кетпейді.

Қазақтың қанатты сөздерінің бірі: «Елдің атын ер шығарады, ердің данқын ел шығарады» – деген данышпандық ұғымды еске алсақ, Орталық Азияның этностарын қайтадан біріктіруге ұшан-теңіз қажырлы еңбек етіп, әлемге Шыңғысхан құрған империяны паш етіп, оны үш ғасырдай ұстап тұрды. Бұл империяның басым көпшілік этностары түріктер болғаны баршаға мәлім. Олар осы империяны дүниеге әкелуде шешуші қызмет атқарғанын ашық айтатын уақыт жетті. Шыңғысханның біріктіруші саясатын қалың түрік қолдамаса, ол жаңа империя құрамаста еді. Шыңғысханның әлемге атын қалдырды, оның қоластындағы этностарды инновациялық жағдайда біріктіріп, Ұлы империя құрып, түріктер мен моңғолдарды күдіретті күшке айналдырды. Оның бұл қаһармандық еңбектеріне арнайы тоқтап, Шыңғысхан құрған империяны жан-жақты терең ғылыми тұрғыдан зерттейтін уақыт келді.

Әдебиеттер

- 1 Закирьянов Қ.Қ. Шыңғысханның түркілік ғұмырнамасы. – Алматы, 2009.
- 2 Словарь русского языка (С.И. Ожегов). – М., 1953.
- 3 Қинаятұлы З. Шыңғысхан және Қазақ мемлекеті. – Алматы. – 2010.
- 4 Қазақ Совет энциклопедиясы (ҚС7). Т.12. – Алматы, 1978.
- 5 Гумилев Л.Н. От Русь до России. Очерки этнической истории. – М., 2011.
- 6 Мағауин М. Шыңғысхан және оның заманы // «Жұлдыз». – №11. – 2011.
- 7 А. Ювалы. Шыңғысхан және оның ұлдары. – Түркістан, 2003.

8 История Монгольской Народной Республики. –М., - 1983.

9 Смагулов О. Қазақ халқының антропологиялық тарихы. – Астана, 2011.

У.Х. Шәлекенов

Шыңғысхан – түрік, моңғол этностарының Ұлы перзенті

В небольшой статье под названием «Чингис-хан – великий сын тюрко-монгольских этносов», опираясь на множество источников, кратко изложена генеалогия Чингисхана. Его происхождение и пассионарная деятельность равным образом относятся и к тюркам, и к монголам. Монгольскую империю лучше называть империей Чингисхана. Поскольку он сформировал свою империю именно из тюрков и монголов.

U.H. Shalekenov

Genghis Khan - the great son of the Turkic-Mongolian ethnic groups

In a brief article entitled "Genghis Khan - the great son of the Turkic-Mongolian ethnic groups", based on a variety of sources is summarized genealogy of Genghis Khan. Its origin and passionate work equally applies to the Turks and the Mongols. Instead of the Mongol Empire is closer to the truth to call the empire of Genghis Khan. Since he formed his empire is from the Turks and Mongols.

ӘОЖ 94(3)

А.Т. Апендиев

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

Батыс Ғұн империясының тарихындағы Аттиланың рөлі

Аңдатпа: Бұл ғылыми мақалада IV-V ғ.ғ.да ғұндардың Батыс Еуропаға енуі және Каталаун түбіндегі шайқас туралы айтылады. Осы аталған кезеңде ғұн патшасы Аттиланың рөлі кеңінен ашып көрсетілген, нақтырақ айтсақ Аттиланың жүргізген соғыс тактикалары, саясаткерлігі, Ұлы қолбасшылардың бірі ретінде қалған Аттиланың Ғұн мемлекетіне қызметі мен оның тарихта жеке қолбасшы ретінде алар орны жайлы ашып айтылған.

Түйін сөздер: консул, терем, метеор, король, исб, провинция.

Антикалық дәуірде, Еуразияның төскейінен Еуропаға жеріне келіп, онда өз мемлекетін құрып, ертеортағасырларда оны империя дәрежесіне көтерген Батыс Ғұндар империясы әлем тарихының негізгі бөлігін құрайды. Ал, бұл кезеңде, яғни IV-V ғ. Еуропа жерінде саяси-экономикалық дағдарыс орын алып, онда Батыс Рим империясының тоқырауға ұшырап және мұндағы варварлық корольдіктер бір-бірінің территориясын әскер күшімен тартып алып отырған еді. Нақтырақ айтқанда, қай мемлекеттің әскери қуаты мықты болса, соның территориясы кең болды және оның мықтылығынан сескенген көрші мемлекеттер оған салық төлеп тұрды. Дәл осы уақытта Шығыстан Еуропаға келіп қоныстанған көшпелі ғұн тайпалары, бұл жағдайды ұтымды пайдаланды, олар өздерінің әскери шеберлігінің арқасында бірқатар елдерді жаулап алды және көптеген халықтарды батысқа қарай ығыстырып, тарихта халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірін бастаған болатын. Ал, қарастырғалы отырған тақырыпта, аталмыш Ғұн империясының атақты билеушілерінің бірі болған және тарихта Ұлы қолбасшылардың бірі ретінде қалған Аттиланың Ғұн мемлекетіне қызметі мен оның тарихта жеке қолбасшы ретінде алар орны жайлы айтылмақ.

Алдымен Аттиланың есімінің шығуына тоқталып өтсек. Батыс тарихында, Ұлы қолбасшы ретінде танылған Аттиланың аты-жөні әрқилы аталады. Оның есімі деректерде Аттила, Атилла, Атли, Этцель, Еділ, Аттылы, деп сақталған. Бірқатар тіл мамандары оның есімі жайлы талдаулар жүргізіп, мынадай ой тұжырымда-

ған. Аттиланың атындағы «Ла» қосымшасы қазіргі неміс тіліндегі «леин» қосымшасының көне түрі. Яғни Аттиланың есімі готтарша «әкетай» деген болып шығады. Есімдердің соңына жалғанатын және кішірейту мағынасын беретін «ла» қосымшасын Аттиладан басқа сол дәуірдің белгілі тұлғалары Вулфила, Гундула, Корбула, Ругила және басқаларының есімдерінің құрамынан кездестіреміз. Кішірейту қосымшасы әрі құрмет көрсетудің, әрі тәуелдіктің, бағыныштылықтың белгісі екені түсінікті (арабша оны «исми тасгир» дейді).

Ал, түр-түрпаты мен мінезі жағынан ол өте мықты, нағыз әскери адам болған және мінезі өте қайсар болып, соғысудың әдіс-тәсілдерін жақсы білген. Сондай-ақ, әскерді жақсы басқарып, соғыс тактикасын терең меңгерген. Өз заманында көрші тайпалар мен мемлекеттерге салық салып және басқа да көптеген талаптар қойып, егер болмаған жағдайда аспаннан бұл секілді төніп тұрған. Жалпы, бір сөзбен айтқанда, Аттиланың тұсында Батыстағы ғұндар державасы өзіне көпшіліктің назарын аудартпай тұра алмады [1. 48-49 б.]. Мысалы, И.Г. Гердер, «Адамзат тарихының философиясының идеяларында» атты еңбегінде ғұндар патшасы Аттила метеор тәрізді Еуропа аспанында жарқ етті...Оның тұсында ғұндардың күш-қуаты өзінің айбынды дәрежесіне жеткен еді. Ол, өз қол астындағыларға әділетті, мейірбан, жауына айбатты, өркөкірек және римдіктердің алдында әрдайым асқақ болып тұрды. Ол қалың қолымен Батысқа бет бұрды, бүкіл Германияны шауып өтіп, Рейннен асты, Галлияның қақ жартысын қаңыратып қан сасытты,

оның алдында бүкіл Еуропа қалшылдап діріл қақты.

Ақырында батыс халықтары бас қосып, әскер жиып, оған қарсы шықты және Аттила бастаған әскермен шайқасқа түсті. Бұл тарихтағы ең ауыр шайқастардың бірі болған Каталаун шайқасы еді. Аттила – тактикалық жағынан данышпандық танытты, өз әскерін Каталаун жазығына шоғырландырған себебі, бұл жерден сәтсіздік жағдайында кейін қарай шегінуге жол ашық еді. Оған қарсы римдіктер, готтар леттер, армориктер, бреондар, бургундтар, сакстар, аландар мен франктер өз әскерлерін жылжитты. Шайқастарға ол өзі тікелей басшылық етті. Ұрыстарда қан судай ақты, вестготтар патшасы шайқас алаңында жан тапсырды, сансыз сарбаз шейіт болды, ал ұрыстың нәтижесін болмашы ғана кездейсоқ сәттер шешті. Аттила Рейннен өтіп, кейін қайтты, оның соңынан ешкім қуған жоқ.

Батыс тарихнамасының ғұндар тарихын бағалаудағы дәстүрі көбінесе орыс, кеңе тарихнамасына, кеңес одағы ыдырағаннан кейінгі тарихнамаға да ықпал етті. Ғұндар тарихына байланысты жалпы шолуларда «Каталаун даласындағы (Маурияк түбі, Труа маңы) шайқаста, Аттила жеңіліс тапты, түсірген олжасының едәуір бөлігінен айрылып қалып, кейін шегінуге мәжбүр болады» деп көрсетеді [2. 115-116 б.].

Қазіргі заманғы жинақтаушы басылымдар мен оқулықтарда да осы пайымдаулар қайталанатын: ол бойынша, «Каталаун даласында ұрыс болып, онда ғұндар Аттила таққа отырғаннан бері уақытта алғашқы рет күл-талқан болып жеңілді. Осы даладағы шайқаста (Шампаньдағы Труа маңы), бір кездері ғұндардың қол астында кепілдікте болған және ғұн әскерін әлденеше рет ұрысқа бастап барған рим қолбасшысы Аэций, вестготтардың, франктер мен бургундтардың көмегімен Аттиланың әскерлерін талқандады. Бұл шайқас, расында да әлемдік тарихтағы аса маңызды шайқастардың бірі деп заңды түрде есептеледі, өйткені Каталаун даласында тек Галлиядағы рим үстемдігінің тағдыры ғана емес, сондай-ақ белгілі дәрежеде бүкіл батыс өркениетінің тағдыры шешілген еді».

Біздің ойымызша, Галлиядағы жағдайды Аттила жорығының шектен тыс кең қанат жаюынан және осынау алып аймақта ғұндармен әлеуметтік және этникалық жағынан байланысы жоқ көптеген тайпалар мен құрылымдарды ұзақ уақыт бір басшылықта ұстап тұру-

дың мүмкін еместігінен деп түсіндіруге болады. Шынында да, ғұндардың күш-қуаты 451 жылғы «халықтар шайқасынан» кейін де сарқылып, бітіп қалған жоқ еді. Бұл Аттиланың бұрынғы, рухты кездеріндегі жеңістеріне ұқсас да, бірақ мұны жеңіліс деп айтуға болмайды. Бұған дәлел, бұдан бір жыл өткеннен кейін-ақ Аттила енді Батыс Рим империясының дәл жүрегі болып табылатын Италияға жорық жасауы, ғұн қолбасшысының галл соғысының барысында пайда болған стратегиялық жоспары еді [3. 128-129 б.].

451 жылы галл жорығынан кейін Аттила Шығыс Рим империясына, бұрынырақ, император Феодосий тұсында төленгендей мөлшерде алым төлеу туралы талаптарын қайтадан қойды. Келіспеген жағдайда, Аттила соғыс ашамын деп қорқытты, – деп көрсетеді Приск. Бұл жағдай да ғұндардың күші мен жауынгерлік рухы әлі де сарқылмағанын көрсетеді. Керісінше, олардың билеушісі бұрынғысынша қос бірдей Рим империяларымен бір мезгілде бәсекелесіп отырды. 452 жылдың көктемінің аяғында-ақ ол қуатты әскер жинап жорық ұйымдастыруға және енді басқа емес, сол уақыттарда Батыс Рим империясының жүрегі болған Италияға жорық ұйымдастыруға кірісіп кетті.

Осылайша, Аттила Римге келді. Астана, халық, сенат және папа мұны көргеннен кейін үлкен әбігерге түсті. Мұнда негізінен сол кезде Батыс Рим императоры болып тұрған III Валентиниан Аттиланың жойқын шабуылының сәтті болуынан және римдіктердің жаппай қырылуынан қатты қауіптеніп, оның бетін қайтару мақсатында Аттиламен келісім жасау үшін сенатпен келісті. Бұл маңызды шараны жүзеге асыру үшін римдік сенаторлардың ішінде ең беделдісі болған, өзінің консулдық атағымен және асқан дарындылығымен танылған тәжірибелі экс-консул Авиен тағайындалды. Өйткені, Авиен келіссөздер жүргізуге өте шебер адам болатын. Сондықтан, ол көптеген билеушілермен келіссөздер жүргізіп, әрқашан да жақсы нәтижеге жетіп отырған. Авиенге көмекші етіп, Италиядағы преториандық префекті қызметін атқарған Тригений тағайындалды. Ал, Римдік епископ қызметін атқарып жүрген Лев қандай қауіп болса да өз басын тігетіндігін айтып, ол да елшіліктің құрамына қосылатындығын білдірді.

Батыс Рим басшылығының елшілері мен Аттиланың арасындағы кездесу Минций (қазіргі Минцо) өзенінің орта ағысындағы Амбулей даласында болып өтті: Міне, әлі де болса Аттиланың рухы осы бір қауіпті іске байланысты

екі ойлы болып, шеше алмай жатты. Бару керек пе, бармау керек пе өзімен-өзі ойланып, жүрісін ақырындата түсті, оған Риммен бейбіт келісіммен елшілік те келіп жетті. Оған Венетий провинциясындағы Амбулей даласында, Минций өзенінің кезбелер тобырымен қиылысатын жерінде папа Левтің өзі келеді [4. 39-41 б.].

Император мен сенаттың бұйрығымен келген Рим папасы Лев, Аттилаға келіп, одан бүкіл христиан әлемінің орталығы болған, Батыс Рим империясының мәдени құндылықтары сақталған, көптеген ғасырдан бері келе жатқан құнды кітап қоры сақталған кітапханалары бар және көркем тарихи-архитектуралық ескерткіштер орналасқан Рим қаласын тонамауын сұрайды [5. 42 б.].

Сол күндердің куәгері болған Проспер Тиро былай деп жазады: Бірқатар провинциялардың, қатты қирауы, жаудың жан түршігерлік қатыгездігі мен тойымсыздығы үкіметін, сенатты және Рим халқын, аяушылық дегенді білмейтін корольге (Аттилаға) елшілік жіберіп, жалбарынып бітім сұрауға мәжбүр етті. Бұл іс эксконсул Авиен мен экспрефект Тригацийге және шапағатты папа Левке тапсырылды, папа болса бар үмітті құдайға артып, тек содан ғана қайырым күтті. Ол өз сенімі мен алдамайтынын білді. Елшілік сый-құрметпен қабылданды, король шіркеуінің ең жоғарғы басшысының өзінің келгеніне көңілі толып, соғысты ары қарай жүргізуден бас тартты, бейбітшілікті сақтауға және Дунайдың арғы бетіне қайта оралуға уәде етті [6. 121-122 б.].

Елшілер Аттиланьң лагеріне келіп, оның күркесіне кіреді де, өздерінің жоғарыда айтқан ұсыныстарын баяндайды. Олар Италия жерін құтқару мақсатында, одан әскерлерін алып кетуін сұрап, Аттилаға көп мөлшерде (қанша екені белгісіз) алтын ақша беруге уәде етті. Бұған Аттила келісті. Сол тұста Аттила құтырынып алған әскерінің екпінін тоқтатып, бейбітшілікті сақтаймын деген уәдесін бергеннен соң өзі келген жағына бет бұрып, Дунайдың арғы жағына өте бастады. Сөйтіп, әлем мәдениетінің орталығы болған қала аман қалды [7. 508-511 б.].

Осылайша, күтпеген жерден Аттила келісім берді. Оның неге бірден келісімге келгендігі туралы сұрақ туындайды. Бұл келісімнің бекітілуі оның кетуін тездетті және оның армиясының жағдайын жеңілдетті. Себебі, оның әскерлерінің көпшілігі жергілікті климатқа сіңісіп кете алмады. Сондай-ақ, солтүстікте әбден сүт ішіп, ет пен ірімшік жеп үйренген ғұн әс-

керлері, римдік аспаздардың дайындаған етті тағамдары мен нандарынан және дайындаған шараптарын ішіп ауруға душар бола бастады. Сонымен қатар, ғұн әскерлерінің арасында оба сияқты түрлі қауіпті аурулар қаптап кетті. Мұның барлығын ғұндар, итальяндықтар әдейі істеп жатыр деген ойға да келді. Осылайша римдіктердің ұсынысына қанағаттанған Аттила, өзінің жеңілмейтін әскерлерін алып кері қайтты. Ғұн патшасы Паннонияға кетпекші болады. Алайда, Аттила бұл соғыста жеңгенімен Гонорияны алып кете алмады. Өйткені, римдіктер көп мөлшерде алтын төлегендіктен, оған қоса Гонорияны бергісі келмеді. Бірақ, сонда да Аттила кетіп бара жатып алған бетінен қайтпай, Гонорияны әйелдікке бермесе, келесі жылы келіп қаланы шабамын деп қорқытты. Алайда, Аттила қайтып келмеді [8. 458-459 б.].

Паннонияға қайтып келгеннен кейін Ғұн державасының билеушісі жаңа жорыққа, енді Шығыс Рим империясына қарсы жорыққа әзірлене бастады. Иорданның айтуы бойынша, «Аттила өз тұрағына қайтып оралды, іс-әрекетсіз жатқандығына және соғыстың тоқтатылғанына қатты қиналып Шығыс Рим империясының императоры Маркианға елшілер жіберіп, император Феодосий қайтыс болғалы бері ол уәде еткен алым төленбей қалғандықтан, империя провинцияларын тонауға қайтадан кірісемін деп қорқытты.

Аттила өз өмірінің соңғы айларын Шығысқа жорық әзірлеумен өткізді. Алайда Византия империясымен жаңа соғыстың болуын тағдыр жазбаған екен. Себебі, 453 жылы көктемінде Аттила қайтыс болды. Иорданның айтуы бойынша, «өз өлімінің алдында ол өз халқының салты бойынша, сансыз көп әйелдерінен кейін бургунд елінің аса көрікті Ильдико есімді қызын ұнатып, оны әйелдікке алады. Тойында әйелінен алған ұлы ләззаттан және шарап пен ұйқыдан мас болғандай ол қанға малып жатты. Әдетте қан оның мұрнынан ақса, енді өз жүрісінен жаңылысып, өңеші арқылы құйылып, оны түншықтырып тастады. Оны кейбір тарихшылар үйлену тойынан кейін, түнде миына қан кетіп көз жұмған болуы керек [9. 207-215 б.] деген пікірге келеді.

Тойдың ертесі күні қызметшілері неке төсегінде жылап отырған қыз бен өліп жатқан Аттиланьң көреді. Неміс тарихшылары: «Шындығына келгенде, ол қыздың бойынан алған құмарлықтың күштілігінен өлді» дейді. Бірақ, сол уақыттарда болған әңгімелерге қарағанда, Аттиланьң өлімі Еуропаның шартарабына оның

бургунд королінің күйтреткені және туысқандарын өлтіргені үшін кек алу мақсатымен Ильдико у беріп өлтірді деген хабар тарайды. Осылайша, мас болу ұлы шайқастарда аты шыққан корольге абыройсыз өлім әкелді.

Аттила өлген соң Ғұн империясы ыдырады. Бірақ, Аттила ел ауызында мәңгілік қалды. XIII ғасырдың басында Австрияда, Дунай жағасында белгісіз шпильман (кезбе әнші) көп ғасырлар бойы әр түрлі герман халықтарына ауызша тараған батырлық туралы дастан жазып жүріп, «Нибелунга» деген жыр жазып алды. Онда біз ғұндармен, бургундтармен, Ильдико сұлумен немесе Кримхильмен (оның еркелеткен аты Хильди) және қатал Аттиламен кездесеміз. Жырда Аттила немісше Этцел деп аталады. Бұл жырда Кримхиль Этцелден (Аттиладан) ағаларының кегін алмайды. Керісінше, Этцелдің көмегімен бургунд корольдігін құлатып ағаларынан кек алады. Этцел біздің көз алдымызда ашық, жайсаң және қайырымды король, ақ көңіл басқарушы болып көрінеді. Тарихтың тағы бір жұмбағы бар! Мүмкін, осылай да шығар. Аттиланың өлімі Римді құтқармады. Екі жыл өткеннен соң Римді вандалдар басып алып, екі апта бойы тонады. Ал содан 21 жыл өткеннен кейін Батыс Рим империясы мәңгі жойылды [10. 57-58 б.].

Біз осы жолы, аты аңызға айналып әлемдік тарихтың негізгі бөлігін құрайтын Батыс Рим империясымен өз заманында мықты бәсекелес бола білген Ғұн империясының билеушісі болған Аттила жайлы да қосымша мәліметтер келтіріп өтуді жөн көрді. Атап айтсақ, атақты гот тарихшысы Иордан Аттила туралы былай баяндайды: «Ол бүкіл елді өзінің қаһарымен тігіркендіріп, халық біткенді қалтыратып билеу үшін жарық дүниеге ер болып келген сияқты. Маңдайына жазғаны сол ма, әйтеуір оның атын естігендер оны үрей мен жантүршігерлік сұмдықтың иесі деп ұқты. Ол өркеуделі, тәкаппар тұлғасын өзі билеп төстеген алып иеліктерге қарай бұрып, олай-бұлай көз тастап шалқақ түр. Ол бәрін өз қолымен жасаған, қол жайып сұраса көңілі түскенге барын беретін қайырымды».

Византиялық елші Приск былай деп жазды. «Көптеген өзендерден өтіп, бір үлкен мекендерге келіп тоқтадық. Онда Аттиланың сарайы орналасқан. Оның басқа жерлерде салынған талай сарайларына қарағанда мұнысы ғажайып сәулетті көрінді. Сарай бөренелермен тұрғызылып, түрлі тақтайлармен әшекейленген. Әдемі ағаш қоршауы бар, жаудан қорғану емес, сән

үшін жасалғаны байқалады. Сарайдың қасында патшайымға арналған төртам да әсем көрінеді». Приск ғұндардың шеберлігін таңдана суреттейді. Атақты адамдар үшін жасалған үйді, олар «терем», ал қатардағы адамдар үшін тұрғызылған үйді «исб» деп атаған, ол «жылы қоныс» деген мағынаны білдіреді.

Рим сановнигі Ромул былай деп жазады: «Скифтер мен басқа елдерді билеп, патшалық еткендердің ішінде аз ғана уақыт мерзімде ұлан-ғайыр мол ұлы істер жасаған Аттиладан басқа ешкім болған жоқ. Оның жер иелігі бірталай территорияларды қамтыды. Ол тек барлық скифтерді ғана емес, сонымен бірге римдіктерді де салық төлеп тұруға тәуелді етті. Әскерінің күш-қуаты сондай, олардың қаһарына қарсы бірде-бір халық төтеп бере алмады».

Ғұн империясының көсемі Аттила туралы сөз еткенде тарихшылар «оның әр мінезі болса да патшалар сияқты жұртқа өктемдігі жоқ, асып-таспаған, ел қатары киінген. Думан-тойларда алтын-күміс ыдыстарда емес, ағаштан жасалған бұйымдармен ғана тамақ ішіп-жеуді ұнатқан» деп сипаттайды. Осы кісілігі мен кішілігі үшін елі оны құрметтеп, жақсы сыйлаған [11. 187-188 б.].

Тағы бір мысал, Аттила империясының құлағанына 1400 жыл өтсе де, Еуропа елдерінің есінде сақталған, оған мысал – 1942 жылы 11 сәуірде Гитлер өзінің баспанасы – «Волчье логово» деп аталған үйде отырып, фашистік есіріктерге болашақта шығысты құлдықта ұстау үшін мынадай кеңес берген: Шығыс облыстарының халқына қару-жарақ беру керек емес, мұны бізге тарих үйретті, қару берсек, бұл ұлттарды билеу жойылады. Біздің мақсатымыз шығыс облыстарының жерінде әскери тірек пункттер орнату және барлық немістердің осы әскери пункттермен тығыз байланыста болу керектігін және бұлар өз тарихын, мемлекеттік ұғымды білсе, бізге қауіп туғызады» деді.

Қорыта айтқанда, әлем тарихындағы белгілі қолбасшылардың бірі болған Батыс Ғұндар империясының басшысы Аттила өз заманында мемлекет саясатында көптеген геосаяси мәселелерді әскери күшпен де саяси-дипломатиялық жолмен де шеше білген. Ғұн империясының көсемі Аттила қазіргі мажар (венгр) халқының мақтанышы екенін айтқан жөн. Өйткені, бүгінгі күнгі мажарлар өздерін ғұндардың ұрпағымыз деп есептейді. Мажарстанда (Венгрияда) Аттила атында университет бар. 1994 жылы Қазақстанға Венгрияның төтенше және өкілетті елші болып тағайындалған Торма Йожеф кезін-

де Атилла атындағы университетті бітіргенін білеміз. Қазақстан президентіне сенім грамотасын тапсырғаннан кейін, ол қазақ-мажар халықтарының тарихи туыстығы тереңнен тамыр алып жатқанын, ежелгі ғұндар заманынан бері жан-жақты байланыста болғандығын атап өтті.

Әдебиеттер

1 Қ. Т. Жұмағұлов Орта ғасырлардың басындағы Еуропадағы халықаралық қатынастардың сипаты. ҚазҰУ хабаршысы. – 2003 ж. – №1 (28). – 44-51 б.б.

2 Корсунский А. Р., Гюнтер Р. Упадок и гибель Западной Римской империи и возникновение германских королевств (до середины VI в.). – М.: Изд. МГУ, 1984.

3 История Европы Т. II. – М.: Наука, 1992. – С. 218

4 Гиббон Э. Закат и падение Римской империй. – IV т. – М.: Терра. – С. 624.

5 Безертинов Р.Н. Татары, тюрки потягали вселенной (История великих империй). Новосибирск: ЦЭРИС, 2001. – С. 732.

6 Жумагулов К.Т. Проблемы исследования евразийской истории. Историческая наука в XXI веке//Материалы международных Бекмахановских чтений. 24-25 мая 2001. – Алматы, 2001. – Ч. 2. – С. 120-126.

7 Гиббон Э. Упадок и разрушение Римской империй. М.: Центрполиграф 2005. – С. 958.

8 Гиббон Э. История упадка и крушения Римской империй. – М.: Прогресс, 1994. – С. 526.

9 Жумагулов К.Т. Гунны в истории Евразии IV-V в.в. Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. Материалы международной научно-теоретической конференции, посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан. – Алматы, 2001. – С. 207-215.

10 Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. I том. – Алматы: Білім, 2005. – 302 б. Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. – Алматы: Нұрлы әлем, 1998. – 408 б.

А.Т. Апендиев

Роль Атиилы в истории Западной Гунской империи

В данной статье рассматривается жизнь, деятельность, военное искусство Атиилы, одного из великих полководцев всемирной истории. Также описывается внешняя политика Западной Гуннской империи при Атииле.

A.T. Apendiev

Role of Attila in history of Western Hun Empire

This article discusses the life, work, military arts of Attila, one of the greatest commanders of world history. Also, describes the foreign policy of Western Hun Empire under Attila.

ӘОЖ 94(574)

Ж.Қ. Садихова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: sjk_90@mail.ru

XIII ғ. соңы - XIV ғ. I жартысындағы Шығыс Дешті-Қыпшақтың саяси жағдайы

Аңдатпа. Автор бұл мақалада XIII ғ. соңы – XIV ғ. I-жартысындағы Шығыс Дешті-Қыпшақтың саяси жағдайын Шыңғыс ханның немересі, Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпақтары, әсіресе осы тұста билік еткен Сасы-Бұқа, Ерзен, Мүбәрәк қожа, Шымтай хандардың жүргізген саясатының негізінде қарастыруға тырысты.

Түйін сөздер: Шығыс Дешті-Қыпшақ, Жошы ұлысы, Орда Ежен әулеті, Шибан әулеті, Сығанақ, тәуелсіздік саясаты.

XIII ғ. соңы – XIV ғ. I жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси жағдайы осы кезеңде билік құрған хандардың жүргізген саясатымен тығыз байланысты. Осыған орай, Сасы-Бұқа, Ерзен, Мүбәрәк қожа, Шымтай сияқты мұрагерлік жолмен билікті иеленген хандар тұсындағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси жағдайын анықтауға толық мүмкіндік бар.

Қазақ тарихында аталған кезеңнің мәнісі зор. Моңғол жаулап алушылығынан кейінгі кезең алғашқы мемлекет болып қалыптасуымыздың бастауы болуымен маңызды болса, одан кейінгі қарастырылып отырған кезең осы алғашқы мемлекеттің заңды жалғасы, Орда Еженнің тікелей ұрпақтары билігінің кезеңі болып табылмақ. XIII ғ. соңы – XIV ғ. I жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси жағдайын зерттеу ұлт болып, мемлекет болып қалыптасуымыздың белгілі бір кезеңі екендігіне көз жеткіземіз. Ал бүгінгі ұрпақ, жас буын – біздің алдымызда тұрған басты борышымыз - ұлт тарихын тану екені айғақ.

XIII ғ. соңы – XIV ғ. I жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған Орда Еженнен өрбіген Баянның ұлы Сасы-Бұқа болды. З. Қинаятұлы еңбегінде «Сығанақ Жошы ұлысы, оның шығыс бөлімі Ақ Орданың билігінде қалды. Ел орталығы Сығанаққа аударылуы Ақ Орда үшін өрлеу дәуірі болды. Бұл кезең Баян ұлы Сасы-Бұқа (моңғ. Сасыбек) (1309-15) және оның ұлы Ерзен (Abisan) билігі кезеңіне сай келеді», – деп баяндалады [1]. Сасы-Бұқа Баянның ұлы екендігін атап өттік, әкесі Баян тұсында Ақ Орда

Орда Ежен мен Шағатай ұрпақтарының арасында Сырдария бойындағы қалалар мен Жетісу жайылымы үшін күрес жүргізді. Алғашында жеңіліске ұшырап, кейін Сыр бойын иеленген Баян хан саяси беделін арттырады. Астанасын Ертістен Сығанаққа ауыстырады.

Ақ Орда орталығының Ертістен Сырға аударылуы «әлсіреуінен» дегеннен гөрі батысында бой көтеріп, Сыр өңіріндегі өз иелігін үстемелете түсуге ұмтылған Шибан әулеті стратегиясының алдын алу шарасы деп таныған жөн сияқты [2].

Міне, Ақ Орда тарихы үшін өрлеу кезеңі тұсында хан болған – Сасы-Бұқа. Алайда әкесі Баянның Сыр бойы қалаларының бірінде орталығын бекітіп, саяси тұрақтылығын берік ұстап тұрған мемлекетті Сасы-Бұқа әрі қарай өрлеудің шыңына жеткізе алды ма?! Осы мәселені енді қарастыралық. Алдымен Сасы-Бұқа Орда Еженнің тікелей ұрпағы деп атап өттік, бірақ кейбір деректер өзгеше мәліметтер де кездеседі.

Сасы-Бұқа туралы мәліметтерді Муин-аддин Натанзидің «Аноним Искандера», Рашад-аддиннің «Жылнамалар жинағы», Ибн Халдунның еңбектерінен кездестіре аламыз [3,4,5]. Парсы дерегі «Бүркеншік Ескендір» («Аноним Искандера») жазбасында: «Современником золотоординского хана Узбека был Сасы-Бука бен Ногай, правитель улуса Ак-Орда» деген мәлімет келтіреді [6]. Бұл мәліметке байланысты Қ. Өскенбай зертеуінде дұрыс мәлімет еместігі сонау П.П. Иванов тұсында анықталған деп, В.В. Бартольдтың XV ғ. өзінде парсыларда осын-

дай тұжырым болған дейді [7]. Сол себептен де Қ. Өскенбай пікірімен келісе аламыз.

«Бүркеншік Ескендір» Сасы-Бұқа хан мемлекетті отыз жыл билеген, ханның қайтыс болған жылы 720 (1320) жыл деп баяндайды [8]. Қ. Өскенбай: «Если согласиться с предложенной этим автором датой смерти Сасы-Буки, то совершенно невероятным выглядит его тридцатилетнее правление», – дейді, сонымен қатар оған дейінгі зерттеушілердің көрсетілген датамен келіспегендіктен ханның билікке келген жылын 708 (1308/9) жыл деп есептеу қажет делінген. Дегенмен де, зерттеуші датаның ешқандай деректерге негізделіп көрсетілмегенін аңғарып, Сасы-Бұқа ханның отыз жыл емес үш жыл, яғни 718-720 (1318/19-1320/21) жылдар болғанын жазады [9].

Сонымен қатар, парсы деректерінің бірі – Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағы» жазбасында Сасы-Бұқа Баян ханның екінші ұлы екендігі туралы мәлімет бар. Бұл мәселеге арнайы тоқталып өтсек. Парсы дерегіндегі «Памятка о сыновьях Джучи хана и его внуках, имеющих отрасли до сего времени» [10] атты тарауында Жошы ұрпақтары туралы толық мағлұмат беріледі. Соның ішінде біздерге маңызды боп отырған – Сасы-Бұқа болғандықтан, тек осы ханға тоқталып өтуді жөн көрдік. Ханның шығу тегі: Жошы–Орда Ежен–Куинджи (Хулагу ханның Кутуй хатунның сіңілісі Худжиян бәйбішеден) – Баян (тұңғыш ұлы) – Саты-Бука (Кутулун хатун) [11]. Міне, көріп отырғанымыздай бұл дерек Жошы ұрпақтарының шығу тегі мен қызметтері туралы құнды мәліметтер береді. Негізінен алғанда, Муин ад-дин Натанзи еңбегін «Жылнамалар жинағымен» салыстырсақ, онда хан туралы нақты мәліметтер кездестірмейміз. Алайда мүлдем жок деп те айтуға болмайды, өйткені ханның 720 ж. өмірден өтіп, Сауранда (mahruse Сауран) жерленгендігі туралы мәлімет бар [12].

Осылайша Орда Еженнің тікелей ұрпағы болған Сасы-Бұқа өз билігін орталығы Сығанақта жүргізіп, ата мұрасын берік ұстанып отырды. Деректердегі бұрыс даталардың В.В. Бартольд ескеріп өткендей, сол кездің өзінде (XV ғ.) ханды Ноғайдың ұлы деуі үлкен қателік. Ақ Орда хандары билігі XIII ғ. Жошының үлкен ұлы Орда Еженмен бастау алып, атадан ұлға мұра болып келген билік ешқашан үзілген емес. Сол себептен де Сасы-Бұқаның Ордалық тұқымнан тарамған деп есептеу күмән туғызбау қажет.

Түркі-моңғолдық дәстүр бойынша Сасы-Бұқаның мұрагері болып ұлы Ерзен таққа отырады.

Ақ Орда хандығы Алтайдан Ұлытау, Аралға дейін созылып жатқан ұлы сахарадағы көшпенділік салтын сақтап қана қоймай, Сырдария, Талас, Шу, Жетісу бойында қалыптасқан отырықшы-егіншілік, қолөнер, сауда өнеркәсібіне ден қоя бастады. Ерзен хан Сығанақ ел астанасы ретінде жаңғырып бой көтеруінде елеулі рөл атқарды. Отырар, Сауран, Жезд, Барчыкенде көптеген мешіт-медресе, хан-ғимарат, сарайлары бой көтереді. Ақ Орда хандарының өз аттарына соқтырған ақшаларындағы белгілер осы кезеңді меңзейді. Шығыс мұсылман үрдісі бойынша, әсіресе күмістен ақша құю тек дербес билеушінің ғана қолынан келетін іс болғаны белгілі [13]. Ерзен хан туралы «Бүркеншік Искендерде» мәліметтер кездеседі. Натанзидің мәлімдеуі бойынша, Ерзен хан өте ақылды және сауатты болған. Елдегі жоғарғы билік Ерзен хан қолында болды. Қ. Өскенбай да өз зерттеуінде осы деректен үзінді келтіреді: «Степен его положения стала близкой к величю Узбек-хана. Мудрый, справедливый и богобоязненный падишах построил большую часть медресе, ханака, мечетей и прочих благотворительных учреждений в Отраре, Сауране, Дженде и Барчкенде. Своей милосердием он превратил Туркестан в образец высшего рая (халд). Около семи сот людей своего уруга он сделал участниками общих милостей и награждал каждого из них уделом (кубе и субе). Безопасности и процветания, какие имел тот улус во время его правления, (никто) после него не видел и во сне». Сонымен бірге зерттеуші дерек авторының Ерзен ханның тек ішкі саяси рөлін ғана атап, билеген жылдары атқарған қызметтерін толықтай ашпаған деп ойын түйіндейді [14].

Ал Ерзен ханның билік құрған датасы туралы деректер әртүрлі мәлімет береді. З. Қинаятұлы еңбегінде Гаффаридің «Бейбітшілік орнатушылардың тізімі» жазбасына сүйене отырып, Ерзен хан билігінің 25 жыл салтанат құрғандығын, оның хыжраның 745 (1344-1345) жылы дүние салып, Сығанақта жерленгендігін хабарлайды. Осы кезеңнен бастап Сығанақ Орда Ежен әулетінен тараған Ақ Орда аксүйектерін жерлейтін ата қорыққа айналады [15].

Ерзен ханнан кейін билікті иелену құқығы Мүбәрәк-қожа ханға тиесілі болды. Мүбәрәк қожа тұсында Ақ Орда саяси дербестікке толық қол жеткізді. З. Қинаятұлы: «Мүбәрәк-қожа

билігі ұзаққа созылмағанымен, ол аз уақыт ішінде әкесінің тұсында басталған игі істерді ақырына жеткізуге тырысып бақты. Әйгілі орыс хан «Мүбәрәк қожаның ісін жалғастыруды» өз алдына мақсат етіп қойғанына қарағанда, Мүбәрәк қожаның Ақ Ордада атқарған қызметі салмақты сияқты. Қыжыраның 748 жылы Ақ Орда хандары өз ақшасын соқтырды» – деп, Мүбәрәк қожа билігінің ерекшелігін атап өткен [16].

Алайда Мүбәрәк қожа туралы «Мунтахаб ат-таварихта»: «сын его Муба-рак-ходжа из-за большого желания и жадности начал смуту (фетие) и до сегодняшнего дня эта смута (булгаг) известна в Дешт-и Кыпчаке. Так как у людей в характере сидели безопасность и устойчивость и они привыкли к спокойствию, то эта его смута не достигла больших размеров через шесть месяцев он распростился с подобной раю равниной сарая и еще два года и шесть месяцев бездомно скитался в краях и странах киргизов и Алтая, пока не погиб там» [17]. Осы келтірілген дерек мәліметені байланысты 3. Қинаятұлы Мүбәрәк қожа тұсынан Ақ Ордада бүліншілік басталды деп жазуы Шибан әулеті тарихшыларының ханның тәуелсіздік саясатына қарсы пікірінің әсерінен болуы мүмкін екендігін ескеріп, егер Ақ Ордада Мүбәрәк қожа тұсында бүліншілік етек алғаны рас болса, оның інісі Шымтай 17 жыл дербес билік құрып Алтын Орда тағына отыруға арнаулы шақыру алуы мүмкін еместігін жазады [18].

Мүбәрәк қожаның шығу тегіне келетін болсақ, көптеген деректерде және сондағы мәліметтерге сүйенген зерттеушілер ханның Орда Ежен ұрпағы, Ерзеннің ұлы, Шымтайдың ағасы деп есептейді. Алайда Мүбәрәк қожа тұкайтемірлік деген де пікір қалыптасқан, мұны біз Қ. Өскенбай зерттеуінен аңғарамыз: «Мубарак ходжа был тукаимуридом, получившим какую-то поддержку у потомков Орды. Иначе трудно объяснить его последующее бегство и «скитания» среди племен, где традиционно правила потомки Орды, среди которых он, видимо, оставался правителем еще много лет», – деп А.И. Исиннің пікірін келтіріп, Натанзи еңбегіндегі «Скитался Мубарак в окрестностях и районах киргизов и Алтая где был отнюдь не правителем, а распростившись с «райским простором Сарая», был бездомным. Здесь он «погрузился» в вечность» – деген үзіндіні де келтіреді. Қ. Өскенбай өз жұмысында «Сарай» деген сөзге қатысты М.Г. Сафарғалиев, К.И. Петровтың Сарай қаласына қатысты

аталуы мүмкін деген пікірлерін қарастыра келе, бұл сөздің Сығанақ маңындағы сарай мағынасында қолданылғандығын жазады [19]. Бұл мәліметке негізінен біз Мүбәрәк қожаның шығу тегін баяндауда назар аударған болатынбыз. Мәселеге қайта оралатын болсақ, Мүбәрәк қожа тұкайтемірлік емес, Орда Ежендік хан болды. Ерзеннің орнын оның ұлы Мүбәрәк қожа басып, алты ай уақыт билік құрды [20]. 3. Қинаятұлы: «Мүбәрәк қожаның тарихтағы рөлі жайлы екі жақты пікір бар. Біріншісі, Мүбәрәк қожаның көзі тірісінде де, өлгеннен соң да ол туралы ешкімнің түсіне де кіріп шықпаған» деп оның тарихи рөлін жоққа шығаратын «Бүркеншік Искандер» және Шайбанизм бағытында жазылған басқадай тарихнамалардағы деректер. Ал Орыс ғалымдары Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовскийдің Мүбәрәк қожа жайлы пікірі жоғарыдағыларға тіптен қарама-қайшы және аталмыш пікір басқадай көптеген жазылымдармен үндесіп жатады», – дейді [21].

Ал төл тарихымыздың XIII ғ. соңы – XIV ғ. басында Дешті Қыпшақ аумағында орын алған оқиғалардың ішінде Мүбәрәк хан есімі аталынбай қоймайды. Ол туралы 3. Қинаятұлы қазақ тарихында Мүбәрәк қожа тұлғасына ерекше мән беріледі дей отырып, Мүбәрәк қожа тұсында (1345 ж.) Ақ Орда саяси дербестікке толық қол жеткізді, оның билігі ұзаққа созылмағанымен аз уақыт ішінде әкесінің тұсында басталған игі істерді ақырына жеткізуге тырысып бақты. Әйгілі Орыс-хан «Мүбәрәк қожаның ісін жалғастыруды» өз алдына мақсат етіп қойғанына қарағанда, Мүбәрәк қожаның Ақ Ордада атқарған қызметі салмақты сияқты деп түйіндейді. Шынымен де Мүбәрәк қожаның аз уақыт хандық билікті иелене отырып, өз алдына дербес мемлекет бола алғандығы ханның белгілі бір дәрежеде саяси беделінің жоғары болғандығының айғағы. Қыжраның 748 жылы Ақ Орда хандары өз ақшасын соқтырды. Бұл оқиға Ақ Орданың тәуілсіздігін ресми жариялаумен тең деген ой түйеді Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийлер [22]. Алтын Орда тарихын зерттеуші П.С. Савельевтің пікірі де осыған ұқсас [23]. Тарихи деректерге қарағанда, Ерзен хан (Абисан) 1345 жылы өлген. Сондықтан Мүбәрәк қожаның хан тағына отырған жылы да 1345 жыл болмақ. Оның атына соғылған күміс ақшадағы көнерген жазудың екінші цифрі көнеліктің салдарынан бұрыс оқылуы мүмкін сияқты. П.С. Савельев Мүбәрәк қожаның хандық құрған жылын «1344-1345» деп келтіргенінде негіз бар. Егер олай болса, Орда Ежен

нен соң Ақ Орданың шынайы тәуелсіздікке қол жеткізген уақыты да осы жылдар [24].

1345 жылы билікке келген Мүбәрәк қожа тәуелсіздік саясатын жүргізе алды. Жоғарыда атап өткеніміздей Шымтайдың Алтын Орда тағына отыру құқығына ие болуы, сонымен бірге Сасы Бұқаның ұлы Қызыр ұлан, Кәлпе (Хальфая), Орда шейх ұлы Темір Қожа, Орда Шейхтің ұлы Мурит, Ерзен ұлы Қажы тархан қатарлы Орда Ежен ұрпақтары бірінен соң бірі Алтын Ордада билік құруы Мүбәрәк қожа билігінің жоғары болғандығын айқындайды. Ал аталған хандардың өз аттарынан ақша соқтыруы дербестіктің бір белгісі болмақ.

Ақ Орда билеушілерінің жеке дара билікке ұмтылуын Өзбек хан жақтамады. 1345 жылы Ақ Орда билеушісі етіп өз ұлы Тыныбекті аттандыруы орталықтың күш қуатын әйгілеу қимылы болды. Ол әкесі Өзбек ханның орнын басқан ағасы Жәнібектің қолынан қаза тапты да, Ақ Орда билігіне Ерзен ұлы Шымтай келіп 17 жыл жеке-дара билік жүргізді Жәнібек хан өлгесін, Алтын Орда билігінде үлкен бүліншілік басталды [25].

«Бүркіншік Искандер» жазбасында: «Қыржыраның 751-765 (1351-1364) жыл аралығында Орда Ежен әулетінен шыққан сегіз хан өлтірілді». Бұл оқиға Ақ Орда хандарының Алтын Орда билігіне қол жеткізуіне үлкен мүмкіндік болды. Осындай ұлыс арасындағы бүлік Шымтайдың билікке келген алғашқы жылдарымен түспа-түс келді. Шымтай он жеті жыл билік жүргізді және 762 (1360/61) жылы дүниеден озды. Шымтай ханның билік жүргізуі сыртқы саясаттан гөрі, ішкі саясаттың берік болуына бағытталды. Оның өмірден өтуімен Ақ Орданың әскери-саяси тарихының соңғы кезеңі болды. Бұл кезеңде (XIII ғ. соңы-XIV ғ. I жартысы) Жошы жан түсында бастау алған Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси-территориялық өзгеріске ұшырауы, кеңею процесі жүзеге асқан болатын. Мемлекетке тән өзара қырқыс Қоныша хан түсында болды. Саяси, экономикалық беделінің әлсіреуі көпке созылмады. Ақ Орданың қайтадан қуатты мемлекетке айналуы Ерзен мен Шымтай билікті қолға алуымен жүзеге асты. Бұл процестің одан әрі нығаюына Мүбәрәк қожа ықпал етті. Одан кейінгі тәуелсіздік саясатын қалыптастырған Шымтайды саяси аренадан көреміз. Осындай жетістікке қол жеткізуі тек Алтын Орданың әлсіреуі ғана әсер еткен дей алмаймыз, ішкі саясатты тұрақтыландыру және жергілікті тұрғындардың биліктің қол

астына шоғындыра алуының нәтижесі демекпіз.

Қорытындылай келе, XIII ғ.соңы-XIV ғ. I жартысындағы Шығыс Дешті-Қыпшақтың саяси жағдайы тұрақтыланып, Ақ Орданың түбегейлі дербес мемлекет болуына бастау болды. Аталған кезеңде үстемдік жүргізген хандар саясаты дұрыс бағытта болды. Жошының ұлы Орда Ежен қалыптастырған саясатты жүргізудің қағидасын берік ұстанып, атадан қалған мұраны үлкен жауапкершілікпен атқарып отырды. Ал бұның нәтижесі осы Ақ Орданың заңды жалғасы болған Қазақ хандығының дүниеге келуіне әкелді. Сонымен қатар Орда Еженнен жалғасқан билік сабақтастығы қатаң сақталып, билікті мұралану ата жолының жүктеген борышы болды. Ал Ақ Орда хандарының өзге Жошы ұлдарынан тараған деген пікірлерге негіз жоқ.

Әдебиеттер

- 1 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (тарихи-сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 190 б.
- 2 Ол да сонда. 188-189 бб.
- 3 Аноним Искандера // МИКК. – Вып. 1. – М., 1973.
- 4 Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. II. – С. 66-69.
- 5 Тизенгаузен В.Г. Т. I, 390-391 бб.
- 6 Тизенгаузен В.Г. Т. II, 128 б.
- 7 Ускенбай К. Восточный Дашт-и-Кыпчак в составе улуса Джучи в XIII – первой трети XV века: кандидатская диссертация. – Алматы, 2003. – С. 53-54.
- 8 Тизенгаузен В.Г. Т. II, 128 б.
- 9 Ускенбай К. Восточный Дашт-и-Кыпчак в составе улуса Джучи в XIII – первой трети XV века: кандидатская диссертация. – Алматы, 2003. – С. 53-54.
- 10 Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. II. – С. 66-69.
- 11 Ол да сонда. 67 б.
- 12 Тизенгаузен В.Г. Т. II, 128 б.
- 13 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (тарихи-сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004.
- 14 Ускенбай К. Восточный Дашт-и-Кыпчак в составе улуса Джучи в XIII – первой трети XV века: кандидатская диссертация. – Алматы, 2003. – С. 53-54.

15 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (тарихи-сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004.

16 Ол да сонда. 189-190 бб.

17 Тизенгаузен В.Г. Т.ІІ, 130 б.

18 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (тарихи-сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 91 б.

19 Ускенбай К. Восточный Дашт-и-Кыпчак в составе улуса Джучи в XIII – первой трети

XV века: кандидатская диссертация. – Алматы, 2003.

20 Тизенгаузен В.Г. Т.ІІ, 130 б.

21 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (тарихи-сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004.

22 Ол да сонда. 190 б.

23 Ол да сонда. 190-191 бб.

24 Ол да сонда. 190-191 бб.

25 Ол да сонда. 191 б.

Ж.К. Садигова

Политическое положение Восточного Дешти Кыпчака в конце XIII – 1-й половине XIV вв.

В статье рассматривается политический процесс Восточного Дешти Кыпчака в конце XIII – I половине XIV вв. Правление потомков Орда Ежена, особенно при Сасы-Бука, Ерзена, Мубарак-Ходжы и Чимтая на территории Дешти Кыпчака в Ак Орде, повлияло на дальнейшую политическую развитию Ак Орды и явилось предпосылкой для образования Казахского ханства.

Zh. Sadyhova

The political situation of Eastern Deshti Kypchak at the end of XIII and first half of XIV centuries

In the article considered the political process of Eastern Deshti Kypchak at the end of XIII and first half of XIV centuries. The rule of Orda Ezhen's descendants, especially Sasy-Buka, Erzen Mubarak-Hodga and Chimtay in Deshti Kipchak in Ak Orda, influenced the further political development of the Ak Orda and was a prerequisite for the formation of the Kazakh Khanate.

УДК 94(574)/19-20/:28

Д.Ф. Ахметжанов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: dastanakhmetzhanov@mail.ru

Тәуелсіз Қазақстандағы этноконфессиялық үрдістер мен діни ахуал

Аңдатпа: Бұл мақалада тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы діндер мен діни ахуал, сонымен қатар этноконфессиялық үрдістер сипатталған. Көпұлтты Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық татулықты сақтау мен нығайту мәселесі қаралған.

Түйін сөздер: дін, конфессия, ұлт, халық, ұйым, тәуелсіздік, ар-ождан, еркіндік, татулық, толеранттылық.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған күрделі саяси-экономикалық жаңарулар мен өзгерулер ағымында мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастары да бір жағынан толығып, ал енді бір жағынан әр алуан бағыттар бойынша дамып, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты. Халықсыз билік болмайды, ал дінсіз халық болмайды. Халықтың тұтастығы мен дін және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар. Көптеген этникалық топтар мен діни сенімдерден құралған біздің қоғамымыздағы өтпелі кезеңдегі дін атаулының мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамсыздандырудағы рөлі, өндіруші күш болып табылатын халықты ұйымдастыру күдіреті, халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына тікелей әсері өте анық көрініс берді.

Мемлекеттің зайырлы сипаты, адамның ар-ождан бостандығына, құқығына кепілдік, қандай болмасын дінге қатысты ағайынгершіліктің жоқтығы, бүкіл конфессияға көнбіс көзқарас Қазақстанның Конституциясында баянды етілген.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған тұста мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев нақтылы саяси жұмыста көпұлтты, яғни көп конфессиялық құрамы бар зайырлы демократиялық мемлекет қандай болмасын бір дінге басымдық беруге болмайтынын басшылыққа алды. Оның бұйрығы бойынша, дін саласындағы қарым-қатынастар “Дін үстану еркіндігі және діни бірлестіктер туралы мәселелер” жөнінде 1992 жылы заң қабылданып, мұндай мәселелер осы қабылданған норматив-

тік құжаттар бойынша реттелетін болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, яғни, Қазақстандағы терең демократиялық реформалар жылдарында елдің діни құрылымында да сапа және сан жағынан айтарлықтай өзгерістер орын алғаны анық [1, 3 б.].

Бұл үдерістер елімізде рухани жаңғыру, ар-ождан бостандығы, азаматтық бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді сақтап, нығайтуға бағытталған саясаттың салдары болып отыр. Кейбір шетелдік және отандық құқық қорғау ұйымдарының дін бостандығы бұзылады деген мәлімдемелеріне қарамастан, фактілер керісінше жағдай орын алғанын дәлелдеп отыр. Қазақстанда барлық конфессиялардың өкілдеріне өзінің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктер ұсынылған.

Кейінгі жылдардағы арийлер мәселесі бойынша жарық көрген еңбектер «Абаста» кітабына негізделіп, жиналған өте бай деректерге сүйеніп, өздерінің бұл проблемаға жаңа көзқарастарын білдірген. Солардың ішінде, айтылған арийлер мәселесін ғылыми тұрғыдан қарастырған белгілі кең мәндегі тарихшы, археолог, этнолог У.Х. Шәлекенов – Баласағұнидің еңбегін тілге тиек етуге болады [1]. Біздіңше арии мәселесін тек лингвистік дерекке сүйеніп, ғылыми тұрғыдан шешу мүмкін емес. Жоғарыда тоқталғанымыздай, Абаста кітабындағы деректерге кешенді қарау керек [1, 4 б.]. Абаста кітабына кешенді қарап, ондағы мәліметтерді қолдағы бар көп салалы деректермен салыстырып, осы күрделі естелікті дүниеге әкелген арийлер этносы Орталық Азияны түгелімен, Қара теңіздің Солтүстік кең даласына таралған түрік тілдес халықтардың ата-бабалары болған. Олардың үш қайнаса да европалықтармен сорпасы қосылмайды. Шығыстанушы ғалымдар ғылыми тұрғыдан дәлелдеуде. Белгілі шығыстанушы ғұлама С.П. Толстов ұзақ жылдар Әмудария мен Сырдарияның алқапта-

рындағы антикалық және ортағасырлық алуан санды ескерткіштерді зерттеп, көне өркениеттің бетін ашып, Орталық Азияның көне дәуірде мекендеген этностардың тарихын қайта жаратты және ариилердің жаратқан зороастризм дінінің қасиетті кітабы Хорезм жерінде пайда болғанын жазған еді [2].

Осындай жарық көрген ғылыми еңбектерге қоса артефактілерге сүйеніп, У.Х. Шәлекенов-Баласағұни ариилерді былайша тұжырымдайды: «Ауғанстанның солтүстігін алып жатқан Паропамиз, Бандо және Түркістан тау жоталарының сағасын Ария мен Мұрғаб өзендері алады. Олай болса Түркістан атауы ариилер заманында болғанын меңзейді. Бұл географиялық аймақтар Авестада кездесіп жүр, яғни Тұран ойпаты болып ежелден аталып келе жатқанына тарих куә. Аттары аталған аймақтар ежелден ариилердің мекені. Осы өңірдегі ірі су жүйелерінің бірі-Ария өзені. Оның алқабын мекендеушілер сол су жүйесінің атымен өзенін ариялықтармыз деп атаған» [1, 47 б.] – деген тұжырымға келген. Үйткені ежелден түріктердің көпшілігі өзенінің жайлаған жер, су аттарымен атауды дәстүрге айналдырған. Мәселен, Жетісу, тоғыз өгіз (тоғыз өзен); он өгіз (он өзен); отыз өгіз (отыз өзен) этностары деген атамалар тарихи деректерде жиі кездеседі. Сондай-ақ, Ариилердің этнонимі Арии өзенінің атымен аталуы ғажап емес.

Абаста (Авеста) – зороастризмнің қасиетті кітабы. Б.з.б. II мыңыншы жылдары пайда болған. Бұл кітап діни ұғымдардан, зороастризмнің дұғаларынан, діни аңыздардан, діни сенімдерден құрылған. Авестада қола және темір дәуірлерінде де өмір сүрген этностардың әлеуметтік-саяси құрлысын, тұрмыс-салтын, мәдениетін, діни нанымын, фольклорын, әдеби дәстүрлерін зерттеуге қажетті деректердің жиынтығы кездеседі. Тарихи мәліметтерге қарағанда, Авестаның қолжазбасы 21 кітаптан құрылған. Қазіргі таңда қолымызда бары – Авестаның 2 нұсқасы, яғни $\frac{1}{4}$ бөлігі ғана жетіп отыр. Міне, құнды мәлімет беретін Авеста кітабы – ежелгі заманда жіне орта ғасырда Иранда, Орталық Азияда, Әзірбайжанда, Ауғанстанда және Үндістанда кең тараған жазба ескерткіш [1, 53 б.].

Авестадағы негізгі айтылатын этностардың этнонимі – «арийлер». Осы этностардың атауымен зороастризм қасиетті кітабы дүниеге келген. Сонда, ариилердің табиғи-географиялық, әлеуметтік-саяси жағдайы, кешенді шаруашылығы, заттай және рухани мәдениет-

тері жағынан хабар беретін деректер келтірілген [1, 3 б.].

Абастадағы аңызға қарағанда, Заратуштра – жарық дүниеге інгәламай, күліп келген әлемдегі жалғыз бала. Заратуштра атауын аудармашылар: «Көрі түйесі бар адам» деген сөз дейді. Бұл қазақи ұғымға өте жақын, баласына көз тимес үшін оған Итаяқ, Кәрібай, Сабалақ деп елеусіз, нашар ат қоятын қазақтарға түсінікті салт [4, 543 б.].

Зороастрлықтар от пен суды айырықша қасиеттеген. Бұлақ көзі мен өзендерге дұға оқып, табынып, құрбандық шалған. Олардың қасиетті саны үштік пен жетілік. Суға, отқа ақпен бірге жемістің жапырақтарын (үштік) тастаған. Су құдайы- Ана. Ежелгі аңыздарда Қимақтардың құдайы – өзен, сақ патшасы Тарғытайдың анасы да – өзен болатын. Зороастрлықтар отқа да осылай табынып тамақ пісіргенде оттың үлесін де ұмытпай, оған май күйған. «От ана, май ана», – деп отқа май күйған қазақтардың тірлігін елестетеді. Зороастрлықтар от құдайын Атар деген. Батырларын нар дейді. Қазақ тіліндегі «таң атар», «күн батар» сөздерімен, «қазақтың нар жігіттерімен» тамырлас. Қазақта «оттың маздап жануы», отқа табынған Ахура-Мазда атымен байланысты болуы мүмкін. Тағы бір ұқсастығы: кінәлі адамды анықтау үшін екі оттың арасынан өткізген. Жын-шайтан жоламасын деп бесігін отпен аластайтын қазақ әйелдері сол замандағы салтты ұстап қалса керек.

Зороастрлықтар аруақтарға арнап иіс қылады. Құдай құрбандықтың иісіне қанағаттанады деп ойлаған. Шөпті қасиетті санап, құрбан шалғанда астына тастаған оның мағынасы: «өлген жануардың денесі шөпке айналды», – демек. Бұл өзі қазақ қиссаларындағы ілген кісілердің жаны шөпке айналып, жер бетіне қайта шыққанына жақын (өліп-қайта тірілу мифі) [5, 178-184 б.].

Суға тасаттық берумен қатар, таңсәріде қауым мүшелері сумен шайыну (исламдағы дәрет алу рәсімін еске түсіреді) рәсімін жасаған. Бұл судың тазартушылық, емдік қасиеті бар деген түсінікке негізделген болса керек. Су тек тәндік қана емес, сондай-ақ рухани тазарудың кепілі (қазақ халқында әлі күнге дейін сақталған сумен үшкіру, славяндардағы суда шоқынуды және т.б. еске түсіреді). Суға шайыну (кезінде отбасындағы жасы үлкен адам дұға оқыған және суға шайыну рәсімін жасаған) дінбасылардың жасайтын рәсімінің маңызды

құрамдас бөлігі болған деп жорамалдауға болады [6, 496 б.].

Авестаға көне заманнан тағы бір тотемдік жануар – ит енген. Видевадатта «итті өлтірген адам тоғызыншы ұрпағына дейін күнаһар болады» делінген. Сондай-ақ итті жәбірлеген адам қатаң жазаланады. Бұл көне қауымдастықта иттің құрметті орнын алғанын көрсетеді және ол тотемистік наны сенімдермен тығыз байланыста болған сияқты. Қазақ халқының да итті жеті қазынаның бірі деп атауы да осы наным – сенімдермен ұштасып жатса керек [6, 270 б.].

Шырақ – бөлмені, ашық алаңдарды және жекелеген заттарды жарықтандырып тұратын май шам. Ол ілкі замандардан бері қолданылып келеді. Оны ортағасырлық қалалардың қазба жұрттарынан көптеп табылған сан алуан түрлі шырағандар қалдықтары да айғақтайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында әулие адамдардың моласында, қасиетті жерлерде шырақ жағу дәстүрі әлі күнге дейін сақталған. Киелі орындарда шырақ жағушыны қазақтар шырақшы деп атайды. Қазіргі уақытта шырақ көбіне адам қайтыс болғанда жағылады. Қазақтарда қайтыс болған адам жерленген күннен бастап жетісіне дейін міндетті түрде 40 дана шырақ жағу керек деген жоралғы-ырым бар. Кей өңірлерде (*Зайсан, Алтай*) жерленген күні мен жетісінің алдыңғы күні жеті шырақтан жағу дәстүрі қалыптасқан. Басқа бір аймақтарда (Райымбек, тағы басқа) 40 күнге дейін шырақ жағу ғұрпы сақталған. Шырақты дүниеден өткен адамның туыстары жағады. Ескі сенім бойынша о дүниелік болған адамның рухы отқа айналады да, арулаған орыннан ұшып кейінгі шырақ жағушы жақындарына қонады, яки адам рухы мәңгі, бір түрінен екіншісіне трансформацияланады, бөлініп ұшқан жан өзгелерге дариды деген сан алуан діни, дүниетанымдық көзқарастардың араласуынан туындаған. Шырақ жағу ғұрпы зороастризм ілімінің сарқыншағы болып табылады.

Заратуштра негізін қалаған зороастризм-әлем-діндерінің ішіндегілерінің ежелгілерінің бірі. Зороастризм дін біткеннің түп атасы десе де болғандай. Буржуазиялық ғылым «пайғамбарлар дәуіріне» жатқызатын буддизм, христиан және ислам қағидалары осы зороастризмнің шарттарынан сусындайды. Оның тарихта алатын орны ерекше. Белгілі ағылшын ғалымы М. Бойс бұл діни-мәдени жүйенің адамзат тарихындағы орны былай деп бағалайды: «Зороастризм б.э.д. VI ғасыр мен б.э.

VII ғасырлары аралығындағы Иран империяларының мемлекеттік діні болған. Бірнеше діни жүйенің қалыптасу барысында қатар жүрген зороастрим иудаизм, христиан, ислам діндеріне зор ықпал еткен және шығыста буддизмнің солтүстік түрінің дамуына ықпал еткен» [7, 182 б.].

Бұл үзінді де зороастризм дінінің Иран жерінде пайда болып, сол елдің мемлекеттік діні болды - деген пікірін қолдау қиын. Бірақ та, бұл діннің келіп шыққан уақыттарымен оның әлемдік діндердің пайда болды деген ойы шындыққа жақын сияқты.

Зороастризм дінінің қалыптасу проблемасы жөнінде Б. Гафуров, К.В. Тревер, В.В. Струве, А.О. Маковельский, С.П. Толстов, А. Рапопорт, Г.Н. Снесарев, Ә.Т. Төлеубаев секілді белгілі ғалымдар өз болжауларын жергілікті халықтар мекен еткен Орта Азиямен байланыстырады. Осы өңірді олар зороастризмнің тамырын кең жайған аймаққа жатқызады. Белгілі ғалым С.П. Толстов өзінің әйгілі «Ертедегі Хорезм» деген еңбегінде: «Сырдария мен Амудария аралығындағы алқап зороастризм дінінің ең алғаш қалыптасып, толысып, берік жүйеге келген жері» деп жазады. Зороастризм Орта Азия топырағындағы ислам дініне де қарсы шыққан бірден-бір рухани күш болып саналады. С.П. Толстовтың осы айтылған пікірді толықтырар дәлелі мол («Древний Хорезм» кітабын қараңыз).

Соңғы жылдары бұл проблемаға жаңа көзқараспен жазылған көлемді ғылыми еңбекті У.Х. Шәлекенов «Орталық Азиядағы арийлердің өркениеті» деген атпен жариялады.

Зороастризм салт-дәстүрі ұлттық менталитеттің қалыптасуында да өз қолтаңбасын қалдырады. Мысалы, бес уақыт намаз оқудың түп тамыры жайлы А. Тарақы: «Осы дәстүр Сырдария бойында туған Хердеш діні арқылы орнығуына себеп болды, деген пікір айтады. Заратуштра іліміндегі жұмақ пен тозақ, ақырет әрбір адамның жаратушы алдында жауапқа тартылуы идеялар ислам іліміне зор әсер еткен деп айтуға болады. Сонымен қатар ислам дініндегі, ислам ғұрыптарындағы қайтыс болған адамды жерлеу рәсімдерінде де зороастризмдік элементтер байқалады. Егер адам қателіктерін түсінсе, оны түзесе, Ахура-Мазда талаптарын орындаса, онда жұмаққа барады» [7, 182 б.].

Б.з.д. VII ғасырда зороастризм ілім және ағым ретінде қалыптасып та үлгерді. Кейінірек зороастризм шығыстың басқа елдеріне тарап кетті де христиан доктринасының қалыпта-

суына себепкер болды. Сонымен жер бетіндегі игілік пен зұлымдықтың арасындағы күрес Заратустра ілімінің негізгі қағидасына айналды. Негізінде Заратустра адалдықты жақтаған, зұлымдықты жеңуге болатынын айтқан. Қоғамдағы таптардың жіктелуіне сәйкес саяси ой-пікірлер қалыптаса бастаған.

Зороастризмде айтылатын өлімді жауыздықтың түрі деп есептеу шаманды тұтынған халықтар аңыздарындағы өлімнен қашу түрінде көрсетіледі. Мысалы, Қорқыттың өлімнен қашу туралы аңызы. Күлтегін ескерткіштерінде Отан туралы салтанатты сөздер, «түркілер суы» туралы, «шындық жолы» туралы сөздер бар. Олардың тегі, - сөз жоқ, зороастралық.

Тәңірлік-зороастралық ұғымдар біздің дәстүрімізде, әдет-ғұрпымызда, сенімдерімізде, түсті жоруларымызда сақталған. Қазақстанда ислам діні мен шамандықтың араласып келуі мен тәңірін алламен, жер рухын шайтан, аруақ, әулиелермен, Әзірейл, Жебрейілдерді шамандық өліммен ұқсастырудан көрніс тапқан.

Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың қайнар көзі, қазіргі біз шамандық – ескі наным деп атап жүрген, кезінде бүкіл халық табынған дін болатын.

Бұл шағын мақалада зороастризм көне дінге қысқаша шолу жасады. Ислам діні дүниеге келгенше көптеген этностарда, соның ішінде түрік тілдес халықтардың тұрмыстарында ұзақ жылдар қолданып келген зороастриялық діннің қалдықтары әлі күнге дейін салқыншақ діни ретінде сақталған. Бұл діннің қалдықтары қазақ халқының тұрмысында да молырақ сақталып, ислам дінімен қатарласып өмір сүріп жатыр. Бізінше, көне діннің қалдықтары біздің халықтың арасында сақталуы біркелкі емес. Әсіресе, зороастризмнің салқыншақтарын Орталық Азияның Оңтүстігінде, Батысында көбі-

рек кездесетін көрінеді. Оның себебі, зороастризм дінінің алғашқы өрбіген, кең тараған аймақтары осы аттары аталған географиялық өңірлер болса керек. Бірақта, Орталық Азияның басқа да бөліктерінде жоқ деген пікірлер тумайды. Ол географиялық аймақтарда да бұл діннің қалдықтары кездесіп отырады. Сүйтіп, жарық көрген ғылыми әдебиеттерде, артефакттерде зороастризм дінінің алғашқы дүниеге келгенін, оның жер бетіндегі әлемдік Буддизм, Христиан және Ислам діндерінің негізі осы зороастризм дінінен алады деген пікірге қосыламыз.

Қорыта келгенде, зороастризм дінінің қалдықтарын зерттеу өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, бұл дінді зерттеу әлдеде баяу. Ендігі мақалаларымызда Қазақстан Республикасының кейбір аймақтарында зороастризмнің көбірек сақталғанына тоқталмақшымыз.

Әдебиеттер

- 1 Шөлекенов-Баласағұни У.Х. Орталық азиядағы арийлердің өркениеті – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 258 б.
- 2 Толстов С.П. Древний Хорезм. – М., 1998.
- 3 Толстов С.П. По следам древнехорезмской цивилизации. – М., 1948.
- 4 Оспанов И.С. Арғытектану негіздері. Тәңірлік пен жаратуштралық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. – Алматы, 2009.
- 5 Қыраубай А. «Қазақ мифологиясы және Авеста»//Жұлдыз, 1996. – №2.
- 6 Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық. I том. – Астана: Аударма, 2005.
- 7 Шубаева У.К. Зороастризмнің ұлттық менталитетте алатын орны. ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. – Алматы. – №3(29). 2007.

Г.М. Мырзаханова

Зороастризм и его остатки

В этой статье автор поднимал вопрос о происхождении зороастризма и его остатках. А также автор использовал специальные источники и исследования.

G.M. Myrzahanova

Zoroastrism and its remains

In this article, the author raises the question of the origin of Zoroastrism and its residues. Furthermore the author used the special facts and research in this article.

ӘОЖ 94 (574) «19»:070:28

Б.У. Жарылқапов

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: baxa-707@mail.ru

XX ғасыр басында ислам мәселесінің ұлттық баспасөзде көрініс табуы

Аңдатпа. Автор өз мақаласында XX ғасыр бас кезінде өзекті болған ислам дініне қатысты мәселелерге тоқталады. Дәлірек айтқанда, осы кезде қазақ жерінде пайда болған ұлттық баспасөз – «Қазақ» газеті, «Айқап» журналында діни мәселелер көрініс табуын қарастырады. XX ғасыр басында патшалық Ресейдің діни бұғау салу саясаты халықтың рухани өміріне тікелей әсер етті. Осыған байланысты мақалада А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов сынды ұлт зиялыларының дінге, мұсылмандыққа қатысты мақалалары зерттелініп, олардың пікірлері көрсетілген.

Түйін сөздер: ислам, Қазақ, Айқап, зиялылар, патшалық Ресей, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов.

Қазақ қоғамындағы ислам мәселесін жан-жақты көтерген кезде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы діни ахуалға соқпай кету мүмкін емес. Революцияға дейінгі Қазақстанның рухани және саяси мәселелерін тереңірек және объективті зерттей отырып қана, екеуара кезеңнің арасындағы байланыс пен айырмашылықты, қателікті танып-біле аламыз. Осы кезеңдегі қоғам мен сананың, қарапайым халық пен зиялы өкілдер арасындағы негізгі дәнекер, халықтың қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби дүниетанымын қалыптастырып-кеңейтуге қызмет еткен баспасөз болатын.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында қазақ қауымы үшін қызмет еткен бірқатар ресми және бейресми басылымдар болды. Солардың ішінде халқымыздың қоғамдық-саяси ойының көшбасшылары атанған «Қазақ» газеті [1] мен «Айқап» журналы [2] болатын. Халықтың қайғысы мен мұңы, үміті мен қуанышы да осы баспасөз беттерінде жарияланып отырды. Егемендікті аңсаған елінің болашағы үшін еңбек төккен ұлт зиялылары аталмыш басылымдарда халықтың саяси, мәдени, оқу-ағарту, рухани мәселелеріне қатысты барша тақырыпты қамтуға тырысты.

Әсіресе патша өкіметінің қазақтың ұлттық санасы мен діни еркіне бұғау салып, дінсізденген болмаса шоқынған халық етпек ойына құрбан бола жаздаған халқымыз үшін рухани, діни сипаттағы тәлімі мол басылымдардың берері мол болды. 1914 жылы «Айқап» жур-

налында жарық көрген кезекті бір мақалада «...жұрттың пайдасын кездестіретін, жұртқа жол көрсететін, болашақ күнін болжауға тырыстыратын һәм басқа да істерді тексеретін баспасөз, яғни басылып шыққан газеттер, журналдар мен кітаптар» екендігі, қала берсе, «...білімпаз жұрттан асып кеткен... жұртқа білімінен қарасайын десе, олардың білімін жұртқа шашып, таныс қылатын да баспасөз» [2, 176 б.] екендігі тайға таңба басқандай анық айтылған. Қалың бұқара мен халық зиялысы арасындағы тілдесуді жүзеге асырушы дәнекер болып қана қоймай, сол кезеңнің барынша шынайы бетбейнесін көрсетуші әрі бүгінгің дерегіне айналып отырған ұлттық баспасөздерде көрініс тапқан мәселелерді білу, талдау – қашан де өзекті болып келді және бола бермек.

Басылымдардағы діни мәселеге тікелей көшпес бұрын, қарастырылып отырған кезеңдегі саяси-әлеуметтік ахуалға назар тастап көрелік. Біз қарастырып отырған мәселе аясында арнайы диссертация жазған А. Азмұханова XIX соңы мен XX ғасырдың басында патша үкіметі отарлаудың негізгі үш әдісін басшылыққа алғандығын айтады. Олардың алғашқысы – қазақ қоғамындағы ықпалды дінбасыларды өз жағына шығарып, оларды патша өкіметі саясатының көшбасшысына айналдыру; екіншісі – миссионерлік жұмыс арқылы қалың қазақты төл дінінен айырып, шоқындыру әдісі; соңғысы – қазақтарды әкімшілік басқару саласынан діни тұрғыда әлсіретіп, дәрменсіз жағдайға түсіруге

ынталылық – дейді автор [3]. Дегенмен, алдыңғы екеудің жүзеге аса қоюы патша үкіметі үшін сәтті бола қоймағанымен, соңғысы XIX ғасырдың II жартысындағы реформадан айқын көрініс тапты. Дін істерін Орынбор муфтилігі қарамағынан ажыратқан мүжықтардың саясатын жақсы түсінген халық зиялылары аталмыш процестің алдын-алу үшін барынша күрескен болатын. Осы күрестің негізгі дені ұлттық баспасөз беттерінде көрініс тауып отырды. Мәселен, қазақтың маңдайына біткен шоқжұлдыздардың бірі Ахмет Байтұрсынов 1914 жылы «Қазақтың» кезекті санында жарық көрген «Бастауыш мектеп» атты мақаласында «...үкіметке керегі – мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуын сақтау. Солай болған бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың тілі, діні, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан аулақ боларға керек» деп, діннің халық алдындағы ролін айқындай келе, «...қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге ауыстырам деу – құр әурешілік» [4] деп, діннің халықтан ажырамайтын біртұтас екендігін меңзейді. Бұл ұлт зиялысының көкірегіндегі мұсылмандықтан қол үзбеу жолындағы сенім ғана емес, сондай-ақ халықтың санасын діннен ажырамауға, ол үшін күресуге бастайтын үндеу болып отыр.

Әсіресе, шет ел зерттеушілерінің бірқатары А. Байтұрсыновты «қазақ жәдишілдігінің көшбасшысы» деп бекер атамаса керек. Мәселен, А. Байтұрсынов «...жаңа діни ой мен заманауи педагогикалық идеяларды насихаттаудан бөлек, тәжірибеде көне араб әліпбиін өндеп, заманауи қазақ-араб әліпбиі – «төте жазуды» ойлап табушы, жаңаәдісті мектептің негізін салушы» деп баға бере отырып, автор Байтұрсынов жасаған бұл реформаның астарында «ортағасырлық» мұсылмандық мәдениетті өзгертуге деген үлкен талпыныстың жатқандығын анық [5]. Осы ойымыздың жетегінде қазақ қоғамындағы жарық жұлдыздардың бірі А. Байтұрсыновтың позициясын мұсылмандыққа әкелген жаңа реформа деп бағалауға әбден негіз бар.

Жалпы аталмыш кезеңде жәдишілдік жөнінде айтпаған ұлт жанашырларының қатыры кемде-кем. Мәселен, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы ислам мәселесінде қалам тартып, өзіндік қолтаңбасын қалдырған келесі бір ұлт зиялысы – Міржақып Дулатовтың «Торғайдағы мұсылманша оқу» атты мақаласының

негізгі дені Торғайдағы медресені жәдидтік оқу жүйесіне ауыстыруға бағытталған. Жалпы қазақ тарихында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында назарға ілінбей қоймайтын «жәдидизм» ұғымы – ұлт зиялыларының патша үкіметі тарапынан жаппай жүргізілген шоқындыру саясатына қарсы бағытталған күресі ретінде сипатталады. М. Дулатовтың аталмыш мақаласы осы жәдидизмді насихаттап қана қоймай, халық жадында әлі қалыптаса қоймаған «жәдид», «кәдім» ұғымдарын дұрыс түсінуге шақырады. Автордың «Қазақ» газетінің 1914 жылы 8 қазанында жарияланған кезекті мақаласында: «Гаспринский өзінің заманында жалғыз Россия мұсылмандарының ғана емес, бүтін мұсылман дүниесінің ұлығ адамы еді» [1] деп, жәдидизм қозғалысының негізін салушы И. Гаспринскийдің бағытын қолдайтындығын білдіреді. Бұдан ары автор И. Гаспринскийдің мұсылман халқының озат жұрттардан артта қалып, мәдениетінің де, діни сауатының да әлсіреп кеткендігін көріп, оның шешімін білім саласын көтеруден іздегендігін атап көрсетеді. И. Гаспринскийдің көзқарасы мен идеясын қолдай отырып, М. Дулатов жәдишілдіктің қазаққа керек екендігін, пайдасы бар екендігін түсіндіруге тырысқан.

Сонымен қатар, автордың «Насихат ғұмұмийа», «Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта» тәрізді өлең шумақтары мен «Бақытсыз Жамал» атты баршаға мәлім романының өзінде жәдишілдік идеясы барынша насихатталғандығын көреміз. Бұлардың барлығы көзі ашық қалың жұрттың басым көпшілігі оқитын ұлттық баспасөз беттерінде жарық көріп отырды.

Қазақтың орыс мүжығына таланған сол кезеңдегі бір мұңы – дін болса, екіншісі – жер болғаны баршамызға жасырын емес. Көлденең жатқан жазық даласымен мақтанып, қазақ қай кезде де кеуде соға алған. Халқымыздың екі бірдей абыройы – діні мен жерін қатар отағарғысы келген орыс жөнінде ашына жазған тағы бір мақала: «Қазақтың» 1914 жылы Ахмет Байтұрсыновтың қаламынан туды. Ол «Жер жұмысына дін жұмысын қатыстырмау» атты мақаласында жер министрі қабылдаған кезекті бір істе қаралған «...әуелі қазақтарды мүжықтармен біріктіре отырғызу керек. Екінші, қазақ саны орыс санынан аспасқа керек. Солай етсе орыстардың қазақтардан саны басым болмақ. Саны басым болса, орыстардың сөзі де, тіршілік ісі де басым болып, қазақтар христиан дінін құл етпек» деген мәселені талқылайды. А. Байтұрсынов «Уақыт», «Новое время» газеттерінде

мәселеге қатысты айтылған ойларды салыстыра отырып, өз пікірін былай деп жеткізген: «...қазақ жерінің жұмысына дін жұмысының қосылуы күтілмеген жұмыс еді. Қазақ ісіне миссионерлік қыстырылмайтын орны қашаннан-ақ аз болатын. Қазақ жарлыланып, жасымаса, миссионерлік еш нәрсе қыла алмас, жарлылыққа айналса, айналдырушы көбейетіні шексіз...» [1, 86 б.]. Біздің пікірімізше, ұлт мақтанышының астарлап айтқан мына ойында автордың жоғарыда келтірілген ойы қайталанып тұр. Яғни, қазақтың сонау X ғасырда Қарахандар тұсында ресми дін ретінде қабылданып, кейін XII ғасырда Ахмет бабамыз Яссауи тұсында сопылық сарынға ие болған исламдық дүниетанымын қанша ғасыр бойы ешкім өзгерте алмаған және өзгертпек те емес деген сенімді ойдың ұшы жатыр. Байтұрсыновтың «...өзгелер де оны жұлып алып, ауызға сала қоятын жемістей көреді, біздің қазақ осы күнде сол күйде тұр. ...өзгелер сол күйін біліп, қазақ жұмысына әкеліп орынсыз нәрселерді қыстырмалай береді» дегені де осының анық айғағы.

Қыр баласының (Ә. Бөкейханов – Б.Ж.) «Қазақтың» бірқатар санында жарық көрген мақалаларында да осы іспетті ойлар қайталанатын. Мәселен «Қазақ һәм жер мәселесі» атты мақалада қазақтың жер мәселесі төңірегінде «Уақыт», «Тәржімән» газеттерінде ноғайдан кеткен қателікті түсіндіруге талпынып автор былай дейді: «Қазақтың жер мәселесін ноғай бауырларымызға айтып түсіндіру қиын. Сондықтан қазақ пен ноғайға бірдей мәселені мысалға алып айтып көреміз. Алалық, мәселе, транскрипция (хәрп) мәселесін. Барша мұсылман жұрттарының тұтынып келе жатқан араб хәрпі. Россия мұсылмандарына араб хәрпін тастатып, орыс хәрпін алдырамыз деушілер болды. Оқу министрі акция шығарса, Россиядағы мұсылмандардың мектептерінде оқу араб хәрпімен оқытылсын». Бұдан ары автор «...қазақ ешнәрсе білмейді деп, қазақтың өзі тіледіге келтірмек үшін сендер орыс хәрпімен оқу үйренсеңдер, әйтпесе мектептеріңді жауып, тіпті оқытпай қоямын десе, ноғай бауырларымыздың матбұғаты не айтар еді?» [1, 94 б.] деп, мұсылмандықтың ең алдыңғы белгісі – жазушының араб әрпімен болғандығында екендігін атап көрсетеді, осы тәртіптің бұлжымауын қалайды. Қыр баласының аталмыш ойы қалың халықтың көкейін тескен проблема еді. Халықтың мүддесіне сай отты пікірлерді баспасөз арқылы жариялап, халық атынан үндеу жасау –

сол кезеңде ұлт зиялыларының барлығына тән іс болды десек, артық айтқандық емес.

Дегенмен, XX ғ. басында патшалық ресейдің діни бұғауға салу саясаты мұнымен толастамай, халықтың мінез-кұлқы мен ой-санасын психологиялық тұрғыда жаулауға көшті. Патша үкіметі тарапынан жасалған қанша түрлі стратегиялық жоспарлар, мақсатты бағыттар – бұның барлығымен күресу қарабайыр халықтың қолынан келмейтұғын іс еді. Әлбетте, күреспеді демейміз, бірақ күресуші халықтың ойын жетектеген – ұлт зиялылары, халық интеллигенциясы болатын. Зиялылар инициативасының күштілігі арқасында мұсылмандық съезд өткізіліп, тіпті жаңа мектеп-медреселер де ашылды.

XX ғасырдың бас кезіндегі ислам мәселесі жайында сөз қоғағанда 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген Ә. Бөкейхановтың «Мұсылман съезі» атты мақаласына тоқталмай кете алмаймыз. Мұсылмандық съез барысында талқыланған қазақ депутаттарының пікірлерін талдауға бағытталған бұл мақалада депутаттар тарапынан жіберілген атүстірттік, олардың халық жайына толық назар аудармай, елдің нағыз проблемасына айналған мәселелерді өз деңгейінде сипаттай алмағандығы жөнінде баса айтылады. Автор патша үкіметінің қазақтың діни жағдайына қатысты шығарған жаңа заңдарын сынай отырып, «...Степное положениени оқып қараған кісіге белгілі, онда қазақ рухани ісі туралы жүріп тұрған закон мынау: бір болысқа бір молла (97 статья), бұл молланы бекітеді, орнынан түсіреді. Губернатор (98 статья) мәссажат медресе рұхсатсыз салынбайды (99 статья)...» деп, бұлардың тым ақылға қонымсыз екендігін баса айтады, осы проблемада сауатты талдау жасап, халық мұңына айналып отырған мәселеге ашына баға береді [6].

Жоғарыда аталған, ірі процестік үгіт-насихаттардан бөлек, халыққа рухани күш беріп, жігерлендіретін екінші кезектегі насихаттар да ұлттық баспасөздер беттеріне жарияланып отырды. Олардың басым бөлігі өлең-жыр күйінде болатын. Мәселен, XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінің көгінде жарқырай жанған жарық жұлдыздарының бірі М. Жұмабаев XX ғасырдың «білім ғасыры» аталғандығын тілге тиек ете отырып, баяғы молдалардың өз қамын ойлап, бала оқытуға үстірт қарайтындықтарын атай келе, «...бұл уақытта жаңа тәртіпті ойы бар мұғалімдер шығып, молдалықты халыққа қызмет ету» [7] деп қабылдағанын үлкен қуанышпен, сеніммен айтады. Сондай-ақ дін жайлы айтқанда ақын дін деп қана кеуде сокқандарды

жақтамайтындығын, заманына сай прогресшіл бағытты, өркениетті қоғамды қолдайтындығын да барынша ашық білдіреді. Осы ойының тобықтай түйінін ақынжүректі ұлт азаматы мынадай жолдармен жеткізеді:

Өзім – тәңірі табынамын өзіме.

Сөзім – құран, бағынамын сөзіме,

Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,

Енді, ескілік келдің өнер кезіңе [7].

Аталмыш шумақтан Мағжанның көне молдалар құсап, дінді ғана насихаттап, ежелгі папалар сияқты қатып қалған консервативті пікірде емес, керісінше, жаңашылдықты қолдайтын, жаңа білімге ұмтылатын жан екендігін байқаймыз.

Мағжанның өлеңдері барынша объективті шындықты, қоғамдағы кем-кетікті сынауға бағытталғандығы анық көрінеді. Мәселен «Бұл үйді мешіт дейді, құлыншағым» атты шумақтарында ол:

«Бұл үйді мешіт дейді, құлыншағым!

Ерігіп қуған болып ата заңын,

Анда-санда домалап барып бару үшін

Салдырған өзіне арнап жуан қарын,

Бұл – мешіт – көк үйі емес, қарын үйі

Көргін келсе, көріп кел, мал базарын...» – деп, қаратпа сөзді кәдімгі қазақ молдасына бағыттайды.

Дін мәселесіне қатысты ұлттық баспасөздерде жарияланған ой-пікірлердің авторы – Әлихан Бөкейханов. Әсіресе оның «Дала уәлаяты газетіне» жариялаған мақаласы ерекше назар аудартады. Анығында бұл мақаланың негізгі авторы француздық Бернарден де Сен-Пьер болатын. Оның «Сурат кофеханасы» деген мақаласын кезінде Лев Толстой орысшаға аударып, кейіннен бұл мақала Ә. Бөкейханов тарапынан қайтадан өңделіп, халықтың мұңы мен арманын насихаттаушы ұлттық басылым – «Қазақ» газетіне жарияланады. Мақаланың негізгі мақсаты – діни таласқа нүкте қойып, қоғамдағы әрбір адамның бойына тәрбие, сыйластық, адамгершілік отын тұтандыру болды. Мақалаға өзек болған Үндінің Сурат деген қаласындағы кофеханадағы болған оқиға болатын бұл жерде «Құдай бар ма?» деген сауал төңірегінде мәселе өрбіп, оған сол кофеханада отырған әртүрлі адамдар араласады. Мақаланы жазу барысында Әлихан Бөкейханов ерекше позитивке берілгені көрініп тұр. Автор бірнеше ұлт өкілдерінің құдайға деген көзқарасын талдай отырып, ең соңында иманның бәрібір де бірінші сатыда екендігін көрсетуге тырысқан. Өткен ғасырдың шоқжұлдыздарының біріне айналған, халық мақтанышы Ә. Бөкейхановтың

бұл мақаласының өзге мақалалардан айырмашылығы – ол басқа дін мен мұсылмандықтың айырмашылығы мен ұқсастығын анықтап беруге тырысқан. Ол кофеханадағы әңгімені баяндау арқылы, халықтың жадына – ғасырлар бойы қатып-семген, халықтан ажырауға құқы жоқ – мұсылмандықтың халықпен мәңгі бірге болуы шарт екендігін сіңіруге тырысады [1, 20-24 бб.].

Ұлттық баспасөздерде жарық көрген мақалаларды түгел талдап біту, әлбетте мүмкін шаруа емес. Дегенмен, біз осы мақаламыз барысында барымызша солардың ішіндегі ең назарға ілігетіндерін саралап алуға тырыстық. Ұлттық баспасөз беттеріндегі ұлт көсемдерінің ашынған да, айламен де жеткізген үндеу сөздері патша үкіметі мен оның сойылын соққандарға «тәйт» дегізген, ал «қалың ұйқыда» жатқан қазақтың санасына ой салған бірден-бір күрал еді. Тіпті оны зиялылардың өздері де жоққа шығармайды. Мәселен «Қазақтың» кезекті жұлдызында жарыққа шыққан А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың «Алаш азаматтарына» атта мақаласында: «Халық мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі баспасөз, яғни газет-журнал екендігі шексіз. Олардың басылып шығып, жұртқа таралуына пұл керектігі де шексіз. Баспасөздің әуелі керектігін түсініп, білу қажет. Екінші білгеннен кейін баспасөздің жұрттың пайдалану жағын ойлап, іс қылу керек» [1, 78 б.] делінсе, ал қыр баласының «Қазақ һәм жер мәселесі» атты мақаласының алғысөзінде: «Газет болған соң, оның әр мәселесі турасында ұстанған белгілі жолы болмақшы. Қазақ туралы мәселелердің ең зоры – жер, мүфти, билік, мектеп мәселелері. Бұлар туралы «Қазақ» газетасы талай жазса да, әлі тұтынған жолы не екенін түсініп жетпегендер бар көрінеді...» деген жолдар бар. Демек, ұлттық баспасөздің қадіріне тек бір ғасыр өткен соң біз ғана жетіп отырмыз дей алмаймыз, оның қадірін ұлт зиялыларының өзі айтып кеткен.

Сонымен, осы мақаламызда айтылған ойымызды бір түйінге келтіре отырып, мынадай тұжырымдарды атап өткіміз келеді.

Біріншіден, XX ғасырдың басы – қазақ халқының тарихында дін қыспаққа алынған, шоқындыру мен христиандыққа өткізу үдерістерінің көрініс тауып, ал олармен халық зиялылары арасында астыртын күрестің жүргендігіне көз жеткіздік.

Екіншіден, ұлт зиялыларының баспасөз беттеріне діни сипатта жариялап отырған еңбектері екі түрлі бағытта болды. Бірінші – патша үкіметінің жүргізіп отырған саясатына тойта-

рыс беру мақсатында ашық түрдегі үндеу салу сипатында болса, екіншісі – халық жадына ұлттық идеяларды сіңіру, халықты діннен ажырамауға бастау мақсатында жазылған астыртын сипаттағы мақалалар.

Үшіншіден, ұлттық баспасөз беттерінде, әсіресе, «Қазақ» пен «Айқап» сияқты ресми және өзге де бейресми басылымдарда ислам мәселесіне қатысты пікірлер мен көзқарастар кеңінен орын алды.

Әдебиеттер

1 Қазақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

2 Айқап. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998

3 Азмуханова А.М. Ұлт зиялылары еңбектеріндегі мәдени құндылықтардың зерттелуі (XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басы). т.ғ. канд диссер. Алматы, 2009. – 155 б

4 Қойгельдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004.

5 Нуртазина Н.Д., Азмуханова А.М. Движение «Алаш» и мусульманский жадидизм.

6 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994.

7 Жұмабаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003. – 2-том.

Б.У. Жарылкапов

Освещение проблем ислама в национальной прессе в начале XX века

В данной статье автор рассматривает проблемы ислама в национальных прессах в начале XX века. В статье рассматривается исламское движение и автор пытался открыто показать политику направленное на уничтожение традицию.

Подводя итоги, автор пишет научное заключение данной проблемы, сравнивая мысли различных исследователей и в конце делает научно обоснованные выводы.

B.U. Zharylkapov

Coverage of Islam in the national press of the early of XXth century

In this article, the author examines the problems of Islam in the national press in the early of XXth century. The article deals with the Islamic movement and the author tried to openly show policy aimed at the destruction of tradition.

Summing up all the thoughts that were being said in this article, the author provides his conclusions, depending on his/her science-based opinion on this issue. By comparing the ideas of different researchers, the author adds her own position.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

Көмеков Б.Е., Анарбаев Қ.С.	
Құмандар тарихына қатысты кейбір қосымша деректер	3
Жақұпова Г.Т.	
Некоторые аспекты понятийно-терминологического аппарата источниковедения	8
Шамшиденова Ф.	
Қазан сарайы Приказының грамоталары – қалмақ тайшаларының	
Ресей бодандығын қабылдағанын дәлелдейтін тарихи дерек	14
Мұхатова О.Х.	
Аудиовизуалды құжаттарды талдау мәселелері	18
Абдилдабекова А.М.	
Формирование империи: теоретический ракурс	22
Сапанов С.Ж.	
Новые материалы о Российской политике и национальном движении	
в Туркестане (на основе личного архива Мустафы Чокай Оглы)	27

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Саркенова К.	
Ежелгі Батыс Қазақстан таихына қатысты кейбір мәселелер	36
Искакова Ғ.З.	
Батыс Түрік қағанаты тайпаларының орналасу мәселелері	43
Айдарханова Э.	
Теле одағы құрамындағы түркі тайпалары	46
Сыдықова Ж.Т.	
Ортағасырлық Жанкент қаласы: зерттелу тарихы мен мәселелері	54
Кәрібаев Б.Б.	
«Өзбек-қазақтардың» этникалық құрамы туралы	66
Нұртазина Н.Д.	
Изучение роли личности религиозного лидера в истории Казахстана	73
Султангалиева Г.С.	
Деятельность ахуна М-Ш.Абдрахимова в Казахской степи (XIX в.)	76

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жораева Г.Т.	
Қазақ халқының экономикалық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер	
(XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басы)	82
Болат Сайлан	
Тоқырау жылдарында құрылысқа жегілген жастар (1970-80 жж.)	87
Махат Д.А.	
Ұлт зиялылары мемлекеттік тіл тағдыры туралы	90
Садвокасова З.Т., Ахметжанова А.Т.	
Грантовая поддержка исследований ученых	94

ЖАЛПЫ ТАРИХ

Абдукадыров Н.М.	
Осман империясы мен Еуропа мемлекеттерінің арасында жасалған Карлович келісімшарты	97
Балакаева Л.Т.	
Религиозная ситуация в Японии в период правления династии Токугава (1603-1867 гг.)	102
Садықова Р.О., Нұрланқызы К.	
XX ғасырдың 90-жылдарындағы АҚШ пен Жапонияның әскери-саяси ынтымақтастығы	105

Түлкіева Б.Ә. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы иран қоғамындағы саяси күрес және Реза ханның үкімет басына келуі	111
Mukanova G.K. International relations around Central Asia, the media coverage: critical discourse analysis (Kazakhstan, the line xx-xxi centuries).....	116

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

Дарменов Р.Т., Тажекеев А.А. К вопросу интерпретация мавзолеев чирикрабатской культуры с дахмами	122
Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. Средневековые городища древней дельты Сырдарьи	127
Егізбаева М.Қ. XIX-XX ғғ. басындағы Тарбағатай өңірі қазақтарының мал шаруашылығы және оған қатысты деректер.....	134

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

Шәлекенов У.Х. Шыңғысхан – түрік, моңғол этностарының Ұлы перзенті.....	139
Апендиев А.Т. Батыс Ғұн империясының тарихындағы Аттианың рөлі	146
Садихова Ж.Қ. XIII ғ. соңы - XIV ғ. I жартысындағы Шығыс Дешті-Қыпшақтың саяси жағдайы	151
Ахметжанов Д.Ғ. Тәуелсіз Қазақстандағы этноконфессиялық үрдістер мен діни ахуал.....	156
Мусин А.Ж. Сравнительный анализ пейзажных работ Абылхана Кастеева и Орала Тансыкбаева – «Сбор хлопка»	161
Домнин С.А. Развитие представлений о капитализме как системе	165
Мырзаханова Г.М. Зороастризм және оның саркыншақтары	169
Жарылқапов Б.У. XX ғасыр басында ислам мәселесінің ұлттық баспасөзде көрініс табуы.....	173

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ В ЖУРНАЛ «ВЕСТНИК КАЗНУ»

Редакционная коллегия просит авторов при подготовке статей для опубликования в журнале «Вестник КазНУ» руководствоваться следующими правилами.

Условия размещения публикаций в журнале

Для публикации в журнале «Вестник КазНУ» принимаются статьи на казахском, русском и английском языках, содержащие ранее не опубликованные проблемные, обзорные, дискуссионные статьи в области естественных и гуманитарных наук, где освещаются результаты фундаментальных и прикладных исследований. А также публикуются рецензии, хроники научной жизни и мн. др.

К оформлению статей предъявляются следующие требования

Объем статьи, включая список литературы, таблицы и рисунки с подрисовочными надписями, аннотации, не должен превышать 10 страниц печатного текста. Минимальный объем статьи для гуманитарных направлений — 5 страниц, естественных — 3 страницы. В редакцию необходимо представить электронную версию статьи в полном соответствии с распечаткой. Имя файла должно начинаться фамилией первого автора на латинице (например, Ivanov.doc(rtf)); Страницы статьи должны быть пронумерованы. Указывается код по УДК.

Аннотация дается в начале текста на том языке, на котором цитируется статья (7–8 строк).

Аннотация является кратким изложением содержания научного произведения, дающая обобщенное представление о его теме и структуре. Аннотация не требуется при публикации рецензий, отчетов о конференциях и подобных информационных материалов.

Ключевые слова должны обеспечить наиболее полное раскрытие содержания статьи. Для каждого конкретного материала задайте 5-6 ключевых слов (keywords) в порядке их значимости, т.е. самое важное ключевое слово статьи должно быть первым в списке. Небрежное или неправильное составление списка приведёт к тому, что по этим запросам на сайт будут приходить посторонние посетители, не заинтересованные в вашей работе.

Текст должен быть набран в программе Word любой версии, представляется на CD или другом носителе либо отправляется по электронной почте. Шрифт текста — Times New Roman, формат бумаги А4 (210*297 мм), размер кегля — 12 пт. Межстрочный интервал — одинарный. Выравнивание по ширине. Абзацный отступ — 0,8 см. Поля верхнее — 2, нижнее — 2, левое — 2, правое — 2. Гарнитура нормальная.

В таблицах, рисунках, формулах не должно быть разночтений в обозначении символов, знаков. Рисунки должны быть четкими, чистыми. На рисунки и таблицы в тексте должны быть ссылки.

НАПРИМЕР:

Таблица 2 – Исследовательские подходы к изучению педагогических стереотипов

№	Исследовательский подход и его особенности	Автор подхода
1.	Деление <i>стереотипов</i> на <i>позитивные/негативные</i> или <i>полезные /вредные</i> в зависимости от способов и форм их использования	Чаплыгина Ю.С.
2.	Стереотип может выступать как некоторый сценарий ситуации и как собственно представление	В. В. Красных, Ю.Е.Прохоров




Рисунок 1 – Развитие посттравматического стрессового расстройства личности

В тесте число формул должно быть минимальным. Формулы должны быть набраны в соответствующем редакторе (для математических и химических формул). Таблицы должны быть озаглавлены, не допускается наличия в них пустых граф. Условные сокращения и символы следует пояснять в примечании.

Иллюстративные материалы представляются в форматах: для фото, рисунков – tiff или jpeg (300 dpi для черно-белых и цветных); графики, диаграммы, схемы и т.п. – xls, cdr. На обороте рисунка или под ним указывается фамилия автора, название статьи и номер рисунка. Иллюстрации могут размещаться по тексту, но обязательно прилагаются в виде отдельных файлов, который впоследствии будет использоваться при верстке). Подрисовочные подписи даются отдельным списком, в конце статьи.

В конце статьи рукопись подписывается всеми авторами.

Список литературы должен состоять не более чем из 20 наименований, и оформляется в соответствии с ГОСТ 7.1–2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Ссылки на источники в тексте статьи даются только в квадратных скобках (без цитирования [12], при цитировании или пересказе авторского текста [12, с. 29]). Нумерация ссылок в статье производится по порядковому номеру источника в приставном списке литературы. Архивные материалы в список не включаются, ссылки на них помещаются в тексте в круглых скобках. При использовании в статье источников из электронных ресурсов или удаленного доступа (Интернета) в списке литературы приводится библиографическая запись источника и ссылка на сетевой ресурс с полным сетевым адресом в Интернете. Желательно указывать дату обращения к ресурсу.

НАПРИМЕР (библиографические сведения условны):

Для книг: Фамилии и инициалы авторов. Заглавие. — Сведения о повторности издания. — Место издания: Издательство, Год издания. — Количество страниц.

Например: Ильин В.А., Позняк Э.Г. Линейная алгебра. — 3-е изд. — М.: Наука, 1984. — 294 с.

Для статей из журналов: Фамилии и инициалы авторов. Название статьи // Заглавие издания. (Серия). — Год издания. — Том. — Номер. — Страницы.

Например:

Панчук Д.А., Садакбаева Ж.К., Пуклина Е.А. и др. О структуре межфазного слоя на границе металлическое покрытие–полимерная подложка // Российские нанотехнологии. — 2009. — Т. 4. — № 5-6. — С. 114–120.

Для материалов конференций, сборников трудов и т.д.: Фамилии и инициалы авторов. Название статьи // Заглавие издания: Вид издания. — Место, год издания. — Том. — Номер. — Страницы.

Например:

Приходько Н.Г., Лесбаев Б.Т., Ченчик Д.И., Нажибкизы М., Мансуров З.А. Синтез углеродных наноструктур в пламени при низком давлении // VI Международный симпозиум: Физика и химия углеродных материалов/ Наноинженерия. — Алматы, 2010. - С. 135-138.

Резюме на русском и английском языках (если статья написана на казахском) должно состоять из Ф.И.О. автора, название статьи и должен является кратким изложением, состоящим из основных результатов исследования, которое должно отвечать требованиям информативности, содержательности и качестве перевода (5–6 строк). Перевод **ключевых слов** (түйін сөздер – keywords) просим повторить после каждого резюме.

Сведения об авторах

К рукописи прилагаются:

- 1) справка о каждом из авторов статьи с указанием фамилии, имени, отчества; ученой степени; ученого звания; основного места работы; должности; домашнего, служебного или мобильного телефонов; электронного и почтового адресов (для связи с редакцией);
- 2) для магистрантов, аспирантов и соискателей — выписка из протокола заседания кафедры, заверенная в деканате и руководителем темы;
- 3) информация о том, кому из соавторов следует адресовать вопросы ответ.редактора и/или направлять корректуру.

- **Все статьи**, поступившие в редакцию, рецензируются. При необходимости статья может быть возвращена автору на доработку. Датой поступления статьи считается дата получения редакцией ее окончательного варианта. Редакция оставляет за собой право внесения в текст редакторских изменений, не искажающих смысла статьи.
- Статьи публикуются по мере поступления.

Схематический пример оформления статьи

- УДК.
- По центру приводятся:
 - Фамилии и инициалы авторов (напр.: И.В. Иванов, С.П. Крылов)
 - Полное название учреждения, которое представляет автор (с указанием страны и города). Если авторы из разных учреждений, то соответствие между автором и учреждением устанавливается надстрочными индексами, например:
И.В. Иванов¹, С.П. Крылов²
- ¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
- ²Институт проблем горения, Казахстан, г. Алматы
- Электронный адрес одного из авторов.
- Название статьи (полужирное написание)
- Аннотация.
- Ключевые слова.
- Тест статьи.
- Литература.
- В конце статьи приводится перевод на двух остальных языках (по очереди): Ф.И.О. авторов, названия статьи, резюме и ключевые слова (размер шрифта на 2 кегеля меньше, чем основной).
- На отдельных страницах приводятся иллюстрации (рисунки, диаграммы, таблицы и др.) с надписями.
- Сведения об авторах.